7. Ғылым байлық пен билікке адал қызмет еткенмен сол байлық пен билік ғылымға адалдық таныта бермейді. Ортағасырлық инквизиция, фашизмнің кітаптарды жағуы, кеңестік және посткеңестік кеңістікте ғылымды қаржыландыру деңгейінің, ғылыми зиялының тұрмыс жағдайының төмендігі – соған бұлтартпас айғақ.

8. Ғылымда зерттеушінің нәсіліне, дініне, жынысына байланысты шекара жоқ, бірақ ұлттық мақтаныш, өсу ресурсы мәртебесімен мемлекеттік реттеу нысанында болуы керек. Ұлттық, ақпараттық, экономикалық, т.б. қауіпсіздік тек осылай қорғалады.

9. Ғылымның әлеуеті арта береді, соны қапысыз түсінетін, эволюциясы мен қажетіне лайықты шешім қабылдайтын саяси, идеологиялық, экономикалық ерік-жігер барда «өмірдің төріне шығу» көп күттірмейді. Тұғырынан тайған ғылыми әлеуетті қалпына келтіру ұзақ мерзімді талап етеді.

10. «Қазақстан - 2030» Стратегиясы ғылымның болар-болмас араласуымен атқарылды, «Қазақстан - 2050» Стратегиясын, Ұлт жоспарын, Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыру барысында ғылымға зәрулік артпаса кемімейді. Әлемдік додаға кіру отандық ғылымсыз еш мүмкін емес. Бұл талап барлық түркі дүниесіне қатысты.

Қазақстанның, түркі мемлекеттерінің өсу мен даму болашағы – ғылымда, ғылымның болашағы оның биік белестерін бағындырған, бағындыра алатын биліктің, тұлғалардың қолында. Мемлекетті техникалық немесе жаратылыстану ғылымдары ғана өрге сүйремейді. Гуманитарлық, соның ішінде тарих ғылымдарының да атқарар міндеті бар.

2. **Методология – ақиқатқа жол**

Тарихқа құштарлық әркімге тән. Қазақстанда да солай. Біреуді Аттиланың жорықтары немесе Алтын Орда билеушілері әулетінің шежіресі қызықтырса, басқаның ой-санасын байырғы түркі өркениетінің, Қытай ханшайымдары саясатының құпиясы билеуі бек мүмкін. Уақыты мен кеңістігі әр алуан осынау және басқа тарихи оқиға мен құбылысты ғылым тұрғысынан дөп басып тану үшін басшылыққа алатын әмбебап ұстанымның аты – методология.

Тарихты зерттеу методологиясы дегеніміз – нақты мәселеге (тақырыпқа, жобаға) қатысты деректер мен айғақтарды біліктілікпен айна қатесіз табу үшін әрі солардың байланысы мен қисынын талдау негізінде тарихи үдеріс пен оқиғаның бастау көзін, барысын, ірілі-ұсақты нәтижесін, себептері мен салдарын, қысқасы, барша болмыс-бітімін, құпиясы мен жұмбағын халықтың һәм мемлекеттің өз дәуірі мен кеңістігіндегі мақсат-мүддесі, құндылықтары биігінен, тұлғаның әрекетімен, жаһандық ахуалды ескере, ғылыми тиянақтау – жаңалық ашу, ақиқатты айту әдіс-тәсілдері, заңы, теориясы.

Сонымен, адамзат өркениеті мен тарихының құрамдас бөлігі – қазақ әлемі һәм түркі дүниесі қаншалықты кешенді әрі күрделі құбылыс болса, оны зерттеу методологиясы соншалықты жауапты әрі өзекті. Методология қияс кетсе, тарих үдерісінің бейнеленуі ақиқаттан мүлде алыстағанына қоса ақпараттық-деректік база, тарихнама жартыкеш түзіліп, оқу-тәрбие жұмысы, үгіт-насихат, тарихи сана шатқаяқтайтынын кеңестік жылдардың тәжірибесі, яғни тарихқа таптық, формациялық көзқарас толық дәлелдеді.

Одан әріге, тарих ғылымы кәсіби биікке көтерілмеген ғасырларға көз жіберсек, ұлт тарихы шежіре тарқатумен баяндалғанын аңғарамыз. Осы дәстүрмен түзілген тарихнамада – М.Х. Дулатидің, Әбілғазының, Қ.М. Шарифтің, Қ. Қосымұлының, Молла Мұсаның, Қ. Халидтің шығармаларында тарихи үдерістегі тағдыр анықтағыш басымдық адамға, тұлғаға, олардың қайраткерлігіне, интеллектуалдық қарымына берілді. Орта ғасырлар мен Жаңа заманнан жеткен мұсылмандық-түркілік тарихи шығармалардың бәріне дерлік тән сипат бұл. «Мен пақыр, – дейді М.Х. Дулати, – бұл тарихты Тоғылық Темір ханнан бастап жаздым. Мұның үш түрлі себебі бар.

Бірінші себебі - Тоғылық Темір ханнан бұрынғы хандар жайлы жазылған тарихнамалар болғанымен, одан кейінгі болған оқиғалар толық баяндалмаған, сондықтан өткен тарихты қайталап жазуды қажет деп таппадым. Ол тарихнамадағы біраз оқиғалар Тоғылық Темір ханға байланысты болғандықтан, оларды тағы да қайталап жату «Евфрат дариясының жағасынан құдық қазғанмен» бірдей еді.

Екінші [себебі] Тоғылық Темір ханнан кейінгі хандардың ешқайсысының дәрежесі мен мәртебесі ол жеткен деңгейге жеткен емес, мемлекетінің дәулеті де [қуаты да] соншалықты болған емес.

Үшінші себебі – моғол хандарының ішінен Тоғылық Темір бірінші болып ислам дүниесінің шұғыласына бөленді, тек содан кейін ғана ол елін кәпірлік тауқыметінен құтқарып, исламның құдіреті мен шапағатына бөленуге қол жеткізді, сөйтіп бүкіл ұлысын исламды тұтынған елдер қатарына қосты» [2].

XVIII ғасырда Орхон-Енисей жазбалары Еуропа ғалымдарының назарын аудартты. 1893 жылы Дания ғалымы В. Томсен байырғы түркі мәтіндерін оқудың кілтін тапты. Азияны мәдени-өркениеттік дамуда мешел құрлық санаған еуроцентристік түсінікке соққы берілді. XIX-XX ғасырларда Ресей ғалымдары түркі және шығыс халықтарының тарихын зерделеуге көп күш жұмсады. Отарлауды және социалистік идеяны жүзеге асыруды көздеген империялық саясат пен өктемдік жақтастары бұл орайда аянып қалған жоқ. Біреуі мәселенің мәнін білмей тарихи сананы шатастырды. Мәселен, XIX ғасырдағы орыс тарихшысы С.М. Соловьевтің отар өлкеге қатысты көзқарасы мен позициясын өз қолымен жазған «История России с древнейших времен» кітабындағы мына тұжырымнан көреміз: «окрестные народы – это варвары, самой историей предназначенные быть объектом завоевательных действий русских князей» [3]. Мұны XX ғасырдағы орыс ғалымы А.М. Сахаровтың бүкпесіз, ашық сипаттауынан да аңғаруға болады: «История Крыма и Казани интересовала С.М. Соловьева лишь постольку, поскольку они являлись объектом внешнеполитической деятельности правителей Московского царства. В соответствии с общей великодержавной концепцией своего труда С.М. Соловьев не интересуется историей народов Сибири, так же как и историей народов Поволжья...» [4].

Енді біреулері түркітануда құнды зерттеулер жазғанмен түркі халықтарын аса ұната қойған жоқ. Солардың қатарында арғы тегі неміс әйгілі түрколог В.В. Радлов бар еді. Бұл жайлы М. Шоқай былайша жазған болатын: «Ол Ресейде өзім іргесін қаладым деп санайтын түркітануды шынымен сүйетін. Мәселен, бір биолог ғалым көбелектерді зор ынтамен жинап коллекция дайындағаны тәрізді, Радлов та бізді дәл сондай зерттеу объектісі ретінде ғана көрер еді. Ол бізге сол тұрғыдан ғана мән берер еді. Оның түріктерге сүйіспеншілігінің бар-жоғы осы ғана болатын. Радлов халықтарды күшті және әлсіз деп екі топқа бөлетін. Осы арқылы ол орыстардың бізді билеп-төстеуін заңды құбылыс деп көретін ... Радловтың түркітанудағы аса құнды еңбектерін, сөзсіз, білуге тиіспіз. Алайда одан қайдағы бір түрік сүйіспеншілігін, әсіресе біздің империализм тепкісіндегі ауыр халімізге жанашырлығын іздеудің тіпті де қажеті шамалы» [5].

Түркі әлемінен әлсіздікті ғана көргені үшін В.В. Радловты Әлихан Бөкейхан жақтырмады.

Еуразияның сайын даласынан Батысқа қарай әлеуметтік ілгерілеу емес, қирату, бүлдіру, қасірет қана келді деген ойды дәлелдеумен әуреленгендер болған, әлі де бар. Қаптаған бұрмалаулардың ішінен кеңестік академик Б.Рыбаковтан үзінді келтіруді жөн көрдік: «Рыцарственная Русь и тревожная недобрая степь, разлившаяся безбрежным морем от Волги до Дуная... Степь полна топота и ржания конских табунов, дыма становищ, скрипа телег; рыщут волки, кружатся над Полем хищные птицы, тучами идут несметные войска половецких ханов, распугивая антилоп и туров... Духами зла и смерти, вдоль русской границы раскинулось необъятное степное море, ежегодно, ежедневно угрожавшее ураганами и штормами воинственных и хищных половецких орд» [6]. Ең сорақысы – Ұлы даланы Ежелгі Русьтің қас-дұшпаны, қатыгездік пен өлім әкелген жыртқыш ретінде тұжырымдаған орыс ғалымы Лениндік

сыйлықпен, Социалистік Еңбек Ері атағымен марапатталса, тап сол жылдары түркілер тарихын славян тарихымен шендестірген «Аз и Я» кітабы үшін Мәскеуге жақпаған О. Сүлейменовтің шақшадай басы шарадай болды.

Қалай десек те, XX ғасыр соңына дейінгі зерттеулер, құжаттар жинағы, даланың ауызша тарихы, шығыстану мен түркология құнды-құнды ойтүйіндермен, пайымдармен, тіпті тұжырымдармен ерекшелене тұра, ұлттық және жалпытүркілік тарихымыздың кешенді келбеті мен мәнін бере алмады. Бірақ озық ойлы бірен-саран ер түрік ұрпақтарының –Маржанидың, Гаспыралының, Бөкейханның тоталитарлық өктемдік пен қыспаққа дейін айта алған, ұлт мүддесін, ел тағдырын айшықтаған методологиялық, танымдық бағыты дұрыс екен. Татар халқының абзал перзенті Ш. Маржани (1818-1889) тарих ғылымына мынадай анықтама беріпті: «Наука история изучает прошлое народов, исчезнувшие поколения, их борьбу между собой, выявляет и восстанавливает имена, прозвища, титулы, генеалогии и портреты исторических личностей. Она также дает оценку их линии поведения и добрым делам, призывает следовать им, если они того заслуживают. История выявляет, каким уровнем знаний обладали эти личности и какие научные и художественные произведения они создали. Она показывает, какими ремеслами и навыками обладал тот или иной народ. Эта наука рассказывает о том, что пережил тот или иной народ или племя. Она также является наукой о смене племен, народов и поколений, о соперничестве правителей. Историю стремятся постичь как ученые, так и невежды. К ней чувствуют тяготение и конные и пешие» [7].

Ә. Бөкейхан да осы мазмұндас ұстанымға басымдық береді: «біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі; олардың дүниеде не істеп, не бітіргендігі; қандай қуаты барлығы, ол қуатты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсынан пайда, қайсынан зарар көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досты-дұспаны кім екендігі; не себеппен бағы тайғандығы және оған ұқсас істердің барлығын тарих сөйлеп түсіндіріп тұрады» [8].

Егер түркі халықтарының басым бөлігі шоғырланған Кеңестер елінде тарихты зерттеу методологиясы осынау жолмен диалектикалық және эволюциялық жалғасын таба қалғанда, М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабынан Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» қара сөзіне дейінгі аралықта жиналған асыл қазына XX ғасыр ортасына қарай ұлттық тарихтың «Абай жолын» дүниеге әкелер ме еді, қайтер еді. 1947 жылы шыққан Е. Бекмахановтың «Казахстан в 20-40-е годы XIX века», М.П. Вяткиннің «Батыр Срым», 1958, 1960 жылдары жарияланған С. Зимановтың «Общественный строй казахов первой половины XIX века», «Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков» монографияларын, Ұлы даланың археологиясынан, этнографиясынан, этногенезінен жазылған Ә. Марғұланның, К. Ақышевтің, А.Н. Бернштамның, С.П. Толстовтың, кейінде Р.Г. Кузеевтің (Башкирия), С.К. Камаловтың (Өзбекстан), Б. Өгелдің (Түркия), тағы басқалардың еңбектерін асылдың сынығындай көруіміз әсте кездейсоқтық емес.

Қысқасы, ұлыдержавалық менмендік, 1917 жылғы революциямен келген үздіксіз қуғын-сүргін және тоталитарлық-идеологиялық өктемдік төл тарихымызды бәсі биік ұлттық құндылыққа айналдыру құралы – методологияны жергегінде тұншықтырды, оның орнына өтірік пен шындықты мидай араластырған, сана мен намысты дұрыс ұстанымнан адастырған партиялық-материалистік методологияны бекемдеді.

Сөйтiп бiз өз тарихымыздан көз жазып қала жаздадық. Ортақ түркі тарихын зерттейтiн мамандар даярланбады, жазуға КОКП рұқсат бермедi. Түбi бiр Түркиямен ғылыми-гуманитарлық байланыс туралы сөз де болуы мүмкiн емес едi. Кеңестiк одақтас республикалар тарихы цензураның тезiнен өткiзiлдi. Әрине, кеңестiк 74 жыл түркi тектес тарихшылар үшiн бекер кеттi деген ойдан аулақпыз. Шығыстағы одақтас республикаларда ғалымдардың үш ұрпағы өсiп шықты, Орта Азия мен Қазақстан тарихынан мыңдаған том құжаттар жинағы, арнайы зерттеулер

жарық көрді, үздік зерттеушілердің есімдері әлемге әйгіленді. Оқулықтар жазылды, ғылыми басқосулар өтті. Бірақ басты мақсат – отандық және ортақ түркі тарихының ақиқатын ұлттық және мемлекеттік мүдде биігінен зерделеу атқарылмады. Қайта капиталистік шетелдердегі тарихшылар (М. Олкотт, С. Уиткрофт, т.б.) мен тағдырдың айдауымен сыртқа кеткен М. Шоқай, З. Уәлиди, Х. Оралтай сынды авторлардың жазғаны тарих ақиқатын ашуға септесті. Дегенмен қазақ әлемі мен түркі дүниесінің тарихын кешенді жазуға бұлардың кадрлық құрамы да, ақпараттық-деректік базасы да жетпейтін еді.

КСРО-ның ыдырауымен ғана мұздай сірескен тарихи сана мен танымда сілкініс басталды. Барымызды бағалау, жоғымызды түгендеу үшін алдымен тәуелсіздік, одан соң тарихшы ғалымның еркін ойымен көмкерілген методология керек екен.

Алайда тарих ақиқаты үшін күрес посткеңестік кеңістікте әлі де жүріп жатыр. Ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болғанға дәндеген ресейлік кейбір тарихшылар кешегі түркілік одақтас республикалардағы әріптестерін нені жазуға, қалай жазуға «үйреткенді» азсынып, енді тәуелсіз жас мемлекеттер Президенттерін «тезге салуға» кірісті. Осының бұлтартпас айғақ-дәлелі – Мәскеу ғалымы В. Шнирельманның 2009 жылы жарияланған, 2011 жылы қайта басылған «Президенты и археология, или Что ищут политики в древности: далекое прошлое и его политическая роль в СССР и в постсоветское время» мақаласы. Мұнда Түркменстанның тұңғыш Президенті С. Ниязов, Қырғызстанның тұңғыш Президенті А. Ақаев, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н. Назарбаев, Өзбекстанның тұңғыш Президенті И. Каримов мырзалардың тарихи көзқарасындағы автор анықтаған қайшылықтар мен қателіктер сынға алынады. Мәселен, «Тарих толқынында» кітабында Н. Назарбаев қазақтардың рухын көтеруді көздеп, оларды «ұлы өркениеттер мұрагері» деген екен, бұған қоса қазақтар ғасырлар бойы өздерінің «этногенетикалық аумағында» қалыптасты, сонда мәдени сабақтастығын сақтады және біртектілігін өзгерткен жоқ екенін баса көрсетеді дегенді жақтырмай алға тарта келе, Елбасымыздың қайшылығын былайша дәйектейді: «С одной стороны, он призывает помнить о пятивековой собственно казахской истории, но, с другой стороны, не собирается забывать и о более величественном общетюркском прошлом; с одной стороны, указывая на открытие археологами древних городов на территории Казахстана, подчеркивает неправомочность сведения истории казахов к номадизму, но с другой – вдохновенно описывает славные деяния предков-кочевников; с одной стороны, делает акцент на синкретичном характере казахской культуры, лежащей в центре диалога самых разных евразийских культур, а с другой – настаивает на том, что казахи никогда не смешивались в массовых масштабах с другими этносами» [9].

Н. Назарбаевтың тағы бір «қателескені» мынада дейді: «Он с высоким пафосом дает отпор тем, кто говорит о «вековой отсталости степи». Мало того, среди далеких предков он находит ведических ариев и саков, изящно обходя вопрос об их языках, которые не имели никакого отношения к тюркским» [10]. Қазақтар ежелден атажұртында, яғни қазіргі Қазақстан аумағында тұрып жатыр деген Елбасы пайымын «пантүркілік экскурс» ретінде бағалайды.

Кез келген елдің Президенті тарихи шығармасын жарияламастан бұрын ғалымдармен, мамандармен сан мәрте ақылдасып, пікірлесіп, ең дұрыс деген тоқтамға келетінін Мәскеу оқымыстысы білмейді ғой, сірә. Олар, Шнирельманнан айырмашылығы, тарих ғылымының артында халықтар тағдыры тұрғанын бір сәтке ұмытпайды.

Қателеспейтін адам жоқ. Бірақ қатенің де қатесі бар. Егер ол бірнеше елдің әлденеше буын ғалымдарын қауқарсыз, болымсыз интеллектуалдық күш ретінде қаралап жатса, үндемей қалу одан да сорақы нәтижелер әкелуі бек мүмкін. Соның өзінде басқаның қатесіне бола тарихшы өкпеге, ашуға жол беруге, өтірікті шындай соғуға, айталық, қазақ әлемі мен түркі дүниесінің пайдасына бұра тартуға қақысы жоқ. Ол ақиқатты айтуға, жаңалық ашуға, белгісізді нұрлы ақылмен сәулелендіруге жегілген кәсіп иесі. Халықтың дұрыс тарихи санасын қалыптастыруға

арна салатын жауапты тұлға. Тарихтың түзілуі мен зерттелуінің арасынан қыл өтпеуі тарихшының өресіне және имандық қасиетіне байлаулы.

Тарих – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың негізі әрі тұңғышы. Әдебиеттану, тілтану, мәдениеттану, социология, саясаттану, тіпті даналық ғылымы философия – бәрі тарих тәжірибесімен, дерегімен, қорытындыларымен қалыптасады, зерттеу аясын анықтайды, содан кейін бұлар бірін бірі толықтырады, байытады, ықпалдасады. Ғылыми интеграция аса биік деңгейге көтерілген қазірдің өзінде тарих теориясы, методологиясы, философиясы дербестігін сақтауға, дербес заңдылықтарын ұлықтай дамуға құқылы. Тарихтың деректері мыңдаған жылдар бойы құм басқан, шаң басқан жер астында, архивтерде, кітап сөрелерінде жата беретіні рас. Ал олар заманауи методологиямен шынайы ғылымға айналғанда уақыт пен ұрпақтарды жалғастырып, басты байлық – адамның жасампаздығын өсіріп, жақсылығын көбейтеді.

3. Тарих тұғыры

Түркі дүниесі ұғымының аясы мейлінше кең. Бір замандарда түркілер билеген аумақтардың біразында тап қазір мүлде басқа этностар мен мемлекеттер өмір сүруде. Олардың егемендігі мен тәуелсіздігіне қол сұқпас үшін зерттеуіміздің географиялық аумағы бүгінгі түркілік мемлекеттер шекарасымен шектелетінін қаперге сала кеткенді жөн көрдік. Қалай болғанда да ежелгі дәуірден бергі түркі тарихының хронологиялық ауқымы 1 млн. жылды қамтып жатыр. Өйткені Ұлы даладағы алғашқы адам ж.с.д. 1 млн. жыл шамасында пайда болғанын археологиялық жәдігерлер куәлендіруде. Содан беріде тарихи үдеріске тірек болған, салалануын және мазмұнын анықтаған, тарихтың басты субъектісі – адамдардың антропологиясына, нәсілдік тегіне, әлеуметтік-кәсіби жіктелуіне іргетас қалаған, елдің шаруашылығын, әлемдік аралас-құраластағы орны мен мәртебесін, т.б. мәнді нышандарын бекемдеген, ерекшелеген үш императив тұғырдан түскен емес. Олар – жер, тіл, мемлекет. Қай дәуірдегі тарихты зерделесек те, бұлар өзгермейтін және әмбебап субстрат биігінде қала береді.

3.1. Жер және адам

Адамды құдай жаратты ма, жоқ әлде маймылдан шықты ма – ол жағын жаратылыстану ғылымдары анықтай жатар. Қайткенде де адам жарық дүниеге жер бетінде келді. Жер адамнан әлдеқайда бұрын жаратылды. Өмір үшін қажетті алғышарттар – ауа, су, жылу мен жарық, т.б.с.с. түзілген соң дүниеге адам келді. Содан беріде адам мен жер біртұтас. Тұтынушыдан өндірушіге айналғанға дейінгі өмір сүрген ортасының табиғаты, климаты, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі азық-түлігін, еңбек құралын, бөлінісін, яғни адамның есеюін анықтады. Адамды адам қылған жер, жерді гүлдендіретін де, қу тақырға айналдыратын да адам. Құранның «Әл-Исра» сүресіндегі 37,38,39 аяттары шегелеген талап: «Жер бетін басып жүргенінде кеуде керіп асқақтама. Өйткені (қара) жерді де тесіп жібере алмайсың, асқар таумен де теңесе алмайсың», «Бұндай жағымсыз қылықтарды Раббың (әсте) жақтырмайды», «Осының бәрі де – Рабыңның саған уахи еткен даналықтары» әрбір мұсылман баласының санасын нұрландырғаны жөн [11]. Пенде топырақтан жаралды, топыраққа айналады деген қағида бекер болмаса керек.

Жануарлар әлемінен айырмашылығы – сөйлей алатыны. Біздің ойымызша, бұл қасиеттің нышандары адамның бойында жаратылғаннан болған. Уақыт өте келе әрі адамдар санының ұлғаюымен ол тілге айналды. Тіл шыққан сәт, біріншіден, адамдар қауымын ең биік әлеуметтік қауымдастық – адамзатқа айналдырды, екіншіден, тұңғыш интеллектуалдық серпіліс еді әрі бұдан кейінгі барша серпілістердің атасы, айталық, «неолиттік революциядан» бүгінгі нанотехнологияға дейінгі, үшіншіден, бастапқыда кімнің кімге алыс-жақын тұрғанын білуге шылбыр ұстататын өлшем құралы. Тілдік қоры адамдар қауымының, нақты халықтың даму сатысын, шыққан биігін, еңбек бөлісінің қай саласына бейім екенін көрсетеді.

Қысқасы, адам пайда болумен басталған тарихымыздың сахнасы – жер. Адам – жер басып жүргенде ғана адам. Ұлы географиялық жаңалықтар, мұхиттан мұхитқа, құрлықтан құрлыққа өту,

ғарышты игеру, теңіздің табанын ақтару, шахталарда кен қазу – бәрі жер бетіндегі тіршілік қамы. Бабаларымыз жердің қасиеті мен құдіретіне табынғаны әлемдік және отандық жазба деректерде тұнып тұр. Осы орайда Геродот жазып кеткен массагет патшайымы Томирис жайлы аңызды, парсы патшасы Кирге тұрмысқа шығуға келіспегенін еске алсақ та жетіп жатыр. Патшаның жесірі жат елге тұрмыс құру жерден, мемлекеттен айрылу екенін түсінгендіктен бас тартты. Бұл шамамен ж.с.д. 530 жылдары орын алған оқиға. Арада 1200 жыл өткенде Күлтегін тасына мына жолдар жазылған екен: «Мәңгі тас тоқыттым. Бұл киелі жер еді. Қазір де киелі жер. Осындай киелі жерге мәңгі тас тоқыттым, жаздырдым. Бұны көріндер, осылайша біліндер» [12].

Араға тағы да 1200 жыл салып, 1926 жылы Қызылорда мен Ташкент қалаларында алаш азаматы Т. Шонановтың «Қазақ жері мәселесінің тарихы» монографиясы жарияланады. Мұнда жер отырықшы халықтың да, көшпелі халықтың да тағдырын анықтаушы негіз екені кешенді дәйектелген. Автордың методологиялық ұстанымын: «Осы күнге шейін қазақ көшуге көндігіп кеткен, отыра қалып, кент салтына түсіп, дуан тұрмысына көндіккісі келмейді, оқығандары неге ұғындырмайды екен деген пікірлерді де табуға болады. Сондай пікірлерді едәуір оқыған орыс азаматтарының аузынан талай естіп те жүрміз... Бұлай ойлау – қате. Бұл – жаңылыс пікір. Бұл жетіспеген, үстірт адамдардың ойы. Бұл – бір. Екінші, қазақ жайын қанша білемін дегенмен, біліп жетіспегендердің ойы. Үшінші, қанша оқыдым дегенмен, тарих заңын түсіне алмағандардың ойы. Қазақ бұл күнге шейін ерігіп көшіп жүрген жоқ. Тұрмыс, табиғат заңдары қазақты амалсыз көшіріп келді», деген жолдар айқындап тұр [13].

Хронологиялық тұрғыдан мәселені ежелгі дәуірден ХХ ғасырдың басына дейін қарастырады. «Қазақ жердің қадірін біле ме?» деген сұраққа былайша жауап берген: «Қазақ жердің қадірін аса жақсы біледі. Оны тарихи тұрмыстың тоқпағы үйреткен. Жер шаруаға қандай әсер беретінін, қандай жерде қандай шаруашылық қылуға керектігін шаруа әдемі түсінеді. «Жер – анасы, мал – баласы», «Жері байдың – елі бай» дейді ел. Халық ақынның аузымен: «Жайықтың бойы жайлы қиян, Маңғыстаудың бойы шанды қиян» дейді. «Көк Есілден кеткен соң, жылқының қонысы табылмас» дейді. «Ащының бойы айтақыр, алалы жылқы жусап тұр», «Шыбышым лақ салмаған, тоқтым қысыр қалмаған» дейді. «Қалдығайтты, Былдырты жер өрнегін қарасаң, көдесінің түбі сайын бір жылқы» дейді. Бұл – жердің шаруаға жайлылығы туралы қазақтың көзқарасы. Жерсіз жарық тұрмыстың жоқтығын, «Маңғыстаудың шанды қияны» тәрізді жерлер қонысқа тұлға болмайтынын қазақ жақсы біледі. Жерден айырыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғзынан айырылғандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады. Қазақтың бір себептермен шаруаға тәуір қоныстан айырылғанда айтқан өлеңдері – өлікті жоқтаған жылаулармен бірдей» [14].

Томирис заманынан қазақтың жермен қоштасып жылағанының арасын 25 ғасыр, яғни 2,5 мың жыл бөліп тұр. Бірақ түркілердің жерді қастерлеуі сол биіктен еш түскен емес.

Адам жерден қуат алады, адамды табиғаттың бірде-бір өкілі шықпаған биікке көтерген, әлі де көтеріп тұрған күш – жер. Ол масылдардың мекені емес. Изденіс пен еңбектің бастау көзі. Қарыс-сүйем жер үшін аз қан төгілген жоқ. Қазіргі кез келген мемлекеттің конституциясы жердің мәртебесін азаттықтан бір мысқал төмен түсірмейді. Қысқасынан қайырсақ, жер тарихы, ғылым тіліне көшіргенде – геотарих (геоистория) қазақ әлемі мен түркі дүниесі тарихының іргелі бағытына, маңызды теориялық-методологиялық тұжырымына айналуы қажет.

3.2. Тіл мен сөз

Адамның адамдық белгісі мен жасампаздық қарымының коды – тіл. Аумақтық бірлік пен тілдік біртектілік негізінде түркі этносы, мемлекеті, барша әлемі қалыптасты.

Бұлай дейтін себебіміз түркі халықтары – Еуразияның сайын даласының автохтонды тұрғындары. Физикалық антропология жағынан шыққан тегі, уақыт өлшемі бойынша тас дәуірінен белгілі тарихы, кеңістік тұрғысынан алғанда өмір сүрген аумағы ортақ болғандықтан

арғытүркілер мен түркі халықтарының тілі бір қайнаркөзден басталатыны күмән туғызбаса керек. Бүгінге жеткен-жетпеген түркі халықтарының сақталған я сақталмаған тілдерінде, сөздік қорында ортақ тарихының қалың қыртысты ақпараты, ішіне бүккен құпиясы, баршаны тамсандырған байлығы жатыр. «Жақсы сөз – жарым ырыс», деген қазақ философиясының бастауын ж.с.д. 1,5 мың жыл шамасында дүниеге келген заратуштра дінінің «Авеста» кітабынан көруге болады. Ал Інжілде: «Басында сөз болды, ал сөзді құдай жаратты», делінген. Тарихи-тілдік бауырластық «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сынды дастандардың түркі халықтарына ортақтығынан ғана емес, М. Қашқаридің, Ж. Баласағұнның, А. Яссауидің, С. Сараидың, С. Бақырғанидың, т.б. ойшылдардың шығармаларындағы руханиятқа, тәрбиеге, мемлекетке қатысты қағидалардан да менмұндалап тұр. М. Қашқари: «Тәрбие басы – тіл», «Игі істің басы – сөз», Ж. Баласағұн: «Кісіге құт тілден», «Дүние тез өтеді, сөз мәңгілік қалады», С. Сарай: «Жаза айтылған бір сөзбен де жүректі жаралауға болады», депті [15]. Мындаған жылдар бұрын айтылса да, әрбір түркілік жанға бүгін де түсінікті ережелер ғой.

Демек, адам адам болғаннан бергі баға жетпес табыс, ең құдіретті қаруы – сөз. Онсыз жануарлар дүниесінен бөлініп шыға алмас еді. Тіл мен сөзді дүниеге әкелген адам тап сол тіл мен сөздің үздіксіз артқан интеллектуалды-инновациялық әлеуеті арқасында кемелденді, тарихтың объектісінен субъектісіне айналды. Тарихи география мен ономастика, терминология мен фразеология, тіпті ғылым атаулының бәрі халықтың, жердің, тілдің байланысын анықтауға үлес қоса алады. Ең маңыздысы – тілдік және аумақтық бірегейлік пен біртектілікті ғылыми тиянақтау, методологиялық басшылыққа алу түркі халықтарының этногенезін дұрыс ашуға, қоршаған ортаны игеруде, төл тарихымызды түзуде басқаның емес, өз қандастарымыздың сүбелі үлесін әділінен баяндауға асыл арна салады.

Біз Американы ашып отырған жоқпыз. Жер мен тілдің тарихтағы тұғырлық құдіретін мойындау үшін бұл екеуі адамзатқа белгілі әлемдік және дәстүрлі діндерден де бұрын жасампаз миссиясын аша алғанын түсінсек жетіп жатыр. Тіпті мемлекетаралық соғыс жариялаудың сылтауы – сөз, себебі – жер болған жағдаяттар аз емес. Мұны ежелгі грек, көне қытай жазбаларында сақтардың, түркілердің туған жер үшін аянбай соғысқаны жайлы мәліметтері де куәлендіреді. Аңызға айналған сақ ойшылы Анахарсистен қалды деген мына сөздер ерекше назар аударуға лайық:

«– Адамның бойындағы ең жақсы және ең жаман нәрсе не? – дегенде: – тіл, – деп қысқа қайырыпты» [16].

Жер мен тіл мәселесін алдыңғылардың айтқанына сүйенумен француз ойшылы А. Франс XIX ғасырда да қаперге салыпты. Тілді қалыптастыруда басты рөлде халық тұратыны жайлы Платон мен Вольтерге сілтеме жасаған ол егер бұл іспен ғалымдар айналысса, тіл күңгірт әрі ауыр болып шығар еді дейді. Тарихтың ізі тілде жатқанын былайша пайымдайды: «Все деяния нации, все установления, постепенно создававшиеся ходом истории, оставили свой отпечаток в языке. В современной речи находишь следы, оставленные в ней церковью и феодализмом, крестовыми походами, королевской властью, обычным правом и правом римским, схоластикой, Возрождением, Реформацией, гуманизмом, веком философии, революцией и демократией. Можно без преувеличения сказать, что филология, недавно превратившаяся в позитивную науку, стала неожиданной помощницей истории» [17].

Өміршең идея жалғасын табуда. Әлем таныған О. Сүлейменовтың сөзімен айтсақ, «егер біз сөзді оқуды үйренсек, жер, өзен, тау, арал аттарынан тілдердің материк және мұхит бойынша қозғалу бағдарын анықтауға болады. Сондықтан этимологияның рөлі артады. ... Сөздіктер кез келген этносқа – үлкеніне де және кішісіне де – өзінің шыққан кезінен бастап өткені жайында толығырақ білуге көмектеседі. Ауызекі сөз өзінің мазмұны және құрылымында жарықшақтар мен асыл бұйымдардың мұражайлық жинағына қарағанда, көбірек тарихи шындықты сақтайды» [18].

Осыдан-ақ отандық және түркілік ортақ тарихи зерттеулерді жүргізуге түрлі мамандық иелері тартылуы керектігін және пәнаралық методологиялық байланыс қажеттілігін пайымдауға негіз бар.

Аумақтық бірлік пен тілдік біртектіліктің тағдыры – адам тағдыры. Ол шыр етіп дүниеге келген нәрестеге берілетін отбасындағы тәлім-тәрбиеден марқұмды ақырғы сапарға аттандырғанға дейінгі аралықты қамтып жатады. Абайдың: «Туғанда дүние есігін ашар өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» деген жолдарын тіл өнеріне тағзым ретінде қабылдасақ, есте жоқ ескі заманнан қалған зираттарға қарап жердің кімге тиесілі екенін, этникалық шекараның қалыптасуын ұғынуға болады. Әдебиет пен өнерде молынан кездесетін жерге шексіз сүйіспеншілік пен махаббат жайлы шығармалар адам, аумақ, тіл байланыстары сананы, танымды, сезімді билеп алғандықтан дүниеге келген.

Қазақ әлемі мен түркі дүниесінде жаңа тіл пайда болатын заман енді келмейді. Түркі халықтарының жақындасуы, мемлекеттерінің интеграциясы ортақ тіл табуға итермелейтініне куә болармыз, сірә. Ол да түркілік тарихтың тұғырын бекемдеуге септеседі.

3.3. Мемлекет

Мемлекеттің мәнін түсінуге немесе түсіндіруге талап қылғандарда қисап жоқ. Біздің ойымызша, мемлекет дегеніміз – нақты бір аумақтағы халықтың халықаралық қауымдастық таныған әрі өзіндік саяси-құқықтық, экономикалық, т.б.с.с. жүйесі бар Отаны. Осы аумақтағы тарихи үдеріс тұғырдың құрамдас бөліктерімен – жермен, тілмен ажырағысыз бірлікте. Жер мен тіл ықпалдастығы, бірлігі мен біртектілігінің нығаюы немесе ыдыраюы негізінен жеке адамның емес, этностардың, мемлекетінің тағдырымен, қилы заманымен анықталады. Тағдырдың жазуымен XIII ғасырда Еуропаға, Африкаға, жат елге, бөтен ортаға қоныс аударған қыпшақтар Ұлы далада қалған бауырларынан мүлде алшақтап кеткен жоқ па?! Қалың қытайдың арасындағы сары үйсіндер, мыңдаған жылдар бұрын Америкаға кеткен азиялық түркілер ше? Түбі бір түркілік тілде мәдени-рухани өнім беруден қалған бұлар енді қайтып үйірін таба алмас. Ортақ тарихтың тұғыры аумақ, тіл, мемлекет екені осыдан байқалмай ма! Бұл – бір.

Екінші жағынан, тілдік үдерістердің тереңдеуі, жердің талапайға түспеуі көбінесе төл мемлекеттің пайда болуына және дамуына тәуелді. Адам баласы пайда болғаннан мемлекеті құрылғанша ұлан-ғайыр уақыт өтті. Әр нәрсенің бастауы қиын. Түркі халықтарының шаруашылығы мен мәдениетіне, тілі мен әлеуметтік ұйымдасуына, салт-дәстүрі мен менталитетіне тән бастапқы сипаттары мемлекеттері шаңырақ көтергенше қалыптасты. Осы құндылықтарды ішкі-сыртқы тағылық пен жабайылықтан, уақыт өте келе ашкөздік пен тойымсыздықтан сақтау мүддесі биліктің, кейінірек мемлекеттің шығуына түрткі болды. Бірақ бұдан мемлекет пайда болғанға дейінгі дәуірде тарих үдерісі үш тұғырдың біреуінсіз жүрді деген ой тұмауы керек. Жер – мемлекеттің материалдың негізі, билік – саяси бастау-бұлағы, яғни үшінші тұғырдың орнын, толық толтырмаса да, жоқтатпайтын тетік жұмыс істеп тұрды. Мемлекеттен хабарсыз, инстинктпен өмір сүретін жануарлар да тиесілі аумағы үшін жан беріп, жан алысады ғой. Түптеп келгенде, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі танудың, елішілік қайшылықтарды шешудің биік сатысына көтерілген этнос қана мемлекетін дүниеге әкеледі. Мемлекет – тіл мен жер иесі нақты халықты, соның төңірегіне топтасқан басқа да этностарды сақтаудың, ортақ іске жегудің, кемелдендірудің басты ұйымы.

Жер мен тіл арасындағы байланыс, ықпалдастық біте қайнаған десек, мемлекет пен тіл арасындағы тәуелділік, өзара тәуелділік одан да берік. Мемлекеттің тағдыры мемлекеттік тіл тағдырына байлаулы. Мемлекеттік мәртебемен сөйлеуші тіл байыған үстіне бай түседі. Өскен, өнген тіл мемлекет өмірін шырайландырады.

Дей тұрғанмен, мемлекеттің даму сатысы әралуан болатынын адамзат тәжірибесі көрсетіп отыр. Солардың аражігін ашатын методологиялық байлам-тұжырым ғылыми ақиқат үшін керек.

Айталық, жыл санауымызға дейінгі I мыңжылдықта түркі тектестер мекендеген Еуразия кеңістігінің негізгі бөлігінде сақ мемлекеттері дәурен құрғаны белгілі. Сақтардың соғыс өнері, сұлулықты ұлықтаған аң стилі, шаруашылық-мәдени кешеніндегі үздік жетістіктер баяны антикалық және византиялық деректерде молынан сақталған. Солармен таныса келе мемлекет өмірін, адамдардың қарым-қатынасын қоғамның әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі реттегенін байқаймыз. Сақтар, дейді Геродот, эллиндіктердің өмір салтын жақтырмайды, одан іргесін аулақ ұстайды [19]. Ал әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің басымдығы, заңнан да бұрын қолданылуы мемлекет ру-тайпалық қатынастар биігінде тұрғанын айғақтайды. Яғни біздің бүгінгі ұғымдағы деңгейге жетпеген мемлекеттің өзі тіл мен жерін қызғыштай қорғайды. Сыртқы қатердің кез келгенінен қорғануға мемлекеттің шарапаты тимей тұрмайды. Дәстүрге сүйенген сақтар мемлекеті заң түзуде, тұрақты әскер жасақтауда көш ілгері кеткен іргедегі Қытаймен, айшылық алыстағы Грекиямен, Иранды билеген Ахеменидтер әулетімен бәсекелесе алғаны түркілердің аумақтық бірлігі мен тілдік біртектілігі ұзақ уақыт аясында лайықты әлеуетке ие болғанын куәлендіреді.

Рас, Ұлы дала түркілері кейінде де бөтен тілді, бөтен дінді мемлекеттерден оқшауланған жоқ. Біздің ортақ тарихымызда, тілімізде А. Македонскийдің, Селевкид, Бактрия, Парфия, сасанидтік Иран мемлекеттерінің, араб халифатының іздері жатыр. Бірақ бұлар түркілік шаруашылық-мәдени типті, саяси өмірді, әлеуметтік ұйымдасуды мүлде жаңа арнаға түсірді деуге негіз жоқ. Азияның, Африканың, Еуропаның халықтарымен, мемлекеттерімен ықпалдасқан түркі өркениеті өз іргетасында бой көтерді, нығайды, өркендеді. Адамзатқа киіз үйді, үзеңгіні, шалбарды, етікті әкелген түркілер бөтеннің әсерімен ғана ілгерілеуі еш мүмкін емес.

Сөз кезегі келіп тұрғанда айта кетейік, халықтың тұтасуы мен мемлекетінің шығуына септескен ру-тайпалық қатынастар мен менталитеттің, араға отарлық және тоталитарлық ғасырлар түссе де, кешегі кеңестік түркілерде әлі күнге дейін орын алып отырғанын бекерлей алмаймыз. Трайбализм дерті қоғамның бойынан сылынып тасталған жоқ. Пайдасы бір тоғыз десек (жеті атаға дейін қыз алыспау, ұжымдық жауапкершілікті сезіну), зияны – үйірімен үш тоғыз. Ол кадр саясатына, қаржы-қаражат бөлуге, атақ-дәрежемен марапаттауға араласады екен. Студенттердің, әскердегі жастардың қатарын аралап кетіпті. Өкініштісі – осы құбылыстың неліктен осыншама жаны сірі екенін ашатын методология түзіле қойған жоқ.

Бірақ рулық-тайпалық атавизмді ығыстыруда ғана емес, тілдік құрылыста да мемлекеттілік факторын методологиялық абсолютке айналдыруға негіз жоқ. Сақ, байырғы түркі мемлекеттері тарих сахнасынан кеткеніне мыңдаған жылдар өтті. Еуразиялық түркілер араб, моңғол үстемдігін бастан кешті. XVI ғасырда Ресей отарлауы басталды, татарлар, қазақтар, өзбектер, т.б. 3-4 ғасыр бойы бодандықта қиналды. Соған қарамастан тілдік біртектілігі сақталып қалды, ғылыми этимология, ономастика, тарихи география нәтижелерімен қолдау табуда. Осы орайда қоғамдық-гуманитарлық ғалымдар арасындағы пікірталастың басты тақырыбы сақтардың мемлекеті мәселесі емес, қай тілде сөйлегені төңірегінде жүріп жатқанына назар аударған жөн. Әйгілі ғалым Қ. Салғараұлы 2012 жылы жарық көрген «Ежелгі түріктер» монографиясында: «Рас, қазақстандық ғалымдар соңғы кезде археологиялық қазба мұралар дерегіне сүйеніп, сақ тайпаларының түрік тілінде сөйлегенін айтып, түрік тектес халықтар тобына жатқызып жүр. Бірақ бұл тұжырым әлемдік ғылымда жалпылама қолдау тауып, әлі орныға қойған жоқ. Оған, шет жағасын жоғарыда айтқан, сақтарды «қазіргі Иран жерінен ауып келген арийлер, үнді-еуропа тілінде сөйлейді» деген пікірдің жарыса айтылып, күні бүгінге дейін ғылымда қабаттаса қолданылуы дәлел бола алады», деп жазады [20]. Демек, болмыс-бітімінің тамыры тереңге тартқан халықтар жат өркениет пен мемлекеттер қарамағына өте қалғанда да, жинақы өмір сүруін тоқтатпаса, міндетті түрде жойылып кете бармайды.

Ортақ түркі тарихына, Қазақстан тарихына тұғыр ретінде, алдымен адамның пайда болуын айтпағанда, тіл, аумақ бірлігі факторын тану, мемлекеттануда методологиялық биік өреге қол

сілтеу тарихшыларды шаруашылық, мәдениет, этнос, ұлт, азамат, құқық, мемлекеттік аппарат, т.б. іргелі құндылықтар мен атрибуттарды зерделеуде көздеген мақсат-мұратқа – ғылыми ақиқатқа жақындата түспесе, еш адастырмайды. Бәрі мемлекетінің бар-жоғымен анықталатын болса, бүгінде мемлекеттер санына сәйкес жүздеген тілдер ғана сақталып қалар еді. Бұған ежелгі және ортағасырлардағы Кавказды, Қытайды мекендеген түркілердің тағдыры айғақ-дәлел. Мәселен, қазіргі Әзірбайжан аумағындағы мемлекеттерді ж.с.д. IV ғасырдан беріде біресе парсылар, біресе арабтар, біресе курдтар билеп келді, ара-тұра байырғы халық өкілдері билік құрды. Ирандық Нәдір шах 1747 жылы өлген соң ғана толық егемен мемлекет дүниеге келді. Міне, осындай аласапыранға қарамастан әзірбайжан халқы ж.с.д. XIV ғасырдан түркі тілде сөйлеген киммериялықтардың, ж.с.д. VIII ғасырдан беріде сақтардың мұрасы негізінде қалыптасқан өз тілімен, жерімен, тарихымен түркі әлемін нұрландырып отыр [21].

Әрине, этнос үшін азат мемлекетінің болғанынан артық бақыт жоқ. Бірақ мыңдаған тілде сөйлейтін этностардың әрқайсына мемлекетін құру мүмкіншілігін кім береді? Ол үшін адам баласы әділетсіздік, соғыс, зорлық, бақталас, тақталас тәрізді «дерттерден» хабарсыз жаратылуы керек қой. Өткенге салауат айтайық. Бұдан былайда көпұлтты, көптілді, көпдінді сипаттағы барша әлемге де, нақты мемлекетке де, егер болашақтан үміті үзілмесе, бейбітшілікті соғыстан, татулықты дұрдараздықтан, қауіпсіздікті тұрақсыздықтан, ақылды ашудан жоғары ұстаған саясат пен идеология керек-ақ.

Түйіп айтар болсақ, әрісі ортақ түркі тарихының, берісі Қазақстан тарихының кеңістігі мен ортасын, мазмұны мен ерекшеліктерін айқындаған тұғырлы факторларға аумақты, тілді, мемлекетті жатқызатын методологиялық пайым байтақ зерттеу объектісі мен пәніне бағыт-бағдар беріп, барлық тарихи шығармаларда басынан аяғына дейін басымдықпен алға шығуы керек. Кеше де, бүгін де, ертең де осының бәрінің берекесі алдымен елішілік ахуал екені, әсіресе тұрақтылық пен бірлікке келіп тірелетіні бірінші сыныптағы әліппеге де, күнде көрсетілетін жарнамаға да дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомадай енуі қажет.

4. Тұғыр құты – тұрақтылық

Халықтың экономикалық өмірі мен әл-ауқаты жерінің жомарттығымен, рухани әлемі – тілінен, жасампаздығы – мемлекетінен көрініс табатыны ұзынсонар дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Бұлар бір-бірінен ажырағысыз баға жетпес құндылықтар. Жердің азуы немесе оны аяусыз жыртқыштықпен пайдалану, тілдің қолдану аясының тарылуы, қысымға ұшырауы, мемлекетте заңның дұрыс атқарылмауы тарих дөңгелегін кері айналдыруға соқтыратын қауіпке толы. Тарих тұғырындағы үйлесім мен тұрақтылық қана игілікті болашақ кепілі. Тарихи үдерістегі маңыздылығы жағынан бұлармен ешбір кереғарлық – экономикалық дағдарыс, идеологиялық өктемдік, әлеуметтік қақтығыстар иық тірестіре алмайды.

Біріншіден, тіл өзіне тиесілі міндеттерді атқарып тұрса, оның иесі, киесі – халық бар деген сөз. Төл мемлекетінде отырған ешбір халық тілінен айырылуға жол бермейді. Өз тағдырын өзі шешкен халық тілін байыта алады. А. Байтұрсынұлы айтқандай: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [22].

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатыны секілді, адам қай тілде сөйлесе, ойласа, яғни ана тіліндей қабылдаса, түптің түбінде өзі болмаса ұрпағы сол этностың қатарына қосылатыны да соншалықты ақиқат. Демек, екіншіден, дүниеге қазақ (өзбек, ұйғыр, татар) болып келген, бірақ тағдырдың жазуымен басқа тілде ғана сөйлеуші жанға өз жері, елі, жұрты, бабаларының мұрасы

жаттай көрінуі оп-оңай. Ал тілге табыну ананың әлдиімен, әкенің шерткен домбырасының үнімен, ата-әжесінің айтқан ертегілерімен сәби шақтан басталатынын ұққан сайын халық пен мемлекет тағдырындағы, ұлт тарихындағы отбасының қадір-қасиетін айрықша қастерлеу артады. Туған тілден ажырау атамекенің мен мемлекетінді бөтеннің жылтырағына айырбастағанның, төл тарихыңнан кіндік үзгеннің шешуші қадамы. Келесі қадам – жерұйықты іздеп сыртқа кету – қиналмастан жасалады.

Үшіншіден, тілі мен жерін ұстай алған халық қана төл мемлекетін құрады. Мемлекет – халықтың, жердің, тілдің панасы, қамқоры, айбыны. Мемлекетсіз ұлттық экономика мен саясат, идеология мен дипломатия түзілмейді. Америкадағы, Еуропадағы, Африкадағы елге сіңіп кеткен түркілік азаматтың үздік табысына қуануға болар, бірақ ол ортақ түркі тарихының аясынан, мемлекетінің қамқорлығынан тыс қалған өгей баласы. Осы ойды төл тарихымызға байланыстырамынаны айтқымыз келеді: Қазақстанның аумағы мен шекарасынан тысқары өмір сүріп жатқан, басқа мемлекеттің азаматы саналатын қазақтардың тарихы ұлттық тарихымыздың құрамдас бөлігі бола алмайды. Мәселен, 1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысынан Омбы облысына 5 мыңға жуық қазақ азаматтары аман-есен оралған екен. Бейбіт жылдарда бұлар еңбек майданының көрігін қыздырыпты [23]. Ал осы тарихты «жекешелендіруіміз» мүмкін емес. Бұл орайда түркілік емес мемлекеттердегі қандастарымыздың тарихын ортақ түркі тарихына кіргізудің құқықтық, дипломатиялық салдарын алдын ала ескерген абзал. Дұрысы диаспора тарихы айдарымен ерекшеленген шығар.

Тарихтың биік тұғыры мемлекет екені кіші Азиядағы түріктерден басқа қандастарымыз отарлық қамытын киген XVI ғасырдан берідегі тағдырымыздан анық көрінді. XIV ғасырдың билеушісі Әмір Темірді, XVI ғасырдағы Қасым ханды, XVIII ғасырда Нәдір шахпен тірескен түркілерді, мемлекеттерін XIX ғасырдағы отар өлкемен, аға сұлтаннармен, болыстармен, XX ғасырдағы қуыршақ республикалармен, хатшылармен, төрағалармен салыстыруға болмайды. Алдыңғылары – еркін елдің рухы күшті перзенттері, соңғылары – отарлаушы қожайыннан аса алмаған, жақпай қалған күні тұғырдан тайдырылған жалдамалылар мен жаппарқұлдар ғана. Әрине, коммунистік әкімшіл-әміршіл номенклатураны халқына, жерге, тілге, мемлекетке түймедей пайда әкелмеді деп айыптасақ, ұлт тарихына қиянат жасаймыз. Бірақ сол тар заманда ұлттық болмысты, тарихи сананы, тілді, мәдени мұраны сақтап қалуға, осы құндылықтарды ұлықтаумен санадағы төл мемлекетшілдікті нығайтуға барлық хатшы жабылып бір Әуезовтей немесе Кербәбаевтай, бір Есенберлиндей немесе ортағасырлық Самарқанның сәулет ескерткіштеріндей олжа сала алмады. Ғасырларға созылған езгіге қарсы тұрып, мемлекетсіз жетім халықты этникалық азып-тозудан сақтап қалған қасиетті тұғыр тіл мен жасампаз күш тұлғалар екенін, бірінші кезекте шығармашылық көркем және ғылыми зиялы қауымның ұлы миссиясын дәйектейтін методологияға зәрулік әзірге күн тәртібінен түскен жоқ.

Мемлекеттің мәні де, сәні де тәуелсіздікпен кіретінін, тілдің, оның иесінің миссиясы мен мұраты мемлекеті барда ашылатынын КСРО тарқағаннан кейін азаттыққа шыққан түркілік елдер жолы көрсетіп отыр. Кеңестік одақтас республика заманында қуыршақ мемлекет орнына жүргеніміз, туған жер мен тілдің қадірі аяқ асты етілгені құпия болудан қалды. Қиыншылықтар аз болған жоқ. Әлі де алдан шығуда. Дегенмен түркі дүниесінің қалыптасқан жаңа мемлекеттермен толысқаны келешекке деген күдікті сейілтті, үмітті зорайтты.

Заводтар мен фабрикалар, қалалар мен жолдар, мектептер мен мұражайлар – түркі жерінің асты-үстіндегі байлықтың, тынымсыз еңбектің тамаша көрінісі. Осыншама бай да үлкен аумақ тарихтың тезінен түркі халқының жанқиярлығымен сақталып қалғанын, ұлттық әдебиет пен өнеріміз, білім мен ғылымымыз әлемдік өркениетпен ықпалдасып қана қоймай бабалар сөзінен, аманаты мен өсиетінен нәр алатынын жүрек пен санаға сіңіре білсек, қысқасы, зерттеу методологиясының өзегінде ақиқатқа суғарылған мемлекетшілдік пен ұлттық идея, бірлік пен

біртектілік құндылықтары тұрса, елдегі ахуалдың, тарихи тұғырдың тұрақтылығы, азаматтарымыздың сенім қуаты, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың тартымды пәрменділігі артатыны сөзсіз.

5. Тарихты түзушілер

Тіл, жер, мемлекет тарихтың субстраты бола тұра, өздігінен тарихты түзбейді. Бұларды тарих шығыршығын айналдыруға жететін, тарихты түзетін үш қозғаушы күш бар. Біріншісі – халық, екіншісі – тұлға, үшіншісі – билік. Кеңестік дәуірдегі оқулықтар мен зерттеулерде экономикаға, әлеуметтік-мәдени өмірге, соғыстар мен көтерілістерге қатысты статистика молынан беріліп, жоғарыда аталған қозғаушы күштер көлеңкеде қала беруші еді. Турасына келгенде үшеуінің мақсатты әрекетінсіз елде шидің басы да сынбайды, тышқан да жорғаламайды.

Алайда тарихи үдерістің барысы мен мазмұнын жалғыз елішілік факторлар анықтай бермейтіні құпия емес. Ол әсіресе отар елдерде жиі байқалады. Айталық, бірінші немесе екінші дүниежүзілік соғыстардың бұрқ ете қалуына Қазақстанның еш қатысы болған жоқ. Дей тұрғанмен, сол соғыстар Қазақ елінің тарихына терең өзгерістер әкелді. Демек, ұлттық тарихтың қадір-қасиетін ұғыну үшін оған жаһандық өлшеммен көз жүгіртуді ұмытпаған абзал.

5.1. Халық

Адамдардың өмір сүру қажетін өтейтін жердің асты-үстіндегі байлық халықтың еңбегімен, ақылымен, қолымен өндіріледі. Мұнда әлемдік, құрлықтық, өңірлік, ұлттық тарихтағы өзара ұқсастық, экономикаға, нарыққа, қаржыға, ақпаратқа ортақ заңдылық жиі байқалатыны сөзсіз. Соның өзінде еңбекшіл өмір салтына, үдерісіне өңірлік, аймақтық ерекшелік ықпалы болатынын анықтаудың маңызы бар. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған қыш құмыралардан, суландыру жүйесінен, тұрғын үйлер сұлбесінен, т.б. артефактылардан адам факторын, болашақ іргелі халықтың қолтанбасын көрмеу тарихты зерттеу методологиясын тұралатпаса, ұлғайтпайды. Тас, қола ғасырлары атауы табиғатпен емес, адамның тас пен қоланы қолдануына байланысты орныққанын қаперден шығармаған жөн.

Халықтың ғұмырын ұзартатын интеллектуалдық және рухани қазына, білім мен ғылым, тәжірибе мен тағылым сол халықтың тілі арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Тарихтағы ұлттық ерекшелік барынша айшықталынатын тұс – осы. Бұл мүмкіндік жазу шыққаннан кейін әлденеше еселеп артты. Ал адамзат өркениетіне баға жетпес олжа салған алғашқы жазулардың бірі түркілік руна екенін биік методологиялық қарым-өремен аша алсақ, бабаларымыз әлемдік тарихтың өзегінде тұрғанын қапысыз ұғынамыз әрі ұғындыра да аламыз. Осынау биік пассионарлық қуат Күлтегін, Тоныкөк заманында тасқындап, XV ғасырда Осман империясын шалқытып, кейінде ішінара, шамамен бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін сақталды.

Түркі дүниесінің ұзына тарихында 16 жазу үлгісі, 18 әліпби қолданылыпты. Қазақ ғалымы Т. Жұртбайдың тарқатуы бойынша олар:

1. Фразограммалық шолу. Байырғы түркі бітігінің бастау қайнары осыдан 20-15 мың жыл бұрынғы тас бетіне сызылған петроглифтен басталады.

2. Бітік жазуы өзінің даму тарихының келесі кезеңінде логограммалық – мағыналық суреттер сызу деңгейіне көтерілді.

3. Үшінші кезеңде буындық жазуға көшті.

4. Фонограммалық (дыбыстық) жазу сатысы байырғы түркі бітігі (руника) жазуын өмірге әкелді. 552-580 жылдары аралығында оның грамматикалық ережесі жасалып, ежелгі түркі бітігіне реформа жасалған екен. Байырғы түрік әліпбиі фонограммалық кезеңнен бастап әліпбилік жазу үлгісіне ауысқан.

5. Түркілер VII-VIII ғасырларда қытай иероглифін дипломатиялық қатынас құралды жазуы ретінде қолданған.

6. Брахми жазуын байырғы түріктер IV-VI ғасырларда дипломатиялық қарым-қатынас құралы ретінде қолданған.
7. VI-VIII ғасырларда түркілер соғды жазуын еларалық мәмілегерлік ісіне пайдаланған.
8. Біріккен түрік қағанат дәуірінде (789 жылдан бастап) Тоғыз-оғыз (керей), Сегіз-оғыз (найман) тайпалары соғды жазуының бірнеше әріптерін, жазудың жазу бағыттарын өзгертіп пайдаланды.
9. Манихей жазуы. Манихей әліпбиі III ғасырда пайда болды. Ол түркілердің арасында шамамен 760-805 жылдар аралығында қолданыста болды.
10. Араб әліпбиі. Араб әліпбиі ислам дініне дейін қалыптасып үлгерген.
11. Сириялық әліпбиі. Бұл жазулармен христиан дінінің уағыздары, Талас бойындағы құлыптастардың эпитафиясы жазылған.
12. Қидан жазуы. XI-XII ғасырда «қара қытай» деген атпен белгілі болған моңғол тектес халық. Қидандарда «үлкен» немесе қытай иероглифі, «кіші» немесе қиданның ұлттық иероглифі болған. Осы кіші жазумен мындаған шежіре, кітаптар, деректер, ескерткіштер қалған. Өкініштісі, бұл жазудың бүгінге дейін кілті табылған жоқ.
13. Моңғол жазуы (XIII-XXI), жоғарыдан төмен қарай жазылады. Моңғол жазуының негізінде ойраттар - «тот» (анық) жазуын, манжур ханы Нұрхаштың бұйрығымен Дахай деген оқымысты 1632 жылы «манжу» жазуын өмірге әкелген.
14. Армян жазуы (V ғ.). Солдан оңға қарай жазылатын аршакид (пехлеви) әріпінің негізінде жасалған. Түркі-қыпшақтар осы армян жазуын пайдалана отырып, түркі-қыпшақ сөздіктері мен уағыздық әдебиеттерді дүниеге әкелді. Бұл әліпби әлі күнге дейін пайдаланылады.
15. Қазақ әліпбиі. Қазақ жазуы. А. Байтұрсынұлы жасап шыққан. 1912 жылдан бастан қазіргі күнге дейін пайдаланып келеді.
16. Латын әліпбиі (1928-1940). Қазақ ұлтының он жыл көлеміндегі рухани мұралары осы әріппен жазылды.
17. Кириллица. Қазақстандағы қазақтар 1940 жылдан бастап қазірге дейін қолданып келеді [24].

Осылардың бірде-біреуі түркі дүниесінің тіліне әсер етпей қалмады. Түркі тілдері де өз ықпалын білдірді. Екі жақты үдерістің қайсы бірінші, қайсы екінші болғанын анықтау интеллектуалды тарихты түзуге, өркениеттер ықпалдастығын ұғынуға қосылатын олжа екені күмәнсіз.

«Ерден ердің несі артық, тауып айтқан бір ауыз сөзі артық», дейді халық даналығы. Бұл – теориялық танымның салыстыру әдісі. Тарихты зерттеуге қолдансақ, халықтан халықтың сапалы айырмашылығы алдымен тілінен көрінеді, яғни бірін-бірі түсінетін-түсінбейтіні ғана емес, интеллектуалдық әлеуеті, саясаты, көзқарасы жөнінен де хабар береді. Ежелгі дерек бойынша, Анахарсис афиналықтарға айтқан екен: «Адам мен адамның айырмашылығы тілі мен атақ-даңқында емес, ақылында ... Скифтер сүйектен өткізіп айтқан сөзді келеке қылмайды, керісінше, жеріне жеткізіп айта алмаған сылдыр сөзді мақтамайды. Сөзде ақыл жоқ. Егерде жақсы ниетті, адал істі жеткізуге арналса, одан артық қасиетті құрал болмайды. Сыртынан күліп, ішінен күңіреніп тұрып айтқан сөзінді ғана скифтер жаманатқа балайды. Мәселе сөзде емес, пиғылында» [25].

Халықтан халықтың айырмашылығын тіл мен сөзден де артық дәйектейтін көрсеткіш – олардың демографиясы. «Көп қорқытады, терең батырады», «Көпке топырақ шашпа», «Көп түкірсе – көл», «Жалғыздың үні шықпас» сынды мақал-мәтелдер тарихи демографияны айналып өтпейді. Адам санының молдығы этносқа экономикалық басымдық беріп, болашағын ашады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қаусап жатқан Германия мен Жапонияны, «мәдени революциядан» тұралаған Қытайды аяғынан тік тұрғызған себептердің ең бастысы адам санының,

еңбек қолының молдығы. Бұлардағы аумақтық тұтастық пен моноұлттық құрам да жағымды рөл ойнады.

Халық этникалық, экономикалық, саяси дамуының ең биік сатысына, ұлт деңгейіне көтерілгенінің айғағы – билік жүйесі, заңы бар, халықаралық қауымдастық таныған мемлекетін құрғаны. Мемлекет ұлтқа тән өміршен, өскелең құндылықтарды, ұлттық намыс пен ерекшеліктерді құрметтейтін, құрметтеткізетін саяси-құқықтық жүйенің барында ғана мемлекет болып табылады. Ұлттың өркенінің өсуі – мемлекетте, мемлекеттің күші – ұлттық бірлікте. Бірлікті зерттеу методологиясында жойдасыз даңғазалық пен боссөздікке, биліктің ауанына жығылуға жол беру тарихты түзудегі халықтың құлшынысын бәсеңдетеді, іс пен сөздің, сан мен сапаның сәйкессіздігін асқындырады.

Қысқасы, адам капиталы, еңбегінің сапасы мен өнімділігі, интеллектуалдық және инновациялық тіршілігі, ізденісі мен ілгерілеуі, қоршаған ортамен үйлесімі немесе қайшылығы, қоғамдық-саяси ой-санасы мен таңдауы, әлеуметтік-демографиялық үдерістер – бәрі ұлттық және ортақ түркі тарихын зерттеудің өзіндік және жалпы методологиялық мобильділігін үздіксіз талап етуші заңды құбылыс. Бұлардың әрқайсысы кешенді құбылыстың құрамдас бөлігі әрі дербестігін сақтай бой көрсететін болғандықтан зерттеушіні бір ғана ғылым шеңберінде қалдырмайды. Ғылыми интеграция мен дифференциация үйлесімі тарихшының қарымын арттырғанда ақиқат та айтылады, жаңалық та ашылады.

Тарих көшіне ілесе алмаған халық бар шығар, әйткенмен халықтан тыс тарих болған емес, болмайды да. Халықты тарихтың субъектісі ретінде зерделеуші методологиялық пайым мемлекеттегі демократия, азаматтық қоғам, саяси жүйе, экономикалық белсенділік, ұлтаралық, дінаралық қатынастар сияқты өзекті тақырыптарды жан-жақты саралауға, басқалармен салыстыра-шендестіре тануға мол мүмкіншілік туғызады. Ортақ тарихымыздың өн бойында тағдыры мен тілегі тоғысқан халық тұрмаса, кімнің кім екенін, тарихымыздың ортақ екенін ашу мүмкін емес.

5.2. Тұлға

Тарихтың жолы қайшылықтар мен қиыншылықтарға толы. Олардың негізінде адамдардың байлық пен билікке таласы, өз кәсібі мен табысына, қоғамдағы орны мен қадір-қасиетіне, бүгінгі мен болашағына наразылығы, қанағаттанбауы жатыр. Адамдар тапқа, партияға жіктелмеген ықылым заманнан белгілі осыны қанаушы мен қаналушының тап күресі, революциялардың алғышарты ретінде әсіре саясиленген методологияға айналдыру идеологиялық ымырасыздық пен жар астынан жау іздеуге, әдебиет пен өнерде қисынсыз деформацияға соқтырады екен.

Қайшылық пен қиыншылық – адам қоғамының мәңгі серіктері. Бұлар тарих қозғалысының детерминизмі. Қарапайым малшы мен диханның да, зергер мен ұстаның да, жас пен кәрінің де, ерлер мен әйелдердің де алдынан әркез шыққан әрі шыға да береді. Қордаланып асқынғаны болашақ үшін қатерлі. Дерттің алдын алмағандар сан рет өкініште қалған.

Сонда не істеу керек? Миллиондардың біліп-білмей араласуын қажетсінетін революциялар мен соғыстар, өндірілетін ине мен түймеге дейін алдын ала болжаған жоспарлы экономика, империализмді іріп-шіріген капитализм деп түсіндірген идеология әрқашан ұшпаққа шығара бермейтініне ХХ ғасыр көз жеткізді. Заманауи тәжірибені ескерген методология позициясынан ой жүгіртсек, қайшылық ұрындырған тығырықтан тұлғалар алып шығатын тәрізді. Қазақи ұғыммен айтқанда - екінің бірі. Мәселе шешілмесе, қоғам күйрейді, не осынау қайшылықтар мен қиыншылықтардан алып шығатын адам табылады. Күрмеуі күрделі құбылыстың шешіміне қол жеткізген ой мен әрекет иесін, басшыны, жасампаз жанды, халқы мен мемлекетінің беделін, күш-қуатын арттырған азаматты, біздің пікірімізше, Тұлға деген жөн. Тұлға - өзіне тәуелді емес объективті әлемдегі (ортадағы) қажеттілікті (экономикалық, ғылыми, саяси, өндірістік, т.б.с.с.) практикалық-қолданбалық, теориялық-шығармашылық жаңашылдықпен шешкен (жүзеге

асырған) немесе шешу (жүзеге асыру) жолын дұрыс нұсқаған әлеуметтік субъект. Тұлға дәйектеген ізашарлық нәтижені замандастары, кейінгі ұрпақ та кәдеге жаратады.

Көктей шолып қарайтын болсақ, ортақ түркі тарихында тұлғалар жалғастығы үзілмегенін көреміз. Тарихи таным үшін методологиялық мәні зор үдеріс – осы. Парсы әскерін шөл далада адастырған Шырақ та, білім-ғылым қуып қиырға кеткен сақ ойшылы Анахарсис те, күй атасы Қорқыт та, энциклопедиялық білімді дәрігер Ибн Сина да, ағартушы И. Гаспыралы да, азаттық жолында құрбан болған С. Юлаев, Махамбет, Кенесары, М. Сұлтан-Ғалиев та шынайы Тұлғалар. Бұлар халқының, жерінің, тілінің, мемлекетінің мәңгілігі үшін қанын да, терін де төкті. Сөзі мен істері, мұралары мен аманаттары тәуелсіздік мұратынан қылаудай ауытқыған емес.

Тұлғаны тұлға еткен іргелі нәтиже, танымдық және қолданымдық бәсі жоғары теориялық-практикалық шешім дайын күйінде туа қалмайды, алғашқыда ниет, арман, қиял түрінде көрініс береді. Осының бәрі түркі халықтарының ертегілерінде, аңыз-әңгімелерінде молынан орын тепкен. Бұл - утопиялық идея. Келесі саты – ықтималды идея, яғни жүзеге асуы бек мүмкін идея. Айталық, көкте құстай қалқуды армандаған батыр бабаларымыз жалған елес қумаған екен. Бірақ ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйенген нағыз ұшу аппараты түгілі қарапайым ұшу құралын түзе алмады. Аспан әлемін зерттеген Ұлықбек сынды тұлғаларымыздың теориялық-практикалық жаңашылдығы үшінші сатыға - шынайы идея сатысына, нақты нәтижемен көмкерілген идея биігіне көтерілмеді. Оған, біріншіден, түркі әлемінің ХХ ғасыр басындағы инженерлік-техникалық, экономикалық даярлығы мен мүмкіндігі шектеулі еді, екіншіден, утопиялық идеяның ықтималды идеяға, ықтималды идеяның шынайы идеяға және көздеген нәтижеге айналуы үшін интеллектуалдық ізденіске толы уақыт керек, үшіншіден, өміршең идеяны туындатушы, оны бір сатыдан келесі сатысына жеткізуші конструктор тұлғалар сабақтастығы үзілмеуі қажет. Бұлардың бірде-біреуі Еуразиялық, Орталық Азиялық, Кавказдық, Османдық түркілерде орнықпады.

Жалпы, адам баласының санасы мен жүрегін мазалаған, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан утопиялық идеялардың басым бөлігі түбінде жүзеге асады. Өйткені олардың бастау бұлағында өмірлік қажеттілігін тереңінен ұғынған, замандастарын иландыра білген, қоғамдық санаға нық орнықтырған, орасан жауапкершілікті мойынына алған Тұлға тұр. Көптің үйреншікті өмір салты мен тіршілігіне қозғау салатын, өзгеріс әкелетін Тұлғалардың ақыл-ойы мен әрекетінсіз тарих қарыс-сүйем алға баспас еді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Неге десеңіз, адам тағдырының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол – ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған» [26].

Халық пен тұлғаға методологиялық басымдық беру ортақ түркі тарихының ұлттық сипатын тереңінен ұғындырады, адами-өркениеттік көзқарасымыз бен бағыт-бағдарымызды адастырмайды, тұтастығымыз бен бірлігімізді нығайтуға қызмет етеді. Қазіргі жаһандану кімнің қолынан не келетінін ашып берді әрі бас басына би болудың жолын кесті. Ұлттық мақтаныш методологиясының қарымы адамзат өркениетіне құрметпен көмкерілгенде қатерлі дерттің емін табу, экономикалық дағдарысты еңсеру, терроризмді жеңу тәрізді планетарлық мәселелерді шешуге, халықтық дипломатияны, тұлғалар одағы мен бірлестігін тиімді пайдалануға серпіліс беріледі.

КОКП билеген дәуірде тарихқа материалистік көзқарас ұлықталып, нақты адам, тіпті тұлға үлкен механизмнің кішкене тетігі орнына жүрді. Тарихтағы тұлғаның рөлін екінші қатарға ысырған жүйе елдің бірінші басшысы – бас хатшыны, әсіресе Сталинді жер-көкке сыйғызбай дәріптеумен өздеріне өздері қайшы келді. Пайғамбарлық пайғамбарға ғана жарасатынын ескермеді. Осының салдарынан миллиондардың тағдыры нақақтан қиылды, көбінің өмір жолын анықтау мүмкін емес. Қасіретті тарихтан методологиялық, практикалық тағылым алатын кез келді.

5.3. Білік

Ал қазақ әлемі мен түркі дүниесінің тарихындағы билік мәселесіне келсек, бұл орайдағы методологиялық талап қоғамдық-гуманитарлық ғылыми ой-санада әлемдік қолдау тапқан ұстанымдармен, әсіресе саясаттану, құқықтану салаларының үздік жетістіктерімен үндесіп жатқанын қалаймыз.

Билік адамдар қауымын басқаруға бағытталады. Оның мәні – адамдарды адам қалпынан шығармау. Тап осы тұрғыдан келгенде, билік халықтан бір-ақ жас кіші болса керек. Мемлекет пайда болмай тұрғанда орныққан билік жазу-сызусыз, ресми заң күшінсіз, арнайы тағайындалған қызметсіз ұйымдастыру, басқару, атқару міндеттерін жүзеге асырды. Мемлекет шыққан соң билікке жүктелген міндеттерді тізіп тауысу мүмкін емес. Алайда мінсіз билік жоқ, болған да емес. Ең қатерлісі – мемлекеттік мүддені жамылып, әкімшілік ресурсты асыра пайдалану, билік функциясын үлкенді-кішілі билеушінің алмастыруы. Биліктің тепе-теңдігі мен тежемелілігі, заңның биік тұруы, құқықтық мемлекет қағидаларының бәрі билікті ауыздықтауды емес, оны билеушінің өктемдігі алмастырмауын көздейді. Билік билеушінің илеуінде қалған елде ақ пен қараның, өтірік пен шынның арасындағы айырмашылық жоғалады. Әлін білмеген Аязбилер, жолын білмеген құмырсқалар мейрамы басталады. Осы орайда түркілік мол тәжірибе жинақталған. Осман империясының күйреуінің, Кеңестер Одағының ыдырауының басты себебін жүйелік дағдарыстан емес, билеушінің билік жүргізу заңдарын өрескел бұзғанынан іздеген дұрыс болар. Жалпы, адамдар өмірі мен қауіпсіздігіне қайшы билеуші де, билік те ешқашан ұзақ сақталған емес. Адам баласына қызмет етуімен ғана билік тарихты түзуші күшке айналады.

Билік эволюциясы тарих үдерісімен бірге өрілген. Оның ең жоғарғы сатысы – мемлекеттік билік пен басқару. Күлтегін жазуында:

Жоғарыда көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы,
Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды,
Бумын қаған, Істемі қаған отырған,
Отырып, түркі халқы елін, заңын
Ұстай берген, иелік еткен, деген ғой [27].

Осынау жолдар – мемлекеттің анықтамасы, биліктің формуласы. Түркі халықтарындағы мемлекеттік билік пен басқарудың формасы, типі, субъектілері әлемдік үлгіден, заңдылықтан алшақ кеткен жоқ. Олардың ішінде әр кезеңде монархиялық, парламенттік, президенттік, президенттік-парламенттік басқарудағылары болған, кейбіреуі әлі де бар. Саяси режимнің авторитарлық, тоталитарлық, демократиялық жүйелерін бастан кешкеніміз тарихи факт.

Демек, Қазақстанның әр дәуіріндегі, ортақ түркі тарихындағы билікті зерттеу методологиясы үш міндетті шешуі керек: біріншіден, биліктің шығуы, даму белестері, мәнді сипаттамасы бойынша әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі болған-болмағанымызды тиянақтау, екіншіден, қазақ әлемі мен түркі дүниесіндегі билік формаларының, сала-салаларының өзіндік ерекшеліктері мен мәнді белгілерін, диалектикасы мен эволюциясын ажырата алу, үшіншіден, әр саладағы билік иесінің тарихтағы орны мен жаңашылдығын немесе кертартпалығын елеусіз

қалдырмай, әділ бағалай білу. Пайымдары мен дәйектері бойынша тарихи зерттеулер мен оқулықтар биліктің халқына, экономикаға, руханиятқа, сыртқы елдерге саясатында уақыт талабына, ұлттық қауіпсіздік және мемлекет мүддесіне сай келген-келмегенін аша алатын методологиялық парадигмаларды түзгені абзал. Әсіресе биліктің құқықтық өкілеттілігі, ауқымы мен шегі, атқарылуы мен жемқорлығы, жаңғыртылуы мен тоқырауы, тиімділігі мен зардабы тарихи динамикада зерделенудің мәні зор.

Келесі методологиялық талдау мәні биліктің шешімі миллиондардың тағдырын шарпитуының дәйектеуге саяды. Билікке талас та, егер екі есті елірменің қолына түсе қалса, сан мың адамның өмірін қыл үстінде қылпылдатады. Мәселенің осы жағын методологиялық тереңнен толғау тәуелсіз жас түркі мемлекеттерінде билік институттарын қапысыз орнықтыру әрі соларға қатысты дұрыс тарихи сананы қалыптастыру үшін қажет-ақ.

Биліктің қолданылуы мемлекеттің атауымен, құрылымымен анықтала бермейді. Бұл орайда саяси билік иесі – қағанның, ханның, сұлтанның, президенттің, бас хатшының – позициясы айрықша маңызды. Елдегі жүйелер мен үдерістерді, саясат пен саяси институттарды, институционалдық пен институционалдық емес негіздерді анықтаушы – мемлекет басшысы, жақын шоғыры, партиясы. Қисапсыз тәжірибе көрсеткендей, билік өзі ұсынған жобаны, бағдарламаны орындатпай тынбайды. Бірақ бодан елдің билігі мен тәуелсіз елдің билігі жіберген қателіктер арасындағы айырмашылықты, саяси-идеологиялық өктемдік пен нарықтық қажеттіліктен туындаған шешімдерді, жаһанданудың ұлттық билікке түсіретін салмағы мен қысымын биік методологиялық өлшемдермен, ұғым-түсініктермен тани алсақ, ақтаңдақтар ақиқатын табамыз. Сонда тұтас халықты айыптаудан ада, азаттықтың қадірін қастерлейтін, отансүйгіштік қасиеті берік ұрпақ тәрбиелеуге ортақ түркі тарихы септесетіні сөзсіз.

Елдің әскери-экономикалық қуаты ернеуінен шыға тасығанда, демографиялық ресурстары айналасындағы тәуелсіз халықтарды қосып алумен артқанда, сыртқы саясаты оңай олжамен, басқыншылықпен заңсыздыққа бастағанда, обырға айналған билігі, дұрысы – билеушісі ұлттық сұраныс пен қажеттілік шеңберінен аттап, әлемдік, құрлықтық, өңірлік тарихтың табиғи-ырғақты барысын бұзатыны бар. Байырғы түркілер мен Осман империясы дүниенің төрт бұрышын өзіне бағындырмақ болғанын, кеңестік тоталитаризм ортақ түркі тарихына аяусыз тырнағын батырғанын халық әрекетімен байланыстырғаннан гөрі билік пен саяси басшының монополиялық жүгенсіздігін және көпшілікке белгісіз шешімдерін әшкерелейтін методологиялық қағидалар арқылы зерделесек, тарих ақтаңдақтары азая түсер еді.

Империялардың бәрі басқа ел мен жерді жаулап алумен құрылды. Бұған көнгісі келмеген халықтар метрополиямен қарулы-қарусыз қақтығысын тоқтатпай жүргізе берді. Бірде жария, бірде құпия перманентті соғыс, мылтықсыз майдан туындатқан қиыншылықтар мен қайшылықтарға, шығындар мен қасіретке шыдас бермей, ыдыраған империялар аз емес. Қазіргі таңда да халықаралық қатынастар «бір атым насыбайдан» асқынып жатса, оған «насыбайды» (мұнайды, суды, атомды, экологияны ...) кінәлаудың қажеті жоқ. Билік пен билеуші факторын, солардың саясаты мен идеологиясын методологиялық талдауға алу керек.

Қазақта: «адамның күні – адаммен» деген мақал бар. Тағдырың, қуанышың мен ренішің, барша ғұмырың адаммен өтетінін меңзегені. Демек, ұлттық тарихымыздың, ортақ түркі тарихының «бар қызығы» адамда, тұлғада, билікте. Бұлар өзіндік «Менін», «Біз және басқалар» айырмашылығын ана тілінде сөйлеп, туған жеріне табан тіреп тұрғандықтан, мемлекетінен күш алып, сөзі мен ісін арнағандықтан тапты. Өткенге құрметі – халқының баянын тасқа басқаны, бүгінге қызметі – қара терін, қызыл қанын судай ағызғаны, болашаққа сенімі – «Мәңгі ел» аманаты.

6. Тарихты дәуірлеу

Ортақ түркі тарихын, ұлт тарихын зерттеуге қойылатын жауапты методологиялық талаптың әлқиссасы – дәуірлеу мәселесі. Біздің ойымызша, осынау тарихты дәуірлегенде төрт межелянықтағыш сәтке баса назар қоюымыз керек. Олар, біріншіден, алғашқы адамдардың, тұрғындардың пайда болуына қатысты. Осы сұраққа жауаптан кімнің маймылдан адамға айналғаны, кімнің адамнан тарағаны, кімнің автохтонды, кімнің келімсек екені тиянақталады. Жер бетіндегі эволюция мен сілкіністің, ілгерілеу мен іркілістің ең күрделісі – адамның жаратылуы. Бұл ғажайыптың сырын ашу құдайдың бар-жоғын анықтайды.

Екіншіден, түркі халықтары этногенезінің барысы мен сабақтары. Үдерістің мазмұнын түркілердің антропологиялық, нәсілдік, тілдік, рухани-дүниетанымдық, әлеуметтік, саяси тұтасу себептері, әлемдік тарих кеңістігіндегі орны, оған табиғи-географиялық ортаның әсері, шаруашылық-мәдени типтің қалыптасуы мен сабақтастығы, этностың өзін өзі тануы құрайды.

Үшіншіден, алғашқыда түркілік, сол негізде кейін ұлттық мемлекеттің, аумақ пен шекараның пайда болуы, этникалық ерекшелік пен бірегейліктің межесі. Мемлекеттің басты мақсаты – халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бабалар аманатын ұрпақтан ұрпаққа жалғау, яғни табиғи-ырғақты даму мен шынайы азаттықты сақтау. XX ғасыр басында М. Әуезов айтқандай, «саясат жүзінде һәр халықтың өз билігі өзінде болуы бәсекелесіп тез жетілуіне бір үлкен себеп» [28]. Бәсеке заманауи техникаға, от қаруына орасан зор жауапкершілік жүктеді.

Соңғы, төртінші меже жұмыр жер бетіндегі халықтардың даму деңгейі ешқашан біркелкі болмақ еместігінен туындайды. Этностың алшаң басып жүруі немесе әлемдік салқар көштің соңында салпандап шаңға көмілуі - бәрі дүниенің бірде ана өңірінен, бірде мына өңірінен жанартаудың жалынындай көрініс беретін өркениеттік өрлеуге, соған алыс-жақын орналасуға, бәсекеге қабілеттілікке көп байланысты екен. Адамзат баласын алып кеменің үстіндегі жолаушыдай елестететін болсақ, сол көліктің ілгері сүйретуші қуаты бірде ежелгі Египетте (Африка), Грекия мен Римде (Еуропа), ортағасырлар басында Азияда (байырғы түркілер), соңына қарай Еуропада (Ренессанс), бірде Америкада (АҚШ) орналасқанын байқай аламыз. Осы қуаттың нақ ішінде немесе соған жақын жайғасқан этностар кезінде тарихтан өз сыбағасын алып қалды, бәсекеге шыдамағандары әлдінің уысына түсті. Тіпті жұтылып кеткендері бар. Көршіден келетін пайда-зиянды кезінде М. Әуезов сипаттаған болатын: «Ілгері тез басуға себеп болатын көршілес халықтардың мәдениетті болмағы. Бір көршіміз Япония өнерлі болғанмен жері шалғай, Қытай өзі ылғи қотан ақсақ, шылғи надан Бұхара о да тоғышар, Ауған, Фарсы шала, орыс өзі шикі, не қылса тәуір көршіге жарығамыз жоқ» [29].

6.1. Түркі дүниесі

Мәнді айырмашылықтарына және үзілмеген сабақтастығына сәйкес, біздің ойымызша, ортақ түркі тарихы төмендегідей дәуірлерден тұрады:

1. Арғытүркілер дәуірі. Аумақта алғашқы адам пайда болғаннан байырғы түркі қағанатына дейін. Бірінші кезеңі *Homo sapiens* тарих сахнасына шығумен аяқталса, екінші кезең арғытүркілердің шығуымен ерекшеленіп, байырғы түркі қағанатының шаңырақ көтеруімен тұйықталады. Парсы мемлекеттері мен эллиндіктер, қытайлар мен арабтар, халықтардың қоныс аударуы Ұлы дала тарихына, тіліне, мемлекеті мен билігіне пәрменді ықпал етті. Түркі өркениетінің негізі қаланды. Әлем тарихына белгілі тұлғалары – Томирис, Зарина, Анахарсис, Аттила, т.б.

2. Түркі, араб, моңғол империялары дәуірі (VI-XV ғғ.). Алдыңғы дәуірде тамыр жайған түркі өркениетінің мығымдылығы соншалықты, ол араб, моңғол тәрізді жатжерлік басқыншылардың ыркына біржолата мойынсынбады. Ислам дінінің келуі бетбұрысты сәтке айналды. Ол VIII ғасырдан түркі ұлттық мемлекеттері (XV ғ.) құрылғанға дейін созылды. Дәстүрлі діни сенім-нанымнан қол үзбеген түркі халықтары жаңа ахуалға бейімделе алды, бірақ өзіндік «Менін»

жоғалтпады. Түркі этностары арасында тұрақтап қалғандардың түркіленуі, исламдануы, түркілік халықтардың қалыптасу үрдісі дәуірдің мазмұнын құрады. Ислам өркениеті прогрессивті рөл ойнады. Күлтегін, Тоныкөк жазулары дәуір рухын бейнелейді.

3.Түркі ұлттық мемлекеттері дәуірі (XV-XIX ғ. аяғы). Алтын Орда империясы ыдырады, бірнеше хандықтар пайда болды. Шибан әулеті мемлекеті, Қазақ хандығы құрылды, Константинополь Осман империясының құзырына өтті. Өкініштісі техникалық-экономикалық артықшылық Еуропа мен АҚШ-қа құт әкеліп, ортақ түркі тарихы өзара берекесіздікпен, қақтығыстармен толықты. Әсіресе 1402 жылы Әмір Темірдің Анкара түбінде Баязидті талқандауы түркілік әлеуетке ауыр тиді [30]. «Ел айрылған», «Менен қалған мынау Еділ жұрт!», «Азаулының Стамболдан несі кем», «Елім-ай» өлең-жыр жолдары дәуірдің қилы тағдырын айшықтайды.

4.Түркі әлемінің әлсіреуі мен отарлық-тоталитарлық дәуірі (1991 жылға дейін). Осман империясы ыдырады, тұтас түркістан идеясы жүзеге аспады, КСРО-дағы түркі халықтары орыстандыру саясатынан зардап шекті. Жат қолына қараумен Романовтар әулеті, КОКП билеген кеңістікте түркілік ана тілі, туған жер, ұлт мемлекеті атқаруға тиіс тарихи миссия жарымжан күйге түсті, ислам діні шетқакпай көріп, әлсіреді. Тұтас халықтар биліктен шеттетіліп, мәңгүрттенгені соншалықты, ілгері-кейінгі тұлғаларын, көшбасшыларын танудан қалды. Орта Азияда 1916 жылғы көтерілісшілердің, 20-30 жылдарғы басмасшылардың аяусыз жазалануы, ұлт зиялыларына қарсы ұйымдастырылған үздіксіз қуғын-сүргін, демографиялық, экологиялық апаттар ортақ тарихымыздың тұғырын шайқады, тарих көшінің субъектілері – халық пен тұлғаның, билік пен басқарудың жасампаздық әлеуетін шідерледі. Көмескілене жаздаған азаттық идеясы Алаш қозғалысымен, Ататүрік реформаларымен, М. Шоқайдың қайраткерлігімен, М. Жалилдің «Маобит дәптерімен», М. Әуезовтың «Абай жолымен», Ш. Айтматовтың Жәмиласымен, қара қылды қақ жарған тарихи зерттеулермен, О. Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабымен, Д. Қонаевтың, Ш. Рашидовтың, Г. Алиевтің саяси кеменгерлігімен түркілік санадан өшпеді.

5.Түркілік қайта өрлеу дәуірі. Тәуелсіз бес түркі мемлекеті дүниеге келді. Балабақшада жаттатылатын тақпақтан Ата Заңға дейін, теледидар бағдарламасынан түп жаратушы туралы ұғым-пікірімізге дейін түбегейлі өзгерді. Әлем – бізді, біз – әлемді танудамыз. Ғасырлар қарызын өтейтін шақ туды.

6.2. Қазақ әлемі

Қазақстан тарихының дәуірлері жоғарыдағы пайым-ұсыныстан тым алшақ емес. Кеңестік жылдарды, әкелген қасіреті қисапсыз болғандықтан, ақыры тәуелсіздікті жариялаумен тиянақталғандықтан өз алдына дербес дәуірге шығарғанды жөн көрдік.

1.Ежелгі дәуірдегі Қазақ елі. Бұл дәуірдің мазмұнын, бағытын, нәтижесін анықтаған негізгі ілгерілеулер: а) қазақ жерінде алғашқы адамдардың пайда болуы; ә) интеллектуалдық сілкініс – Homo Sapienстің тарих сахнасына шығуы; б) «неолиттік революция», яғни адамдардың өзіне қажетін табиғаттан алған дайын күйінде тұтынудан өндіруші шаруашылыққа өтуі; в) мемлекеттің пайда болуы. Хронологиялық ауқымы ж.с.д. 800 мың жылдан V ғасыр аралығын қамтып жатыр.

2.Түркілену, исламдану, қазақтану дәуірі. Бұл дәуірде Ұлы дала еліне келген, оның тағдыры мен тарихына зор әсер еткен этностар – қытайлар, арабтар, моңғолдар, сондай-ақ діндер мен діни ағымдар – зороастризм, христиан, будда – қанша көп болғанмен байырғы тұрғындар түп тамырынан ажырамастан, сақтардың, одан әрідегілер мен берідегілердің мұрагері ретінде тарих көшін жалғастырды, шаманизм, тәңірішілдік сенім-нанымын VIII ғасырда жеткен исламмен ұштастыра, өзінің түркілерін, өзгелерді тұтастырумен тарих сахнасына қазақ атауымен, тілімен, ділімен көтерілді. Мыңжылдық тарих толқынында жоғалып кетпеді.

3.Қазақ хандықтары дәуірі. XV ғасырдың ортасынан аса ұлттық мемлекеттің шаңырақ көтеруімен XIX ғасырдың 50-жылдарына дейін созылған 400 жылға жуық осынау мерзім екі

кезеңнен тұрады. Керей мен Жәнібек хандардан Тәуке хан дүниеден өткенше, яғни классикалық кезең (1465-1715 жж.) ішінде қазақ әлеміне тән шаруашылық, саяси, мәдени, әлеуметтік, дүниетанымдық, т.б. жүйе мен құндылықтар орнығып, олар бұрынғының жаңаша жалғасы ретінде тарихтың қозғаушы күші - этностың барша болмыс-бітімін анықтады. Саяси элитаның - топбасылары мен елбасыларының қажыр-қайраты, көрегендігі, кемелдігі халық мүддесімен үйлесім тауып, сыртқы саясат пен халықаралық қатынас үдесінен шығуымен әу бастағы ұлтарактай жер ұлан-ғайыр аумаққа айналды, аз халық көп болды, жалаңаш халық киінді, жарлысы байыды. 1715-1847 жылдар – сындарлы кезең. Біртұтас хандық ыдырады. Жер жат қолына өте бастады. Қазақ тілі мемлекеттік қолданыстан шықты. Нағыз жақсы мен жайсаңның тынысы тарылды. Тарихтың ұлттық реңкіне қатер күшейді.

4.Зарзаман дәуірі. Ресейге қазақтың үш жүзі толық бодан болғаннан басталып, Қазан төңкерісіне дейін созылды. Билік пен жер империя құзырына көшті. Қазақ бұратана қырғыз атанды. Әлеуметтік, әкімшілік-аумақтық құрылымдар Ресей заңдарымен рәсімделді. Халықтың табиғи өсімінен механикалық өсуі жылдамдады. Қысқасы, бұл кезең біздің санамызға «отарлау» деген ұғым-түсінікпен бекемделген. Патшалық қазақ қоғамын қайшылыққа, дағдарысқа ұрындырып, тарихи-дәстүрлі негіздеріне балта шапты. Өлкеге ауыр кесел әкелгенін, оған өзінің кінәлі екенін арсыздықпен мойындамай, бар пәлені байырғы этносқа жапты.

5.Тоталитарлық зорлық пен кеңестік модернизациялау дәуірі. Большевиктер билеген 74 жыл ішінде Қазақстан тарихы көңілге қуаныш ұялататын жетістіктермен де, өзекті өртейтін өкініштермен де бедерленді. Қазақ мемлекетігі қайта дүниеге келгенмен оның өз еркі, егемендігі өзінде болмады, Ата Заңымыз қабылданғанмен іс жүзінде жартыкеш күйде жұмыс істеп тұрды, өкімет, билік халықтікі саналғанмен қалың көпшілік, оның ішінде қазақтар да бар, ел басқарудан, байлықтан шеттетілді. Республиканың экономикалық қуаты артқанымен, ол ұлттық мүддеге жегілгеннен гөрі Мәскеуге, әскери-өнеркәсіптік кешенге көп бағынышты еді. Ұлт зиялыларын даярлау мен кәсіби қолдау замана сұранысына сәйкес келе бермей, үздіксіз қуғын-сүргінмен ұштастырылды. Ұлттық мәдениетке қамқорсыған қаулы-қарарлар Мәскеуде үсті-үстіне қабылданып, Алматыда қайталанып, нақты өмірде қазақ тілінің, мектебінің, бұқаралық ақпарат құралдарының қолданым аясы, тынысы тарыла берді. Дүлей империяның апса – алақанында, жұмса – жұдырығында қалған қазақ зорлықтан, демографиялық апаттан жоғала жаздады. Бар ұтқанымыз – кеңестік үлгідегі болса да мемлекетіміздің құрылғаны, саяси модернизациялаудың, әсіресе 1936, 1977 жылғы Конституциялардың одақтас республикаларға берген мүмкіншіліктеріне қол іліктіре алғанымыз.

6. Азаттық дәуірі. 1991 жылдың 16 желтоқсанында ғасырлар бойы зорлық–зомбылықтың астында жүрсе де оптимизмін, М. Шоқай айтқандай, үміт, сенім, иманды жоғалтпаған, атамекенінен аумаған халқымыз тас қапасты бұзып, тәуелсіздігіне қол жеткізді. Содан беріде атқарылған істер ұлан-ғайыр. Азаттықтың әр жылы бодандықтағы, кеңестік жүйедегі ғасырларға бергісіз. Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді. Қазақ халқы мемлекет құраушы ұлтқа айналды, Қазақстан Республикасы әлем таныған дербес мемлекет ретінде қалыптасты.

Сонымен, дәуірлеудің теориялық–методологиялық негіздерін екі ауыз сөзбен түйіндер болсақ, біздің өткеніміз бен бүгініміздің тарих толқынындағы белестері алғашқыда қоғамның ішкі дамуымен тығыз байланыста, кейінде империя биігіне көтерілген қажеттіліктерден, XV ғасыр ортасынан ауа ұлттық мемлекет мүддесінен туындады. XIX ғасыр аяғынан беріде негізінен сыртқы әсердің күшімен бой көтерген демографиялық, идеологиялық, әлеуметтік және саяси үдерістермен ерекшеленді. Бұларға аумақтың табиғи-географиялық, геосаяси ерекшеліктері, шаруашылық-мәдени ресурсы ықпал еткені сөзсіз. Дегенмен, шешуші рөлде, тағдыранықтағыш тоғыста, алдыңғы шепте бірде этникалық, енді келесі сәтте саяси фактор алма–кезек табысып еді.

Түйін

Тарихты зерттеудің ондаған методологиялық нұсқасы түзілді. Олардың көбі еуропалық, америкалық ғалымдардың қаламынан шықты. Озығын ұстап қалу бізге шарт. Мәселен, ғылыми танымның тарихилық, объективтілік, детерминизм сынды методологиялық ұстанымдары, әдіс-тәсілдің анализ, синтез, жүйелілік, тәнік (аналог) тәрізді абыроймен сынақтан өткендері ұлттық және ортақ түркі тарихының ақиқатын ашпаса, бөгесін туғызбайды. Бірақ жаңылмайтын жақ жоқ дегендей, бұлардың айтқандарының бәрі бірдей алтын емес. Араларында түркі өркениетін, көшпелілер мемлекетін бекерлегендер бар.

Ғасырлар тоғысында бес түркі елінің мемлекеттік тәуелсіздікке қолы жеткенде, аумақ, шекара, тіл туралы қасиетті талаптар, халық, билік, тұлға одағы Ата Заңмен бекемделгенде тарих тағылымын ескере, алға қадам басудың жауапкершілігі өте зор. Тағы да бірлік пен біртектілік ауадай қажет екені сезілуде. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында Елбасы Н. Назарбаев былай деген еді: «Түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымыз да бізге осыны мирас еткен. Бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтары ХХІ ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Сөйтіп, саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беруіміз керек. Ата тарихы бізді осыған шақырады» [31]. Бұл сөздер – өмір шындығы.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.1. Мақалалар, пьесалар. 1917-1920. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы». 2014. 89-90-б.
2. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. Ауд.М. Қазыбек, Ә. Нұралиев. Алматы: «Мирас» баспасы. 2015. 58-б.
3. Соловьев С.М. История России с древнейших времен. Кн.1. М.: Изд-во социально-экономической литературы. 1959. 751-б.
4. Сонда Кн.3. М.: Изд-во социально-экономической литературы. 1960. 754-б.
5. Шоқай М. Таңдамалы. Т.2. Алматы: Қайнар. 1999. 134-б.
6. Рыбаков Б.А. «Слово о полку Игореве» и его современники. М.: Изд-во «Наука». 1971. 8,35-б.
7. Қараңыз: Юсупов М. Шагабутдин Марджани. Казань: Татар. кн. изд – во. 2005. 129-130-б.
8. Букейхан А. Казахи. Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ типографиясы. 2014. 92-б.
9. Шнирельман В. Президенты и археология, или Что ищут политики в древности: далекое прошлое и его политическая роль в СССР и в постсоветское время // Империя и нации в зеркале исторической памяти. Сб. статей. М.: Новое издательство. 2011. 369-370-б.
10. Сонда. 370-б.
11. Қасиетті Құранның мағынасы мен түсініктемелері. «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы. 2015. 465-466-б.
12. Сартқожаұлы Қ. Қазақ қолжазбалары. Көне түркі жазба әдеби үлгілері. Орхон мұралары. Т.2. Алматы: «Ел-шежіре». 2011. 76-б.
13. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. 2-басылуы (Көмекші оқу құралы). Алматы: «Санат». 1995. 6-б.
14. Сонда. 9-б. «Шыбышым лақ салмаған» деген жолы бар өлеңнің толық нұсқасы А. Байтұрсынұлы мен Т. Шонанұлының 1927 жылы жарияланған «Оқу құралы» хрестоматиясында берілген. Ол «Әдебиет, тұрмыс, еңбек» атты бірінші бөлімнің «Тарих» тарауына енгізіліпті:

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРМЕН ҚОШТАСҚАНЫ

Қайран да, қайран, қайран тау!
 Пайдаң маған тиген тау,
 Үш атамыз өткен, тау,
 Үш мың қара біткен тау!
 Баянауыл, қазылық,
 Жолың жатыр қазылып,
 Жазғытұры көшкенде
 Қалушы еді қара жол,
 Қабырғадан қазылып,
 Күзгі тұры қонғанда
 Жатушы едің жазылып.
 Он екі қазылы ой түлік,
 Бауырым жатқан бай түлік,
 Қазанымның қақпағы,
 Желі соғар тоқпағы,
 Ат ұстауға құрығым,
 Үй тіреген сырығым.

Қайран да, қайран, қайран тау!
 Маған пайдаң тиген, тау,
 Атам күйеу болған тау,
 Анам келін болған тау.
 Кетейін деген ойым жоқ
 Айналасы толған тау.
 Ащының бойы ай татыр
 Алалы жылқы жусатыр.
 Қожыр да, қожыр тастарым,
 Көзімнен ағар жастарым,
 Шыбышым лақ салмаған.
 Тұқымы қысыр қалмаған.
 Байтөбетім маңқылдап
 Қотаныма үрген тау.
 Біз барармыз, барармыз,
 Барсақ, бадал табармыз.
 Егін де жәйін білмейміз
 Аштан өліп қалармыз

// Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. Т. II. Алматы: «Ел-шежіре». 2013. 240-241-б.

15. Толығырақ қараңыз: Түркі дүниесі. Ғылыми-көпшілік альманах. Астана: Фолиант. 2012. 724 б.
 16. Қазақ қолжазбалары. Ежелгі грек, көне қытай жазбаларындағы түркілік әдеби үлгілер. Он томдық басылым. Т.1. Алматы: «Ел-шежіре». 2011. 89-б.
 17. Франс А. Собр.соч. в 8 томах. Т.8. М.: «Художественная литература». 1960. 69-70-б.
 18. Сүлейменов О. Сөз коды «1001 сөз» әмбебап этимологиялық сөздігіне кіріспе /ауд. Д.Б. Аманжолова, Г.Е. Абылова. Алматы: Қазақ университеті. 2014. 4,5 –б.
 19. Геродот: «Скифы, как и другие народы, также упорно избегают чужеземных обычаев, при том они сторонятся не только обычаев прочих народов, но особенно эллинских»// Великая степь в античных и византийских источниках. Сб. материалов. Составление и редакция А.Н. Гаркавца. Алматы: Баур. 2005. 53-б.
 20. Салғараұлы Қ. Ежелгі түріктер. Астана: Фолиант. 2012. 290-б.
 21. Қараңыз: Рыжов К.В. Краткая история человечества. С древнейших времен до наших дней. Справочник. М.: Вече. 2012. 608 б.
 22. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1. Алматы: «Ел-шежіре». 2013. 151-б.
 23. Аупбаев Ж. Рухы күштілер. Алматы: «Раритет». 2015. 355-б.
 24. Жұртбай Т. Тастағы дастандар // Сартқожаұлы Қ. Қазақ қолжазбалары. Көне түркі жазба әдеби үлгілері: Орхон мұралары. Т.2. Алматы: «Ел-шежіре». 2011. 8-11-б.
 25. Қазақ қолжазбалары. Ежелгі грек, көне қытай жазбаларындағы түркілік әдеби үлгілер. Т.1. Алматы: «Ел-шежіре». 2011. 89-б.
 26. Назарбаев Н. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! // Егемен Қазақстан. 1998. 16 желтоқсан.
 27. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. Алматы: «Ғылым». 1990. 56-б.
 28. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.1. Мақалалар, пьесалар. 1917-1920. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы». 2014. 90-б.
 29. Сонда. 91-б.
 30. Қараңыз: Султанов Т.И. и др. История Центральной Азии. Учебное пособие. Т.1. М.: Изд-во Московского гуманитарного университета. 2005. 158-199-б.
- Назарбаев Н. Біз – ұлы дала ұрпақтарымыз! // Отан тарихы. 2015. №4. 7-б.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

НИДЕРЛАНДЫ КОРОЛЬДІГІ ҮКІМЕТІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Байғараев Ж.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа. Кіріспе. Бұл мақалада, мемлекеттік суверенитеттің маңызды элементі болып есептелетін, Нидерланды Корольдігі үкіметінің қазіргі заманғы сыртқы саясаты қарастырылған. БҰҰ, Европалық Одақ және НАТО сияқты халықаралық ұйымдарға мүше Нидерланды Корольдігінің сыртқы саясатының халықаралық аренадағы маңыздылығы көрсетілген.

Түйін сөздер: Нидерланды Корольдігі, конурбация, урбанизация, «Ұлттар лигасы», «БҰҰ», «Маршал жоспары», интеграция, инвестиция, «Мыңжылдықтың Декларациясы».

ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КОРОЛЕВСТВА НИДЕРЛАНДОВ

Байғараев Ж.А.

Аннотация. В данной статье рассмотрена современная внешняя политика Королевства Нидерландов, которая является одним из важных элементов государственного суверенитета. Отмечена важность внешней политики Королевства Нидерландов на международной арене, которая является членом международных организации, как ООН, Европейский Союз и НАТО.

Ключевые слова: Королевство Нидерландов, конурбация, урбанизация, «Лига Наций», «ООН», «План Маршала», интеграция, инвестиция, «Декларация Тысячелетия».

FOREIGN POLICY OF NETHERLANDS

Baigaraev Zh.A.

Abstract. This article considers the contemporary foreign policy of the Netherlands, which is one of the important elements of state sovereignty. The importance of foreign policy of the Netherlands in international arena, which is a member of international organizations such as the UN, European Union and NATO.

Keywords: Netherlands, conurbation, «The League of Nations», «UN», «The plan of Marshall», integration, investment, «Millennium Declaration».

Нидерланды Корольдігі Европа территориясының Солтүстік теңіз жағасында орналасқан шағын мемлекет, ол тек европалық қана емес, әлемдік тарих, саясат, экономика мен мәдениетте маңызды роль атқарып келе жатқан ел.

Нидерланды Корольдігі – Европаның ғажап елдерінің бірі, оның тарихы қайшылыққа толы, ол кезінде Испанияның отары болған, ал отарлықтан азат болғаннан соң, яғни 1648 жылы Испания Нидерландының тәуелсіздігін мойындағаннан кейін, Нидерланды «Құрама провинциялар Республикасы» деген ресми атауға ие болып, өзі отарлаушы елге айналды. Нидерландының отарлық басып алулары Ост-Индия компаниясы арқылы жүзеге асты, оның көмегімен голландықтар Үндістанға, Цейлонға, Қытайға, Жапонияға және Оңтүстік Африкаға енді. Кейіннен Нидерланды өзі үлкен отарлық империяға айналып, әлемге Австралия, Жаңа Зеландия, Индонезия, Оңтүстік Африка мен Америкаға баратын солтүстік теңіз жолын ашып берді.

Әдебиеттерде «Голландия» мен «Нидерланды» атауларын тең құқықта пайдаланады. «Голландия» атауы елдің Батысында орналасқан мемлекеттің қалыптасуына негіз болған және маңызды әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәнді сақтап отырған, Солтүстік және Оңтүстік провинцияларға қатысты да айтылады. «Голландия» атауы орыс тілінен аударғанда «толқыны қатты теңіз жағасындағы ел» немесе «бос жер» деген, ал «Нидерланды» сөзбе-сөз аударғанда «ойпаң жер» деген мағына береді. «Голландия» атауы орыс тілінде, әсіресе 1697 жылы жас патша І Петр мен оның нөкерлері Нидерланды еліне сапарынан кейін кең тарады, ол Заандам қаласына кеме жасау шеберлігін үйрену үшін келген.

Мемлекеттік құжаттар, халықаралық келісім-шарттар мен дипломатияда мемлекеттің толық атауы – «Нидерланды Корольдігі» қолданылады.

Нидерланды Корольдігінің территориясы 41,5 мың кв. км құрайды. Халқының тығыздығы жағынан Европада 1 орында, әлемде 2 орында тұр (1 кв.км 449 адамнан). Халқының саны, 2013 жылдың мәліметтеріне қарағанда 16 миллион 803 мың адамды құрады. Нидерланды Корольдігі ұлттық құрамы жағынан біртекті, халықтың 83 % нидерландықтар құрайды, негізінде олар елдің солтүстік, шығыс және орталық облыстарында өмір сүреді. Оңтүстік провинциялар – Солтүстік Брабант пен Лимбургты фламандықтар мекен еткен. Елдің солтүстігінде Фрисландия, Гронинген мен Батыс-Фриз аралдарында фриздер тұрады. Голландықтар, фламандықтар мен фриздерден басқа Нидерланды Корольдігінде еврей, неміс, индонезия және басқа да халықтардың азғана топтары өмір сүреді.

Нидерланды Корольдігі мен Бельгия Корольдігінде нидерланды тілі мемлекеттік болып табылады. Европада 22 миллионнан астам адам осы тілде сөйлейді. Францияның солтүстік-батысында шамамен 60 мыңнан астам адам нидерландық диалектіде сөйлейді. Әлем бойынша 250 университет нидерланды тілін оқытады.

Амстердам қаласы 1814 жылдан бері корольдіктің астанасы. Бұл қала – әлемдегі ең ірі қаржы және сауда орталықтарының бірі. Қалада 42 музей, 6850 тарихи ғимарат пен 282 мәдениет ескерткіштері бар. Алайда, Корольдік сарай, Парламент, үкімет пен дипломатиялық корпус Гаага қаласында орналасқан. Сондай-ақ, бұл қалада ірі халықаралық құқықтық органдар: БҰҰ-ның халықаралық соты, Халықаралық қылмыстық сот пен Халықаралық төрелік сот орналасқан. Сонымен қатар, елдегі және әлемдегі ірі порттардың бірі орналасқан – Роттердам, елдің теміржол жүйесінің орталығы – Утрехт, электроника мен жоғарғы технологиялардың орталығы – Эйнховен сияқты қалалары да бар.

Мемлекеттік құрылымы жағынан Нидерланды Корольдігінде конституциялық монархия. Нидерланды Корольдігінің негізгі заңы жаңа Конституциясы 1983 жылы 17 ақпан күні қабылданды. Ауқымды қайта қарастырудан кейін, негізгі заңға әлеуметтік құқықтар, өлім жазасына, кемсітушілікке тыйым салу, жалпы сөз бен жиналыс еркіндігі, сонымен қатар жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы енгізілді.

Нидерланды Корольдігін патша Виллем-Александр басқарады, ол таққа 2013 жылдың 30 сәуір күні отырған. 1890 жылдан 2013 жылға дейін тақта тек қана әйелдер болған. Патша өкілеттілігіне:

- Парламент басшысын тағайындау;
- Нидерланды Корольдігінің алдағы жылдардағы саяси өмірінің даму векторларын анықтайтын, таққа отырғанда сөйлейтін сөзін ресми түрде жариялау;
- Заң жобаларын бекіту;
- Экономикалық және мәдени мәселелер бойынша премьер-министр және басқа да жоғары қызметтегілермен консультация;
- Әлемдік аренада өкілдік міндеттер, -жатады.

Мемлекеттің атқарушы билігін үкімет, ал заң шығарушы билікті жоғарғы заң шығарушы орган Парламент – Бас Штат жүзеге асырады. Бас Штат 2 палатадан тұрады, бірінде, яғни Сенатта провинция штаттарымен 6 жылға сайланатын 75 мүше болса, екіншісінде, яғни Өкілдер палатасында 4 жылға тікелей дауыс беру арқылы сайланатын 150 адам. Нидерланды Корольдігінің премьер-министрі 2010 жылдың 14 қазанынан бері, Еркіндік пен демократия үшін Халықтық партиясының жетекшісі Марк Рютте. Премьер-министр үкімет жұмысын үйлестіреді, елдің қорғаныс қабілеті үшін жауапты және өкілдік міндеттерді атқарады.

Нидерланды Корольдігінде 12 провинция (Дренте, Флеволанд, Фрисландия, Гелдерланд, Гронинген, Лимбург, Солтүстік Брабант, Солтүстік Голландия, Овер-Эйссел, Утрехт, Зеландия және Оңтүстік Голландия) бар, провинциялық Штат басында корольдік комиссар тұрады. Нидерланды Корольдігінің провинциялары қауымдарға бөлінеді, 2010 жылы 13 наурызда берілген мәліметтерге қарағанда 430 қауым болған.

Нидерланды өзінің сыртқы саясатына ерекше мән береді. Дүниежүзілік соғыстар арасындағы кезеңдерде Нидерланды Ұлттар Лигасының жұмысына белсенді араласты, ол 1919 жылдан бері Ұлттар Лигасының тұрақты мүшесі. Ұлттар Лигасын құру жөнінде шешім 1919 жылы 18 қаңтарда басталған Париж конференциясында қабылданды, оның жұмысына 27 елдің өкілдері қатысты. Париж конференциясының жұмыс тәртібін ұлы державалар өкілдері – Францияның премьер-министрі Жорж Клемансо, Анлияның премьер-министрі Дэвид Ллойд-Джордж, АҚШ президенті Вудро Вильсон анықтады. В. Вильсонның басшылығымен қысқа мерзімде Жарғының негізі 1919 жылы 14 ақпанда дайын болды. Ұлттар Лигасының басты мақсаты – халықтар арасындағы ынтымақтастықты дамыту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету болды. Біріккен ұлттар ұйымының құрылуына байланысты, 1946 жылы 18 сәуір күні халықаралық ұйым – Ұлттар Лигасы өмір сүруін тоқтатты.

1939 жылы 1 қыркүйек күні Германияның Польшаға шабуылынан кейін, 4 қыркүйек күні Нидерланды өзінің бейтараптығы туралы мәлімдеді. Нидерландының қатаң бейтарап саясат ұстанғандығына қарамастан, 1940 жылдың 10 мамырында Нацистік Германияның шабуылына ұшырады. Нидерланды армиясы еш бір қарсылық көрсете алмады. 1940 жылдың 14 мамырында неміс авиациясы Нидерландыны мәжбүрлеп тізе бүктіруге ұмтылып Роттердам қаласына соққы жасады. Бомбалау салдарынан 800 адам қаза тауып, 78000 мың қала тұрғыны баспанасыз қалды. Сөйтіп, алдағы шығындарды болдырмас үшін Нидерланды 1940 жылдың 15 мамырында тізе бүкті. Нидерланды 5 жыл оккупацияда болды, тек 1944 жылдың күзінде ғана Нидерландыға одақтастардың әскері кіріп, 1945 жылдың 5 мамырында Нидерланды Вагенинген қаласында неміс әскерлері толығымен жеңілгендігін мойындады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Нидерланды, Индонезия мен басқа да жерлерде әскери әрекет пен шабуыл салдарынан шамамен 240 мың нидерландық қаза тапты, 500000 нидерландықты немістер мәжбүрлі жұмысқа айдап әкеткен. Нидерландының еврей халқы қатал құғындауға ұшырады. Соғыс басталғанға дейін Нидерландыда 140000 еврей болған, ал соғыс аяқталған соң, тек 40000 еврей ғана тірі қалды [6, 363 б.]. 1945 жылы Нидерландының Әділет министрлігі «Қара тюльпан» атты операциясын ұйымдастырып, 1946-1948 жылдар аралығында шамамен 4000 немісті елден шығарды.

Соғыс Нидерландыға 20 млрд. доллар шығын келтірді, мемлекеттің қарызы 5,5 млрд. доллардан (1930) 19,5 млрд. долларға (1945) өсті. Көптеген өнеркәсіптік және транспорттық кәсіпорындар қиратылып, олардың жабдықтары демонтаждалып, Германияға тасып әкетілді [6, 364 б.].

Соғыстан кейінгі кезеңде Нидерланды үкіметі экономиканы қайта қалпына келтіруге, елді қайта дамытуға және Батыс Европа елдерімен экономикалық байланыстарды нығайтуға бар күш-жігерін жұмсады. Әрдайым өз қалаларымен атағы шығып жүрген Нидерланды, енді Европада урбанизацияның аса маңызды орталықтарының бірі болып қалды. Нидерландының бүкіл

территориясы Дордрехт пен Роттердамнан, Делфт, Гаага, Лейден мен Харлем арқылы, Амстердамға дейін Рандстад атты үлкен конурбацияны құрды.

Нидерланды ірі отарлық империя болған, алайда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отар елдер өз азаттығын алды: Сукарно басқарған отарлаушылыққа қарсы майдан Индонезияның тәуелсіздігін жариялады, Индонезиядағы отар иеліктерін қайтару мақсатында АҚШ пен Англияның қолдауымен жүргізген соғыстары сәтсіз аяқталып және 1948 жылы қаңтар айындағы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша Нидерланды мен Индонезия әскери әрекеттерді тоқтату туралы «Ренвилл келісіміне» қол қоюы салдарынан Нидерланды 1949 жылдың 27 желтоқсан күні Индонезияның тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды. 1954 жылы Нидерландыда Корольдіктің жаңа жарғысы қабылданды, жарғыға сәйкес Нидерланды Корольдігі «үш тең әріптестің» Корольдігі деп жарияланды да, Кариб бассейнінде орналасқан Суринам мен Нидерландық Антиль аралдары Нидерландының тең құқылы әріптестеріне айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Нидерланды Корольдігі Еуропаның интеграциясы үшін қозғалыстың белсенді қатысушысына айналды. 1945 жылы Нидерланды Корольдігі халықаралық ұйым Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуына қатысты. Нидерланды Корольдігінің үкіметі әлемде бейбітшілікті сақтаумен алдын алатын дипломатияда басты рольде Біріккен Ұлттар Ұйымы болуы керек деген көзқараста болды. «Біріккен Ұлттар» атауын АҚШ президенті Ф.Д. Рузвельт ұсынды. Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысына 1945 жылы 26 маусымында Сан-Франциско конференциясында 51 мемлекет қол қойды. Жарғы 1945 жылы 24 қазанында күшіне енді. Жарғыға сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымы өз қызметінде 4 негізгі мақсатты көздеді:

- Бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау;
- Ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту;
- Халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен адам құқығын құрметтеуді қолдау;
- Осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу [3. 218 – 219 б.].

1947 жылы Нидерланды Корольдігі Еуропалық елдерге инвестициялық көмек бағдарламасы «Маршал жоспарына» (1948-1952 жылдарға арналған) қосылды. Бағдарламаны АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж. Маршал Гарвард университетінде 1947 жылы 5 маусым күні: «...Еуропаны қайта қалпына келтіруге қажетті жағдайларды қарастыру барысында қанша адам тапқаны, қалалар, заводтар, шахталар мен теміржолдар қирағаны туралы нақты мәліметтер жинақталды, алайда соңғы айларда осы қирау мен бүліншіліктен еуропалық экономикалық құрылымның бұзылуы әлдеқайда ауыр екені байқалып отыр.» - деп баяндады [3. 223-225 б.]. 12 маусым күні Париж қаласында 16 елдің өкілдері жиналып, нақты көмектің мөлшерін талқылады. 1948 жылы 4 сәуір күні АҚШ конгресі «Экономикалық ынтымақтастық туралы» заңды қабылдағаннан кейін, бағдарлама жүзеге аса бастады. 1948 жылдың 4 сәуірінен - 1952 жылдың желтоқсан айына дейін қарастырылған «Маршал жоспары» бойынша, 13 млрд., доллардан Нидерланды Корольдігі 1 млрд., доллар алған. АҚШ-тан алған қаржыны Нидерланды Корольдігінің үкіметі қаржы жүйесін тұрақтандыруға, инфляцияны тоқтатуға және жаппай тұрғын үй құрылысына жұмсады [6, 365-366 б.].

1948 жылы 1 қаңтарда үкіметаралық ұйым Бенилюкс кедендік одағы құрылды, оған Нидерланды, Бельгия мен Люксембург кірді. Бенилюкс елдері арасындағы сауда барлық баж салықтарынан босатылды. Осы жылы наурыз айында Англия және Франция елдерімен бірге олар, Батыс Одағын құру туралы Брюссель пактісіне, әскери, экономикалық, саяси және мәдени салада ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды (1954 жылдан Батысеуропалық одақ). Осы іс-шараны Солтүстікатлантикалық альянстың бастауы деп есептесе болады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Нидерландының сыртқы саяси бағыты түбегейлі өзгерді. 250 жылдай ұстанған дәстүрлі бейтарап саясаттан бас тартқан Нидерланды Батыстың әскери топтасуларына кіріп, ол жерде айтарлықтай маңызды роль ойнады. Нидерланды Атлантикалық әскери-саяси блок НАТО-ға мүше болды, ұйым 1949 жылы 4 сәуір күні құрылды. 12 мемлекеттің арасында (Бельгия, Англия, Дания, Исландия, Италия, Канада, Люксембург, Нидерланды, Норвегия, Португалия, АҚШ, Франция) жасалған келісім бойынша, ұжымдық қауіпсіздік жүйесі құрылды. НАТО Европаны Кеңестік ықпалдан қорғау үшін құрылған ұйым. Қазіргі уақытта НАТО құрамында 28 мемлекет бар. 2010 жылғы НАТО-ның стратегиялық концепциясы бойынша, оның 3 негізгі мақсаты бар, олар: ұжымдық қорғаныс, дағдарыстық реттеу және ынтымақтастық негіздегі қауіпсіздік.

Нидерланды Корольдігі 1952 жылдың 25 шілдесінен күшіне енген, Францияның сыртқы істер министрі Р. Шуманның ұсынысы бойынша құрылған Европалық көмір мен болат бірлестігіне қосылды.

Нидерланды Корольдігінің Оңтүстігінде орналасқан Маастрихт қаласында 1992 жылы 7 ақпанда Маастрихт келісімінің жасалуы Европалық экономикалық қауымдастықтың Европалық Одаққа өзгеруіне себепкер және европалық интеграция тарихындағы ірі оқиға болды. Маастрихт келісіміне экономикалық ынтымақтастық бөлімдерінен басқа сыртқы саясат пен әділ сот бөлімдері енгізілді. Экономикалық және валюталық одақ, жалпы сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясаты, мүше-мемлекеттердің ішкі істер мен әділ сот саласында ынтымақтастығы – Европалық Одақтың 3 негізгі тірегі білдіреді. Маастрихт келісімі ратификацияланғаннан кейін, 1993 жылы 1 қараша күні күшіне енді. Маастрихт келісімі бойынша Европалық Одақ елдері бірыңғай ақша бірлігіне көшу мақсатында бірлесе әрекет етуді міндетіне алды. 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап Нидерланды Корольдігінде қолма қол айналысқа евроны енгізу басталды, ал ортағасырдан бері қолданыста болған ұлттық валюта – гульден айналымнан алынды.

Европалық Одақ қазіргі таңда 28 Европалық мемлекеттердің экономикалық және саяси бірлестігіне айналды. Европалық Одақтың құрылуынан Нидерланды Корольдігінің экономикасы үлкен тиімділік көрді, оның ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өнімі өзінің әріптестеріне қолайлы жол тапты. Сондықтан, Европалық Одақ Нидерланды Корольдігінің транзитті ел ретіндегі позициясын нығайтты. Солтүстік теңіз жағындағы оңай мүмкіндік Роттердам сағасы ауданын Европа қақпасына айналдырды. Өзіне қолайлы жағдайлар туғызып отырған ұйымның Кеңесінде Нидерланды Корольдігі 1960 жылдан 2004 жылға дейін 11 рет төрағалық еткен, ал 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап 12 рет төрағалық ету мандатын алып отыр. Алдағы жарты жылға белгіленген басымдықтар арасында, Нидерланды Корольдігі миграция мен халықаралық қауіпсіздікті анықтады. Сонымен қатар, Нидерланды Корольдігі өз мандатының маңызды мәселесі деп экономикалық өсу мен жұмыс орындарын құруға бағытталған Европалық Одақтың инновациялық дамуын анықтады. Нидерланды Корольдігінен кейін, Европалық Одақтың Кеңесінде төрағалықты Словакия алады.

1990 жылдардың басына бастап Нидерланды Корольдігінің үкіметі Орталық және Шығыс Европа елдеріне көмек саясатын жүзеге асырып келеді, мақсаты осы аймақ елдерін плюралистік конституциялық мемлекетке және нарықтық экономикаға өту кезеңінде қолдау. Орталық және Шығыс Европа елдеріне көмек көрсетуге жұмсалатын қаржы құралдары, 3 компоненттен тұратын бір қорға біріктірілген:

1. Әлеуметтік өзгеріс бағдарламасы (MATRA), оны Нидерланды Корольдігінің сыртқы істер министрі жүзеге асырады. Бағдарлама Польша, Венгрия, Чех Республикасы, Словакия, Эстония, Латвия, Литва, Словения, Хорватия, Румыния, Болгария, Россия Федерациясы, Украина мен Белорусияны қамтиды;

2. Коммерциялық қатынастарды дамытуға арналған Шығысевропалық

ынтымақтастық бағдарламасы. Бұл бағдарлама МАТРА-дағы елдерді қамтиды.

3. Европаның қайта құру және дамыту банкіне жылдағы жарна жасау, оған Қаржы министрлігі жауапты.

Сонымен қатар, Нидерланды Корольдігі үкіметінің сыртқы саясатының құрамдас бөлігі, ол даму саясаты. 2000 жылы қыркүйек айында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында Мыңжылдықтың Саммиті болып өтті. 8 қыркүйек күні БҰҰ-на мүше 193 мемлекет пен 23 халықаралық ұйым «Мыңжылдықтың Декларациясын» қабылдады, ол 2015 жылға қарай бүкіл адамзат баласының өмір сүруі үшін үйлесімді жағдай жасау стратегиясын анықтады. «Мыңжылдықтың Декларациясында» халықаралық дамудың 8 негізгі мақсаты тұжырымдалған, олар:

1. Кедейшілік пен аштықты жою;
2. Жалпыға бірдей бастауыш біліммен қамтамасыз ету;
3. Ер мен әйел адамдардың теңдігін көтермелеу және әйел адамдардың мүмкіндіктерін кеңейту;
4. Бала өлімін қысқарту;
5. Ананы қорғауды жақсарту;
6. ВИЧ/СПИД, малярия және басқа да аурулармен күрес;
7. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
8. Даму мақсатында ғаламдық әріптестікті қалыптастыру [3. 244 – 246 б.].

2005 жылы әлем көшбасшылары АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында БҰҰ-ның Орталық мекемелерінде бас қосып, олар ұлттық деңгейде «Мыңжылдықтың Декларациясын» дамытуда қол жеткізген мақсаттар барысы туралы есеп берді. Қазіргі таңда, тек 5 мемлекет: Дания, Люксембург, Нидерланды, Норвегия және Швеция ғана, өзінің Жалпы ішкі өнімінің (ВВП) 0,7% даму саласында кедей елдерге көмек ретінде бөліп отыр.

Қазіргі уақытта, Нидерланды Корольдігі әлемдігі динамикалық дамушы елдердің бірі. Бүкіләлемдік экономикалық форумның (WTF – World Trade Forum) рейтингісі бойынша Нидерланды Корольдігі 2013 жылы сыртқы сауда айналымы бойынша 5 орында, ал ғаламдық бәсекеге қабілеттілік 2014-2015 бойынша, Швейцария бастаған рейтингтің 8 орнында Нидерланды Корольдігі тұр. «Сауда дамуының динамикалық индексі» бойынша Нидерланды Корольдігі 5,3 ЕТІ (enabling trade index) индексімен әлемде Сингапур (5,7) мен Гонконгтан (5,5) кейін 3 орында тұр. Бюджеттік дефицит, инфляция мен жұмыссыздық деңгейі Нидерланды Корольдігінде ең төменгі деңгейде.

Нидерланды Корольдігінің әлемде 110 елшілігі, 27 Бас консульствасы және БҰҰ, Европалық Одақ және Атлантикалық әскери-саяси блок НАТО сияқты халықаралық ұйымдарда 15 тұрақты өкілдігі бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Бусыгин А.В. Нидерланды. М.: «Мысль», 1986.
2. Ибрашев Ж., Енсебаева Э. Европейский Союз во внешней политике Казахстана. Алматы, 2001.
3. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918 - 2013). Алматы, «Қазақ университеті», 2014. – 258.
4. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1945 - 2000). Алматы, «Қазақ университеті», 2007. – 284.
5. Новейшая история стран Европы и Америки. XX век. В 3 частях. под ред., А.М. Родригеса и М.В. Пономарева. Москва, «ВЛАДОС», 2004. Ч. 3. – 256.
6. Шатохина-Мордвинцева Г.А. История Нидерландов: учебное пособие для вузов. М.: «Дрофа», 2007. – 510.

Интернет ресурстары

7. Euro - pulse. ru /news/ niderladyi-vstupili-v-prava-predsedatelya-soveta-es.
8. www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/summitdecl.shtml.
9. gtmarket.ru/news/2014/09/03/6873
10. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Нидерланды>.
11. [http://megabook.ru/article/Нидерланды \(государство\)](http://megabook.ru/article/Нидерланды_государство)

References

1. Bysygin A.V. Niderlandy. M.: «Mysl», 1986.
2. Ibrashev G., Ensebaeva E. Evropeiski Soyuz vo vnechenei politike Kazahstana. Almaty, 2001.
3. Kokebaeva G.K. Evropa shane Amerika elderinin kazirgi zaman tarihy (1918 - 2013). Almaty, «Kazah universiteti», 2014. – 258.
4. Machimbaev S.M. Evropa shane Amerika elderinin kazirgi zaman tarihy (1945 - 2000). Almaty, «Kazah universiteti», 2007. – 284.
5. Noveichay istoria stran Evropy i Ameriki. XX vek. V 3 chastax. pod red., A.M. Rodrigesa i M.V. Ponomareva. Moskva, «VLADOS», 2004. Ch. 3. – 256.
6. Shatoxina-Mordvinseva G.A. Istoriya Niderlandov: ychebnoe posobie dlya vyzov. M.: «Drofa» 2007. – 510.

Internet ressurstar

7. Euro - pulse. ru /news/ niderladyi-vstupili-v-prava-predsedatelya-soveta-es.
8. www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/summitdecl.shtml.
9. gtmarket.ru/news/2014/09/03/6873
10. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Нидерланды>.
11. [http://megabook.ru/article/ Нидерланды \(gosudarstvo\)](http://megabook.ru/article/Нидерланды_государство)

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

1920-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ТҮРКІСТАН АКСР-ІНДЕГІ БИЛІКТІ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бақторазов С.У.

М.Х.Дулата атындағы Тараз мемлекеттік университеті

Аңдатпа. Кіріспе. Зерттеліп отырған кезеңде халық шаруашылығында негізгі экономикалық мәселелер қалпына келтіріліп, техникалық реконструкция жасалынып, бейбіт құрылысқа көшу жағдайында мемлекеттік билікті қорғау органдарын қайта ұйымдастыру жүргізілді.

1922 жылдың 6 ақпанында Бүкілресейлік төтенше комиссия (БТК) Мемлекеттік саяси басқарма (МСБ) болып қайта ұйымдастырылып, ол Ішкі істер халық комиссариаты құрамына енгізілді, Революциялық трибуналдар жойылып, МСБ –ның өзі тергеу органына айналды, ол контрреволюцияға қарсы күрес істері жөніндегі алдын ала тергеу органы болды. Істерді қарау мен үкімдер шығару сот мекемелерінің компетенциясына берілді. Кейіннен, мемлекеттік құрылыс тұрғысынан алғанда әсерлі орталықтандырылған аппарат құралып, жазалау органдары күшейтілді. Мемлекеттік саяси басқарма (МСБ) КСРО ОАК Президиумының 1923 жылдың 2 қарашасындағы Қаулысымен КСРО ХКК жанындағы Бірлескен мемлекеттік саяси басқармаға (БМСБ) атын ауыстырған еді.

Жүргізілген әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде қазақ жерлерінің Қазақ АКСР-не қайта қосылуынан кейін КСРО Халкомкеңесінің 1927 жылғы 5 маусымдағы № 33 Қаулысымен Қазақ АКСР –ы Ішкі Істер Халық Комиссариаты (ІХК) ұйымдастырылды.

Мақалада Оңтүстік Қазақстан өңірінде орын алған 20 – 30 – шы жылдардағы жаппай саяси қуғын – сүргін феноменінің әртүрлі қырлары нақты анықталған.

Түйін сөздер: Бүкілресейлік төтенше комиссия (БТК), Мемлекеттік саяси басқарма (МСБ), КСРО ОАК Президиумы, Бірлескен мемлекеттік саяси басқармаға (БМСБ), Қазақ АКСР-і, Ішкі Істер Халық Комиссариаты (ІХК).

РЕОРГАНИЗАЦИЯ ОРГАНОВ ЗАЩИТЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ В ТУРКЕСТАНСКОЙ АССР В 1920–Е ГОДЫ

Бахторазов С.У.

Аннотация. В исследуемый период с учетом формулирования в качестве основной экономической задачи восстановления и технической реконструкции народного хозяйства, перехода к мирному строительству произошла реорганизация органов защиты государственной власти, в том числе и в Туркестанской АССР.

6 февраля 1922 года Всероссийская чрезвычайная комиссия (ВЧК) реорганизовалась в Государственное политическое управление (ГПУ) в составе Народного комиссариата внутренних дел. Революционные трибуналы были ликвидированы, само же ГПУ становилось органом дознания, а по делам о контрреволюций – органом предварительного следствия. Рассмотрение дел и вынесение приговоров передавалось в компетенцию общих судебных учреждений. 2 ноября 1923 года Постановлением Президиума ЦИК СССР Государственное политическое управление реорганизовалось в Объединенное государственное политическое управление (ОГПУ). А, 5 июня 1927 года Постановлением Совета Народных комиссаров СССР организовывается Народный комиссариат внутренних дел (НКВД) Казахской АССР.

В статье раскрыты различные стороны такого феномена истории 20 – 30 – х годов, как массовые политические репрессии в регионе Южного Казахстана.

Ключевые слова: Всероссийская чрезвычайная комиссия (ВЧК), Государственное политическое управление (ГПУ), Президиум ЦИК СССР, Объединенного государственного политического управления (ОГПУ), Казахская АССР, Народный комиссариат внутренних дел (НКВД).

REORGANIZATION OF THE PROTECTION OF PUBLIC AUTHORITIES IN THE TURKESTAN AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC IN 1920-IES.

Bahtorazov S.U

Abstract. In the analyzed period, taking into account the formulation as the main economic problem of reconstruction and technical renovation of the national economy, the transition to peace-building was reorganized protection authorities of the government, including in the Turkestan ASSR.

February 6, 1922 Vserossiskaya Extraordinary Commission (Cheka) was reorganized into the State Political Directorate (GPU) as a part of the People's Commissariat of Internal Affairs. The revolutionary tribunals were abolished, the very same GPU became the body of inquiry, and in cases of counter-revolutions - the preliminary investigation body. The cases and convictions handed down in the general competence of the judicial institutions. November 2, 1923 Resolution of the Presidium of the USSR Central State Political Administration was reorganized in the Joint State Political Administration (OGPU). A June 5, 1927 the Decree of the USSR Council of People's Commissars is organized by the People's Commissariat of Internal Affairs (NKVD) of the Kazakh ASSR.

The article deals with the various aspects of the history of this phenomenon 20 - 30 - ies, as the mass political repression in the region of South Kazakhstan.

Keywords: Vserossiskaya Extraordinary Commission (Cheka), State Political Administration (GPU), the CEC Presidium of the USSR, the United State Political Administration (OGPU), the Kazakh ASSR People's Commissariat for Internal Affairs (NKVD).

Жалпы алғанда, Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі жаңа экономикалық саясат салыстырмалы түрде тыныш өтті. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық және этносаяси қарама-қайшылықтар әлі де сақталған еді. БК(б)П көрсетілген кезеңде саяси тәжірибедегі сенімсіз қимылдары анықтағандай – қиынаморфтық (тұлғасыз, формасыз) жағдайда болды. Қазақстандық өлкелік партия ұйымының жай-күйі де осындай болатын. Халық шаруашылығындағы негізгі экономикалық мәселелерді қалпына келтіру және техникалық реконструкция жасау іс – шаралары қолға алынып, бейбіт құрылысқа көшу жағдайында, мемлекеттік билікті қорғау органдарын қайта ұйымдастыру жүргізілді.

1922 жылдың 6 ақпанында БТК Мемлекеттік саяси басқарма (МСБ) болып қайта ұйымдастырылып, ол Ішкі істер халық комиссариаты құрамына енгізілді, Революциялық трибуналдар жойылып, МСБ –ның өзі тергеу органына айналды, ол контрреволюцияға қарсы күрес істері жөніндегі алдын ала тергеу органы болды. Істерді қарау мен үкімдер шығару сот мекемелерінің компетенциясына берілді. Жалпы, бұл атаулардың өзгеруі нені білдірді? БТК төтенше комиссия болған еді, оның осы атының өзі-ақ оның өмір сүруінің уақытша мазмұнын көрсетіп тұрғандай болатын. МСБ болса мемлекеттің үнемі қырағылықтағы саяси бақылау және репрессиялар жүргізу институты болып табылатын еді. Олай болса аттардың өзгертілуінің астарында террорға үздіксіз статус беру арқылы мемлекет пен қоғам арасындағы кикілжіңдерді шешу мәселесі заңдастырылғаны көрініп тұр [1, с.141].

Сонымен қатар 1922 жылдың 19 мамырындағы Лениннің Дзержинскийге жазған хатынан кейін, сотсыз, тек МСБ –ның қаулысы бойынша «профессура, дәрігерлер, агрономдар, әдебиетшілер арасындағы белсенді контрреволюциялық элементтерді» жаппай Ресейдің Солтүстік губернияларына немесе шетелге жер аудару жүргізілді [1, с.142].

Әкімшілік жер аудару, осы арқылы, құқықтық іс-қимылдың нормасына айналды, мұның өзі бұдан да қатал соттан тыс іс-шараларға әкеліп соқтыруы әбден мүмкін еді. Осылай, Әулиеата уезі Таулы ауданының партия ұйымдастырушысы Чановтың №2 бөлімшесінің халық соты, ТКП мүшесі Артықбаев Қадырқұлдың үстінен жазған жасырын хатында (секретное донесение) оның Қаракөл болысында рулық дұрдараздық тудыра отырып, басбұзарларды біріктіріп, қолдарына сойыл алып, болыстың кеңсесін талқандамақ болғанын жазады.

Осыған байланысты ТКП Әулиеата уәлакомының шешімі мынадай болды:

1. Уатком фракциясына Артықбаев бастаған рулық дұрдараздықты қоздыруға қатыстылардың барлығын шақырып, мәселені анықтау.
2. Бақылау Комиссиясы өкілдеріне Артықбаевты партиядан шығару мәселесін хаттау.
3. Істі тексеру аяқталғаннан кейін оны әкімшілік комиссияға беріп, мұндай қаскүнемдерді Әулиеата уезі аумағынан кетіру [2].

Зерттеу тақырыбының тағы бір анықталар тұсы аталған мерзімде биліктің барлық деңгейінде көсемге жеке берілгендіктің, көсемділіктің (вождизм) қалыптаса бастауы еді. Бұл кезеңде партиялық пікірталаста әрбір фракциядағы немесе белгілі бір тұғырнамадағы көсемнің жеңілуі, оны жақтаушылар мен жолын қушыларға шара қолдануға ұласатын. Мұның өзі саясатта жіберген қателіктері үшін өте аяусыз түрде жауап беретін уақыттың таяп қалғандығын білдірді.

20- жылдардың соңына қарай БК(б)П идеялық сипатта біртұтас (монолитті) қалыптасып, ішкі партиялық алауыздықтан азат етілді, партиядан бөлек оппозиция болмауы себепті, халықаралық коммунистік қозғалыста үстемдік етті. Мұндай нақтылы мүмкіндіктің болуы, қоғамдық өмірдің барлық салаларында қатал әкімшілік–командалық әдістерге көшу пиғылын тудырды.

Мемлекеттік құрылыс тұрғысынан алғанда әсерлі орталықтандырылған аппарат құралып, жазалау органдары күшейтілді. Мемлекеттік саяси басқарма (МСБ) КСРО ОАК Президиумының 1923 жылдың 2 қарашасындағы Қаулысымен КСРО ХКК жанындағы Бірлескен мемлекеттік саяси басқармаға (БМСБ) атын ауыстырған еді [1, с.86]. 1923 жылдан басталып 1927 жылға дейін жалғасқан Кеңес үкіметі мен қоғам арасындағы қарама-қайшылықтың бәсеңдеуіне байланысты 1953 жылға дейінгі кезеңде алғаш және соңғы рет қысқартуға ұшыраған БМСБ органдарының құрамы 1925 жылы 26000 азаматтық қызметтегілерден және 63000 әскерилерден тұрды. Бұған осы органға қызмет еткен 30000 тыңшыларды қоссақ, кеңестік жасырын полицияның қызметіне нұқсан келе қоймағандығын көреміз, ол бұрынғыдай ішкі қауіптен елді қорғауда өзінің позициясын жоғалтпады [1, с.145]. Тиісінше, Түркістан республикасы аумағында 1922 жылдың 28 наурызында МСБ-ның Түркістандық бөлімшесі, облыстарда МСБ-ның облыстық бөлімшелері құрылды.

1923 жылдың 2 қарашасындағы Қаулысымен КСРО ХКК жанындағы Бірлескен мемлекеттік саяси басқармасы (БМСБ) одақтық және автономиялық республикаларда құрылып, жергілікті кеңестерде атқару комитеті жанындағы саяси бөлімдерден тұрды. Аталған органға берілген өкілеттіліктер, олардың ешбір жауапкершілікті сезінбей-ақ талай шектен тыс шешімдерді жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Осылай, БК(б)П Әулиеата укомы хатшысының (Гольшкін. | БК(б)П Сырдария Губкомының жауапты хатшысы Каучуковский мен Губкомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Есқараевқа жазған саяси хатында Әулиеата уезінде экспедициялық сапарда жүрген О.Жандосов пен В.Соколовскийдің Мерке ауданында, жергілікті

парткомға ескертпей, 9 халық соты мен тергеушілерді, олардың жұмысының тығыздығына қарамай, өздерімен бірге ала кеткенін айтады. Бұған қосымша экспедицияның құрамына өз парткомдарына ескертпей өзімбілерлікпен қосылған МСБ - ның өкілі Матеев пен оның көмекшісі Субботиннің азаматтарды жауапты қызметкерлердің үстінен шағым жазуға күштеп, осы іске атсалыспаса «соттар мен тергеушілерді қамап тастаймыз», - деп қорқытып жүргені туралы сот тергеушілері Балмұхамедов пен Түртембаевтардың аттарынан хат келгендігі жазылады. Осылай МСБ – ның өкілдері экспедиция құрамында соттар мен сот тергеушілерін жазықсыз жандарды жазалауға азғырып жүрген кезде, 47000 сомның ұрланғаны анықталады. Осыған байланысты Әулиеата укомы Сырдария губкомына Матеев пен Субботинді кері қайыру туралы ұсыныс жасайды [3]. Бұл жерде МСБ өкілдерінің ұрланған ақшаның ізіне түсу үшін кері қайтуы да мүмкін. Әйтсе де құжатта, олардың жергілікті партия органдарымен ешбір санаспай, қалыптасып келе жатқан сот органдарын дегендеріне көндіруге тырысқандары ап-айқын көрініп тұр. Мұның өзі репрессиялау механизмінің ешбір өзгермей, «дұшпан бейнесін» анықтау И.В. Сталин бастаған саяси билікте қалып, оларды іздеп – тауып жазалау МСБ мен БМСБ органдарының құзырында екендігінің айғағы болса керек. Қоғам болса идеологиялық алдап-арбаудың нәтижесінде не атқарылып жатқан іс-шараларды қолдап отырды, немесе ол іс-шаралардың жүзеге асырылғандығын үнсіз құптауға мәжбүр болды.

Саяси репрессиялар негізінен контрреволюциялық қылмыстар туралы заң арқылы жүргізіліп отырды. Большевиктер жазалау органдары қатарына негізінен азамат соғысына қатысқан, еуропалық нәсілдегілерді тартуға ұмтылды, оған РК(б)П мүшелері мен мүшелікке кандидаттарының «лениндік шақыруы» да әсер етті. Осылай, Әулиеата Уқалкомы атқару бюросының мәжілісі 1924 ж. МСБ-ның №42 конвойлық командасының №9 коммунистік ұяшығының (ячейкасының) хаттамасына сәйкес партияға кандидаттыққа Горбунов пен Куприяновты қабылдайды [4].

Сөйтіп, билеуші партия өзінің жергілікті жерлердегі жазалау аппаратындағы тірегін нығайту мақсатындағы жұмыстарын бір сәтке де тоқтатпады. Қазақстанда бұл саясаттың ұйытқысы - жүргізушісі 1925 жылы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалған Ф.Голощекин болды. Ол бұл істе РК(б)П-ның алдымен облыстық, кейіннен өлкелік комитетінің үш жыл ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болған, КСРО ПХК –ның келешек халкомы Н. Ежовқа арқа сүйеді. Нәтижесінде «жікшіл», «ұлтшыл» деген таңба тағылып көптеген көрнекті қайраткерлер (С. Аспандияров, М. Мырзағалиев, С. Садуақасов және т.б.) республикадан тыс жерлерге қуғындалып кетті [5, 5-б.]. Осы қуғын-сүргінді жүзеге асырып жүргендердің көпшілігі «білімім төмен» деп өз қолымен жазып жүрген орталықтан жіберілгендер болатын. Мұның айқын мысалы ретінде 1929 жылдың 20 қыркүйегінде Сырдария округі бақылау комиссиясының БК(б)П мүшелерін тазалау және тексеру қорытындысы бойынша округтік БМСБ-ның № 9 партия ұяшығындағы мынадай жайларға мән беруге болады.

Тексеруден өткен БМСБ қызметкерлерінің 16-сының тек 4-і ғана мұсылман нәсіліндегілер. Оның да біреуі тексеруден өткізілмеген. Ал, тексеруден өткен қалған 12 еуропалық нәсілдегілердің мамандығына сәйкестілігі шамамен мынадай.

1. Вакорин И.П., білімі төмен, саяси дайындығы жоқ.

2. Тюрина А.Ф. 1927 жылы партиялық тәртіпті сақтамағаны үшін сөгіс алған, білімі төмен, саяси дайындығы жоқ.

3. Горюнов В.П. шала сауатты, саяси дайындығы жоқ. Басқалары да осы тектес.

Тіпті сол кездегі БСМБ –ның Округтік бөлімінің бастығы В. Никольскийдің де білімі төмен екендігі жазылған. Округтік БСМБ бастығының бұл қызметке келуіне оның 1914 жылдан бастап БК(б)П –ға мүше болып, патша үкіметі тарапынан 1 жылға жер аударылғаны, Петроградтағы Қазан төңкерісіне қатысып, одан кейін құжатта жазылғандай әртүрлі жазалау органдарында қызметте болғандығы есепке алынса керек [6].

Осы орайда Орталық жіберген қызметкерлердің басым көпшілігінің саяси қуғын – сүргін зұлматынан аман қалып отырғанына мән беруге болады. Мәселен, Әулиеата уезінде Кеңес өкіметін орнатуға және нығайтуға белсенді қатысқан Тұрар Рысқұлов, Қабылбек Сарымолдаев, Мақсұт Жылысбаев, Сыдық Абланов, Ысқақ Әсімов, Кененбай Бармақов, Бекбосын Құлжабаев, Дәуіт Абдуллаевтар 1937-1938 жылдары «халық жауы» ретінде атылып кетті. Ал, Степан Хмелевский, Николай Чернышов, Федотов-Завадский, Данил Цыгановтар Қазақстаннан аман – есен кетіп үлгерген. Бұл топтағылардан тек Қарымбай Қошмамбетов ғана бұл зұлматқа жетпей 1930 жылы қарашада дүние салды[7].

Жүргізілген әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде қазақ жерлерінің Қазақ АКСР-не қайта қосылуынан кейін КСРО Халкомкеңесінің 1927 жылғы 5 маусымдағы № 33 қаулысымен Қазақ АКСР –ы Ішкі Істер Халық Комиссариаты (ІХК) ұйымдастырылды. Кейіннен, БМСБ мен ІХК-ның бірігуі саяси режим жүйесіндегі ішкі істер халкомының беделі мен маңыздылығын барынша арттырып, ендігі жерде олар «дұшпанды» іздестіріп табу мен берілген жазаны жүзеге асыру құқығына толықтай ие болған еді.

Сондықтан да, ІХК қызметкерлері элитаның ішіндегі ерекше маңыздағы топқа айнала отырып, осы статусын жоғалтпау үшін «жоғарыдан» келген кез-келген тапсырманы орындауға сақадай сай тұрды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Стефан Куртуа, Николя Верт, Жан-Луи Панне, Анджей Пачковский, Карел Бартошек, Жан-Луи Марголен. Черная книга коммунизма. Преступление, террор, репрессии. Перевод с французского Москва «Три Века Истории» 1999. – с.708
2. Жамбыл облысы әкімінің мұрағаты (бұдан әрі ЖОӘМ) 10 - қор. 1 - тізбе, 14 - іс.
3. ЖОӘМ 10 – қор, 1 – тізбе, 309 – іс, 3-6 п.п.
4. ЖОӘМ 10 - қор. 1 - тізбе, 113 – іс, 6 - п.
- 5.«Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946: Өмірбаяндық анықтамалық.»/ Ред. Нәрікбаев М.С. (жауапты), ДегітаеваЛ.Д., ГрибановаЕ.М., құраст:ЖақыповМ.Х.,Зұлхашева А.С., Ипмағамбетова А.Н. /жауапты/, Чиликова Е.В.- Алматы: Қазақ гуманитарлық- заң университетінің баспасы, 2004.-499 б.
6. Қызылорда облысы әкімінің мұрағаты (бұдан әрі ҚОӘМ) 6 - қор. 1 - тізбе. 85 - іс. 12-14п.п.
7. «Ақ жол» 30 мамыр 1998жыл.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫ КОРЕЙ ЕЛІНДЕ АЯҚТАҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Боранбаева Б.С.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті, т.ғ. к.

Аңдатпа. Кіріспе. Автор Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қиыр Шығыс майданында аэродром қызметін қамсыздандыру батальонының құрамында жапон милитаристерінің Квантун армиясын талқандауға қатысып, кейін соғысты Солтүстік Кореяның Хедзио қаласында аяқтаған байланысшы қазақ қыздарының жауынгерлік өмір жолдарын тарихи құжаттар мен сурет деректер негізінде баяндай отырып, жас ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуде майдангер аналардың өнегелі өмірін үлгі етеді.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, Квантун армиясы, солтүстік Корея, азат ету, қазақ қыздары, капитуляция, отансүйгіштік.

КАЗАХСКИЕ ДЕВУШКИ, ЗАВЕРШИВШИЕ ВТОРУЮ МИРОВУЮ ВОЙНУ В СЕВЕРНОЙ КОРЕЕ

Боранбаева Б.С.

доцент Западно – Казахстанского инновационно-технологического университета к.и.н.

Аннотация. Статья автора посвящена воспитанию у молодого поколения любви к Родине, патриотизма путем раскрытия героического пути воинов-казашек во Второй мировой войне, их участия в военных событиях Дальневосточного фронта в разгроме Квантунской армии милитаристской Японии и завершение войны в городе Хедзио в Северной Корее.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Квантунская армия, освобождения, Северная Корея, девушки – казашки, любовь к Родине, капитуляция.

THE KAZAKH GIRLS WHO HAVE ENDED THE WORLD WAR II IN THE NORTH KOREA

Boranbayeva B.S.

Assistant Professor of History of West Kazakhstan Innovative-Technological University

Abstract. The article deals with educating the younger generation to love for the motherland and patriotism by revelation heroic way of Kazakh- soldiers in the World War II, their participation in military events of Far Eastern front in defeating the Kwantung army of militaristic Japan, and the end of the war in Hedjia city in the North Korea.

Keywords: Great Patriotic war, Kwantunq army, releasing, North Korea, Kazakh girls, capitulation, love for the motherland.

Ұлы Отан соғысы милитаристік Жапонияны жеңумен аяқталды. Бұл адамзат тарихындағы ең әділ соғыс болды деп бағаланды. КСРО мемлекеті одақтастық міндеттемелерін орындай отырып, 1945 жылы 9 тамызда Жапонияға қарсы соғыс ашты. Кеңес әскерлерінің солтүстік-шығыс Қытайда, Монғол халық республикасы әскерлерінің қолдауымен жасаған жойқын

шабуылы Квантун армиясын тізе бүктіруге мәжбүр етті.

Солтүстік-шығыс Қытай, солтүстік Корея жапон басқыншыларынан азат етілді. Солтүстік Кореяны жапон басқыншыларынан азат ету І Қиыр Шығыс майданы құрамындағы генерал-полковник И.М.Чистяков басқаратын 25-армияға жүктелді. Кеңес әскерлері 12 тамыз күні КСРО шекарасына жақын маңдағы портты қалалар Унги және Начжинді, ал 13-16 тамыз аралығында Кореяның солтүстік шығысындағы маңызды Чхончжин портын азат етті. 1945 жылы 15 тамызда жапон императорының соғыс әрекетін тоқтататындығы туралы мәлімдемесі жарияланғанмен, Корея жеріндегі жапон әскерлерімен соғыс 18 тамызға дейін созылды. 22 тамыз күні шығыс жағалаудағы ірі Вонсан портында тұрған жапондық гарнизондар кеңес әскерлеріне берілгендігін мойындады. 24 тамызда Пхеньян және Хамхын қалаларында жапонияның жергілікті әскери басшылығы тізе бұгу келісімін жасауға мәжбүр болды. Осылайша кеңестік 25- армия Кореяның солтүстік бөлігінде жапон әскерін қарусыздандыруды аяқтады [1, с. 11] Демек, жолсыз таулы-орманды жорықта Жапонияны тізе бүктіруге қатысқан қиыршығыстық кеңес жауынгерлерінің қатарында қазақстандықтар, соның ішінде Орал облысынан шыққан байланысшы, десантшы, барлаушы қазақ қыздары да болды. Оларды атап айтсақ, Еркемова Қаламсия, Ниязғалиева Әзима, Үмбетова Мүслима, Ахметова Қалампыр. Ал Қиыр Шығыс майданына Орал қаласынан осы қыздармен бірге аттанған Алмағамбетова Қаным мен Есқалиева Үмітай соғысты солтүстік Корея жерінде аяқтап, елге жеңіспен оралған еді.

Қыз-келіншектерден құралған аэродром қызметін қамсыздандыру батальоны (Батальоны аэродромного обслуживания – БАО) құрамында болған Қаным Алмағамбетова мен Үмітай Есқалиева соғысты Кореяның Хедзио қаласында аяқтайды. Оны майдангер аналардың өз қолдарымен жазған ғұмырбаяндары мен әскери құжаттар, сурет деректері дәлелдейді [2]. КСРО-ның корей халықтары алдындағы интернационалдық парызын абыроймен орындауға қатысқан майдангер аналар өздерінің бұл әрекетін ерлік деп санамаған. Мұны олар тек Отан алдындағы міндетіміз деп түсінген. Бір өкініштісі жергілікті мерзімді басылым беттерінде де олар жайлы жариялана бермеген. Бұл жалпы майдангер қазақ қыздарының барлығына тән қасиет.

Екі майдангер ананың соғысты Корей елінде аяқтағанын Қиыр Шығыс майданына қатысқан жауынгер Қаламсия Еркекованың әңгімесінен ғана біліп, олардың ұрпақтарын іздестіру нәтижесінде кеңестік әскер құрамында жапон милитаристерінен Корей елін азат ету соғысына қатысқан майдангер аналардың жауынгерлік өмірі туралы дерек құжаттарға қол жеткіздік.

Осылайша бізге жеткен деректердің арасында Орал қаласынан Корей еліне дейін барған майдангер қыздардың өз қолдарымен жазған ғұмырбаяндары сақталған. Қағаз бетіне түсірілген тасқа басқандай анық та, әдемі жазу үлгісі, сондай-ақ ғұмырбаян соңындағы иірімді қойылған қолға қарап-ақ олардың сол уақытта жоғары деңгейде сауатты болғандығын анық аңғаруға болады.

Осындай өз қолымен жазылған ғұмырбаянында Қаным Алмағамбетова 1921 жылы Орал облысы, Тайпақ ауданы Базартөбе ауылында дүниеге келгенін көрсетеді [3]. Бір жасында әкеден, жеті жасында анасынан айырылған ол ағасы Мұхамбетжан екеуі туыстарының қамқорлығы арқасында ер жетіп өседі.

Тоғыз жасында Тайпақ ауданы Қызылжар орта мектебінің бірінші класына оқуға қабылданған Қаным 1937 жылы 7 кластық білім алып шығады. Сөйтіп, 16 жасынан еңбекке араласқан жас қыз аудандық қаржы бөлімінің хатшы қызметін атқарады. Қандай істен де қорықпайтын еңбексүйгіштігімен ерекшеленген ол 1939 жылы қаңтарда БЛКЖО ОК-нің жанындағы республикалық мектепке пионерлер жетекшісін (вожатый) дайындайтын 8 айлық курсқа жіберілді. Бұл курсты 1939 жылы тамыз айында тәмамдап келген соң, Қалмыков ауылындағы орта мектепте аға пионер жетекші болып жұмысқа орналасады. Алдына биік мақсат қоя білген Қаным мұнымен қанағаттанбады. 1940 жылы наурызда Каргалинка ауылында Қазақ

тұтынушылар одағы жанынан ашылған есепшілер дайындайтын 10 айлық курсты оқып бітіреді. Сөйтіп 1941 жылдың қаңтар айынан 1942 жылдың тамызы, яғни соғысқа аттанғанға дейінгі аралықта ол Калмыков ауылында аудандық ауылшаруашылық тұтынушылар қоғамында бас есепші болып еңбек етеді [3].

Осылайша биік белестерге өз бетінше ұмтылған Қаным ел басына күн туғанда көп ойланбастан майданға сұранып, әскери комиссариатқа өтініш жазды. Бұл жазған өтініші қабылданып, майданға аттанған жауынгер қазақ қызының Қаратөбе аудандық архив қорында сақталған ғұмырбаянында: «1942 жылдың август айында өз еркімізбен соғысқа сұрандық. Тайпак ауданынан менімен бірге 10 қыз аттандық. Оралдан 1 эшелон қызды тиіп, Қиыр Шығысқа алып кетті. Лесозаводск деген жерде, кейін Киров ауданы территориясындағы орман ішінде 3 жыл бойы әйелдерден құралған аэродром қызметін қамтамасыз ету батальонында (БАО) болдық. 4 жыл бойы өзіммен бірге болған Есқалиева Үмітай екеуіміз өмір соқпағын бірдей көрдік. Аэродром күзеттік. Ұшқыш истребительдердің ұшып келгеннен кейінгі қызметін атқардық» [3],- деген құнды деректер береді.

Жалпы Қиыр Шығыс майданына Орал қаласынан аттанған жауынгер қыздардың саны деректерде әр түрлі айтылады. Қиыршығыстық жауынгер қыздар арасында қазір көзі тірі Қаламсия ана: «1942 жылы соғысқа Оралдан 200 қыз аттандық» [4, 156-б.],-десе, жоғарыда Қаным Алмағамбетованың ғұмырбаянында: «Оралдан 1 эшелон қызды тиіп Қиыр Шығысқа алып кетті» [3],-дейді. Ал осы эшелондағы қыздар арасында болған жауынгер Суворова Валентина Петровнаның естелігінде: «В июле 1942 года призвана в числе 300 девушек из Уральск и районов в армию. Из Уральск эшелон был направлен на Дальний Восток. К трем вагонам на каждой большой станции прицепляли по 2-3 вагона с девушками, так что в Хабаровск прибыло уже 52 вагона. Девушек распределили по частям зенитчиков, летчиков, пулеметчиков, пехотинцев, связистов и поваров» [5, с. 117],- деп жазады. Демек, 1942 жылы жазда Қиыр Шығыс майданына аттанған жауынгер қыздардың аты-жөні, жалпы саны, ұлттық құрамы, олардың кейінгі тағдырын анықтау тың ізденістерді күтеді.

Майдангер Қаным ана жауынгерлік өмір жолдарын еске ала отырып: «Қиыр Шығыстағы жауынгерлік қызмет пен әскери жаттығулар оңай болған жоқ. Таңғы сағат 6-дан кешкі 11-ге дейін жаңбыр, қар, суық күндері мылтық ату, қанжар сұғу, жер бауырлап еңбектеу, өзеннен соғысып өту жаттығуларын жасадық. Байланыс аппаратын меңгеру сабақтарын үйрендік. Аптасына 2 рет 20 - 40 шақырымға жүгіріп, әскери толық жаттығу міндетін орындадық»,- деп жазады. Сондай-ақ ол: «1945 жылы сентябрьде Жапон милитаристерінің соғысы басталып кеткенде біздің баталонды Кореяның Хедзио деген қаласындағы аэродромның күзеті мен қызметіне ауыстырды» [3],- дейді. Дерек бойынша, Корей елінің осы Хедзио қаласында 40 мың жапон тұтқындары қамауда отырған.

Сөйтіп жауынгер Қаным Алмағамбетова соғысты Корея жерінде аяқтап, 1945 жылы желтоқсанда елге оралады. Жауынгерлік ерлігі үшін ІІ дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені және Жоғарғы Бас қолбасшының Алғыс хатымен марапатталды.

Соғыстан кейін бейбіт өмір тірлігіне араласқан майдангер Қаным Алмағамбетова өзінің 7 жылға бас бостандығынан айырылғаны жөнінде ғұмырбаянында былай деп жазады: «1946 жылдың июлінен 1948 жылдың январына дейін Қаратөбе ауылында бас бухгалтер болып жұмыс жасадым. 1947 жылғы 14 декабрьдегі ақша реформасы кезінде жіберген қателіктерім үшін сотталдым. 1955 жылдың февралында 1953 жылғы марттағы указ бойынша құтқарылдым. Сотталуыма байланысты 1948 жылы партия қатарынан шығарылдым», - дейді (Ол майданда жүргенде, 1943 жылы партия қатарына алынған еді -Б.Б.) Осылайша тағдыр тәлкегіне түсіп, жазасын өтеп келген кешегі майдангер Қаным енді Жымпиты ауданының Ақоба ауылына есепші қызметіне жіберіледі. Кейін 1958-1960 жылдар аралығында Алматы қаласындағы кеңшар

есепшілерін дайындайтын 2 жылдық курсты сырттай оқып, тәмәмдаған ол зейнет демалысына шыққанға дейін Қаратөбе аудандық мәдениет бөлімінің бас есепшісі болып еңбек етті.

Осылайша өмір қиындығын көп көрген майдангер ана 1995 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған мерекелік шарада сөйлеген сөзінде: «Біреу жетіп, біреу жете алмаған бұл қуанышты күнді біз, майдангерлер, көңіліміз толқып қарсы аламыз. Біз көрген қасіретті, кейінгі ұрпақ көрмесін», - деген аналық тілегін жолдаған еді.

Жоғарыда айтылғандай Қаным ананың өз қолымен жазған ғұмырбаянында: «Тайпақ ауданынан менімен бірге 10 қыз аттандық. 4 жыл бойы өзіммен бірге болған Есқалиева Үмітай екеуміз өмір соқпағын бірдей көрдік» деп жазған еді. Енді осы дерек бойынша біз Қаным Алмағамбетованың майдандас құрбысы Үмітай Есқалиеваны іздестіріп, ешбір дерек таппай жүргенімізде, бізге қол ұшын берген Ақжайық аудандық орталықтандырылған кітапхана әдіскері ақын Сағынтай Орынғалиұлы болды. Ол Орал қаласында майдангер ананың ұрпақтары тұратындығын айтты. Осылайша Орал облысының алыс түкпіріндегі ауылдан 1942 жылы майданға бірге аттанып, соғысты Солтүстік Корея елінде аяқтап елге аман сау оралған тағы бір қазақ қызының ұрпағына жолықтық.

Сөйтіп, Орал қалалық №3 емхананың рентгенолог дәрігері Мәжит Халықбергенұлы анасы Үмітай Есқалиеваның жауынгерлік құжаттарымен бірге бізге екі құнды деректі табыс етті. Оның бірі Үмітай Есқалиеваның майданда жүріп, 1943 жылдың 2 тамыз күні орыс тілінде жазған ғұмырбаяны. Екіншісі 1945 жылы 10 қазанда Кореяның Хедзио қаласында бір топ майдандастарымен бірге түскен суреті [2]. Біз бұл дерек суретті қазіргі кезде Орал қаласында тұратын Қиыр Шығыс майданына қатысқан жауынгер ана Қаламсия Ермековаға апарып көрсеткен едік. 95 жастағы жады мықты майдангер ана 40 шамалы орыс ұлт өкілдерінің арасында тұрған үш қазақ қызы Алмағамбетова Қаным мен Есқалиева Үмітайды және шығысқазақстандық (балалар үйінде тәрбиеленіп өскен) Ерғазиева Сәбиланы көрсетіп, аты жөндерін мүдірмей айтып берді.

Есқалиева Үмітай 1943 жылғы 2 тамыз күні оқушы дәптерінің 2 бетіне жазған ғұмырбаянында туған жылы, туған жері, білімі, соғысқа дейін атқарған қызметін қағазға толық түсірген. Сондай-ақ ол 1942 жылы Қиыр Шығыстағы әскери бөлімге келген уақытын көрсетіп және өзінің командир мен комомол ұйымы тарапынан ешбір сөгіс алмағандығын, әлеуметтік тегі кедей екенін, өзінің және ата-анасының да бұрын соңды істі болмағандығын айтып, шет елмен де байланысының жоқ екенін жазған. Соған қарағанда ол бұл ғұмырбаянды штабтың әскери қажетті талабы бойынша жазған деп болжам жасаймыз.

Демек, осы дерек бойынша Есқалиева Үмітай 1921 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Калмыков ауылында дүниеге келген. Бір жасында әкесінен, ал 1934 жылы он үш жасқа қараған шағында анасынан айырылып, ағасы Ораздың қамқорлығында өседі. 1930 жылы Калмыков ауылындағы мектептің бірінші класына барған ол 1937 жылы осы мектептен 7 кластық білім алып шығады. 1940 жылы Орал қаласындағы 3 жылдық педагогикалық техникум бітіріп, ауылға келген Үмітай аудандық тұтынушылар одағында есепші болып еңбек етеді. Кейін ол 1941 жылдың тамызынан бастап, 1942 жылы мамыр айында майданға аттанғанша аудандағы Осоавиахимда нұсқаушы болып, ауыл адамдарына әуе шабуылы мен химиялық қару түрлерінен қорғандық әдіс-амалдарын үйрету жұмыстарымен айналысады. 1942 жылы 24 шілдеде Қызыл Армия қатарына алынады. Мәжит Халықбергенұлының айтуынша, анасы Үмітай соғыста қаза тапқан ағасы Ораздың кегін аламын деп өз еркімен майданға аттанған. 1941 жылы соғыс басталғанда алдыңғылардың бірі болып майданға аттанған ағасы Ораз госпитальда жатқаны жөніндегі хатынан соң хабар-ошарсыз кеткен еді...

Міне, сөйтіп Қиыр Шығыс майданына аттанған Үмітай 35-армия құрамындағы 120 - аэродром қызметін қамтамасыз ету батальонында (БАО) автоматшылар ротасында байланысшы

болады. 1945 жылы қыркүйек айында Солтүстік Кореяның Хедзио қаласына ауыстырылып, 1945 жылы желтоқсанда құрбысы Қаным Алмағамбетова екеуі аман-сау елге оралады.

Жауынгерлік ерлігі үшін сержант Есқалиева Үмітай Жоғарғы Бас қолбасшы Сталиннің атынан мына мазмұнда жазылған: «Приказом Верховного Главнокомандующего Генералиссимуса Советского Союза товарища Сталина от 23 августа 1945 года №372, за отличные боевые действия в боях с японцами на Дальнем Востоке, всему личному составу нашего соединения, в том числе и Вам, принимавшему участие в боях объявлена Благодарность.

Командир войсковой части

Полевая почта № 78751

30 августа 1945 г.» [6],- деп жазылған Алғыс хатына ие болды. Сондай-ақ жауынгер қыз II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, «Жапонияны жеңгені үшін» және мерекелік Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуков медалдарімен марапатталды.

Соғыстан кейін бейбіт өмір тірлігіне араласқан майдангер ана Калмыков ауылында ұзақ жылдар бойы сауда саласында еңбек етті. Соғыс ардагері, сержант Құлшықов Халықбергенмен отау құрып 1 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы жоғары білімді. Қызы Светлана мен ұлы Мәжит Ақтөбе медициналық институтын бітірген дәрігерлер.

Демек, Ұлы Отан соғысына қатысқан тағдырлары бірі-біріне ұқсас осы бір екі майдангер аналардың өмірі бүгінгі жас ұрпақты адамгершілікке, отаншылдыққа тәрбиелеудегі маңызды құрал, үлгі өнеге болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Петухов В.И. У истоков борьбы за единство и независимость Кореи. – Москва. 1987. – С. 314.
2. Бұл деректер ардагер ана Мүслима Үмбетованың ұлы Мәжит Халықбергенұлының жеке мұрағатынан алынды.
3. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мұрағат. Майдангер Қаным Алмағамбетова қоры.
4. Боранбаева Б.С. Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары. – Орал: «Полиграфсервис», 2015. – 228 б.
5. У победы женское лицо. Сборник воспоминаний о боях пожарищах, о друзьях-товарищах, о нелегкой жизни и работе в тылу. – Уралск: «Диалог». 1995. – С. 270.
6. Боранбаева Б.С. Кореяда соғысқан қазақ қыздары // Түркістан. – 2015. – 16 сәуір. №04 (065).

References

1. Petuhov V.I. U istokov borby za edinstvo i nezavisimost Koreii. – Moskva. 1987. – S.314.
2. Bul derekter ardager ana Muslima Umbetovanyn uly Mazhit Halukbergenulynyn muraqatynan alyndy.
3. Batys Kazakhstan oblysy Karatobe audandyk muraqat. Maidaqer kany m Almagambetova kory.
4. Boranbaeva B.S. Uly Otan soqysyna katyskan Batys Kazakhstan oblysnun kazak kyzdaru. – Oral. «Poliqraphservis», 2015. – 227 b.
5. U pobedy zhenskoe litso. Sbornik vospominanii o boyah pozharishah, o druzyah tovarishah, o neleghoi zhizni rabote v tuly. – Uralsk: «Dialog», 1995. – S. 270.
6. Boranbaeva B.S. Koreyada soqysqan kazak kyzdaru // Turkistan. – 2015. – 16 sayir. №04 (065).



Суретте Есқалиева Үмітай (үшінші қатар оң жақта бірінші), Алмағамбетова Қаным (үшінші қатар оң жақта үшінші), Қиыр Шығыс майданына қатысқан жауынгер ана Қаламсия Ермекованың көрсетуі бойынша (үшінші қатар сол жақта екінші шығысқазақстандық қазақ қызы Ерғазиева Сәбила. Солтүстік Корея. 1945 жыл. 10 қазан. Хейдзио қаласы.



Жауынгер қазақ қызы Есқалиева Үмітайға берілген Жоғарғы Бас қолбасшы Сталиннің алғыс хаты.

Автобиография.

Я Искалиева Умитай родилась 1921 года
 Казахской ССР. Западнo-Казахстанская
 область Жайтауский район пос. Колынов
 Камысковский с/совет.

Соз. происхождение Крестьян-Бедняк.
 Соз. положение служащий. Образование
 Средний. С 1936 г. член ВЛКСМ.

Отец мой Раваев Искаим до революции
 занимался крестьянством. После революции
 занимался крестьянством. 1929 года отец
 умер. До 1934 года воспитывалась у мать.
 Мать умер 1934 г. с 1934 года воспитывалась
 у родного брата Искаим Ураз
 сейчас находится на фронт.

1930 года с сентября до 1937 г. июнь м.ч.
 училась Казахской неполной средней
 школе пос. Колынове Жайтауский
 окончила 7 класс.

1937 г. сентябрь м.ч. до 1940 г. июль

Ардагер Ескалиева Умитайдың соғыс жылдарында жазған өмірбаяны.


выступила училась в техникуме в г. Ураловск
 Казнедрабфрак через годичный срок была
 третьей сурса.

1940. октябрь до 1941 г. август м.ч. работала
 Тайпакский Районпресбытского канонического
 бухгалтер-счетоводом. 1941 август м.ч
 до 1942 г. май м.ч. работала Райсовет
 счетоводом, в каноническом Институте.
 с 1942 г. май до призыва Армии работала
 в Район Тайпакский р-н. каноническим бухгалтером.

1942 г. 24 июля м.ч. призван в ряды РККА.
 1942 г. июля Р. В. Ор. 35 Армии 89 РАБ
 120 БОО Автора кр-40.

От. комсомольской организации
 взосканий не имеют. с советскими
 командирские тоже не имеют.
 Сам не судит, а только родители
 не судит. Заграничные связи не имеет.

Уксинский И. У. 2/III-43г.



Жауынгер қазақ қызы Алмағамбетова Қанымға берілген Жоғарғы Бас қолбасшы Сталиннің алғыс хаты.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ВЛИЯНИЕ КОМПОНЕНТОВ ФЕНОМЕНА МУЗЫКАЛЬНОСТИ НА СОВРЕМЕННОЕ МУЗЫКАЛЬНОЕ ИСКУССТВО ЭСТРАДЫ КАЗАХСТАНА

Галицкая Мария Таубалдиевна

Магистрант 2 курса КазНАИ им. Т. Жургенова, факультет «музыкальное искусство».

E-mail: mariya.galitskaya@mail.ru tel.: +7 705 111 6424

Аннотация. В данной статье феномен музыкальности исследуется как многокомпонентный комплекс, оказывающий влияние на формирование стилистической составляющей эстрадного музыкального искусства Казахстана. Как основные мы предлагаем выделить исторический, композиционный, исполнительский, психологический, нейробиологический и этнокультурный компоненты, которые находятся в непрерывном взаимодействии и оказывают влияние на развитие музыкального пространства в целом. Кроме того мы выделяем наиболее яркие составные части каждого из компонентов и рассматриваем их во взаимовлиянии. В ходе работы мы выдвигаем предположение о том, что сохранение музыкальных корней является важным фактором для приобретения конкурентоспособности отечественного музыкального продукта на международном рынке в эпоху глобализации.

Ключевые слова: Музыкальность, стилевые течения (направления), исторический компонент, композиционный компонент, исполнительский компонент, психологический компонент, нейробиологический компонент, этнокультурный компонент.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ ЭСТРАДА ӨНЕРІНЕ МУЗЫКАЛЫҚ ФЕНОМЕНІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Галицкая Мария Таубалдиевна

ҚазҰӨА 2 курс магистранты. Т. Жүргенова, "музыкалық өнер" факультеті.

E-mail: mariya.galitskaya@mail.ru tel.: +7 705 111 6424

Аңдатпа. Кіріспе. Мақалада музыкалылықтың феномені көп компонентті комплекс ретінде қарастырылып, оның қазақстанның эстрада музыкалық өнерінің стилистикалық негізінің қалыптасуына беретін әсері кеңінен айқындалған. Бұл жерде бір-бірімен үнемі тығыз байланыста болатын, әрі жалпы музыкалық кеңістіктің дамуына өз ықпалын беретін тарихи, композициялық, орындаушылық, психологиялық, нейробиологиялық және этномәдени компоненттер айрықша белгіленген. Сонымен қатар, олардың әрқайсысының негіздері айқындалып, өзара әрекеттесуі көрсетілген. Жұмыс барысында мақала авторы келесі түйіндемеге келді: жаһандану кезеңінде отандық музыкалық шығармашылықтың әлемдік деңгейде бәсекеге жарамдылығы негізгі рухани тұптамырдың сақталуымен тығыз байланысты.

Түйін сөздер: Музыкалылық, стильдік бағыттар (ағымдар), тарихи компонент, композициялық компонент, орындаушылық компонент, психологиялық компонент, нейробиологиялық компонент, этномәдени компонент.

EFFECT COMPONENT MUSICAL PHENOMENON IN THE CONTEMPORARY MUSICAL VARIETY ART OF KAZAKHSTAN

Galitskaya M.T.

2nd year master's student of T. Zhurgenov KazNAI, Faculty of "Musical Art".

E-mail: mariya.galitskaya@mail.ru tel.: +7 705 111 6424

Abstract. This article explores the phenomenon of musicality as a multi-component complex, which influences the formation of the stylistic elements of Kazakhstan musical art varieties. We propose to allocate the historical, composite, performing, psychological, neurobiological, and ethno-cultural components as basic which are in constant interaction and influence on the development of musical space as a whole. Besides, we make accent at the most striking components of each of the components and see them in mutual influence. During the work we make assumption that the preservation roots of music is important factor to purchase the competitiveness of the domestic music product on the international market in the globalization era.

Keywords: musicality, stylistic trends (directions), the historical component, the music composition component, a psychological component, the neurobiological component, ethno-cultural component

Музыкальность, как качественная особенность восприятия музыки, есть феномен комплексный и многосоставный, оказывающий заметное влияние на стилевое формирование музыкального пространства. В данной работе мы выделим компоненты (или формы) музыкальности, которые примем за основные.

1. Исторический (на базе нынешней обстановки в музыкальной индустрии Казахстана)
2. Композиционный (мелодия, гармония, ритм, инструментарий)
3. Исполнительский (фразировка, агогика, динамика, акценты, (штрихи), культура исполнения, техническая подготовка, исполнительский стиль, исполнительская манера, грув)
4. Психологический (отношение музыканта к музыке и реакции публики, культура исполнения и культура восприятия)
5. Нейробиологический (формирование музыкальности мозга)
6. Этнокультурный (использование национального колорита в музыке)

При рассмотрении данного феномена важно учитывать взаимовлияние компонентов, а также важно отметить, что в данной статье мы будем рассматривать стилистику вокально-инструментальной музыки.

Эстрадная музыка Казахстана в нынешнее время расцветает и обогащается новыми красками. Происходит это преимущественно с помощью заимствования музыкальных приёмов из американской, европейской, центральноазиатской и ближневосточной музыки. С одной стороны, это является неутешительным фактом отхода от корней, с другой - обогащает стилевую диапозон отечественного музыкального пространства, т.к. благодаря смешению стилей зарубежных и исконных появляются совершенно новые музыкальные тенденции, которые вносят разнообразие в музыкальный мир Казахстана.

В данной работе мы видим смысл рассматривать исторический компонент музыкальности на базе нынешней обстановки в эстрадной музыкальной индустрии. В настоящее время музыканты создающие музыку преимущественно разделились на два лагеря или две группы. Первая из групп заимствует с максимально возможной точностью фонемы, ритмы, специфику фразировки, конструкции мелодии у Америки, Европы, Центральной Азии и Ближнего Востока.

Вторая же сохраняет уникальный отечественный стиль вокализации слов и исполнения мелодии и аккомпанемента, аккуратно и точно внося стиливые детали зарубежной музыки.

Можно сказать, что первая группа, использует более коммерческий подход, исходя из того, что в последнее время отечественный слушатель ориентирован на продукцию поступающую из Америки и Европы, а также с Востока и такую музыку, возможно легче монетизировать в Казахстане. Но если пытаться реализовать её за рубежом, то можно обнаружить, что она не конкурентоспособна, т.к. зачастую лишена индивидуальности. И

Вторая же группа, использует больше национальных подходов в производстве музыки и сохраняет уникальность. Важно также отметить, что не смотря на то, что данной группе достаточно сложно пробиться в рамках отечественного рынка, в рамках мирового рынка она гипотетически может занять своё исключительное почётное место в силу своей уникальности.

В рамках данной статьи возможно высказать предположение о том, что сохранение музыкальных корней является важным фактором для перспектив развития отечественной эстрады, т.к. во-во первых, потеря связи с музыкальным первоисточником может привести в итоге к циркуляции отечественного музыкального продукта исключительно в Казахстане; во-вторых, потеря корней обедняет вкусовые пристрастия отечественной публики и со временем публика может предпочесть, зачастую более качественный американский, европейский или восточный вариант музыки.

Анализируя нынешнюю ситуацию в музыкальной индустрии Казахстана, сложно переоценить влияние композиционного компонента феномена музыкальности на формирование отечественного музыкального продукта. В данной работе мы рассматриваем композиционный компонент как симбиоз мелодии, гармонии, ритма и задействованного при аранжировке инструментария.

Создание мелодии, с композиционной точки зрения, напрямую связано с оперированием различными мелодическими ходами. Отход от использования традиционных для казахской музыки мелодических ходов и частое применение зарубежных композиционных приёмов при создании мелодии, ведёт к потере национального колорита. Казахский же мелос имеет уникальную мелодическую организацию, которая хранит в себе огромный потенциал для создания уникальных эстрадных композиций.

При рассмотрении гармонической составляющей отечественной музыки мы можем наблюдать аналогичные тенденции. Превалирует использование европейских, американских и восточных гармонических последовательностей, однако есть авторы, которым удаётся смешивать яркую казахскую интервальную структуру аккомпанемента с гармоническими ходами Америки, Европы и Востока. Данный подход способствует сохранению отечественного колорита музыкального сопровождения и дарит возможность подчеркнуть уникальность казахского мелоса

Ритмическая организация эстрадной музыки по нашему мнению является фундаментальным фактором. Данный пласт композиционного компонента феномена музыкальности включает в себя такие понятия как ритмический рисунок, метрическую пульсацию и темп. Эстрадная музыка в силу смешения стилей приобрела богатейшую палитру ритмических рисунков, которая дополнительно окрашена различными подходами к ритмической пульсации в различных темпах. В песенных жанрах ритмическая организация мелодии, гармонии и поэтического текста находятся в неразрывной связи. «Ритм, метр, различного типа фонические повторы, как известно, коррелируют с типом языка» [1, с. 39-42]. Ввиду данного фактора, заимствование мелодии, гармонии или рифа из зарубежной музыки, зачастую происходит к смене фонических составляющих словесного текста, что представляет текстовый языковой блок в несколько искажённом виде. Соблюдение же фонической составляющей языка текста песни (в

данном случае казахского), не всегда допускает свободу использования всех возможностей ритмической палитры мирового эстрадного пространства. Гипотетически при подробном анализе и творческом подходе к созданию композиций можно преодолеть часть этих сложностей с помощью комбинирования исконно казахских и зарубежных способов ритмической организации компонентов песни и создать музыкальный материал, который не искажает текстовый блок, но при этом более синтетичен и разнообразен в ритмическом плане.

Исследуя композиционный блок феномена музыкальности, важно упомянуть об инструментари, который задействуется в композициях. Преимущественно применяются ударная установка в различных конфигурациях, перкуссия, бас гитара, клавишные, как электронные (синтезаторы), так и аналоговые (рояль, форте-пиано), гитары (электронные, акустические), реже струнные и духовые, также в эпоху компьютеризации применяется масса звуковых эффектов и синтезированных звуков, которые существуют в готовом виде (семплы), дополнительно их возможно моделировать самостоятельно с помощью компьютерных программ и плагинов. Казахские традиционные инструменты (домбра, кобыз, кыл кобыз, шан кобыз, сыбызгы, жетыген и др.) также применяются при создании отечественной эстрадной музыки. Данный вид инструментов требует особого отношения, т.к. при создании композиций необходим кропотливый творческий подход к поиску гармонических, мелодических и ритмических решений в силу специфики их строя и аппликатурных особенностей. С точки зрения феномена музыкальности, качество и состав выбранного инструментария играет немаловажную роль в звучании произведения и в восприятии его публикой, т.к. отсутствие или участие каждого из инструментов вносит изменения в характер композиции и её стилистические музыкальные характеристики.

Одной из важных сакрализованных частей юрты является «босаға» т.е. дверь, точнее – дверные косяки. В представлении казахов дверные косяки и порог является священным местом, именно здесь находятся богатство, благополучие. Всем действиям у входа-выхода приписывалась высокая степень семиотичности [9, С.125]. Так, при первом входе в юрту свекра или в «отау» (юрта молодоженов) невеста должна была у порога совершить три поклона, прислониться головой к косякам двери, переступить порог сначала правой ногой; казахи запрещали детям прислоняться к косякам двери («босағаға сүйенбе»), стоять у входа (босағада тұрма); в случае частой смерти детей при последующих родах пуповину резали на порге; у некоторых казахских племен покойника перед выносом три раза поднимали и опускали у порога. Европейские послы при посещении ханской ставки старались не наступать на порог, ибо это считалось признаком недобрых чувств, плохим предзнаменованием. «Черный» гонец сообщал плохую весть, наступая правой ногой на порог и руками подпирая косяк двери. Этот обычай, известный со времени Тюркского каганата, дошел до казахов начала XX в. [7, С. 159].

В народном представлении пространство за пределами организованной структуры жилища представляло собой мир стихии и дикой природы, поэтому казахи говорили: «Есіктен қырық қадам шыққан адам мүсәпір» - «Человек, отошедший на сорок шагов от порога, нуждается в помощи». В казахской традиции, как практически у всех тюрко-монгольских народов, юрту новобрачных готовили родственники невесты. Однако дверные косяки привозил с собой жених [10, С. 203]. По мнению Н.Ж. Шахановой, изготовление остова юрты и двери разными мастерами было обусловлено представлением об обязательном соединении в юрте двух начал (мужского и женского), реализовавшегося в соединении жениха и невесты [8, С. 21].

В народном представлении шанырак часто выступает эквивалентом юрты. Об этом свидетельствуют устоявшиеся выражения «үлкен шаңырак», «қара шаңырак» (дом предков), «шаңырак салық» (дань от каждой юрты) [11, С. 34].

«Шанырак - один из немногих терминов, относящихся к юрте, почти однозначных у турецких и монгольских («цагрык») [12, С. 34]; в калмыцком языке «шанаран» [13, С. 10] напоминает нам о далекой общей основе названия и этой важной составной части юрты.

Шанырак, дверь и очаг - части юрты высокой степени семиотичности, знаковости и сакральности. Большинство религиозно-мифологических и культовых обрядов совершается с участием этих ритуальных символов.

Следующим, тесно взаимосвязанным с шаныраком элементом являются уыки (подпорные жерди опирающие шанырак. Некоторые ученые полагают, что по углу падения солнечных лучей через верхнее отверстие (шанырак) юрты на кончики жердей, которых бывает около 60, можно определить время [14, С. 175].

Тюрко-монгольские параллели в названиях частей юрты касаются также и названия купольных жердей: "уык", монгольский "уни" [15, С. 65], калмыцкий "унин" [19, С. 10]. Очевидно, "уык" в семантическом отношении восходит к "ок" (стрела). В самом деле, длинная жердь, заостренная с одной стороны, напоминает стрелу, копье.

Одним из основных отличительных признаков юрты от всех передвижных жилищ кочевников является разборно-складной решетчатый остов стен [16, С. 199-200]. Этот элемент –

настолько важная составная часть, что, по мнению некоторых исследователей, само название юрты восходит к названию решетчатого остова. Раскрывая семантику слов "терме гер", этнограф М.С.Муканов пишет: "Можно полагать, что между терминами "терме гер" и "терме алаша" есть смысловая связь, - и в том и в другом случае имеются в виду различные по своему значению элементы материальной культуры, несущие признак переплетений, решетки; полотняное переплетение подсказало древним народам создание жилища хуннского типа, а затем и изобретение решетки как более удобной и практичной конструкции переносного жилища кочевников" [16, С. 205]. Представляется спорной связь слова "терме", "теру" (в современном казахском языке "перебирать") с решетчатым остовом, как и перевод слов "терме гер". С.А.Козин переводит "терме кер" как "решетчатая юрта" [17, С.190], Н.П.Шастина - как "юрта с острой (конической) верхушкой" [18, С.237].

На наш взгляд, монгольское название юрты "кэр" (гер) генетически восходит к древнетюркскому *kegaγ*, что означает "шатер, юрта" [19, С.212]. Семантическое содержание древнетюркского "керагу" и позднеказахского "кереге" восходит к общему корню - "кер". В свое время исследователь культуры казахов Б.А.Куфтин писал: "...слово "кереге" этимологически производится от корня "кер" - растягивание" [12, С.34]. Действительно, главной отличительной особенностью решетчатого остова стен юрты как раз и является способность растягиваться во время установки. М.С.Муканов отмечает, что в Восточном Казахстане юрту иногда называют одним словом - "кереге" [20, С.195]. У казахов данного региона встречается выражение: "Баласын үйлендіріп бөлек кереге тұғызып берді" (Женил сына и наделил его отдельным кереге, т.е. юртой).

Итак, можно считать установленным, что в казахском языке слово "кереге" ранее употреблялось также и в значении юрты в целом. Думается, монгольское название юрты - "гер" генетически восходит к древнетюркскому "керагу", точнее, к его корню "кер".

Если считать более или менее доказанным заимствование решетчаторазборной юрты древнетюркского типа монгольскими кочевниками [21, С.52-54; 22, С.52-54], то и заимствование названия юрты в несколько измененном виде не вызывает сомнения.

С шанырака внутрь юрты спускались тканые или плетеные узкие ленты – желбау. В случае сильного ветра их привязывали к колу, вбитому в середине юрты.

Шанырак и дверь, будучи проницаемыми границами вертикальной и горизонтальной организованных структур, считались наиболее уязвимыми частями [23, С.133-134]. Поэтому шанырак и дверь на ночь обязательно закрывали и вывешивали вещи с апотропеическим (защитным) значением. Например, у дверного косяка (босаға) вывешивали локтевую кость барана (қары жілік), которая, считалось, хранила от различных бед. У порога на ночь оставляли в плоской посуде молоко ("ақ"), чтобы змея не навредила жителям юрты; во время родов с целью предотвращения прихода различных злых духов к роженице у двери держали коня с белизной на глазах ("ақ шығыр ат"), а у шанырака - беркута. Иногда у входа в юрту устанавливали найзу – пикку как оберег благополучия жившей в ней семьи [24, С.16].

В заключении можно сделать вывод, что, символика юрты в традиционном мировоззрении казахов определил и мировоззренческий опыт повседневного быта. Говоря о казахской юрте, можно с уверенностью сказать, что как жилище она была не только точно рассчитана и продумана с учетом потребностей быта кочевников, а ее убранство отличалось орнаментальным изяществом декора, но и сам принцип построения юрты был отражением их взглядов на окружающий мир.

Литература

1. Оразбаев А.М. Поселение Чаглинка (Шагалалы). Некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана, 1970. - С.129-146.
2. Топоров В.Н. О космологических источниках раннетюркских описаний // Труды по знаковым системам. – Алма-Ата: Тарту, 1973. - Вып. 6. - С. 114-121.
3. Фатиков Р.Р. К семантике шанарака // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. - Алма-Ата, 1980. - С.179-185.
4. Михайлов Т.М. Из истории бурятского шаманизма (с древнейших времен до XVIII в.). - Новосибирск, 1980. – 252 с.
5. Хомонов М.П. Бурятский героический эпос «Гэсэр». - Улан-Удэ, 1976. – 251 с.
6. Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы // Тюркологический сборник. - М., 1972. - С. 213-214.
7. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-нач.XX в.). – Алма-Ата: Гылым, 1991. - 214 с.
8. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы, 1998. – 212 с.
9. Сейдимбеков А. Первый снег: Документальные рассказы. - Алма-Ата, 1989. - 101 с.
10. Кенесбаев С. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, 1977. – 560 с.
11. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. - Алматы, 1973. 203-б.
12. Куфтин Б.А. Киргиз-кайсаки: Культура и быт. - М., 1926. - 134 с.
13. Пюрвеев Д.Б. Архитектура Калмыкии. - М., 1975. - С. 10.
14. Пюрвеев Л. Культурное наследие кочевников в аспекте проблемы стационарного и мобильного в архитектуре // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. - С. 175.
15. Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии // Советская этнография, 1976. - № 4. - С. 42-43.
16. Муканов М.С. Казахская юрта. - Алма-Ата, 1981. - 205 с.
17. Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. - М.,1941. -Т.I. - 190 с.
18. Шастина Н.П. Русско-монгольские посольские отношения 17-го века. - М.,1958. - 211 с.
19. Древнетюркский словарь. - Л., 1969. - 300 с.
20. Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы, 1974. - 102- б.
21. Лубсан Данзан. Алтан тобчи: (Золотое сказание). - М.,1973. - 237 с.
22. Попов А.А. Жилище // Историко-этнографический атлас Сибири. - М.-Л., 1961. - С.52-54.
23. Кенесбаев С. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, 1989. - 248-б.
Байбурин А.К. Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. - Л., 1983. - 136 с.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ЖАҢА КОНЦЕПТУАЛДЫ ТҮРҒЫЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Жаппасов Жарылқасын Еркінұлы¹, Тасилова Назия Айтбаевна²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа. *Kіріспе.* Еліміз тәуелсіздігін алмай тұрып, ХХ ғасырдың басында қазақ тарихнамасын зерттеу, методологиясын жазу түрлі бағытта жүргізілген еді. Партиялық-бұйрық қазақ елінің тарихи танымын басты назарда ұстады. Сонымен әр кезеңде өзгеріп отырған методологиялармен бұйрықтар жаппай жылдар бойы жүріп жатты. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан республикасының тарих ғылымы еркіндік алып, түрлі методологиялық проблемалармен бетпе-бет келді. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы тарихнамасындағы жаңа концептуалды зерттеулер және көзқарас туралы айтылады.

Түйін сөздер: тарихнама, методология, әдіс, таным, синергетика.

СТАНОВЛЕНИЕ НОВЫХ КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ПОДХОДОВ В ИСТОРИОГРАФИИ РК

Жаппасов Ж.¹, Тасилова Н.²

¹доцент кафедры истории Казахстана Казахского национального университета имени Аль-Фараби, кандидат исторических наук

²доцент кафедры истории Казахстана Казахского национального университета имени аль-Фараби, кандидат исторических наук

Аннотация. Историческая наука в Республике Казахстан, обретя свободу от партийно-директивных указаний, в настоящее время находится в эпистемологическом поиске, столкнувшись с проблемой методологической самоидентификации.

В казахской интеллектуальной традиции одной из сильных ее сторон является стремление к историческому познанию, проявившемуся уже в работах казахской интеллигенции начала ХХ века. В данной статье рассматривается проблемы становление новых концептуальных подходов в историографии РК.

Ключевые слова: историография, методология, метод, познание, синергетика.

THE FORMATION OF NEW CONCEPTUAL APPROACHES IN THE HISTORIOGRAPHY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Zhappasov Zh.¹, Tasylova N.²

¹al-Farabi Kazakh National University associate professor of the Department of history of Kazakhstan, candidate of historical sciences

²al-Farabi Kazakh National University associate professor of the Department of history of Kazakhstan, candidate of historical sciences

Abstract. At the beginning of the XX century, to our country's independence, the study of Kazakh historiography and methodology were carried out in a different direction. Different party ideas carefully observed the development of Kazakh historiography. Thus, at each stage of the method of investigation and the direction changed.

This article discusses the problems of Kazakh historiography, as well as new techniques and methodologies in researching and different kinds of concepts.

Keywords: historiography, methodology, method, cognition, synergetics.

Қазақстан Республикасындағы тарих ғылымы партиялық-бұйрық нұсқаулардан еркіндік алып, тарих ғылымы методологиялық өзіндік идентификациялау проблемасымен бетпе-бет келіп, бүгінде эпистемологиялық ізденіс үстінде.

Қазақтың интеллектуалды дәстүрінің ең бір мықты жағы тарихи танымға деген ұмтылыс болып табылады. Ол XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының еңбектерінде көрініс тапты. Сондай-ақ, қазақ тарихы мен өткен тарихты білуге деген талпыныс бастапқыда-ақ, дәстүрлі шежіреде - қазақтардың генеалогиялық шығу тегінің іргесінде қаланды.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдардың басында тарихи таным тарихнамасының басты назарда болуының негізгі себебі, «буржуазиялық» тарихнаманы қатаң сынға алудың кең етек жаюы мен кеңестік тарих ғылымында маркстік-лениндік методологиялық қағидалардың берік орнауы болды. 30-шы жылдардың аяғында қалыптасып 50-ші жылдардың соңына дейін сәтті өмір сүріп, маркстік-лениндік идеологияны бойына сіндіріп, «мақұлданған және ресми сыналған», қоғамдық-экономикалық формация теориясына негізделген тарихи тұжырым, сол идеологияға сай тарихи деректерді бұрмалауға және оларды қолданыстан алып тастауға, фактілерді тарих дамуының алға басқан объективті жолына негізделген деп белгілі бір схемаға келтіріп шектеуге жол берген.

60-шы жылдардың басында ғана тарихи материализмнің ескірген догмаларын жаңарту қажеттілігін ұғыну мен идеологиялық жүгеннің әлсіреуі, шетел әдебиеті мен мұрағат құжаттарына рұқсатқа көбірек мүмкіндіктердің берілуі Кеңестік тарих ғылымында тарихнама проблемаларын қайта ой елегінен өткізу қажеттілігін туындатты. Әйткенмен, 60-шы жылдардағы тарихнама проблемаларын қайта қарауда бір жағынан – қоғамдық-экономикалық формацияның маркстік теориясының тұрпайы өзгешілігін лениндік теория аясында тазарту және тойтарыс беру, екінші жағынан – жалпы марксизмнің жаңаша түсіндірілуіне қарсы талаптардың аясында жүзеге асырылды.

70-ші жылдары маркстік-лениндік тарихи таным теориясына айтарлықтай жаңа көзқарас енгізілген жоқ. Оның негізгі - объективтілік, партиялық, тарихилық қағидалары тұрақты деп танылып, тарих ғылымының методологиясына қатысты арнайы мәселелерді қарастыру қажеттілігі туралы түрлі пікірлер кесіп тасталынды. Сондықтан, сол жылдары тарихи танымның методологиялық мәселелеріне қызығушылық танытқан көптеген зерттеушілер, партиялық-идеологиялық ықпалы айтарлықтай күшті болмаған деректану саласына кетті.

XX ғасырдың 70-80-ші жылдары КСРО тарихтың методологиялық проблемаларына арналған жүздеген мақалалар мен ондаған монографиялар жарияланды. Олардың бірі фундаменталистік-марксистік пайымда болса, басқалары методологиялық жаңалықты мазмұндады.

Тәжірибе жүзінде, бұл марксистік методология тарихи процесстің көпнұсқалығы идеясы, «тарихтағы адам» және «адамдағы тарих» проблемасы, тарихи танымдағы мәдениеттану мәселелері, тарихи зерттеулерде сандық әдіс пен тарихи моделдеу сияқты бірқатар жаңалықтарға интеграциялану әрекетіне алып келді.

Нәтижесінде 80-ші жылдардың соңында тарихқа марксистік монистік көзқарас догмасын қақ жарып, методологиялық плюрализм идеялары және оны плюралистік тұрғыда түсіндіру мүмкіншілігі табысқа жетті.

Қазақстанда жаңа методологиялық тұрғылардың нақты іске асырылуы қазақтың көпшілікке танымалы тарихшысы М.Қ. Қозыбаевтың есімімен тікелей байланысты. Ол Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алу кезеңінде «деректанулық зерттеулерге кең ауқымды алғышарттар жасау қажеттілігін, тарихи ізденістер барысында ең үздік технологияларды меңгеру, методологиялық инновацияларда үдемелі жетістіктерге серпіліс беру қажеттілігіне» қазақстандық тарихшылардың назарын аударды [1, 17 б.]. Осы кезеңдегі Қазақстанның тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі, тарих ғылымының методологиялық дағдарысы мен тарихи зерттеулерде жалпы ғылыми әдістерді пайдаланудағы жаңа тұрғылардың қалыптасу мәселесі болды. Әсіресе, ол соңғы он жылда жаратылыстану ғылымында, гуманитарлық білімде де ерекше танымалы жүйелеу әдісі мен синергетикаға қатысты. Ғылыми талдауды қолдану, зерттеудің жаңа тәсілдері мен әдістерін пайдалану және басқа пәндерде тексерілген құралдарды кеңінен қолдану арқылы тарих ғылымы саласында пайда болған дағдарыстан шығу жолдарын табуға болады. А. Нысанбаевтың атап көрсеткеніндей, «басқа ғылымдар сияқты тарих ғылымының прогресі де нақтылықты толық және тереңінен (демек, объективті) тануға мүмкіндік беретін жаңа ұғымдардың жасалу үрдісімен қатар жүреді» [2]. Бұл жүйелілік әдістің өзі өзгермейтін болмағандықтан, жүйелердің жалпы теориясынан синергетикаға дейін жаңа формаларды қабылдауы және үнемі дамуы өте маңызды. Жүйе түсінігі тарих ғылымында бұрыннан және берік орнығып алса да, соған қатысты қазіргі заманғы зерттеу парадигмаларында, тарихи зерттеулерде практика жүзінде қолданысқа толығымен енгізілген жоқ.

Тарихи зерттеулерде жүйелік әдісімен оны қолданудың классикалық үлгісін кеңестік зерттеушілер берді, оларды атап айтар болсақ, И.Д. Ковальченко, А.И. Ракитов, М.А. Барг, Б.Г. Могильницкий, В.А. Дьяков, Е.М. Жуков. Тарих ғылымын интеграция үрдісіне кірістірудің механизмдерін талқылаған И.Д. Ковальченко басты назарын ең бірінші ғылыми танымды бір саладан екінші салаға тасымалдайтын идеялар мен пайымдауларға аударды және екіншіден, нақты бір білім саласына қатысты түсіндірмелі-категориялық аппарат пен методтарды басқа білім салаларында пайдалануға көңіл бөлді. Бірақ, интеграция барысында жалпы ғылыми көзқарастар мен әдістерді тудыратын жаңа идеялар, көзқарастар мен әдістерге қатысты қажеттіліктер болуы мүмкін [3].

Л.Н. Гумилевтің белгілі «пассионарлық» тұжырымдамасында да синергетикалық парадигманың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын - жүйелеу тұрғысы мен өзін-өзі басқару ұстанымдары іске асырылды. Халықты динамикалық жүйе ретінде анықтаған Л.Н. Гумилевтің, қоршаған ортамен энергия мен энтропия алмастыру арқылы, этнос тіршілік әрекеті үшін жинақталатын энтропияны үнемі жойып отыру қажет деп есептейді [4]. Сонымен қатар, кеңестік тарих ғылымында үстемдік еткен экономикалық детерминизм жүйелік әдістің мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалануға жол бермеді.

Тарих ғылымының методологиялық және әдістемелік құралындағы жаңару бағыттарының бірі тарих ғылымының түсіндірмелі-категориялық аппаратына жалпы ғылыми категориялардың белсенді қосылуынан, сондай-ақ, тарихи деректерді талдаудың математикалық әдістерін кең ауқымда қолдану мен тарихи үрдістердің математикалық модельдерін жасаудан көрінеді. XX ғасырдың 60-80-ші жылдарында тарих ғылымымен жинақталған квантификация тәжірибесі математикалық статистиканың күрделі әдістерін бірте-бірте енгізетін даму бағытын нақты түрде айқындап берді.

90-жылдардың басында тарихи зерттеулерде жалпы ғылыми әдістерді қолдану мәселелері жүйелер мен синергетиканың жалпы теориясы - жүйелік әдістің негізіне айналған жаңа зерттеу парадигмаларының таралуына байланысты жаңа мәнге ие бола бастады.

Әлеуметтік динамиканы математикалық модельдеу мен жүйелік талдау әдістеріне негізделген «теориялық тарихты» құрастыруға талпыныс ретінде авторлар ұжымымен (С.П. Курдюмов, Г.Г. Малинецкий) жариялаған зерттеу бағдарламасын атақты физик С.П. Капица

жетекшілік етті [5]. Осы мектептің негізгі бағыты – демографияның зерттелген заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, халықтың қоныстану үрдістерін модельдеу және қоғамның дамуына болжам жасау. Осы бағдарлама аясында жүзеге асырылған жұмыстар, адамзат тарихының аспектілеріне бағытталған - демография, экономика және этногенез сияқты ғылыми-жаратылыстану үрдістерімен тығыз байланыстылығын атап өту қажет.

Ғылыми-жаратылыстану мен гуманитарлық ғылым арасындағы байланыс мәселелері С. Переслегин мен В. Лекторскийдің еңбектеріндегі зерттеу объектісіне айналды. Стратегиялық көзқарас тұрғысынан қарастырғанда, С. Переслегин таным механизмдеріне басымдық көрсететін, пәні мен әдістемесі жағынан неғұрлым алуан түрлі, пәндерді біріктірген зерттеулердің болашағы берік болады» деп есептейді. Сонымен қатар, автор осы бағыттағы негізгі қиыншылықты да атап көрсетеді – ол пәнаралық өзара қарым-қатынастың нақты механизмінің жоқтығында. С. Переслегиннің пайымдауынша, осы мәселеден шығудың негізгі жолы – пәнаралық зерттеулердегі ғылыми-жаратылыстану ілімінің «артықшылық презумпциясында». Автор бұл артықшылық методологиялық та, және фактологиялық жағынан да жаратылыстану ғылымдарының ең үздік туындыларынан пайда болған деген қорытындыға келеді [6]. Осы мәселені В.А. Лекторский де өз еңбектерінде қарастырған болатын. Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының арасындағы түбегейлі айырмашылықтар туралы негізгі тезистерді талдай отырып, ол біртіндеп осы тезистің жалғандығын әшкерелейді және олардың маңызды бірлігі жайында қорытынды жасайды [7].

А.П. Назаретяннің зерттеулері гуманитарлық ғылым саласына синергетикалық парадигманы енгізудің жалпы мәселелеріне арналған. Ол синергетикалық парадигманың кең етек жаюы жаратылыстану мен қоғамтану арасындағы шекараларды жойып және әлемнің әмбебап эволюциясының көрінісін құрастыруда маңызды факторлардың бірі бола алатындығын тұжырымдады [8]. Зерттеуші С. Гомаюнов та «қазіргі заманғы ғылыми қауымдастық ойлаудың бағыттық емес (синергетикалық) стиліне барынша қызығушылық танытып отыр» деген қорытындыға келді [9].

Синергетикалық және жүйелік әдіс формасындағы тарихи үрдістің философиялық-әдістемелік рефлексия мәселелерін тереңінен зерттеген ресейлік философтар – Т. Дебердеева мен И. Крайнюченконың еңбектерін атап өтуге болады. Ал, М.В. Сапронов классикалық парадигманың кейбір радикалды постулаттарынан бас тартқан, қоғамтанудың гносеологиялық негіздерін қайта қарауды, яғни, жаңа дүниетанымдық деңгейге өтуді ұсынады. Автор дағдарыс жағдайынан шығудың жолын тарихшылардың синергетика мен өзін-өзі ұйымдастыру теориясының негізгі тұжырымдамаларын меңгеруінен көреді [10]. Әлеуметтік өзін-өзі ұйымдастыру (социосинергетика) теориясының қалыптасуы мен дамуы мәселелерін Д.Э. Жамсрандоржийн еңбектерінде тереңінен қарастырды. Басқа авторлар сияқты, Д.Э. Жамсрандоржийн де социосинергетикадағы қалыптасқан жағдай тұрақты емес, бірақ бұл методологиялық тұрғы гуманитарлық салада жүзеге асуға құқылы деп есептейді [11].

Байқалып тұрғандай, әлеуметтік жүйелерді талдауда қолданылған әдістеме, жаратылыстану ғылымдарының негізінде қалыптасқан, ол ең алдымен жаратылыстанушылар, физиктер, математиктер мен биологтарға және азды-көпті философтарға тиесілі. Шындығында, тарихшылар жалпы ғылыми әдістерді қолдану мәселелерін қазірше жете қарастырмай жатыр. Осы орайда, соңғы кездері пәнаралық ғылым деңгейі фундаменталдық құрылымнан көп деңгейлі детерминациямен тығыз байланысты анағұрлым күрделі құрылымға жылжу арқылы дамып жатқанын жариялаған зерттеуші А. Уйбоның мақаласын айта кету керек. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер жиынтығын, олардың пәнаралық дәрежесіне қарай бөлшектеу арқылы, А.Уйбо бірінші орынға философияны, ал екіншіге - тарихты лайықты деп есептейді. Осылайша, ол пәнаралықты - бір жағынан көп деңгейлі детерминациясы бар тарихи таным объектісінің

ерекшелігі, ал екінші жағынан - объектіні оның уақытша алшақтауына байланысты тану ерекшелігіне негізделген кез-келген ғылыми тарихи қайта өңдеуге тән қасиет деп санайды [12].

О.Г. Дуканың тарихи дамудың тұжырымдамалары мен теорияларын ықтимал-мағыналық(вероятностно-смыслового) ұстаным тұрғысында саралаған диссертациялық зерттеу жұмысында, қазіргі таңдағы орыс тілді тарихи ойдың жағдайы, соның ішінде синергетика кеңінен талданған. Семиотика(белгілерді зерттеу), герменевтика, ықтималдық логика, когнитивті психология, бейнені анықтау теориясы, гомеостатика мен тарихнамалық зерттеулердің технологиясы идеяларын саралау негізінде, автор тарихи таным үрдісін ойлауды қалыптастырудың негізгі ықтималды анықталған үрдіс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін ықтималдық-мағыналық методологиялық тұрғыны ұсынады. Осы тұрғыдан алғанда, О.Г. Дука тарихи синергетиканы қалыптасып келе жатқан методологиялық дәстүр ретінде бағалайды [13].

Тарихи зерттеулердегі пәнаралық мәселелер «Әлеуметтік-гуманитарлық және саяси білім беру» сайтында «XXI ғасырдың басында тарих ғылымындағы пәнаралық тұрғылар: өрлеу немесе құлдырау?» деп аталған Интернет-конференцияда көрініс тапты.

Л. Бородкин өзінің осы аттас кіріспе мақаласында пәнаралық методологияға тарихшы-зерттеушілер қауымдастығының назар аударуы, тарих ғылымы дамуының осы кезеңіндегі басымдылыққа ие болған жинақтап қорытушы(генерализирующий) немесе жекелендіруші(индивидуализирующий) ұстанымдарға да байланысты. Нақты екі ұстанымның алғашқысында ереже бойынша, формализм мен сандық талдау сияқты әлеуметтік және нақты ғылымдардың әдістерін қолдану арқылы заңдылықтарды анықтау, зерттеу бағдарламасының орталығы болып табылады [14].

И.Г. Попцовтың мақаласында тарихи зерттеулер мысалында пәнаралық ұстанымды қолданудың маңызы мен өзектілігі қарастырылады. Автор тарихи құбылыстарды зерттеу барысында басқа пәндердің (соның ішінде, социология, психология және мәдениеттану ғылымдарының) жетістіктерін пайдалану қажеттілігін көреді. Пәнаралық тұрғыға назар аударған тарихшы, өзінің зерттеу жұмысының әдістемесіне өте мұқият болуы керек. Және пәнаралық деңгейге өтпес бұрын, зерттеуші қарастырылып отырған мәселенің мазмұнына терең бойлап, деректермен ұқыпты түрде жұмыс жүргізгені дұрыс [15].

А.Ш. Бакиев өзінің кішігірім мақаласында пәнаралық тұрғыларды қолданудағы редуционизмнің қауіптілігі жайында ескертеді. Шектес ғылымдардың зерттеу ұғымдарын, категориялары мен әдістерін тарих ғылымының түсініктік және методологиялық аппаратына ауыстырудың жетістігі мен сәтсіздігіне қазіргі таңда бір ауыздан нақты жауап беру мүмкін емес. Ғылыми тарихи аппаратқа жаратылыстану ғылымының терминдерін, оның ұғымдары мен категорияларын байланыстырып(конъюнктуралық) енгізу, А.Ш. Бакиевтің ойынша, ғылымның қадірін кетіретін жағдайларға әкеліп, тарих ұғымын жою қауіпін тудырады [16].

Адамзат қоғамы эволюциясының әр түрлі аспектілерін ұғыну мен сипаттау үшін, логикалық-математикалық әдістерді біртіндеп және жүйелі түрде қолдануға мақсатты түрде бағытталған ұмтылыстардың бірі 2005 жылы «Тарих және синергетика: Зерттеу методологиясы» деген кітаптың жарыққа шығуы болды. Осы жинаққа кірген Д.М. Бондаренко, С.Ю. Малков, А.В.Коротаев, А.П. Назаретян және Д.И. Люридің зерттеулерінің басты мақсаты ұқсас математикалық моделдеудің негізінде, нақты тарихи және әлеуметтік-экономикалық үрдістерді терең білу, әлеуметтік жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру және дамудың жалпы заңдылықтарын логика-математикалық сипаттау мен анықтау негізінде пәнаралық тұрғылардың дамуы болды. Тарихи зерттеулерде синергетиканы қолдану тәжірибесі Н.А.Ерохина мен В.С. Прядейннің еңбектерінде қарастырылды.

Тарихи зерттеуде жалпы ғылыми әдістерді қолдану мүмкіндігін қарастырған жұмыстар жайында айта келіп, скептиктерді (сыншылдар) де атап айтқан жөн. Бұл ретте, Е. Топольскийдің

зерттеулеріне көңіл аударуға лайықты, ол жүйелерге қатысты теорияда адамның азды-көпті зерделі әрекеттеріне жол берілмейді дей келе, соның негізінде тарихи зерттеуде жүйелеу теориясын қолдану қажетсіз деп жорамалдайды. Тағы да бір синергетикалық зерттеу парадигмасына қарсы шығушылардың бірі К.Х.Момджян, ол өзінің қарсылығын әлеуметтік жүйенің даму заңдылықтарын физикалық өзін-өзі ұйымдастыру формасы ретінде қарастыратын ғалымдар, әлеуметтік қызметтің мақсаттылығы, еркіндіктегі адамның жігер феномені мен басқа «физикалық емес» факторларға жете назар аудармайды деп негіздейді.

Кейбір авторлар тобы синергетиканың және онымен тығыз байланысты болған жүйелердің жалпы теориясының ғылыми парадигма деп аталу құқықтарын мүлдем мойындамайды. Әсіресе, В. Кутырев өзінің еңбегінде синергетиканы жедел құтқаруды қажет ететін, болмысқа қауіп төндіретін алдамшы ілім деп мәлімдеді. Сондай-ақ, М.И. Штеренберг өз басылымдарының бірінде синергетика ғылым болып табылмайды деген қорытындыға келеді. В.И. Сыров жүйелік тұрғыға негізделген синергетикалық теорияны «Жалған ғылым» («псевдонаука») деп есептейді.

Кеңестік дәуірден кейінгі тарих ғылымы ұзақ уақыт бойы тарихи үрдістерді меңгерудің методологиялық негізін жасау қажеттілігіне көңіл аудармағандығын атап өту қажет. Тарихтан талдап қорытындыланған еңбектердің басым көпшілігі хронологиялық принциппен жазылып, мазмұны кезең-оқиға-факт схемасымен құрастырылған еді. Нәтижесінде оқырманның санасында тарихи үрдістерге кездейсоқтық-оқиғалық көзқарастар бекітіліп, маңызды оқиғаларға балама көзқарастарға байланысты – тарихи таным үрдісінің объективтілігіне күмән туады. Зерттеуші Ш.Ж. Нартбаев: «Кеңестік кезеңдегі біржақты идеологиялық ұстанымдар мен методологиялық принциптер, қазақ тарихшыларының тарихнамалық зерттеулермен еркін және жан-жақты айналысуларына мүмкіндіктер бермеді, тарихнаманың теориялық әсіресе ұлттық сипаттағы мәселелерін тереңдете талдау «саяси» немесе «идеологиялық қателіктерге» жиі ұрындырғандықтан, қазақ тарихшылары методологиялық мәселелерден алыс тұрды. Мұның өзі Қазақстан тарихнамасының ғылыми негіздерін айтарлықтай әлсіретті», - деп атап өтті.

XX ғ. соңы - XXI ғасырдың басында Қазақстанда бірқатар еңбектер пайда болды, онда тарихи зерттеулердің даму бағыттары белгіленіп, жаңа методологиялық тұрғылар жасауға талпыныс жасалынды. Қазақстандық тарихи зерттеулердегі әдістемелік негіздерді қалыптастырудың жалпы мәселелері М.К. Қозыбавтың еңбектерінен нақты көрініс тапты.

Қазақстанда тарихнама ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі Д.И. Дулатова. Ғалым Қазақстан территориясындағы халықтардың әр кезеңдердегі көрші халықтармен өзара мәдени байланыстары мен ықпалдастықтары мәселелерінің зерттелу барысын жүйелеп көрсетті. Тарихи зерттеулерді тарихнамалық жаңаша концептуалдық, ұлттық тұрғыда талдаған белгілі ғалым Т.О. Омарбеков пен Ш.Т. Омарбековтың «Қазақстан тарихы мен тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты іргелі зерттеу еңбегі біздің зерттеу тақырыбымыздың бағыттары мен нәтижелерін бағалауда маңызды орын алады.

Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихының саяси, экономикалық, этникалық тарихын, дипломатиялық қарым-қатынастарын жазба деректердің негізінде қарастырып, оларға баға беруде өзіндік жаңа көзқарас принципін ұстанған тарихшы Ә. Хасеновтың «Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны» деп аталатын монографиясы ерекше құнды дүниелердің қатарына жатады. Өйткені, мұнда XVI-XVIII ғасырлардағы қазақтардың жоңғарлармен қырғын соғысы, сол кезеңдегі қазақ – орыс байланыстары жайлы құнды пікірлер бар. Сонымен қатар, Ә. Хасенов XVI-XVIII ғғ. аса ірі мемлекет қайраткерлеріне – хандар, қолбасшылар, батырлар, билер, ақын-жыраулар, әулие-абыздар және елшілерге тоқталып, тарихты ұлттық тұрғыда зерттейді.

Ортағасырлардағы Қазақ хандығының тарихы, оның әртүрлі қырларын зерттеп жүрген тарихшы Т.И. Сұлтановтың «Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана» атты еңбегі Қазақ хандығының тарихына байланысты құнды зерттеулердің қатарына жатады. Бұл еңбекте алғашқы

қазақ хандары Керей мен Жәнібектен бастап Тәуке ханға дейінгі кезең кешенді деректер негізінде талданған. Онда қазақ хандарының генеологиясы, көшпелілердің билікті мұралану тәртібі, ата-баба заңдары, қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы қарастырылған. Т.И. Сұлтановтың «Россия и Казахстан: история и проблемы взаимодействия (XVI-начало XX века)» атты мақаласында автор патша мұрағатының деректері негізінде Мәскеу мемлекеті Василии III (1505-1533 жж.) тұсында еуропа елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып Қазақ хандығына саяси қызығушылық білдірді дейді. Автордың айтуынша XVI ғасырдың соңына қарай қазақ-орыс қарым-қатынастары жиілей түседі. Өйткені, орыс елі Қазан, Астрахан, Еділ бойы, Сібір хандығын өзіне қосып алады да Қазақ хандығымен шекараласады. Осылайша Т.И. Сұлтанов нақты ресми түрде қазақ-орыс байланыстары 1594-1595 жылдары болғанын баяндайды. Автор Ресей империясы қазақ-орыс байланыстарын орнатқанда көздеген мақсаты уақытша ғана шекаралас елдердің достығын көрсету әрекеті еді, шын мәнінде Сібірді отарлауы сияқты ол да отарлаудың жаулап алудан ұзағырақ жолы еді деген пікірін білдіреді.

Қазақ хандығының тарихымен, оның ішінде Қазақ хандығының Орталық Азия елдерімен дипломатиялық байланыстарын шығыс деректерінің негізінде қарастырып, дипломатиялық байланыстардың тарихын объективті түрде талдаған шығыстанушы ғалым М.Х. Әбусейитованың қазақ тарихын зерттеуге қосқан үлесі зор. Зерттеуші «Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.» атты монографиялық еңбегінде Қазақ хандығының өзбек, қырғыз, ойрат, қарақалпақ, орыс елдері арасындағы қарым-қатынастарының кейбір аспектілеріне тоқтала отырып, ортағасырлық Қазақстан тарихының кейбір шешімін таппаған мәселелерге дәлелді қорытындылар жасайды. М.Х. Әбусейитова шығыс деректерін, орыс мұрағатынан алынған материалдар мен дәстүрлі ауызша тарихи мәліметтерді кешенді түрде тарихи талдаудан өткізеді.

Сонымен қатар, тарихи зерттеулердің даму бағыттарын қарастырған бірқатар ғылыми еңбектерді атап өту қажет. Қазақстанның шетелдік тарихнамасын зерттеудің әдістемелік қағидалары Р.М. Таштемханованың еңбегінде ұсынылған болатын. Р.М. Жұмашев Қазақстан мәдениетінің тарихын зерттеуге қатысты өзіндік даму жолдарын ұсынады. Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесін зерттеген С.К. Кентбеков, Ж.М. Арыновты ерекше атап өтуге болады. Соңғы кездері атқарылып жатқан маңызды жұмыстардың қатарына, зерттеудің жалпы пәні арқылы бірігіп, жеке очерктер жинағынан құралған Қазақстан тарихының тарихнамасы мен әдістемесінің мәселелері туралы ұжымдық еңбекті қою қажет. Бұл жинаққа С. Мәжитов, Ж. Әбілхожин, И. Ерофеева, С. Жакишева, Б. Сужиков және, К. Әлімғазинотардың жұмыстары кірді.

Соңғы он жылдықта Қазақстанның тарих ғылымында жаңа көзқарас тұрғысынан жазылған бірнеше зерттеулер пайда бола бастады, онда әр түрлі дәрежелі талдап тексеру арқылы, жаңа методологиялық ұстанымдар аясында нақты тарихи құбылыстар мен үрдістерді теориялық-методологиялық жағынан қайта ой елегінен өткізіп, талдау мәселелері қарастырылды. Бұған мысал ретінде К.Л. Есмағамбетов, К.Р. Несіпбаева, И.М. Қозыбаев, Г.М. Батырбеков, Ж.Б. Құндақбаева, Р.Ж. Кадысова, Г.Б. Бырбаева, Х.А. Сутеева, Г.М. Какенова мен С.И. Ковальская, А.Д. Кокеев, Э.Д. Телеуова, А.М.Абдильдабекова, Г.Е. Сабденова, С.А. Едильханованың Қазақстан тарихы мен шетелдік тарихнаманы, әсіресе, қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерттеу мәселелеріне қатысты еңбектерін ерекше атап өтуге болады [17].

Ежелгі және орта ғасырлық социумдарды зерттеу, олардың материалдық және рухани мәдениетін зерделеудің методологиялық аспектілер М.Қ. Әбусейитова, С.М. Сыздықов, Ж.К. Таймағамбетов, В.В. Евдокимов, С.И. Аджигалиев, Р.У. Кәрімова, Б.А. Байтанаев және Ж.О. Артықбаевтың еңбектерінде толығымен қарастырылды. Б.Е. Көмеков пен Қ.М. Атабаевтың диссертациялық зерттеулерінде тарихи деректердің жоғарыда аталған алуан түрлерін сараптаудағы теориялық мәселелер талқыланды [18].

А.Б. Галиев, В.В. Козина, Г.М. Меңдікұлова, Г.В. Кан, Г.Н. Ким, Ж.А. Ермекбаев, И. Қабышұлы, М.П. Малышева, М.Н. Садықов және Н.З. Тәжібаеваның жұмыстарындағы талдаудың негізгі объектісі Қазақстанның этно-демографиялық даму мәселелері мен оны зерттеудегі әдістемелік аспектілер болды. Ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастар тарихының аясында тарихи үрдістердің теориялық-әдістемелік талдау С.Мадуанов, М.У. Шалекенов, К. Мамырұлы, О. Қожақұлы, К.Н. Макашева, Г.А. Сармурзина, А.Б. Абдуәлі, Б.Ж. Атантаева, Б.Г.Шынтемірова мен Д.М.Мәжиденованың зерттеулерінде қарастырылды.

Соңғы он жылдықта қазақстандық тарихнамада дәстүрлі түрде қазақ-орыс қарым-қатынастары, отарлау мен қазақ халқының ұлт-азаттық күресі мәселелері жетекші орынға ие. Осы мәселеге қатысты теориялық аспектілерді Ж.Б. Құндақбаева, С.Ф. Мәжитов, М.К. Қойгелдиев, М.Ж.Әбдіров, К.М. Алдабергенов сияқты зерттеушілер қарастырып, ғылыми түрде талдады.

С.М. Мәшімбаев, О. Озғанбаев, С.Д. Дильманов, Е.Б. Сыдықов пен С.Ш. Мұхамеджанова Қазақстанның саяси-құқықтық даму мәселелеріне бағытталған зерттеулерінде талдап тексерудің әр түрлі дәрежесіне сәйкес тарихтың методологиялық мәселелерін қарастырады.

Т. Садықов, Ж.Б. Әбілхожин, А.Н. Алексеенко, А.К. Құсайынов, Г. Халидуллин, Т.О. Омарбеков, Т.С. Құлбаев, Л.И. Берденова, Т.А.Әлімбаев, Б.Г. Аяғанов, С.А. Байтілен, Б.К. Бірімжаров, Х. Әбжанов, Т.Х.Тілеуов, Ж.А.Асылбекова, М.Г. Ескендіров, К.Ж. Әбілов, К.К.Байсарина мен Р.С. Жарқынбаева Қазақстан территориясындағы жаңа заман мен қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық үрдістер мәселесіне бағытталған ғылыми жұмыстарында зерттеу объектісі ретінде маңызды болған тарихи оқиғаларды теориялық-методологиялық сараптау әдістеріне жете мән берді.

Қазақстанның рухани мәдениетінің даму мәселелері мен оның теориялық-әдістемелік аспектілері Л.С. Ахметова, Х.Б. Табылдиев, Ә.Т.Төлеубаев, Г.Д. Мұхтарова, Д.А. Махат, З.Т. Садвокасова, Р.М.Мұстафина мен А.С. Сәрсеновтың еңбектеріндегі зерттеу жұмысының басты нысанына айналды.

Қоғамда дүниетанымдық көзқарастың, идеологиялық бағыт-бағдардың өзгеруіне байланысты қоғамдық ғылымдардың методологиясы да өмір талаптарына сай өзгертуді қажет етеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда осы бағытта едәуір ізденістер жүргізіліп, Республикадағы тарихи сананың қазіргі заманғы концепциясы жасалуда. Бұл концепция тарихи құбылыстар мен оқиғаларды, процестерді таптық көзқарас тұрғысынан түсіндіретін маркстік-лениндік методологияның бірқатар қағидаларынан бас тартқан, жалпы адамзаттық құндылықтарды, жеке адам құқығын сақтауды дәріптейтін «тарих – адамның іс-әрекеті» принципін басты принцип етіп ұстанған жаңа методологияға негізделген.

Сонымен қатар, тарихты жаңаша жазуда ғалым Т.О. Омарбековтың ұсынған «Тарих – адам қызметі» деген методологиялық ұстаным саяси, географиялық, ұлттық этностық, жалпыадамзаттық көзқарастың бәрін өз аясына сиғызатын түсінік. Сондықтан да, бұл ұстаным негізінен қазақ-орыс қатынастарының тарихнамасын талдауда басшылыққа алынады.

Жалпы бұл жоғарыда аты аталған зерттеулердің зерттеу еңбектерінде маркстік-лениндік методологиядан бас тартып, синергетикалық әдісті пайдалануы Қазақстан тарихын зерделеудің жаңаша тұрғыларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұл зерттеулерге тарихи танымның нақты-синкретикалық, сыни талдау стилі тән. Біздің зерттеушілер синергетикалық жаңа тұрғыны негізге алуы, қазақ-орыс қатынастарының тарихнамасын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Көріп отырғанымыздай, қазақстандық тарих ғылымында нақты тарихи мәселелерді зерттеудегі теориялық-әдістемелік талдаудың тұрақты дәстүрі қалыптасып келеді. Сонымен қатар, жүйелік және синергетикалық тәсілдерге негізделген тарихнамалық талдау үрдісі пайда бола бастады. Алайда, бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатқан Қазақстанның тарих ғылымын

дамытудағы оң өзгерістер көптеген мектептер мен ЖОО-дағы оқу бағдарламаларында әзірше көрініс тапқан жоқ. Мемлекет халқының тарихи танымын қалыптастыру жолында бұл жағдайдың тарих ғылымына өзіндік кері әсерін тигізери анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. - Алматы: Ғылым, 2000. - Кн. 1. - С. 420.
2. Нысанбаев А. Проблема объективности в историческом познании [Электронный ресурс] // Официальный сайт Института истории и этнологии МОН РК. - Режим доступа: www.iie.freenet.kz/otan_tar_1_2000_1-2.html
3. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. - М.: Наука, 1987. - С. 439.
4. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. - М.: ТОО «Мишель и К», 1993. - С. 492.
5. Капица С.П. Синергетика и прогнозы будущего / С.П. Капица и др. РАН. - М.: Наука, 1997, - С. 283.
6. Переслегин С. О соотношении гуманитарного и естественнонаучного познания в междисциплинарных исследованиях [Электронный ресурс] // Персональный сайт С.Курдюмова. - Режим доступа: www.spkurdyumov.narod.ru/Pereslegin1.htm
7. Лекторский В.А. Возможна ли интеграция естественных наук и наук о человеке? [Электронный ресурс] // Персональный сайт С.Курдюмова. - Режим доступа: www.spkurdyumov.narod.ru/Lectorskiy.htm
8. Назаретян А.П. Агрессия, мораль и кризисы в развитии мировой культуры: (Синергетика социального прогресса): Курс лекций. - М.: Специализир. изд.-торговое предприятие "Наследие", 1996. - С. 184.
9. Гомаюнов С. От истории синергетики к синергетике истории // Общественные науки и современность. - 1994. - №2. - С. 99-106.
10. Сапронов М.В. Концепции самоорганизации в обществознании: мода или необходимость? (Размышления о будущем исторической науки) // Общественные науки и современность. - 2001. - № 1. - С. 63-74.
11. Жамсрандоржийн Д.Э. Теория социальной самоорганизации: критика и библиография [Электронный ресурс] // - Режим доступа: www.sociosynergetics.narod.ru/sociosynergyl.htm
12. Уйбо А. Реконструкция исторического прошлого как междисциплинарная задача // Ученые записки Тартусского университета, "Смысловые концепты историко-философского знания" // Труды по философии. - М., 1990. - Т. XXXV. - С. 356.
13. Дука О.Г. Эпистемологический анализ теорий и концепций исторического развития с позиций вероятностно-смыслового подхода (на примерах российской историографии): дис. д-ра.ист. наук. - Екатеринбург, 2001. - С. 425.
14. Бородин Л. Междисциплинарные подходы в исторической науке начала XXI века: подъем или упадок? [Электронный ресурс] // Сайт «Социально - гуманитарное и политологическое образование». - Режим доступа: www.auditorium.ru/aud/v/index.php?a=vconf&c=getForm&r=thesisDesc&CounterThesis=1&id_thesis=2661
15. Попцов И.Г. Значение междисциплинарного подхода в историческом исследовании [Электронный ресурс] // Сайт «Социально-гуманитарное и политологическое образование». - Режим доступа: www.auditorium.ru/aud/v/index.php?a=vconf&c=getForm&r=thesisDesc&CounterThesis=1&id_thesis=2663
16. Бакиев А.Ш. Историческая наука [Электронный ресурс] // Сайт «Социально-гуманитарное и политологическое образование». - Режим доступа: www.auditorium.ru/aud/v/index.php?a=vconf&c=getForm&r=thesisDesc&CounterThesis=1&id_thesis=2657
17. Есмагамбетов К.Л. Зарубежная историография истории Казахстана (с древнейших времен до начала 90-х гг. XX века): дис. д-ра.ист.наук. - Алматы, 1999. - 294 с.; Несипбаева К.Р. Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации Центральной Азии (XIX - начало XX вв.): дис. д-ра. ист. наук. - Алматы, 2002. - 265 с.; Кадысова Р.Ж. Социалистическая модель модернизации в Казахстане (1917-1940 гг.): советская и постсоветская историография: дис. д-ра.ист. наук. - Павлодар, 2005. - 290 с.

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

ATTILA IN WORLD HISTORY

Zhumagulov Kalkaman Tyrsynovich¹, Sadykova Raikhan Onalbayevna²

¹Doctor of Historical Sciences, Professor, academician Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Candidate of Historical Sciences, Docent Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The Great Migration of peoples in the fourth-seventh centuries was started by the Hun movement from the depths of Central Asia to Europe. The Hunnish empire had an impact on the fate of European history in the process of transition to a new era, and the civilization of the middle Ages. The greatest territorial expansion of the Hun Empire in the West was under the leadership of Attila. Attila's time left an indelible mark on world history. The main objective of this article is to study the Hun migration and the role of Attila in the Great Migration process.

Research methods and the proof require the use of rare written sources in Latin, Greek, early German, and the Scandinavian languages. Data from archeology, ethnology, history and modern linguistics interdisciplinary research is especially widely used.

Keywords: Huns movement, Hun Empire, Great Migration process, Roman Empire, Attila

ӘЛЕМ ТАРИХЫНДАҒЫ АТТИЛА

Жұмағұлов Қ.Т.¹, Садықова Р.О.²

¹Т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың кафедра меңгерушісі

²Т.ғ.к., әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті

Аңдатпа. Кіріспе. IV-VII ғасырлардағы Ұлы Қоныс аудару ғұндардың Орталық Азиядан Еуропаға қарай жылжуынан басталды. Әсіресе Ғұн империясы Атиланьң басшылығымен Батыста ауқымды территориялық кеңею мен айрықша алыптыққа қол жеткізді. Атилла тарихта өшпес із қалдырды. Оны І-ші мыңжылдықтың ең көрнекті тұлғасы деп қарастыруға болады.

Ғылыми мақаланың әдістері мен тәсілдері латын, грек, ерте германдық пен скандинавтық тілдердегі сирек кездесетін жазба деректерді пайдалануға негізделген. Әсіресе археология, этнология, тарихи лингвистика мен қазіргі пәнаралық зерттеулердің мәліметтері кеңінен пайдаланылған.

Түйін сөздер: ғұн қозғалысы, Ғұн империясы, Ұлы Қоныс аудару үдерісі, Рим империясы, Атилла.

ATTILA В МИРОВОЙ ИСТОРИИ

Жумагулов К.Т.¹, Садыкова Р.О.²

¹д.и.н., профессор, академик НАН РК, зав. кафедрой КазНУ им. Аль-Фараби.

²к.и.н., доцент кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения КазНУ им. Аль-Фараби

Аннотация. Великое переселение народов IV-VII вв. началось именно с гуннского продвижения из глубин Центральной Азии в Европу. Наибольшего территориального расширения и наибольшей мощи Гуннская держава на Западе достигла под предводительством Атилы. Атила оставил неизгладимый след в истории. С полным основанием его следует считать наиболее выдающейся личностью I тысячелетия.

Методы исследования и доказательства заключаются в использовании редчайших письменных источников на латинском, греческом, раннегерманских, скандинавских языках. Особенно широко привлекаются данные археологии, этнологии, исторической лингвистики и современных междисциплинарных исследований.

Ключевые слова: Гуннское передвижение, Гуннская империя, процесс Великого переселения народов, Римская империя, Атила.

Introduction

The fourth-seventh centuries went down in the history of Eurasia and Europe as the era of the Great Migration. These four centuries experienced a peak of migration that swept almost the entire continent and changed its political, ethnic and cultural character radically. This was the period of death of ancient foundations and orders and the time of formation of new social relations and a new civilization – that of the middle Ages.

Today, it is of particular importance to single out the Great Migration as a transitional historical period. It allows not only study of the specific history of the Great Migration, but also opens some opportunities to study the history of traditional views of the Great Migrations. At the turn of classical antiquity and the middle Ages, not only did tribes and nations started to migrate, but also, so to speak, knowledge and understanding of the various tribes and peoples ‘came to life’ and intensified.

The Great Migration, which was initiated by the Huns’ tribal union, starting from the depths of Central Asia to the west of the European continent, became a turning point in world history. Since that time, the social relations, cultures and traditions of the tribes and peoples who inhabited the Eurasian space have become synthesized and integrated. This was an epochal event, common to all the countries of Europe and Asia. Therefore, we have compelling reasons to date the beginning of medieval history on a global basis, including the history of Kazakhstan, from the second half of the fourth century (375 AD) - the turning point of the Great Migration in Eurasia. This is related primarily to the history of the Huns, which is an integral part of Turkish history, and therefore the history of Kazakhstan.

In Soviet historiography, the history of the Huns and their relationship with the Great Migration in the West was hardly studied. In Soviet times, as is known, historical studies were too idealized and politicized. This made an impact on both the development of world history problems and those of the history of Kazakhstan. Central scientific institutes, i.e. those located in Moscow and Leningrad monopolized the study of world history. Modern Russian science also mentions the Huns in Europe very briefly.

The history of the Xiongnu (Hunnu) in the East was studied by L.N. Gumilev. Gumilev wrote: Victory and join him Alans, the Huns formed a huge tribal alliance ... In the seventh decade of the Fourth Century ... they crossed the Don and the victory over the Ostrogoths opened a new period of history known as the ‘Great Migration’ ... Here we have the right to interrupt the narrative, as the newly opened page belongs to the history of Europe.

The years of independence that came after 1991 provided a good opportunity to deal objectively with the problems of general and national history in Kazakhstan. Scientists and experts could travel more frequently to foreign countries for research purposes. Professor K.T. Zhumagulov the author of this article, being a winner of international grants and invited to deliver lectures at universities in Germany and Italy, also worked in the largest libraries and museums in Europe. In the rich library resources of the

University of Tübingen, Professor K. Zhumagulov found the rarest source materials on the history of the Huns, the majority of which is dated from the fourth-fifth centuries, i.e. they relate to the heyday of the Hun Empire in the West.

The rarest written sources for the period of late antiquity and the early Middle Ages have come to us in the original Latin, Greek, Early Germanic and Scandinavian languages. There is also evidence regarding the Turkic world and the Huns. In particular, these are the chronicles of Ammianus Marcellinus, Sidonius Apollinaris, Claudius Claudianus, Hidatii, Marcellinus Comes, Orosius, Jordanis, Priscus of Panitus, Prosper Tiro, Joahn Antioch, etc.

The documents and materials in scientific collections and museums of the Vatican, as well as the materials in the interiors of St. Peter's Basilica - the world's largest Catholic Church - are of particular value. There is papal correspondence, and also chronicles, eyewitness accounts of those years, exhibits that could shed much light on the nature of international relations during this tumultuous period in world history.

In addition, we have extensively used the modern materials of archaeological excavations and interdisciplinary research, witnessing a high level of development of industry, trade, military art and other aspects of the social development of the Hun society.

We will focus on the complicated vicissitudes of the relationship between the Hunnic Empire and the Western Roman Empire during the reign of Attila.

Алайда керей билеушісі екі жағдайды ескермеді. Біріншісі - наймандар соғыс қаупі туып тұрғанда өзара жауласуын тоқтатып келісімге келді, екіншісі - Жамұха мен Темүжіннің қырқысуы керей-монғол одағының ыдырауына әкелді. Жамұханың соғыстық қимылға көшуі Ван ханды Темучинге қарсы қоя білді және олардың ортақ жауына деген байланысын сақтады.

1200-1203 жылдар кезінде Ван хан және Темүжін күш біріктіре отырып, найман, меркіт және татарлар қолдаған Жамұха басқарған монғол тайпасын күйретті. Осы жеңісінен кейін Темүжін керейдің көмегін қажет ете қойған жоқ, сондықтан да одақтастардың арасы тез нашарлай бастады.

Монғол деректерінде Ван ханның қызын Темүжін өзінің үлкен ұлы Жошыға үйлендіру және немересін Темүжіннің қызына қосу әрекеті сәтсіз-дікке ұшырайды. Ван хан оның наймандармен ниеттестігінен секем алып, әулеттік одақтан бас тартады. Ван ханның ұлы Санғұн Жамұхамен одақтасып Темүжінге қарсы соғысты бастайды.

Монғол-керей соғыс қимылы соңғылардың жеңісімен аяқталды. Темучин Хинган орманына шегініп, күш жинады. Ол 1203 жылдың күзінде аз ғана жа-сағымен жасырын түрде Ван ханның ордасына кіреді. Керей әскері түгел қырылып, Ван хан мен оның ұлы Санғұн жасырын түрде өз ордасын тастап кетуге мәжбүр болды. Кейін Ван хан наймандар қолынан қаза табады. «Известно, что разгромленный Чингизханом правитель улуса киреитов Ван-хан погиб в стычке с найманским караулом, охранявшим владения найманов» деп жазады А.Ш.Қадырбаев [17], Көп ұзамай Санғұн да қаза тапты. Керей мемлекеті іс жүзінде күйрейді

Деректерде Ван ханның әскербасыларының бірі, қаңлыдан шыққан Қайранбай туралы «бросил семью и в сопровождении нескольких всадников умчался на северо-запад» [18] -деп айтылған. Он ханның басқа бір Қу – Темір деген әскербасы өзінің ханы өлгеннен кейін «Сангун (сын Ван-хана – авт.) находится в стране кыргызов и ... в тех районах усилился, оставил дом и все состояние и ушел» [19] -деген сөзді естіген. Қалған керейлер мыңдыққа, жүздікке, ондыққа бөлініп кетті. Бұл монғолдың деректерінде өте көркем тілде былай суреттелген: «ниспровергнув таким образом Керейтский народ, он приказал раздавать его во все концы» [20]. Көптеген әскер-лер жаңадан құрылып жатқан гвардия-торғыттардың құрамына тартылды: «пусть будут у них сменной стражей, кешиктенами, Ван-хановы Керейты» -деп Шыңғысхан бұйрық берген [21].

Керейдің көптеген сарбаздары өз еріктерімен Шыңғысханға қызмет етуге кетті. Керей тайпасы ыдырағаннан кейін тұтқынға түскен Қадақ батыр: «Сірә, (өз ханымызды) қайтіп қолға түсіріп өлтіреміз деп қасарысып, оның жанын құтқару үшін үш түн, үш күн соғыстым. Сөйтіп, ол қашып кеткендіктен, түсіп бердік. Мені өлтірем десеңдер, өлейін. Шыңғыс ханға тілдестіріп, жаным қалса, бар күшімді арнайын» -дейді. Оның бұл сөзі Шыңғысханға ұнайды да былай жауап береді: «Өз хаанын тастап кетпей, оның жанын қорғау үшін соғысқан жігітті кім кіналамақ. Достасуға боларлық жан екен, - деп кешірім етіп. Қадақ батырмен жүркін әулетінің жүз кісісін соғыста жанын пида еткен Құйылдар марқұмның бала- шағасына жалшы етіп береді.» [22]

«Керейлерге дес бермей,

Ешкімнен де сескенбей,

Елін бөліп алыстық» -деп жазылады шежіреде [23]

Керейдің кейінгі тарихы Монғол империясымен тығыз байланысты. «1218 жылы керей, найман, меркіт, жалайыр қазақтың бірнеше тайпаларымен қосылып одақ жасап, Шыңғысхан әскеріне қосылып Дешті Қыпшақ пен Орта Азияны жаулап алуға қатысты [24]. Керейлер мен наймандар содан былай Жошы ұлысының құрамына кіріп, қазіргі Шығыс Қазақстан, Зайсан Семей, Қостанай, Сыр бойында ұзақ жылдар қоныстанып қалды.

Әдебиеттер

1. Мұқаметханұлы Н. Қазақ тарихына қатысты қытай деректері. // Халық тарих толқынын - да. Ғылыми серия: мақалалар жинағы. Т.2. // Құраст: Т.Шаңбай, А.Ибраева. - Астана: Фолиант, 2013-34 бет.

2. Құмарұлы Я. Керейлердің тегі туралы. // Отан тарихы. 2011, №260-61 беттер.

3. Марғұлан Ә.Х. Таңбалы тас жазуы. // Қазақ тарихынан. / Құраст: Е.Аққошқаров-Алматы Жалын, 1997, 226 бет.)

4. Монғолдың құпия шежіресі. XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі. Ауд.. Сұлтанияұлы. - Алматы: Өнер, 1998, -71 бет.)

5. Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. - М., 1960, -164-165 б.

6. Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. –Л., 1934, С.46-59.
7. Кадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйгуров, джалаириров, найманов и кирейтов. –Алматы, 1993, .54 б.
8. Моңғолдың құпия шежіресі.-105 бет.
9. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I. кн. 1, 130 б.
10. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I. кн. 1, 130 б.
11. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I. кн. 1, 130 б.
12. Кычанов Е. И. Монголо-тангутские войны и гбель государства Си Ся. Татаро-монголы в Азии и Европе. – М., 1977. – 46 б.
13. Сонда 130 б.
14. Сонда 114 б.
15. Моңғолдың құпия шежіресі-67 бет)
16. Қараңыз:Рашид-ад- дин.Сборник летописей. Том I, книга первая М.-Л. 1952 107-134 беттер
17. Кадырбаев А.Ш. Очерки истории средневеко-вых уйгуров, джалаириров, найманов и кирейтов. –Алматы, 1993, 53 б.].
18. Бұл да сонда. – 56 б.]
19. Моңғолдың құпия шежіресі-119 бет.
20. Бұл да сонда
21. Бұл да сонда
22. Моңғолдың құпия шежіресі-116 бет
23. Бұл да сонда. 118 бет.
24. Қабышұлы И.Тұран әлемі.Түркі-моңғолхалықтарының тарихы.Алматы: «Санат» 2007,141бет.

FTAXP / MPHТI / IRSTI 03.20.

KAZAKH TRADITION OF BLESSING AS AN ETIQUETTE OF PRAYING FOR GOOD WISHES

Kalysh A.B.¹, Meirmanova G.A.²

¹Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology of KazNU, Ph.D

²Senior lecturer of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology of KazNU, candidate of historical sciences.

Abstract. In this article the authors examine the blessing as the primary attribute of the Kazakh etiquette. The article is based on written sources and field material authors associated with different kinds of blessings. Today, the blessing is a valuable spiritual heritage of the Kazakhs. We present several kinds of blessings: comradeship, a blessing for the companion to the new settlers, to the new moon, on sogym, Nauryz blessing - zharapazana, blessing the house after the funeral, etc. The article notes that during the wedding in addition to bless the newlyweds and their parents. The blessing pronounced at the end of the wedding the most respected relative of the groom. Before leaving, guests thank the relatives of the groom arranged for their holiday. After the meal, a senior representative of the generation blesses guests at the дастархан. Only after the completion of the бата is allowed to get up from the table. Before the wedding feast after the ceremony betashar (opening the face of the bride), bless his future mother-in-law. The good wishes, spoken in-law, featured traditional symbols of fertility. Wedding good wishes are a peculiar set of traditions, etiquette and life of ancient Kazakhs. For this reason, good wishes steadily preserved ethnographic evidence about the life of people, primarily women. Blessing always says a senior member of the generation.

Keywords: spiritual life, Kydyr ata, characters of myth, rites and customs, good wish, aksakal.

ҚАЗАҚТЫҢ БАТА БЕРУ ДӘСТҮРІ – ІЗГІ ТІЛЕК ТІЛЕУДІҢ ӘДЕБИ РЕТІНДЕ

Қалыш А.Б.¹, Мейрманова Г.А.²

¹ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д

²ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада бата берудегі қазақтардың әдептілігінің көрінісі ретінде қарастырылады. Авторлар жазба дерек көздеріне, арнайы әдебиеттермен этнографиялық экспедиция материалдарына сүйене отырып батаның әр түрлі формаларын айшықтайды. Зерттеулер бойынша ақ бата және теріс бата беру үрдісінің сиреп бара жатқандығын атап өткен. Бата беру дәстүрі баға жетпес құндылық ретінде қазіргі Қазақстанның әлеуметтік негізін құрайды. Батаның көптеген түрлерін мысылға келтірген: ақ батасы, серттесу батасы, жол батасы, көші-қон батасы, жаңа ай батасы, соғым батасы, наурыз батасы, жарапазан батасы, жас отау иелеріне арналған бата, өлім шыққан үйге айтылатын бата т.б. Қазақ халқының бата беру дәстүрі - тамыры тереңде жатқан, халық тарихымен тағдырлас, қиын уақыттың небір талқысына да түссе де, елдің тұрмыс салтында тайға таңба басқандай айқын із қалдырған, бүгінгі күнге жетсе де, тынымсыз талғампаз талай ұрпақ үшін тәлім-тәрбие болған тағылымы мол тамаша мұрамыз ретінде қарастырылған. Мақсаты, қалыптасқан ұлттық салт-дәстүр арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық болмыс, ұлттық келбет, ұлттық мәдениет, ұлттық намыс т.б. ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп, сіңіріліп отырғанын дәлелдеу. Сонымен қатар, замандастарымның бойына қазақтың

салт-дәстүріне деген қызығушылықты қалыптастыру, қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындырып және салт-дәстүрді эстетикалық тәрбиемен байланыстыра зерттеу жұмысын жүргізу мақаланың басты мақсатының бірі. Бата беру құрметті іс деп саналды және өз жоралғысы бар. Сондықтан бата айтыларда бата тілеуші адам немесе жамағат қос қолдап алақан жайып, «Әмин» деп ишарат білдірулері керек. Қонақтар ішінде үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да бас боларлық жолы, жөні бар адам береді. Ерлер отырғанда әйел бата бермейтіндігі айтылды. Әйелдер арасында сөз білетін бір ер бала отырса, әуелі сол бата беруге тиісті болған. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Мұның бәрі бата берушінің шешендігіне, ақыл-ой, парасатының дәрежесіне тығыз байланысты болған.

Түйін сөздер: рухани өмір, Қыдыр ата, мифтік кейіпкер, әдет-ғұрып, ақ бата, ақсақал.

КАЗАХСКАЯ ТРАДИЦИЯ БЛАГОСЛОВЛЕНИЯ КАК ЭТИКЕТ МОЛИТВЫ О БЛАГОЖЕЛАНИЯХ

Калиш А.Б.¹, Мейрманова Г.А.²

¹Заведующая кафедрой археологии, этнологии и музейного дела КазНУ, к.и.н.

²Старший преподаватель кафедры археологии, этнологии и музейного дела КазНУ, к.и.н.

Аннотация. В данной статье авторы рассматривают благословение – как основной атрибут казахского этикета. Статья основана на письменных источниках и полевых материалах авторов связанные с разными видами благовенных форм. На сегодняшний день традиция благословения ценное духовное достояние казахского народа. Приводятся несколько видов благословения: товарищеское, благословение для попутчика, для новоселов, благословение новой луне, благословение на согым, благословение наурыза жарапазана, балагословение дому после похорон и т.д. В статье кроме молодоженов благословляют и их родителей. Благословение дается в самом конце свадьбы уважаемым родственником жениха. Перед тем, как уйти, родственников жениха благодарят, за устроенный ими праздник. После трапезы старший рода дает благословение присутствующие, сидя за дастарханом. Только после завершения бата разрешается вставать из-за стола. Перед свадебным застольем, после обряда *беташар* (открывание лица невесты), свекровь благословляет свою будущую невестку. В благопожелании, произносимом свекровью, фигурируют традиционные символы плодородия. Свадебные благопожелания представляют собой своеобразный свод традиций, этикета и древнего быта казахов. По этой причине в благопожеланиях устойчиво сохранились этнографические свидетельства о жизни народа, в первую очередь, женщины. Благословение дает старший аксакал рода.

Ключевые слова: духовная жизнь, Кыдыр ата, персонажи мифа, обряды и обычаи, благое пожелание, аксакал.

Қазақ әдет-ғұрыптарымен рухани құндылықтарды зерттеу – қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Себебі, сан ғасырлар бойы ислам дінін ұстанған қазақ халқының рухани өмірі кеңестік кезеңде үлкен соққыға ұшырап, көптеген дінге қатысты терминдердің мазмұны қалғанымен атауы қолданыстан шықса, кейбіреуінің керісінше аты қалып мазмұны өзгеріске ұшырады. Қалыптасқан ұлттық салт-дәстүр арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық болмыс, келбет, мәдениет, намыс т.б. ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп, сіңіріліп келеді. Сонымен қатар, замандастарымдың бойына қазақтың салт-дәстүріне деген қызығушылықты қалыптастыру, қазақ халқының әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындырып және оның эстетикалық тәрбиемен байланыстыра зерттеу жұмысын жүргізу мақаланың басты мақсатының бірі. Салт-дәстүрімізді

жандандыру мәселесін Елбасы Жолдауымен сабақтастырсақ: «Біздер, Қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы!» деп атап көрсетті. Сондай-ақ, Жолдауда дін мен дәстүрге, мәдениетке де ерекше тоқталып өтті. Халқымыз бұл Жолдауды бірауыздан қолдап, «Мәңгілік Ел» болу идеясын жүзеге асыруды әрбір азамат өзіне артылған үлкен жауапкершілік деп түйді. Еліміз әлемдік аренада өзінің лайықты орнын алды. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын да әлем халықтарына таныта отырып, ұлттық құндылықтарға қаншалықты бай халық екенін көрсетіп келеді. Елбасымыз айтқандай: «Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады». Олай болса салт-дәстүріміз де қазақ халқымен мәңгілік бірге жасай бермек [10].

Ал дәстүрлі қазақ мәдениетіне келер болсақ, байырдан келе жатқан ұғымдарының бірі – «бата» сөзі қазіргі таңда тек алғыс, тілек ретінде қолданылады. Алайда, алғыс пен қарғысты кез-келген адам айта алады, ал батаны тек арнайы батагөй қариялар – *ақсақалдар* берген. Батаның ерекшеліктерін көрсету үшін батаның қоғамды тәрбиелеуде, бағыт-бағдар берудегі ұқсас жақтарын талдап көрелік. Бата: ақ тілек, ізгі ниет, береке-молшылық, аман-саулық тілеп, жалбарыну түрінде айтылады, ол ерекше қасиетті деп саналған. Бата бергенде дәм-тұздың болуы шарт [1, 429 б.]. Ертеде батаны көпшілікке де, жеке адамға да беретін болған. Топ алдында батаны көбінесе елге сыйлы, жасы үлкен ақсақал көпшіліктің атынан үй иесіне және барлық сондағы қауымға арнаған.

Қазақтың бата сөздері – тамыры тереңде жатқан, тарау-тарау халық тарихымен тағдырлас, қиын уақыттың небір талқысына да түссе де, елдің тұрмыс салтында тайға таңба басқандай айқын із қалдырған, бүгінгі күнге жетсе де, тынымсыз талғампаз талай ұрпақ үшін тәлім-тәрбие болған тағылымы мол тамаша мұрамыз. Осынау кәделі қазынаны игеріп халықтың өз игілігіне жарату, жас ұрпақтың санасына сіңіру – уақыт талабы.

«Бата» сөзінің қазақ қоғамындағы көрінісін қарастыра отырып, оның ұғымының тек тілек немесе жүрекжарды сөздер ғана емес, қолдану аясы әлдеқайда кең әрі рухани қазына екенін аңғаруға болады. Бата беру қазақ халқында әртүрлі жиындарда орындалып отырған [2, 155 б.].

Салт-дәстүрдегі белгілі бір рәсімдердің орындалуы кезінде, мысалы, қыз ұзату кезінде қызға үлкендер бата берген. Бата айту арқылы қызға рухани күш жігер беріп, бақыт тілеген. Барған жеріндегі қызға келін болудың қыр-сырын түсіндіретін болған.

Батагөйдің бата сұрай келген немесе белгілі бір адамның өнеріне, батылдығына немесе басқалай жақсы қасиеттеріне тәнті болғанда бата беретін кезі болған. Батаның бұл түрі қазақ қоғамында кең таралған. Мысалы, Қойкелді батыр Аңырақай шайқасында ерлік көрсетеді. Көрсеткен ерлігіне тәнті болған Төле би батырға *батасын* береді [3, 56 б.] .

Атаулы ұлы іс басталар алдында (жауға қарсы аттанар, сапарға шығар алдында) соңғы шешімін айту үшін сөз батагөйге тиеді. Егер ақсақал бата сұраушының жасамақ болған әрекетіне ризашылығын берсе, ол сол батасында көрініс тауып отырған. Оның мұндай түрі батырлар жырларындағы бас кейіпкерлердің жауға аттанар кезінде жиі көрініс береді.

Кең пейілді қонақжай қазақ халқы дастархан басында да бата беруді дәстүрге айналдырған. Батаның бұл түрі көп жағдайда ас ішіліп болған соң айтылатын болған. Астан соң айтылған батада, үй егесінің қонақжайлылығы мен жомарттығына қатысты сын мен мадақ айтылған. Егер дастархан иесіне *батагөй* риза болса, жақсы тілектермен бата берген. Ал, көңілі толмаса үй иесін өткір сөздермен сынап отырған [12].

Қазақ халқымыздың ежелгі салт-дәстүрлерінің бірі – бата, тілек, өсиет. «Сөз арқылы жаратушыға жалынып, жалбарынып ықпал етуге болады», – деп түсінген ата-бабамыз: «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді», – деген ой-пікірді уағыздап, соңынан ерген ұрпағына ықылас білдірген, ақ ниетпен бата беріп, тілек тілеуді дәстүрге айналдырған [13].

Мысалы фольклорист - этнограф ғалымдардың бірі А.В. Васильев өзінің 1905 жылы Орынборда шығарған «Образцы киргизской народной словестности, молитвенных благожеланий – бата сөз» деген мақаласында: «Кімде-кім қазақ даласында болса ол батаның халықтың қандай ерекше назарында болатынын жақсы біледі» [3, 65 б.] .

«Бата қазақ поэзиясының ерекше түрі, онда бата беруші адамның үй- иесіне деген шын жүректі жарып шыққан ықылас – пейілі, ақ ниеті, Алладан тілер тілегі поэзиялық өлең түрінде ақтарылады», – дейді. Батаның қандай жағдайда кімдерге арнала айтылатынын, олардың мазмұнын, түрі жағынан бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктерін талдайды.

Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, елдің рухани қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, қадір – қасиеті айрықша бағалы. Өйткені жанымызға жұғымды, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп селпінтетін, марқайтып қанаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер тәрбиенің бастау бұлағы. Аталардың қасиетті өсиеті – замандар мен ғасырлар бойы біртіндеп жиналып, ақыл елегінен өткізіліп, тексерілген өмір тәжірибесінің, тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже қағидасы іспеттес.

Халықтың тілек – бата сөздері жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулиды, малды – басты, дәулетті – бақытты, кекшіл емес кешірімді болуын тілейді, жерін, елін қорғауға талапты мықты боп ер жетуге тәрбиелейді. Белгілі бір этикалық, эстетикалық, педагогикалық жүйемен құрылған тілек – бата сөздер халықты өзімен бірге келе жатқан ежелгі мұрасы. Бұлар – рухани өмірінде тұтастық, бірлігін, салт-дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін сақтауда ерекше қызмет атқарады.

Ата-бабаларымыздың өсиет батаның шығу тарихы әлі терең зерттелген жоқ. Алайда бірқатар тіл мамандары: «Бата – арабтың *«фатеке»* деген сөзінің қазақша айтылу түрі», – дейді. Яғни, бата – фатекенің мағынасы: алғыс айту, ақ ниет, ақ тілек білдіру. Ақ бата – ұлтымыз үшін теңдесі жоқ асыл сөз» [4, 69 б.]. Ал сөз – бүкіл адамзат тарихындағы құдіретті күш. Өзінің адал жаны, бүкіл рухы, өткен тарихы сөзге тығыз байланысты қазақ халқы ақ батаның ізгі сөздеріне сүттей ұйып, оның құдіретті күшіне шексіз сенеді. Жақсы бір істі қолға алғанда өз мақсатына жету үшін Аллаһ Тағалаға жол іздеп, оны Жаратқан Иеміздің рұқсатымен бастау үшін әуелі ниетін түзеп, бүкіл ойын, тілегін сығымдап, сөз арқылы бір арнаға құйып, Раббымыздан «Ісімді оңғара көр», – деп сұрайды, басқаға тілек айтып, бата бергенде де оның қабыл болуын *Аллаһ Тағаладан* тілейді. Олай болса, тілек айту, бата беру – Аллаһ Тағалаға жол іздеудің, онымен байланысудың Ғаламдық күш-құралы, дүниетанымымыздың ұлттық бір жүйесі. Ақ бата – қазақ халқы үшін – Ой, Ниет, Тілек, Істің жиынтығы, барлық наным-сенімнің бірлігі. Сол себепті, қазақ халқы көне – көк түрік заманынан қазірге дейін өзінің барлық ізгі істерін ақ тілекке толы ақ батамен бастап келеді, келешекте де әр қадамын ақ батамен аттайтын болған.

Бата – негізінен, намаздың соңында қол жайып айтылатын дұға. Қазақ баталары соның үлгісінде айтылатын бір түрі. Батаның мазмұны ақсақалдың шешендігіне, ақыл-ой, парасатының дәрежесінемен тығыз байланысты [11, АЕАЖМ-І]. Бата сұрау – ас қабылданып болған соң табақты жинап алудың алдында атқарылатын ғұрып. Әмин деп ас қайыртып дастарханға береке, шаңыраққа амандық тілеген батаның жасалуы кезінде үйдің жастары, тіпті үлкен адамдары да қатарласа түрегеп тұрады. Дәстүрлі орта салты бойынша батадан соң келіндер табак алып, батаға табак қайтарған үлкенге, дәмге құрмет көрсетіп сәлем салады. Бір адам (келін) екі табак алмайды, күйеуі өлген жесір ғана солай жасайды деп тыйым салады. Қонаққа сойылатын қойға да бата сұралады [1, 434 б.].

Бата поэтикалық тілмен жалпы жұртқа қарап тұрып беріледі. Онда бата беруші адам өзгелерге ізгі жақсылық, табыс тілейді. Оны жасы үлкен адам немесе жолы үлкен қонақ беруі тиіс. Бата беруші Жаратушы Алладан бақытты өмір, материалдық байлық, әрбір істе табысты болуын тілейді. Бата екі қолды ілгері қарай жоғары созып, екі алақанды өзінің жүзіне қарата бұрып тұрып беріледі. Бата беру «әумин!», – деген сөзбен аяқталады.

Бата адамдарды лайықсыз, теріс қылықтардан сақтандырады, ол жастарды, ізгілікті әрі қайырымды істерге баулиды. Қандай да болсын бір іске кірісерде, дастарқаннан дәм татуға отырғанда немесе жол жүріп, алыс сапарға аттанарда әркім ақсақалдардан бата алатын болған. Бата шаңырақ көтеріп, жеке үй-жай болғандарға да беріледі. Қазақтар өздерінің балаларына атақты кісілерден, құрметті қонақтардан бата алып қалуға тырысқан. Ислам дінінің таралуына байланысты бұл дәстүр бұрынғысынан да күшейе түсті. Қайтыс болған адамның үй-іші мен туған-туыстарына көңіл айту кезінде де бата беріледі, марқұмның өзіне де, артында қалған үрім-бұтағына да ізгі тілектер білдіріледі.

Ел арасында туған даудың немесе мәселенің мәнді сөзіне жиналған жұрттың бәрі бірдей тоқталғанда дау тудырушылардың ісі дұрыс немесе бұрысын көрсетіп оң немесе теріс бата берілетін болған. Батагөйдің болар істі дұрыс көрмеген сәтте беретін теріс бата – ел ішіндегі дәстүрді бұзып, ата салтын аттаған адамның іс әрекетін құптамаған кезде ел үлкендерінің қолын сыртына жайып оған қарғау, қолдамау мәндегі сөз айтуы. Оны әйгілі «Қыз Жібек» жырындағы Төлегенге берілген теріс батадан байқауға болады. Теріс бата беру арқылы Төлегеннің бастар ісі құпталмай тұрғаны анық.

Қазақ халқы теріс батадан сақтанып, өздерін жаман қылықтардан тыйып отырған. Батаның қазақ қоғамын ерекшелеп, өрнектеп тұратын және қолданыс аясы әлде қайда үлкен әрі дүние екенін аңғартады. Мысалы, «Абай жолында» Құнанбай Абай үшін Ахмет Риза хазіреттен бата сұратуы және Қодар мен келіні Қамқа үшін шешім сұратуы да қазақ елінде кең қолданыста болғандығын аңғартады [15, автордың ел арасында жүріп жинаған мәліметтері – ары қарай АЕАЖМ II].

Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан бұл дәстүр Шығыс халқында кеңінен тараған. Ақ бата адамға рухани қуат, күш сыйлайды да, халық жақсылыққа сеніп, шаттық, ынтымақ, береке болады деп ырымдайды. [8, 56 б.]. Әдетте, бата беру ауылдың үлкендерінің, қадірлі қариялардың, атақты батырлардың, ақындарының, би-шешендерінің, ақсақалдарының, жолы үлкен адамдардың, құдайы қонақтың үлесіне тиген. Қонақтар ішінде үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да бас боларлық жолы, жөні бар адам береді. Ерлер отырғанда әйел бата бермейді. Әйелдер арасында сөз білетін бір ер бала отырса, әуелі сол бата беруге тиісті. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. [14, АЕАЖМ-III].

Қазақ дәстүрінде, бата жасап, дастархан басында малдың басын қариялар, алдымен, бастың өзі ауыз тиген соң, бастың оң жақ құлағын кесіп алып, үйдегі жасы ең кіші балалардың біріне: «Мә, балам, құйма құлақ бол, сөз тыңда, үлкендердің лебізін жерге тастамайтын жақсы азамат бол!» деп береді. Бұл «Құлақ беру» деп аталады. Қариялардың балаларға құлақ кесіп беруінің үлкен тәлім-тәрбиелік мәні бар, яғни, жасынан қариялардың қолынан құлақ жеп, өсиеттерін тыңдап өскен бала үлкенді сыйлап, кішіні аялағыш, сөз тыңдағыш, сөз қадырын түсінгіш, ақылды, білімді азамат болып есейеді. Әдепті, ибалы болуға дағдыланады. Батаның негізгі *түрлері*: балаға берілетін бата, тұсау кесер батасы, жас талапкерге бата, ас батасы, ас қайыру батасы, жол батасы, көші-қон батасы, жаңа ай батасы, соғым батасы, наурыз батасы, жарапазан батасы, жас отау иелеріне арналған бата, өлім шыққан үйне айтылатын бата [1, 433 б.].

Теріс бата – қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мұндай батаны әке-шешесі сенімін ақтамай, үлкен ұятқа қалдырып, әулетін, ата-тегін масқаралаған, өздеріне қолы, тілі тиген, дінін, тілін, Отанын сатқан, жауыздық, ауыр қылмыс, кешірілмес күнә жасаған баласына қолдарын теріс жайып тұрып берген [9]. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылады. Теріс бата ұрпақтан-ұрпаққа қара таңба болып қалып келген. Ата-анасының теріс батасын алғандарды халық жек көрген, оларға сенім артпаған, қонаққа шақырмаған, қыз беріп, қыз алыспаған, дос болмаған. Теріс батаны қайтару, қайтып алу үшін алқалы жұртты жинап, жаратушыдан теріс батаны өзгерту сұралып, жалбарыну рәсімдері жасалынған. Тірі болса, ата-анасы: «Теріс батамды қайтып

алдым», – деп айтқан. Адамдар қаншама ашуланып, қорланып, намыстанса да, теріс бата беруге асықпағаны, теріс бата беруден сақ болғаны, теріс батаға мән бермей, айтып қалудан бойын аулақ ұстағаны абзал. Сол себепті «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» дегенді ұмытпаған жөн. Мысалы, оны әйгілі «Қыз Жібек» жырындағы Төлегенге берілген теріс батадан байқауға болады. Теріс бата беру арқылы Төлегеннің бастар ісі құпталмай, өлімге ұшыраған.

Серттесу батасы (Баталасу)– құдалықта, серт пен уәдеде, елшілікте, ел арасындағы маңызды үлкен шараларда жасалатын жол. Ол – хан, ақсақалдар, билер алдында, аруақ орнында да жасалып, қол алысылып орындалатын ғұрып. Оны бұзу, яғни, «бата бұзу» – қарғыспен тең [12-АЕАЖМ III].

Сақтық батасы – сыйды алғаннан кейін айтылатын бата.

Ынтымақсыз туыстан сақта,
Қара жүрек бақылдан сақта.
Көк айыл қатыннан сақта.
Кеудесін керген келіннен сақта.
Мезгілсіз келген өлімнен сақта.
Ұятсыз қызыңнан сақта.
Жастарында әдеп жоқ,
Құр айғай, шуыңнан сақта.

Бата сыйы дегеніміз ол бата берген адамға рахмет айтылып бата немесе мал түрінде сыйлық беру. Тағы бір түрі тойда бата берген адамға өлең сыйлау.

Жақсымен жолдас болсаң – көңілің ашылады.

Құтты адаммен қоңсы қонсаң – аруағыңды асырады.

Арың жақсы болса – сөзің елде тұрады.

Балаң жақсы болса – елінің асыл шырағы.

Қызың жақсы болса – өрісті болар тұрағы [10 - АЕАЖМ] – бұрынғы өткен атам қазақтан қалған асыл сөз.

Бата көбінесе жастарға беріледі. Бата беретіндер: көпті көрген құрметті ақсақалдар мен кемеңгерлер, дуалы ауызды билер, атақты адамдар, өз ісінің хас шеберлері. Қазақ халқында бата берудің өзіндік орны мен жолы, жөні бар. Батаны халық арасында (қонақтар ішінде) үлкен адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да бас боларлық жолы, жөні бар адам береді. Ерлер отырғанда әйел бата бермейді. Әйелдер арасында сөз білетін бір ер бала отырса, әуелі сол бата беруге тиісті. Халқымызда батырларға, билерге ардақты аналардың да бата берген кезі көп. Батаның өз қисыны бар, қуаныш пен тойдың ретіне қарай лайықты бата берілетін болған [8, 112 б.].

Қазақта ұлы үйленгенде атасы, ол болмаса, сол әулеттің үлкені, әкесі бата беруге тиіс. Той иелерінің қалауымен екі жасқа бата беруді басқа да үлкен кісілерден сұрауға болады.

Қазақта: «Өз ісінің шеберінен бата алса, соған тартып, батасын алған жас та шебер болады», – деген сенім бар. Бұл орайда Х. Досмұхамедұлы былай дейді: «...Қазақ қауымы арасында өз ісінің шын шебері, мәселен, би, ақын, зергер т.с.с. табиғат сыйлаған дарын-өнерін басқа біреуге ақ батасы арқылы мирас етіп қалдыра алады деген сенім кең таралған. Сондықтан да осындай атаққа немесе өнерге ыңғайлы, икемі барлар сол саланың атақты өкіліне аттанады және қайтсе де оның көңілін тауып, ақ батасын алуға тырысады. Қазақ арасындағы белгілі бір би, атақты ақын, аруақты бақсы не зергер пәленшеге, түгеншеге өзінің ақ батасын беріп, ақыл-өсиетін айтыпты, сонан соң ол да би, ақын, бақсы не зергер болыпты, дегендей аңыз-әңгімелер орасан көп. Бұл – батаның бір түрі. Батаның тағы бір түрі – ас-дәмге ризашылығын білдіріп, рахметін айту *ас батасы*. Әрбір қонақ өзіне арналып сойылатын қойға батасын беріп және әр дастарқаннан кейін үй иесіне рахметін білдіріп отыруы шарт. Әдетте, батаны қонақтардың ішіндегі ең жасы үлкені береді және ол көбінесе өлең түрінде болып келеді...» [11, 66 б.].

Сондай-ақ бата халықты сыйлап, билік басына келген хан, патшаларға, Елбасына да беріледі. Оны құрметті әрі елге сыйлы ақсақал адамдар берген. Мәселен, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 1991 жылы алғаш рет Президент болып сайланған кезде өзінің таққа отыру рәсімінде Елбасымыз үлкен ақсақалдың ақ батасын алып барып, ел басқару ісіне кірісті. Батаны бүкіл қазақтың данышпан ақыны болған, аты әлемге жайылған ұлы Абайдың ұрпағы Шәкір ақсақалдан алды. Ш.Әбенев жай адам емес, ол – қазақтың халық ақыны, сазгері, сөз білетін, жөн білетін дана ақсақалы еді. Осындай аузы дуалы ақсақалдан бата алғын Елбасымыз Қазақстанды үлкен биіктерге көтерді. Бұрын сонды болмаған дәрежеге жеткізді. Ақсақалдың берген батасы елімізге құт болып, жақсылық болып келді.

Қазақ халқының бата сөздерінен оның тарихы, салт-дәстүрі, танымдық ерекшеліктері, тағылымдық сипаттары, әсіресе, этикалық-адамгершілік келбеті: отбасы жарастығын сақтауы, өскелең ұрпағын тәрбиелеуге негізделген ізгі арман-аңсары жарқын көрініс тапқан.

Ғибрат сөздер адам баласының көркем мінезді, түзу, дұрыс пиғылды, сабырлы, салиқалы, байыпты-байсалды, ақ әділ жайсаң, жайдарман, әділетті, тәртіпті, мәдениетті, таза ниетті, қанағатты болуына, тұрмыс-тіршілік кемесінде еркін жүзуіне ықпал жасайды, ақыл-ойыңды, таным-пайымыңды кеңейтіп көркейтеді [12, 15 б.].

Аспандай ашық қазақтың ғибрат сөздерінде әсемдік пен тапқырлық, ойшылдық пен сыршылдық, ақылдылық пен данагөйлік, шынайылық пен сыпайылық бар. Тәрбиелік мәні терең, ғибраты зор. Мысалы, «аспандай берме, жерден ұзап кетерсің, жерден ұзап кетсең, елден ұзап кетерсің, елден ұзап кетсең, барса келмеске кетерсің», – дейтін өсиет сөзде қаншама мағына, мән береді. Сан тараптағы тағылымы мол өсиет-тілектер ұрпақтан-ұрпаққа өз тағылымын жалғастырады.

Қорыта айтқанда, батаның мазмұны қазақ қоғамында алғыс пен қарғысты да, тілек пен дұғаны да, ризашылық пен ренжішті де қамтиды. Сол арқылы халықты бір нәрседен тыйып, бір нәрсеге бағыттап отыратын әмбебап ұғым. Ол тікелей батагөйлердің беделіне де байланысты да халыққа әсер еткен. Батагөй қариялар ел арасындағы жақсы істің іске асуына рухани демеу болып, жаман істің алдын алып, құптамай халыққа бағыт-бағдар беріп, тәрбиелеп отырған. Еліміздің тәуелсіздігін нығайту, оның тұғырлылығы мен орнықты өркендеуін қамтамасыз ету бағдарын қолға алған мемлекетіміздің мәдени даму бағыттары ұлттық болмысымызды қайта жаңғырту мен түлетуді нақты нысанаға алған. Халқымыздың рухани-тарихи тамырларының кең аясынан әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институты айрықша қастерлі орын алатыны сөзсіз. Қазақ қоғамы ұлт болып қалыптасқаннан бері екі нәрсеге аса мұқият қараған. Оның бірі – тілі болса, екіншісі – әдет-ғұрыпы. Мұндай пікірлер, шындығында, бұл құрылымның аса маңызды өмірмәнділік құндылық екендігін айғақтауда.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, DPS, 2011. – (иллюстрацияланған) I том. А-Д. - 736 бет.
2. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2 том. Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша). Құрастырған С.Е. Әжғали. Алматы: «Арыс» 2006. 416 бет;
3. Сайдахметов Б.С. Жеті ата шежіресі – ұлттық тәрбиенің құралы // Білім Образование. Ғылыми-педагогикалық журнал. – 2008. – №1 (37).
4. Кенжеахметов С. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.-Алматы: Ана тілі, 1994. -79 с.
5. Негимов С., Қазипұлы Т. Ақ бата. – Алматы: Жазушы, 1992. 102 бет;
6. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, в Малой Киргизской Орде // ТС. Т.76. СПб., 1865;

7. Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности. Молитвенных благопожеланий «Бата сөз». XII. – Оренбург, 1905;
8. Радлов В.В. Народные образцы литературы тюркских народов. – Т. 3. –СПб., 1865. – 225 с.;
9. Үмбеталина З. Қазақ ауыз әдебиетіндегі бата сөз жанры: филолог. ғылым. канд. дисс. ... авторефераты. – Алматы, 2001. – 26 б.;
10. Назарбаев Н.Ә. <http://akorda.kz>;
11. АЕАЖМ- I Алматы облысы, 2012-2015 жж.
12. АЕАЖМ-II Қызылорда облысы, 2012-2015 жж.
13. АЕАЖМ-III Оңтүстік Қазақстан облысы, 2014 жыл.

Referens

1. Kazakh gentilicio praedicamenta, et nomina capitum conceptus traditum ratio. Encyclopedia. Almaty, DPS, 2011. (illustrantur) in primo. A-D. DCCXXXVI pages.
2. Lingua traditiones et mores populi. Volume II. Nati morte (in familia traditione veterum auctorum). Compiled SE Äjğali. Almaty: "Aris" 2006. CDXVI pages;
3. BS Saidakhmetov Annales septem nationalibus educationem // Education. Pervestigatione tum docendi ratione historiae. - MMVIII - I (XXXVII).
4. Kenjeaxmetov S. Kenjeaxmetulı S. Kazakh consuetudines et traditiones et ğurıptarı .: mater lingua, MCMXCIV -79.
5. S. Negimov, T. Qazıulı Benedictionem. Almaty: Writer, 1992. CII pages;
6. Ballyuzek LF Folk obıçaı imevşie, Kirghiz Horde // TC bit. T.76. St. Petersburg., MDCCCLXV;
7. A. Vasiliev Obrazcı Kirghiz narodnoy slovesnostı. Molıtvennix blagopojelanıy "Bata". XII.-Orenburg,MCMV;
8. Radlov V.V. Folk obrazcı literature tyurkskix populis. - T. 3. -SPb., 1865. - CCXXV p.;
9. Umbetalin Z. Lingua oral litterarum genere benedictionis: hinc philologus aliquis. Scientia. Candia. Diss. Abstracto - Almaty, 2001. - XXVI p.;
10. Nazarbayev N.A. <http://akorda.kz>;
11. I-AEAJM- Almaty regionem, 2012-2015.
12. II-AEAJM Kizilorda regionem, 2012-2015.
13. III - AEAJM Ontustik Kazakhstan regione, 2014 j.

FTAXP / MPHТИ / IRSTI 03.20.

ALMATY CITY AND ITS HISTORICAL AND CULTURAL MONUMENTS

Kozgambayeva G.B.

Al-Farabi Kazakh National University, faculty of history, archeology and ethnology ass.prof.dr.

Abstract. Since the late twentieth century, Kazakhstan has become a country that is losing its population. Not only by reducing the natural growth, but also as a result of emigration. In this article the authors examine some of the problems of objective and subjective reasons, resettlement Kazakh immigrants from Mongolia to their historic homeland after Kazakhstan gained independence, their settlement by region, as well as strength. The author analyzes trends Strategy of the Republic of Kazakhstan, which provides comprehensive support for the Kazakhs, helping them to resettle to their historical homeland. The author notes that immigrants have moved to Kazakhstan without quotas and reason were able to take the citizenship of Kazakhstan, as well as they are often faced with a language problem.

Keywords: diaspora, refugees, repatriation, resettlement, adaptation

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МЕН ОНЫҢ ТАРИХИ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қозғамбаева Г.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тархеология, этнология және музеология кафедрасы

Аңдатпа. Кіріспе. Мақалада Алматы қаласы мен оның маңындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің тарихы мен дамуын 4 кезеңге бөліп қарастырған. Археолог-ғалымдардың қазба жұмыстары барысында табылған заттай деректер, нунизматикалық мәліметтер және жазба деректер негізінде пікір талас тудырып жүрген қала жасының анықталуына талдау жасалған. Ресейдің отарлау саясатын жүргізу салдарынан 1854 ж. салынған (Верный) әскери бекінісіне 1867 ж. қала мәртебесінің берілуі, қаланың Қазақстан астанасы мәртебесі 1927-1997 жж. кезіндегі сәулет ескерткіштер құрылысының салынуы қамтылған. Мақалада, қаланың салыну тарихындағы кеңестік кезеңдегі бұрмалаушылықтар мен ақтаңдақтарға тоқталған. Қаланың бірнеше рет табиғат апатына ұшырап, жер сілкінісінен аман қалған ғасырлық тарихы бар және бүгінгі сәулеттік үлгіде салынған ғимараттардың ерекшеліктері талданған. Алматы қаласының бүгінде Қазақстанның ең көрікті, саяси ғылыми және техникалық орталығына айналып дүниежүзі назарын өзіне аударатын, өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар нысанаға айналу тарихы қарастырылған.

Түйін сөздер: қала, отарлау саясаты, тарихи ескерткіш, сәулетші

ГОРОДА АЛМАТЫ И ЕГО ИСТОРИЧЕСКИЕ КУЛЬТУРНЫЕ ПАМЯТНИКИ

Қозғамбаева Г.Б.

КазНУ им.аль-Фараби факультет истории, археологии и этнологии доцент,к.и.н.


Аннотация. В статье рассмотрена история развития города Алматы, его исторических и культурных памятников, которую можно разделить на 4 этапов. История города восходит к древнейшим временам. Характеризуются исследования древних исторических памятники,

обнаруженных на территории современного города. На основе археологических данных изучены историко-культурные памятники, свидетельствующие о расцвете Алматы, а также наступивший в XV-XVI вв. упадок города. Усиление колониальной политики Российской империи в казахской степи, укрепляя свое влияние в Семиречье, и в 1854 году на месте древнего города была построена военная крепость. В советское время в 1921 году название города было изменено на Алма-Ата, а в 1929 году город был объявлен столицей Казахстана. В статье подробно рассмотрена история маленького поселка, превратившегося в столицу республики, в котором были построены административные здания, офисы и дома. В архитектуре города учитываются элементы национальной особенности, сочетается природная красота и достижениями в строительстве, науке и технике. Дано описание на некоторых исторических, архитектурных и монументальных памятников искусства города.

Ключевые слова: город, колониальная политика, исторические памятники, архитектор

Алматы – Қазақстанның ең ірі, әрі әсем қаласы, мәдени, ғылыми, қаржы, сауда, көлік-коммуникалық және туристік орталығы. Алматы қаласы 1929-1997 жылдар аралығында Қазақстанның астанасы ретінде өз тарихында республиканың бүкіл саяси, мәдени өмірін шоғырландырды. Алматыда ұзақ жылдар бойы мемлекеттің басқару мекемелері жұмыс істеді. Қазақстанның Тәуелсіздігі Алматы қаласында қабылданып, тәуелсіздігімізді таныған мемлекеттердің алғашқы елшілері осы қалаға келді. Қала 170 шаршы шақырымнан астам ауданды алып жатыр. Алматы аймағы төңірегінде табиғи қорықтар ұйымастырылған Іле Алатауы ұлттық паркінің бір бөлігі, онда Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген құстар мен аңдар және қаланың елтаңбасына айналған барыста бар.

Алматы сан мыңдаған жылдар бойы бабалар жасаған заттай мәдениеттің – обалар мен қоныстардың, қалалардың орнында дамып келе жатқан жаңа да көне мәдени қабатты қала. [1,52 б.]. Қала орналасқан Іле Алатауының етегінде бүгінге дейін тас, қола дәуіріне жататын заттай ескерткіштер және сақ, үйсін, көне түріктер дәуірінің сан мыңдаған жерлеу және ғұрыптық ескерткіштері сақталған. Шарын өзенінің жоғарғы бөлігінен төменгі палеолит кезеңіне келетін құралдардың кездейсоқ табылуы соған дәлел. Жоғарғы палеолитке Алматының Жамбыл ауданындағы Майбұлақ тұрағы жатады. 80 шаршы метр жерге жүргізілген археологиялық қазба нәтижесінде тастан жасалған құралдар табылды[2,146.]. Қола, темір, және ортағасырлық ескерткіштердің бірі-Алматының оңтүстік- шығысы, Көктөбе етегінде, Жарбұлақ өзенінің оң жағалауында орналасқан Бұтақты-1 археологиялық қонысы. Бұл қонысты археолог А.А.Горячев бірнеше жылдан бері зерттеуде. Қазба жұмысы барысында тастан жасалған дән үккіштер, келсаптар, келілер, сүйектен жасалған бұйымдар-тұмарлар табылды. Қыш пен қола бұйымдары табылған Бұтақты-І қонысын кейінгі қола дәуіріне жатқызуға мүмкіндік беред, деп негіздеме жасаған академик К.Байпақов[3,126.].



1 сурет – Алматының археологиялық картасы; 2 -сур сұрғылт тастан жасалған келі мен келсап; 3-ші Қарғалы көмбесінен табылған сақина

Сонымен қатар Алматының әр жерлерінде: Кіші станицада, Ботаника бағында, Түркіб демалыс үйінде, Медеуде жүргізілген құрылыс жұмыстары кезінде қола дәуіріне қатысты көп заттар табылды. Қазба жұмыстары кезінде неғұрлым көп кездесетін ол қыштан жасалған табандары жалпақ құмыра тәрізді және қабырғалары тік банкіге ұқсайтын ыдыстар. Оңтүстік Қазақстаннан және Жетісудағы Түрген, Асы, Талаптыдан қазба барысында көптеп кездесетін қыштан жасалған бірқатар ыдыстардың өрнектері тырнақпен басып салынған ыдыстар [4, С 118.]. Ал қаланың солтүстік - батысындағы Боралдай қорғанын б.з.д VIII-III ғғ.-да сақ тайпалары, б.з.д. III ғ.- б.з. III ғ. кезеңінде үйсіндер, сондай-ақ қазақтардың басқа да ата бабалары тұрғызған. Сақ қорғанының биіктігі 10-14 м. ал диаметрі 80-100 м жетеді. Оның маңайында айнала сақина тәрізді қоршау, діни мейрамдар өткізу мен құрбан шалатын арнайы орындар бар. 2006 ж. «Боралдай сақ қорғандары» мұражайын ұйымдастыру үшін қалалық жер қорынан 430 га аумақты бөлу туралы қаулы қабылданды. Оның 430 га созылған аумағында тізбектелген 47 сақ және 200-ге жуық үйсін обалары бар [5, С 206.]. Археологиялық паркті ұйымдастыру және туристік инфрақұрылымды дамыту қаланың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Алматы облысында табылған Есік қорғанында бірыңғай алтын жапсырма киім кигізілген сақ жауынгерінің мүрдесі қойылған. Бас киімнің өзінде 150-ге жуық әшекей тағылған. Оның ішінде барыс, тау теке, жылқы, құсбейнелері, арқардың мүсіндері бар. Бас киімнің алдыңғы бөлігі таутеке мүйізді қанаты бар 2 жылқының мүсіндік бейнелерімен сондай-ақ 2 ұзын құс қанаты және 4 жебемен безендірілген [3, С 206.]. [Вайраков К.М. 16 б.]. Оның киімі, бас киімі мен аяқ киімі алтыннан жасалған 4000-ға жуық қаптырма мен қалақшамен әшекейленген, олардың көпшілігі скиф-сақ кезіндегі «аң» стилінде орындалған [6, С 206.]. Есік қорғаны б.д.д. V-VI ғғ жатады. Алматы аумағы мен төңірегінде, бұдан да басқа археологиялық ескерткіштер баршылық болғанымен біз тек осы ескерткіштердің бірнешеуіне тоқталдық.

Ал үйсін тайпалары мекендеген кезеннен қалған қорғандар қатарына Есік және Шаңырақ, Ұлжан қорымдары жатады [7, -466.] Савельева Т.В. Археологические исследования средневековых памятников на территории Алматы. 46-50 бб. Алматы. История тысячелетия.- Алматы: «Credo», - 2008.-240 с., Шаңырақ қорымынан жерленген мәйіт және жұқа жапырықты алтыннан жасалған ромбы тәрізді 18 дана жапсырмалар, қоладан жасалып алтын жалатылған шашқа тағатын ұзындығы 10-16 см бас жағы шар тәрізді бунақталған жұмыр білігі бар. Мұнда зерттелген қорғандар ортақ белгілерінің сипаттамалары бойынша б.з.д. III-II ғғ. кезеңіне жатады және үйсін дәуіріне қатысты. Камен қорған қорымы, Қыстақ-Ақтас-2 қонысы, Түзусай қонысы. Камен қорған қорымын зерттеу барысында 11 мола, сүйек және тас құралдарының коллекциясы және 500-ден астам қыш сынықтары табылды. Бұл қорымға тән нәрсе қорған үйіндісінің астында екі және одан да көп адам қатар жерленгенін айтуға болады [3, С 23]. Үйсіндердің байырғы қоныстарының бірі б.з. I-III ғғ. жататын «Таулы қырат» кеңшары аумағынан 1936 ж. табылған тұрақ. 1994-2001 жж. Іле Алатауының солтүстік бетінде жатқан тау етегі, далалық аймақтарда, Алматы маңында, Талғар, Цыганка, Талдыбұлақ өзендерінің аңғарында үйсін кезеңінің 40-қа жуық қоныстары табылды. Бұлар алдымен сақтардың, кейін үйсіндердің қонысы болған. Орта ғасырларда сақ, үйсін қоныстары жиі орналасқан жерлерде ірі қалалар пайда болған [8, С 206.]. Ал Алматы облысы Қарғалы шатқалынан 1939 ж. табылған Қарғалы көмбесінен диадемадан басқа 300-ден астам алтын әшекей: диадема, қос өркешті түйе мүсіні бейнеленген 2 жүзік, таутеке түріндегі 10 қаңылтыр белгі, адамды кеміріп тұрған тышқан бейнеленген сырға, жапырақ сияқты пластинкалар т.б. табылған. Қарғалыда табылған алтыннан жасалған заттардың барлығын алғаш зерттеуші ғалым А.Н. Бернштам есептегендей бақсылық киім –кешекке жатады. Бақсылар

табиғаттан тыс қабілетке және білімге ие. Олар қоғамда жер мен аспан арасындағы делдалдың, құдай хабаршыларының рөлін орындады [9,276б.].

Алматы қаласы мен оның аймағында ғалым, археологтар ерте дәуірде (тас, қола, темір) және ерте ортағасырларда - үйсін кезеңінде жүргізілген қазба жұмысының бірнешеуіне түсінік беріліп, талдау жасалды. Нәтижесінде қала аумағы маңында және оның төңірегіндегі мекендерде сонау ежелгі дәуірдің өзінде тіршілік мекені болғандығын байқадық.

Қазақстан және американдық зерттеушілердің бірлесе жүргізген қазба жұмыстары б.д.д.8ғ. – б.д.5ғ.-да және ортағасырлар кезеңінде Жетісудың малшылары мен егіншілері, көшпенділері мен отырықшы халықтары өзара тығыз қарым-қатынаста өмір сүрген деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Бұл уақытта Жетісуда Ұлы Жібек жолы бойында саяси, экономикалық мәдени орталықтар ретінде белгілі болған Алматы, Талхир, Екіөгіз,(Эквиус), Қойлық шахарлары бар қалалық аудандар қалыптаса бастаған [10,7 б.]

Ортағасырлық Алматының мәдени дамуына Ұлы Жібек жолы үлкен үлес қосты. Жазба дереккөздерінде Жетісудың бірнеше ірі қалалары туралы хабарлайды. Олардың арасында «Алмату», «Алмалық»,«Алматы» деген қала да бар.[11-10б.].Алматы қаласының орта ғасырларда болғандығы туралы бірнеше тарихи деректер бар. Ш.Уәлиханов ХІХ ғ. «Жоңғария очеректері» атты еңбегінде: «Орта ғасырларда бұл жерде (Жетісуда)отырықшылық кеңінен тарады, әсіресе Іле алқабында, Алмалық қаласы (қазіргі Түркістан ауылы), Ханакай мен Қайнақ, Алматы (бүгінде Верный бекінісі) саудамен атағы шыққан және генуэз көпестері Қытайға, қыпшақ елшілері ұлы ханға жүретін үлкен жолда станса ретінде қызмет атқарған»[12,73б.].

Жазба деректерде көрсетілгендей бүгінгі Алматы ауданында қаланың өмір сүргендігін көрсетеді. Орта ғасырлардағы қала орны, қазіргі Алматы қаласы тұрған жерде орналасқандығын дәлелдейтін археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттай деректерге тоқталсақ. Алматы қаласының шетінде орналасқан «Тау қыраты» ауылында жүргізілген қазба жұмысы кезінде, онда төбенің солтүстік-батыс қабырғасынан тік бұрышты аланша қосылғандығы байқалады. Ал қабырғамен қоршалған, бұрыштарында дөңгелек мұнаралар болған. Үстінен жиналған ыдыс сынықтары Х-ХІІ ғғ. жатады[13, 128 б.]. Сондай –ақ жүргізілген құрылыс нәтижесі барысында қазіргі қаланың Ботаника бағынан 1969 ж. бірнеше құмыралардан тұратын көмбе табылды, ондағы ыдыстар ХІ-ХІІ ғғ. жатады.Сондай -ақ Шекарашылар мектебі аумағында 1979 ж. жүргізілген құрылыс жұмыстары кезінде орта ғасырлық ұстахананың орны ашылған. Мұнда әр жылдарда жүргізілген қазба жұмыстары кезінде күміс теңгелер табылған.Осы олжалардың негізінде шығыстанушы және нунизмат В.Н.Настич бұл ақшалардың жергілікті Жетісуда шыққаны және қазіргі Алматы аумағында ХІІІ ғ. ақша сарайының өмір сүргені туралы жорамалды айтқан. 1990ж.таңбасы ұқсас, бірақ жоғарыдағы теңгелерге қарағанда дайындалуына қарай ерекшеленетін тағы 2 дирхем В.Н.Настичтің зерттеуіне түседі.



1-сурет қала аумағынан табылған күміс теңге (дирхем)

2-сурет –ботаникалық бақ аумағынан табылған құмыралар

3-сурет қаладағы киелі орындарды қазу кезінде табылған қолында садағы бар салт атты кейіпіндегі Митра тәңірі бейнеленген қола шырағдан. Б.д.д. 3-1 ғғ.

4-сурет- Алматы аумағынан табылған қола қазан. б.д.д. 5-3 ғғ.

Дирхемнің біреуінің айналмасында ақшаның соғылған аула мен күн бірлігіндегі сөз анық ерекшеленеді «бұл дирхем Алмату аймағында (баладта) бесінші жылы соғылды» деген жазуды оқуға болады. Алматы аумағынан табылған көне теңгелер дирхемдер 1271-1272 жж. Мавереннахр мен Түркістан қалаларында Масудбек жүргізген реформа кезінде соғылғандығын нақтылайды. Кейінірек В.Н.Настич дирхемдерде жазылған жазу негізінде сол кезеңде Алмату, Алматы қаласының аты қазіргідей айтылғанын айғақтайды» [14, 73б.]. Осыларға қарағанда XIII ғ. соңғы ширегінде Шағатай мемлекетінде моңғол дәуірі кезеңіндегі көрнекті Орта Азиялық қайраткер Масуд бек (670/1271-1272 жж.) ұйымдастырған ақша реформасы кезінде тұрған орны қазіргі Алматы қаласына сәйкес келетін қалада, оның айналасындағы елді мекендердегі базарларды күміс тиындармен қамтамасыз етіп тұрған теңге сарайы жұмыс істеген. Ол туралы К.М. Байпақов: «...Осы жазба дерек көздерге, ақша олжалары мен археологиялық материалдарға сүйене отырып, Алматы қаласы X-XI ғғ. пайда болды және сайып келгенде оның тарихы кемінде 1000-1100 жылды құрайды деп қорытынды жасауға негіз бар» деген болатын [3, 23 б.]. Алматы қаласының жасын анықтауда қала аумағында адамдар қоныстана бастаған қола дәуірі мен ертедегі темір дәуірін емес, ғылымда қабылданған қалаға тән белгілір - әкімшілік билік, қолөнер, сауда, оның ішінде халықаралық сауда, мәдениет, идеология сияқты белгілердің анық қалыптасқан, дамыған кезеңін аламыз. Қала мұндай толыққанды орталыққа X-XI ғғ. айналғандықтан, қаланың жасын 1000 жыл деп есептеуге толық негіз бар. Көне Алматы қаласы, Жетісудың басқа да қалалары сияқты, моңғол шапқыншылығы, Шағатай мемлекетіндегі өзара талас-тартыстардың, Темір мен оның ізбасарларының талқандаушы жорықтарының, Ұлы Жібек жолымен халықаралық сауданың қысқаруының салдарынан Іле өзені алқабының көрші аудандармен экономикалық байланыс әлсіреді. Алайда Іле алқабындағы отырықшылық мәдениетінің жеке ошақтары тұрмыстарын жалғастыра береді. Солардың ішінде Алматы да болса керек, бұған жоғарыдағы деректер куә. Бұл деректерден Алматы қаласының моңғол үстемдігі дәуірінде ғана емес, Темір дәуірінде де болғанын білуге болады, ал XVI ғ. бірінші жартысындағы тарихшы Бабырдың деректеріне қарасақ, оның кезінде қала қирап біткен. XV ғасырдың ортасында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Жетісудың аумағында бұрынғы хандықтар мен қожалықтардан өзгеше, жаңа этносаяси бірлестік қалыптаса бастады. Оның негізін Шығыс Дешті Қыпшақ пен Моғолыстан мемлекетін мекендеген, «қазақ» деп аталатын тайпалық бірлестік құрады, ал Алматы аймағы қазақ халқы мен оның мемлекеті-Қазақ хандығының қалыптасу орталықтарының бірі болды. Қазақ хандығының құрылуы Қазақстанның бүкіл этносаяси тарихында елеулі оқиға болды. Ол келесі жүз жылдықта қазақ халқының нығаюының этникалық аумағының рәсімделуін, рухани және материалдық мәдениетінің дамуын қамтамасыз етті.

Қазақ хандығы мен патшалы Ресейдің отарлау саясаты (Верный) кезеңіндегі қала тарихында, әуелі Қазақ тарихында қазақ –жоңғар жаугершілігі кезінде, яғни XVII ғасырдың аяғынада бүкіл Жетісу аймағы жоңғарлардың иелігіне өткен еді. Қазақтар өз иеліктерін сақтап қалу үшін қалмақтарға қарсы үздіксіз әскери қимылдар жасап отырды. Жоңғарлар XVIII ғ. басында қазіргі Алматы аймағын толық иеленіп алды. А.И.Левшин: «Үлкен орданың жұрнағы мен Орта орданың аздаған бөлігі Самарқандқа, Кіші орда – Хиуа мен Бұхар жаққа көшіп кетті» [15, С.167.]. Жоңғарларға толық бағынышты болған қазақтарға Жетісу өңірін олардан азат ету үшін қуатты одақтас қажет болды, осылайша Ресейдің бодандығын қабылдауға мәжбүр болды. Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының 1723-1730 жылдардағы Отан соғысында жеңіске жетуіне әйгілі Аңырақай шайқасы маңызды болды...Шайқас 1730 жылы көктемде Алматыдан қашық емес Балқаш көлінің маңында өткен [16, 129б.].

XIX ғасырдың басында Алматы аймағында бірқатар саяси оқиғалар болды. Ол Орта Азиядағы Қоқан хандығының күшеюі және оның қазақ даласына жылжуы, сонымен қатар Ресей империясының қазақ жерінің оңтүстік аудандарын отарлай бастауы нәтижесінде Ұлы жүздің қазақ рулары 1845 жылы Ресей қол астына қарады. Іленің барлық аймағын империяға қарату үшін


1848 жылы Үлкен орда қазақтары жанынан пристав лауазымы тағайындалды. Іле Алатау өлкесін бақылап тұру үшін патша үкіметі осы жерден бекініс салуды ұйғарды. 1854 ж. көктемде ежелгі Алматы қаласы орнына іргелес (солтүстік-шығысынан) Кіші Алматы өзенінің солтүстік жағасынан, үлкен керуен жолына жақын жерден «Заилийское» деп аталатын бекініс құрылысын бастады. Оның құрылысы 1854 жылдың күзінде аяқталып, келесі жылы бекіністің аты Верный деп өзгертілді[17,176.].

XIX ғ. II-ші жартысында орыс казактары Жетісу жеріне аяқ басқанда, ең шұрайлы жерге қоныстанып, жергілікті халықты басқа жерлерге көшуге мәжбүр етті. 1867-1868 жж. реформаларды дайындауға қатысып, Жетісуда болған А.Гейнс орыс казак қоныстанушыларының бейбастық әрекеттерінің салдарынан былай деп өкінішпен баяндаған: «Жақын маңдағы ағаш атаулыны түп тамырымен қазып алып, тып-тыйпыл еткені сондай, адам бұрын орман өсіп тұрған жерге келген кезде бір шыбықты да көрмейді». Сонымен бірге орыс казактары жаңа қоныстары үшін орын таңдаған кезде қазақтардан жерді тартып алу жағдайларын реттейтін заң нормаларының болмауы себепті «егіншілік үшін ең шұрайлы») аудандарды басып алып, «аборигендерді» құнарсыз қуан жерлерге ығыстырып, жергілікті бастықтарға «дән ризашылығын білдіріп отырды»[18, 415 б.].

Алматы қаласы жайында П.П. Семенов –Тянь-Шаньский былай деп жазған: «Өзім Көксуға бара жатқан жолымда 11 тамызда(1886ж.) мен Іле арқылы жүріп отырып, тамыздың аяғында Іледен арғы өлкеге, Верный бекінісіне немесе, жергілікті тұрғындар айтатындай Алматы қаласына жеттім. Алматы қаласы Алматинка өзенінде орналасқан, шамамен алғанда Пизамен және Флоренциямен бір ендікте жатыр [18, 510-511бб.]. Ресей үкіметінің Верный әскери бекінісін салудағы мақсаты Қазақстанның Оңтүстік аудандарын басып алу, Орта Азияны бағындыру болды. 1867 жылы 11 сәуірде Верный бекінісі қалаға айналып, оны Алматинск деп атау қабылданбай, осы жылы үкіметтің «Дала комиссиясы» баяндамасы бойынша қала Верный деп аталды. Жетісу облысының бірінші губернаторы болып Г.А. Колпаковский тағайындалады. Колпаковский Жетісу жерін басып алуда ең алдымен Ресейдің мүддесін көздеді, қазақ халқының жағдайы ол үшін кейінгі орында тұрды. Ол Жетісу халқын ұсақ –түйекке құлақ асапағандығы үшін өлім жазасын қолдануға дейін барып, аяусыз жазалап отырған. Деректерге қарағанда, Қоқан әскерлеріне қарсы күресті қиындатқысы келмеген Батыс Сібір генерал-губернаторы Госфорт, Колпаковскиден қазақтарға байланысты «өз қимылдарын неғұрлым абайлап және сақтықпен жүргізуді талап етуге мәжбүр болды» [19, 303б.].

Салынған Верный бекінісі 1867 ж. қала мәртебесін иеленіп, Түркістан генерал – губернаторлығы құрамындағы жаңа құрылған Жетісу облысының әкімшілік орталығы болды. Бұл қала өміріндегі маңызды көріністердің бірі және Жетісудың мәдени орталығы ретінде оның қалыптасуы мен дамуының бастауы болды. Екі сыныптық ерлер және қыздар мектептері мен гимназиялары, мешіттер жанынан-мұсылман мектептері, қазына кітапханасы ашылды, қалалық симфония оркестрі, драма үйірмесі ұйымдастырылды. 1853 жылы Н.А. Абрамов Верныйда болып, оның айтуынша бекіністе небары 20 құрылыс, оның 12-сі ағаш тұрғын үй, тастан қаланған 1 және ағаштан салынған басқадай 4 құрылыс, бұған қосымша 3 дүкен, ал Үлкен Алматы станицасында әулие Софьяның ағаш шіркеуі, басқадай 2 ғимарат, 1 дүкен, 50 сауда ләукесі және 377 жеке меншік үй, сондай-ақ кіші станцияда 3 қоғамдық ғимарат, 1 дүкен, 279 жеке меншік үй болған. Сол кездегі Верныйдың осы үш бөлігінде сауда ләукесін (лавка) есептемегенде 685 құрылыс бар еді[17,18 б.]. Алматы әр кезеңде табиғат апатына ұшырап отырды. Жергілікті архитекторлар өлкеде өте жиі болып тұратын жер сілкінулерді ескеріп, бұл ғимараттарды бір қабаттан асырмай аласалау етіп салуға ұмтылған. Биік тас үйлерді онша қаламаған. Верныйдың өзіне тән архитектуралық бейнесін қалыптастыру мақсатын көздеген құрылысшылар бейне өткен күндердің жаңғырығы іспетті дәстүрлі ағаш сәулетшілігін пайдаланған. Ғимараттар «бөшкемен

және шатырлармен» жабылды, «қарауыл оюлармен, кішкене әтештермен, шашақты сүлгілер» әшекейлермен және басқа да ағаш өрнектерімен әрлендірілді [20, 67 б.]. 1868 жылы қаланы қоныстандыру комитеті деп аталатын ұйым Верный қаласының алғашқы жоспар жобасын жасайды. Салынатын құрылыстар жер сілкінісіне төтеп беретін жағдайларды есепке алу арқылы жүргізілді. Үйлер негізінен бір қабатты етіліп, ағаштан салынды. Г.А.Колпаковский қаланы көгалдандыруға аз күш жұмсаған жоқ. Әскери губернатордың талабы бойынша барлық бульварларға екі жағынан екі қатарға ағаш отырғызылуы керек болды. 1856 ж. Г.А. Колпаковскидің бастамасымен ғалым-бағбан Марк Крештепенко Верный қазыналық бағының (қазіргі орталық демалыс саябағы) жоспарын жасап, негізін қалады. 1879 ж. қала ұлығы бөлімшесінің бастығы майор Ларионов та қала жоспарын ұсынады. Жоспар бойынша Верный бекініс Үлкен және Кіші станица, Татар слабодкасы және жаңа қаладан тұрады. Қаланың әкімшілік орталығы қазіргі 28 гвардия – панфиловшылар паркі маңында орналасты. 1875 ж. Г.А.Колпаковскидің өтінішімен Верный қаласында бірінші кәсіптік гимназия құрылды. Сонымен қатар әскери губернатор үйі, архиерей үйі, офицерлер мәжіліс үйі(қазіргі ұлт аспаптар музейі) мен қоғамдық мәжіліс үйі (бұрынғы Қазақконцерт ғимараты) орналасты. Бұл ғимараттардың барлығы әсем нақышпен, өзіндік өрнекпен салынды. Қала құрылымының сырт пішінінен тап айырмашылығы мен ұлттық ерекшеліктер аңғарылып тұрады. Кеңес үкіметі орнағанға дейін мұнда негізінен әскери губернатор, белгілі дворяндар мен жоғары шеңді шенеуніктер тұратын Губернатор көшесі (Қазыбек би) бай көпестер орналасқан бірінші гильдия көшесі (Первогильдейская), сырттан келген шаруалар қоныстанған Мещандар көшесі (Қабанбай батыр) жергілікті ұлт тұрғындары шоғырланған қырғыз, өзбек, ұйғыр, дұнған секілді көшелер болды. Қала оңтүстіктен солтүстікке, таудан төмен қарай бағытты созылды. Осы тәртіп әлі күнге дейін сақталған. XX ғ. басында қала орталығы болып қазіргі 28 панфиловшылар паркі, ерлер және әйелдер гимназиясы, керуен сарайы – қазіргі Көк базар болды. XX ғ. 1904 ж. қаланың орталық бағында(28 гвардияшы-панфилов) А.П. Зенковтың жобасымен кафедральды собор салынды [21,121-122б.]. Оның биіктігі 56 м ғимарат 1904-1906 жж. тұрғызылған. Ол әлемнің жүз кереметі тізбесіне енгізілген. Әлемдік сәулет өнері мұндай биіктіктегі ағаш ғимараттың бар болғаны бірнешеуін ғана біледі.(1-сур).Собордың бастапқы бейнесін қайта қалпына келтіру жұмыстары1973-1976жж. сәулетші Т.Төрекұлов, суретшілер Ю.Супистің, В.Лукиннің жобалары бойынша жаңартылды.



1-сурет- кафедральды собор (1904ж. салынған); 2-3 сурет- офицерлер жиналысы үйі (1908 ж. салынған) қазір Ы.Дүкенұлы атындағы музыка аспаптары мұражайы - 1980 ж. ұйымдастырылды. 4-сурет көпес И. Ғабдолуалиевтің сауда үйі, бүгінгі қызыл таң маталар үйі.(ғимараттар XX ғасыр басында салынған, авторы А. П. Зенков).

Мұражай қорында қазақ ұлттық музыка аспаптарының 60 үлгілері мен түрлері, 1000 аса бірлігі жинақталған. Мұнда қазақ халқының домбыралар мен қобыздар, орыс, украин, ұйғыр, дүнген, корей халық музыка аспаптары бар. Ғимараттың интерьеріндегі басқұры, қабырғадағы қыр оюы, төбедегі табакшалары, бөлмелерге ілінген люстралар, есік-терезе ойықтары Оңтүстік Қазақстанның «ағаш», «шынжара», Маңғыстаудың «үзілмес», «өткізбе» деп аталатын өрнектері ізімен безендірілген. Тобыл губерниясынан Верный қаласына 1867 ж. келген архитектор А. П. Зенков, қаланың бірінші құрылыс жоспарын құруға ат салысқан. 1898 ж. А.П.Зенков Жетісу өңірінің бас сәулетшісі, инженері және механик қызметтерін бірдей атқарды. Ол Алматы қаласындағы бірқатар ғимараттарды салған, олардың ішінде Офицерлік жиналыс (1908ж.), кафедралық собор(1904-06жж.), КазПИ-дің ескі ғимараты (мұғалімдер семинариясы, 1904ж.) бүгінге дейін сақталған. Пролетарская көшесінің А.Зенков атына берілуі жайдан-жай емес еді. [22,121 б.] Оның жоспары бойынша қаланың көлемі Алматы өзенінің оңтүстігіне қарай 20 км, батысына 30 км созылған, қаланың негізгі көрінісі 1930 ж. дейін сақталып келді. 1907 жылға қарай 2138 құрылыс салынды, оның ішінде 8-і ғана тастан, ал 2130-ы ағаштан тұрғызылды. Салынған құрылыстардың біреуі Қонақ ауласы алаңының ортасында (қазіргі көшелерде Пушкин, Мақатаев, Зенков, Жібек жолы қиылыстарында орналасқан) – жер сілкінісінен қаза болғандарға ескерткіш орнатылды. Қазіргі уақытта бұл ауданда Орталық сауда орны орналасқан. Қалада 1910 жылы 22 желтоқсанда болған жер сілкінісінің салдарынан 616 тұрғын үй толықтай қирап, 300 құрылыс бүлінді. Жергілікті халық баспаналарынан айрылып, қала үлкен шығынға ұшырады. Тастан соғылған үйлер мен ғимараттар толығымен қирады, ал ағаштан салынған құрылыстар үлкен зақымға ұшырады, олардың барлығына толық күрделі қалпына келтіру жұмысы жүргізілуі керек болды. Сол кездегі қаланың басшысы Щепкин Жетісу облысының әскери губернаторына мәлімдеме жазды. Мәлімдемеде қалада болған жер сілкінісі зардаптарынан қирап қалған үйлерді қалпына келтіру мақсатында 15 ж. мерзіміне өсім ақысыз 200.000 ақшаны (рубль) несиеге беруді сұрады. Зіл –зала апатының шығының есептей отырып, қаланы қалпына келтіруге 1050000 ақша (руб.) бөлінді. [1,96-97бб.] Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан 1854 ж. салынған әскери бекініс 1887 ж. бастап қала мәртебесін иеленіп, Жетісу губерниясының орталығына айналып, онда XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қала құрлысын жүргізу барысында тастан және ағаштан құрылыс үйлер мен ғимараттар салынды.. Қаладада 2 мәрте болған жер сілкінісінің (1887ж.,1910ж.) зардаптарына қарамастан Верный тез арада қалпына келтіріліп, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілді.



Алматы қалалық музейі архивінен алынған суреттер

- 1-сурет 1887 ж. қаладағы жер сілкінісі салдарынан қираған ғимарат
- 2-сурет 1910ж. қаладағы жер сілкінісі салдарынан қираған архирей үйінің көрнісі
- 3-сурет 1910ж. қаладағы жер сілкінісінен кейінгі көрініс
- 4-сурет 1910ж. қаладағы жер сілкінісінен кейінгі көрініс
- 5-сурет Верный қаласының бас жоспары

Кеңес үкіметі қалада орнаған соң Верный қаласының жаңа дамуы басталды. 1921 ж.14 наурызда Верный қаласын Алма-Ата деп атау туралы Декрет шықты. [1,123 б.] Қалада 1923-1926 жылдары әбден тозығы жеткен үйлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бұл жылдарда салынған бір қабатты тұрғын үйлер қала архитектурасына оншалықты өзгерістер алып келмеді [17,123 б.].

Алматы қаласы мен астананың тарихы қарама-қайшылыққа толы ХХ ғасырдың қуанышы мен қайғысын бейнелейді. Қызылордадан Алматы қаласына астана 1929 ж. 19 шілдеде көшірілді. Барлық күш пен техника жаңа астананы салуға жұмылдырылды. Қызыл империяның жүргізген солақай саясаты салдарынан астананың орнын таңдауда және (Қызылорда) 3 жыл қаланы салуға көп қаржы жұмсалған деген жаламен бірнеше инженер құрылысшылар: П.Т.Будасси, И.Маркушевич, С.А.Бограков, М.Т.Тынышбаев сынды талантты инженер, архитекторлар қамауға алынды. Олар Мәскеудегі ұзақ уақыт түрмеде болып, кейінірек, лагерлерде айдауда болып, Волга каналын салды. Қала құрылысын жүргізу мен жоспарын жасау барысында Одақ көлемінде архитектор мамандар шақырылып, кері қайтарылғандары мен саяси репрессияға ұшырағап із-түзсіз жоқ болып кеткендер де бар. Салынып жатқан құрылыс нысандардың қарқыны мен жылдамдығы жайында қалалық, республикалық газет беттерінде жарияланымдар шықты. Бірақ осындай қарқынды құрылыс жүргізушілердің қатарын лагерлер мен түрмеде жазықсыздан жапа шеккендер мен отбасымен арнайы жер аударылғандар және «бай-кулактар» деген айдар тағылған қарапайым адамдар болғандығын бүгінге дейін біреу білсе, біреу білмейді. [1,144-145б.б.]. Алматының астанаға айналуы аз уақыт ішінде қаланы аса ірі саяси-әкімшілік ғылыми-мәдени және экономикалық орталыққа айналдырды. 1930-1935 жылдарда темір-бетон, күйген кірпіш сияқты жер сілкінісіне төзімді материалдардан салынған ірі ғимараттар бой көтерді. Алғашқы Қазақстан Үкімет үйі (қазіргі Өнер Академиясы, 1930 ж. сәулетші М.Я. Гинзбург), Байланыс үйі (1931-1934жж., сәулетші Г.Г. Герасимов) ҚР ІІ министрлігінің әкімшілік корпусы (қазіргі Ұйғыр театры ғимараты), Түркістан-Сібір теміржол басқармасы (Алматы теміржол басқармасы), Су шаруашылығы министрлігі (сәулетші Ч.У. Бапишев), Заң институты ж.т.б. құрылыстар салынды. [23,24 б.] 30 ж. ІІ-ші жартысынан бастап сәулетшілер орыстың классикалық мұрасы мен қазақтың ұлттық сәулет өнерін қолдануға мән бере бастады. Сәулетшілер үшін бұл қала шығармашылық ізденіс кезеңі болды. 1936 ж. қаланың архитектуралық құрылыс жоспардың басты мақсаты Алматыны мәдени орталыққа айналдыру болды. Жоспар бойынша қалыптасқан тарихи маңызы бар құрылыстарды түбегейлі өзгерту және үлкейту негізделді. 1933-1941 жж. тозығы жеткен бір қабатты үйлердің орнына қала келбетін өзгерткен ірі ғимараттар ірге көтерді. Олардың қатарына қаланың атқару комитетінің алғашқы ғимараты (1937ж. сәулетші М.Шугал), ҚазКСР Қаржы министрлігі (1938ж., сәу. М.Шугал), ҚазКСРО Совхоз министрлігі (1937-1938 жж. сәу. Г.П. Кушаренко). Осы кезеңдегі қала архитектурасының жаңа даму барысы классикалық сәулет өнері үлгісін талғаммен пайдаланумен сипатталады. [23,24б.].

1941ж. қарашада Абай атындағы Академиялық опера және балет театрының құрылысы аяқталды (сәу. Н.А. Простаков, Т.К. Бәсенов). Театрдың архитектурасында орыс классикалық сәулет өнері тәсілдері мен қазақтың ұлттық үлгілері астастыра қолданылған ғажап безендірулер жасалды. Ұлы Отан соғысы жылдарында соғыс қажеттеріне орай құрылысқа тежеу салынып, оның көлемі едәуір қысқартылды. Соғыстан кейінгі жылдары қала құрылысы қайтадан өрістей бастады. Классикалық сәулет пен халық сәулет өнерінің тәсілдері мен түрлері, сондай-ақ ұлттық нақыштар келтірілген 1950 жылы ҚР ҒА-ның бас ғимараты Азаматтық сәулеттің үлгісі болып табылады (сәу. А.В. Щусев, Н.А. Простаков) мен Республиканың жаңа Үкімет үйі (сәу. Рубаненко және т.б.) салу ісі қолға алынды [17,23 б.]. ҒА-ның қасында «Шығыс күнтізбесі» су бұрқақтың ортасында күннің символы, оны айнала қазақтардың жыл санау күнтізбесінде бейнелетін 12 жануардың мүсіні орналасқан. (авт. Сәу. В.З. Катсев)



1 сур. -ҒА-ның бас ғимараты мен су бұрқақ- азаматтық сәулеттің үлгісі болып табылады.
2-сур- Республиканың Үкімет үйі, 3-сур.Оқушылардың республикалық сарайы, 1-ші сурет
Даңқ мемориалы

50 ж. аяғында қала құрылысы Республиканың Үкімет үйі (1958ж.), ҒА-ның бас ғимараты құрылысы аяқталды. Орталық стадионның бас спорт аренасы (1958ж.), Облыстық саяси ағарту үйі (кейін қазақ филормониясы) салынды. Қала құрлысын салуда 60 ж. заман талабына сай Қазақстан архитектура мектебі қалыптасып, архитектуралық құрылыс жұмыстарында ұлттық нақыштар орын алды. Қаланың ресейлік архитекторлар 60ж. жасаған бас жоспарына наразылықтар туд, онда қаланың табиғи климаттық жағдайы мен оның құрылымдық ерекшеліктері ескерілмей, қала дамуының кезеңдеріне талдау жасалмады. Қаланың жедел өркендеуі 70 ж. бас кезінде саяды. Жер сілкінісіне төзімді отандық және шет ел құрылыс әдістерін ұтымды қолдану тәжірбиесі негізінде жаппай үй құрылысы 5 қабатты, ішара 7- 9, 12 қабатқа дейін көтерілді. Қаланың қарқынды дамуына және халық санының тез өсуіне байланысты 1970 ж-дан Алматының жаңа, IV бас жоспарын жасау жұмысы басталды. Оның жобасын Алматы қала құрылысы жобалау мемлекеттік институты еліміздің 13 арнайы жобалау және ғылыми-зерттеу институттары қатысуымен тұңғыш рет жасады.

XX ғ. 60-70жж. қазіргі заман архитектурасының озық туындыларынан саналатын ғимараттар бой көтерді. 1978 ж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу корпусы (Бондаренко В.П., Ю.С. Зимин), Округтік офицерлер үйі, қалалық аэровокзал ғимараты сияқты ірі құрылыстар аяқталды[24,339 б.]. Бұрыннан қалыптасқан архитектуралық ансамблдерді жетілдіру және жаңа архитектуралық ансамблдерді қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. 28-гвардия-панфиловшылар паркі аймағында Округтік офицерлер үйі мен «Даңқ» мемориал кешені (1975ж. Андрюшенко А. Артимович, сәул-р Бәсенов, Сейдал ин, Ким) қамтыған қала құрылысы шоғыры пайда болды. Сондай-ақ Ленин сарайы (қазіргі Республика сарайы) мен 25 қабаттық «Қазақстан» қонақ үйі маңайындағы құрылыстармен, А.Құнанбаев ескерткішімен ажарланып қаланың ең көрікті жеріне айналды. Абай даңғылында Цирк ғимараты, Неке сарайы, Қастеев атындағы Мемлекеттік Өнер мұражайы, М.Әуезов атындағы Академиалық қазақ драма театр ғимараты көрікті бір ансамбль шоғырын қалыптастырды.25б

Қаланың сәулетін дамыту 60-80 жж.бүкілодақтық көлемде сәулетті шығармашылықпен дамытуға деген жалпы құлшыныспен байланыстыруға болады. Бірақ та алматылық сәулетшілердің сол кездегі шығармашылығы тек Алматы объектілеріне ғана тән өрнек пен тәсілге бағытталды. Сәулетшілер халық сәулет өнерінің озық түрлерін шығармашылықпен игеріп, олардың тәсілдері мен үлгілерін алып, ұлттық қолданбалы және декоративтік өнер элементтері мен сыр-сымбатын пайдаланды. Қала көшелерінің кескін-келбетін қалыптастыруда монументальды мүсін өнері мен басқа да декоративтік өнер түрлерінің алатын орны ерекше. Алматы бақтарында революционерлердің, жазушылардың, ақындардың ескерткіштері қойылған. Монументальды өнердің жаңа түрлері –мемориальды ансамбль (Даңқ мемориалы) пайда болды.

28 панфиловшылар паркінде атақты мемориал, естелік аллеясы мен мәңгі алау от бар. Зенков кафедралдық шіркеуі де осы паркте орналасқан[17,339 б.].

Алматы қаласында соңғы 3-4 онжылдықтарда (1960-1990жж.) жоғары кәсіби деңгейдегі көптеген объектілер салынып бүкіл әлемге танылған бірегей қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар, архитектура кешендері тұрғызылды. Осыған куә КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған 3 объектіні айтуға болады: 1972ж. Республика Сарайы, 1974 ж. тау биіктігіндегі «Медеу» мұз айдыны кешені және 1982 ж. Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болған 25-қабатты «Қазақстан» қонақ үйі, Шет елдерімен достық қоғамының үйі, және «Арасан» емдеу-сауықтыру кешені [25,106.].



1 сур.-Медеу спорт кешені, 2 сур.- Қазақстан мейрамханасы, 3-сур. Арасан орталық сауықтыру орталығы, 4-сур. Республика сарайы.

Алматы үлкен қала, онда ғасырлық тарихы бар ғимараттармен бірге бүгінгі заман талабына сай салынған құрылыс материалдары қолданылған сәулет және құрылыстар бар. Бірегей сәулеттік үлгідегі «Қазақстан» қонақ үйі мен «Көктөбедегі теле мұнара сияқты құрылыстар достастық мемлекеттердің біреуінен де кездестіре алмайсыз. Аспа жол арқылы баяу тербетіліп баратын шағын трамвай санаулы минуттың ішінде Абай ескерткішінен Көктөбеге алып барады. Оңтүстігі қаламен шектесетін жоталы мекен. Ол 1070 метр биіктікте орналасқан. Аспа жолдан жерге қарасаңыз қала алақандағыдай анық көрінеді. Сәулетті де салтанатты, гүлдермен барынша безендірілген Алматы күн сайын өз қонақтарын қарсы алады.

Қала 1929 ж.- 1997 ж. аралығында біздің Қазақстанның астанасы болған.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырып, ҚР-сы егемендік алған соң, Алматы қаласының дамуында жаңа кезең басталды. 1993 ж. Республика Жоғары Кеңесі сессиясы шешімімен «Алма-Ата» қаласы өзінің тарихи атауына сәйкес «Алматы» болып өзгертіліп, қаланың елтаңбасы белгіленді. Ресей империясы мен Кеңестік дәуірде орыстандыру саясаты салдарынан қала көшелеріне берілген өзге ұлт өкілдерінің атымен атылған көптеген көшелерге қазақтың тәуелсіздігі жолында күрес жүргізген мемлекет, қоғам қайраткерлері мен әскери адамдардың атымен өзгертілді. Мысалы: Ресейлік отарлау кезінде Командирская көшесі кеңестік билік кезінде-Киров көшесі, ал тәуелсіздік алған соң Қазыбек би атанды, Генерал Колпаковский даңғылы Ленин даңғылы-тәуелсіздік алғаннан кейін Достық даңғылы атанды. Міне осындай атаулармен қала көшелері бірінен кейін, бірі қазақша атау иеленді. 1995 ж. Алматының кейбір аудандарына жаңа атаулар берілді: Совет ауданы – Алмалы, Калинин ауданы – Бостандық, Ленин ауданы – Жетісу, Октябрь ауданы - Түркісіб, Фрунзе ауданы - Медеу болып өзгертілді. 1997 ж. 28 қаңтарда Алатау және Москва аудандары таратылды. Медеу ауданының әкімшілік қарамағында болған Алатау поселкесі 503 гектар жер көлемімен қалалық жер құрамына қосылды. Қалада қоғамдық ғимараттар мен имраттарды салудағы құрылыс және әрлеу жұмыстарының сапасы мен

сәулетшілердің кәсіптік шеберлігінің жоғары деңгейіне қол жеткені анық аңғарылады. Алматы тұтас алғанда еуразиялық қала. Мұнда отандық және дүниежүзілік архитектураның барлық жетістіктері жинақталған. Әлем архитектурасының үлгісі іспетті құрылыс нысандары қазіргі заманға сай бағытты пайдаланушылар 1997ж. Алматыда әлемдік офис салынды [25,49 б.].



1995 жылы қаланың үш ірі құрылысы аяқталды: Республика Призидентінің Резиденциясы, «Рахат паллас». «Анкара» қонақ үйлері. АҚШ-та 70 ж. пайда болған архитектор Де Портман салған отельдер Артиумы 90-шы ж. Алматы қаласына да жетіп, шетел (Австрия және Түркия) фирмалары жобалап салған көпқабатты бесжұлдызды «Рахат Палас» және «Анкара» қонақ үйлерінің композициялық шешімдерінің негізін құрады. Бұл отельдерде қазіргі заманғы әрлеу құрылыс материалдары қолданылған әрі жұмыс сапасы өте жоғары, сондықтан ерекше әсер береді. [25,48 б.].

Қаланың бет –бейнесін ажарландыра түсуде мүсін өнері айтарлықтай рөл атқарды. Қаланың бас алаңында-Республика алаңында Тәуелсіздік Монумені алаңға көрік берген қайталанбас құрылыс. Монуменітің авторы -Ш.Уәлиханов. Монуменітің ұшында барысқа мінген алтын адам бейнесі бейнеленген, ал айналасында қазақ даласының ежелгі тарихы толықтай қамтылған. Достық даңғылында Ж.Жабаевқа ескерткіш, Сәтбаев пен Байтұрсынов көшелері қиылысында-Қ.Сәтбаевқа ескерткіш, Достық даңғылы мен Шевченко көшесі қиылысында Т.Шевченкоға ескерткіш, Алматы-2 теміржол станциясы вокзалының алдындағы алаңда Абылайханға ескерткіш және т.б. орнатылды.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін оның астанасы болған-Алматыға дүниежүзінің көптеген елдерінің өкілдері қоныс тепті. Олардың қатарында АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Түркия, Иран, Үндістан, Моңғолия, Корея, Польша, Украина және т.б. таяу және алыс шет ел өкілдіктері бар. Алматыда 130 дан астам этникалық ұлт өкілдері тұрады.

ҚР Президенті Н.Назарбаев «Алматы қаласының мәртебесі және оның алға қарай дамуы бойынша шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды, соған сәйкес Алматы республикалық маңыздағы қала болып табылады. 1998 ж. ҚР-ның « Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңы қабылданды. Алматы қаласын дамытудағы жаңа бас жоба 1998-2020 жылдар аралығын қамтиды. Басты мақсат экологиялық таза, қауіпсіздік, әлеуметтік жағдайға қолайлы орта құру. Негізгі архитектуралық-құрылыстық мақсат Алматының «бау-бақша қаласы» атын сақтау мен дамыту. Жоспар бойынша көп қабатты үйлер салу, өндіріс орындарын дамыту, жол көлігін нығайту, метрополитен енгізу

Алматыдағы құрылыс салудың қарқынды жүруі, қайта жаңарту мен қала құрылысын жүргізуді дамыту қалаға қайталанбас көрік беруде. Құрылстардың басым бөлігі өз ерекшеліктерімен тамсандырады және де олар мемлекет қорғайтын ескерткіштер қатарына жатады. Мәртебелі Нұрлытау және шамдары жарқыраған Самал ықшам ауданының жаңа

құрылыстары бой көтерген 38 қабатты «Marriott» қонақ үйі сонымен қатар әл-Фараби даңғылындағы көп ғимаратты зәулім үйлер. Қаланың өзінің ерекше сауда- саттық Алматы арбаты көшесінде жергілікті суретшінің ұнаған суретін сатып алуға болады. Қаланың мәдени өмірі бай және әр қилы. Көп ұлтты Алматыда қазақ, орыс, ұйғыр, корей, неміс театрлары жұмыс істейді. Алматылықтар бос уақытын өткізетін сүйікті орны Орталық саябақ. Мұнда ғасырлық ағаштар қазіргі заманғы аттракциондармен қатар бой түзеп, тоған орнына керемет аквапарк орналасқан. Қалада көгалдандыру Верный қаласы құрылғаннан бастап көп көңіл бөлінеді. Кезінде қазына бағы-қазіргі мәдениет және демалыс саябағы отырғызылды. Пушкин бағы – 1927 ж. Федерация бағы- бүгінде -28 гвардияшы панфиловшылар саябағымен аталды. Кезінде 1892 ж. Орманшы ғалым Э.Бауманның бастамасымен жасанды жасыл алқап, орман саябағы – қазіргі Бауман тоғайы отырғызылды. Э.Бауман Верный кезеңінде 1876-1896 жж. қаланың орман күтушісі қызметін атқарды. Оның орасан зор қызметі қаланы көгалдандыру жұмысын атқарды [27,506.]. Қазіргі Алматының сәулеті табиғатының қалаға қайта оралуына, тіршілік ортасы мен тұрмыс ортасы үйлесімінің ізденісіне бағытталған. Мегаполистің жасыл көшеттері алуан түрлілігімен ерекшеленеді - өсімдіктің 50-ден астам түрі пайдаланылған. Жасыл алқаптардан бағалы экзотикалық өсімдіктер кездестіруге болады. Бүгінгі Алматыда 145 гектардан астам алаңды алып жатқан 40-тан астам саябақ пен бақтар бар. ХХІ ғасырда қаланың архитектурасын шетелдік инвестициялар елеулі ықпал жасауы барысында шетелдік құрылыс және дизайнерлік фирмалардың қатыстырылуы, жаңа импорттық құрылыс және әрлеу материалдарын қолдануда.

Қалада салынған неғұрлым ірі және бірегей архитектуралық және қоғамдық ғимараттарды зерттеу негізінде, Алматы сәулетшілері отандық және дүниежүзілік архитектураның барлық жетістіктерін пайдалана білген. Олар эстетикалық талғамдық, етене пластикалық көрнекілік, халықтық сәулет өнері және әрлеу жұмыстарында ұлттық ою-өрнек нақыштарын орынды қолдана білген өзінің жоғары кәсіпті ұлттық архитектуралық мектебі салған деген қорытынды жасауға негіз бар. Қала бүгінде ғылым мен мәдениет, білім мен өнеркәсіп және қаржы орталығы. Қаланың архитектурасында ұлттық ерекшеліктің элементтері, қала аумағының табиғат сұлулығы және құрылыс саласындағы ғылым мен техниканың жетістіктері жүйелі түрде, жоғары талғампаздықпен үндестік тапқан. Бүгінде Алматы қаласында 179 тарихи және мәдени ескерткіштер, оның 99 –тарихи және сәулет, 52 – монументальды, өнер және 28 –археологиялық (оның ішінде 30 ескерткіш республикалық маңызы бар. [26,1916.]. Қорытындылай келе, қаланың қалыптасып даму тарихы мен ондағы тарихи мәдени ескерткіштерін зерттеу барысында, қала мен оның төңірегінде тас, қола, темір дәуірі мен ортағасырлардан қалған сан алуан тарихи –мәдени ескерткіштердің бар екендігіне көз жеткіздік. Археолог, ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ортағасырлардағы қала аумағы мен оның төңірегіндегі Боралдай сақ қорғандары, Есік қорғанынан табылған алтын адам, Қарғалыдан табылған диадема сынды тарихи ескерткіштердің ерекшелігіне тоқталдық. Ортағасырда қаланың өмір сүргендігін айғақтайтын жазба деректер мен археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған қыш ыдыстар, теңгелер мен ондағы (теңге) жазуды оқу барысында қала аумағында ортағасырларда теңге сарайы болғандығы және Алматы қаласының аты қазіргідей айтылғаны айғақталды. Көптен бері пікірталас тудырып жүрген Алматы қаласының жасы 1000-1100 жыл деген қорытынды негізге алынды. Алматы қаласы моңғол шапқыншылығы, Әмір Темір мен оның ізбасарларының жаулап алу жорықтарының, Жібек жолымен халықаралық сауданың қысқаруы себептеріне байланысты құлдырағанымен мұндағы отырықшылық өмір тоқтаған жоқ. XV ғ. ортасында Алматы аумағы қазақ халқы мен Қазақ хандығының қалыптасу орталықтарының бірі болды.

Патшалы Ресейдің отарлау саясаты кезеңіндегі қала тарихы мен архитектуралық ескерткіштері деген тарауда XVII- XVIII ғ.ғ. басында жоңғар шапқыншылығы салдарынан қазіргі қала мен оның аймағы толығымен оларға бағынышты болғандығы туралы ғылыми

зерттеулерге сүйене отырып қысқаша талдау жасалды. Қазақ даласын жоңғарлардан азат ету мақсатында қазақ хандығы Ресейдің бодандығын қабылдауға мәжбүр болғаны туралы тарихи шолу жасалды. Ресейдің отарлау саясаты мақсатында XIX ғ. басында салынған әскери бекіністің бірі 1854 жылы (Верный) салынып, 1887 жылы Жетісу губерниясының орталығына айналды. Қаланың Верный деп аталуы жайында пікірлерге талдау жасалды. Қалада 2 рет болған жер сілкінісінің (1887ж., 1910ж.) зардаптарына қарамастан қала тез арада қалпына келтіріліп, ағаштан салынған ғимараттар бүгінде архитектуралық сәулет ескерткіштеріне айналды.

Кеңестік билік кезіндегі Алматы қаласының тарихы мен архитектуралық ескерткіштері деген тарауда кеңес үкіметінің орнауы қала тарихының жаңа даму кезеңін бастады. Қаланың (1929 ж.) астанаға айналуы мен ондағы құрлысын жұмыстарын жүргізу қолға алынды. Қала құрлысын салуда кеңестік биліктің солақай саясатынан саяси репрессияға ұшыраған архитекторлар, инженерлер, құрылысшылар және жазықсыз қамауға алынған азаматтар туралы тың мәліметтер қолданылды. Қала құрылысын жүргізуде көптеген мәдени ошақтар, саяси-әкімшілік, ғылыми-мәдени және экономикалық орталықтар салынуы мен қазақ архитектура мектебінің қалану тарихынан мәліметтер келтірілді.

XX ғасырдың 60-90 жылдарында қазіргі заман архитектурасының ең көрікті ғимараттарының салынуына талдаулар жасалған. Сондай-ақ ғимараттарды салуда кемшіліктер тек Алматы объектілеріне ғана тән, өрнек пен тәсілге бағытталды. Архитектуралық ескерткіштерді салуда ұлттық қолданбалы және декоративтік өнер элементтері және монументальды өнердің жаңа түрлері (мемориальды ансамбль) қолданылды.

Алматы қаласында 1960-1990жж. кәсіби деңгейде көп салынған объектілер мен әлемге танылған бірегей қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар, архитектура кешендерінің кейбіріне талдау жасалынды.

Тәуелсіздік жылдарындағы Алматы қаласы мен оның архитектуралық ескерткіштері тарауында, кезінде орыстандыру саясаты салдарынан қала көшелеріне берілген басқа ұлт өкілдерінің аты - қазақтың мемлекет, қоғам қайраткерлері атымен өзгертілді. Қаланың XXI ғ. жаңа архитектуралық бейнесі заман талабына сай салынғандығы туралы архитектор Қапанов А.К., Баймағамбетов т.б. еңбектеріне сүйене отырып, талдау жасалды. Қала архитектурасында ұлттық ерекшелік элементтері, табиғат сұлулығы және құрылыс саласындағы ғылым мен техниканың жетістіктерінің орынды қолданылғандығынан мәлімет келтірілген. Қалада салынған ірі және бірегей архитектуралық және қоғамдық ғимараттарды зерттеу негізінде, Алматы сәулетшілері отандық және дүниежүзілік архитектураның барлық жетістіктерін пайдалана білген.

Әдебиеттер тізімі

1. Самашев З.С., Оңғарұлы А. Алматы археологиялық ескерткіштерін сақтау мен қорғау мәселелерінде// Алматы история тысячелетия.- Алматы: «С», -2008. – 240 с., ил. (С.51-60)
2. Аяган Б.Г. Свод памятников истории и культуры города Алматы.- Алматы: ТОО «Қазақ энциклопедиясы», 2006. – 360С.
3. Baipakov K.M. Archaeological Cultural Heritage of Almaty. A.Ch. Margulan Institute of Archaeology Archaeological Expertise LLC. –Almaty.-2010.– 139. -126.
4. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Поселение эпохи бронзы в верховьях ущелья Тургень и на плато Асы// История и археология Семьиречья.- Алматы.-2001.с-112-123.]
5. Алматы жолсерігі. – Алматы: «Gredos», -2009. -320б.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. М., 1978.
7. Савельева Т.В. Археологические исследования средневековых памятников на территории Алматы// Алматы история тысячелетия.- Алматы: «Credo», - 2008.-240С.,

8. Chand K. Tourtellote P. Baipakov K.M.Grigoriev F.P. The evolution of steppe communities from bronze age through medieval periods in Southeaster Kazakhstan (Zetysu). Sweet-Briar- Almaty ,2002.
9. Бернштам А.Н. Золотая диадема из шаманского погребения на реке Каргалинка. КСИИМК, 1940, вып.5, 23-31-бб.,Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) I том.,-А:, - Атамұра баспасы. -1996.-542б.
10. Байпақов К.М. Жетісу мен Алматы аумағындағы сақ пен үйсіндердің қоныстары. Поселения саков и усуней на территории Жетысу и Алматы Алматы: «Gredo», -2008. – 173б.(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).
11. Байпақов К.М. Средневековый город Алматы. // Алматы история тысячелетия. – Алматы: «Credo», - 2008.-240с.
12. Ш.Уәлиханов. Мақалалар, хаттар.-Алматы,-1967.,- 498б.
13. Әбдуәли Қайдар,Әнес Ғ., Далғабаяев Е., Ерғожин Е., Құлмаханов Ш. т.б. Жетісу. Энциклопедиясы. – Алматы: Арыс баспасы., -2004. -712б.
14. Настич В.Н. Алматы – неизвестный монетный двор XIII века. Бартольдская чтения. –М., 1993. –С.68-69.
15. Левшин А.И. Описание киргиз – казачьих или киргиз – кайсацких орд и степей. Алматы.,- 1996. -576.
16. Әуезов Е.К. Алматы аймағы XVIII ғасырда.(-127-1316б. -1296.) // Алматы история тысячелетия.- Алматы: Credo, -2008. – 240с.,
17. 17 б Қапанов А.К., Баймағамбетов С.Қ. Алматы архитектурасы мен қала құрылысы. –Алматы: DIDAR Publishing Co, 1998.-352 б.
18. Қазақстан тарихы(көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық.- 3 том. – Алматы: «Атамұра», -2002. -768 б.
19. Бекназаров Р.Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII-XIX ғғ.). – Алматы. – Ғылым. – 1976., -329б.
20. Қозыбаев М.Қ., Нұрпейіс К.Н.,Аяған Б.Ғ. Көркемсуретті Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін. (Қзақстанның 19ғ. II-ші жартысынан -XX ғ.І-ші жартысына дейін) 3 том. -2007. -320 бет.
21. Маргулан А.Х., Басенов Т.К., Мендикулов М.М. Архитектура Казахстана. – Алматы, 1959. -172с.
22. АлдабергеноваД.,Алимғазинов Қ.Ш., Букетова Н., Бүркітбаева Ү., Воронов А.Г. және т.б. Алматы қаласының тарихы тұлғалар келбетінде. – Алматы., 2010., -335 б.
23. Жақып Б.Ө. Алматы қаласының көркем суретті тарихы. (Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін) – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», - 2009. -352 бет.
24. Алматы тарихы.Көне заманнан бастап қазіргі кезеңге дейін. -II том., -Алматы : - 423б.
25. Қапанов А.К., Баймағамбетов С.Қ. Қазақстан архитектурасы- Архитектура Казахстана. –Алматы, «Өнер», 2013. Т.10. -192 б. –қазақша, орысша.
26. АлдабергеноваД., Алимғазинов Қ.Ш., Букетова Н., Бүркітбаева Ү.,Воронов А.Г. және т.б. Алматы қаласының тарихы тұлғалар келбетінде. – Алматы., 2010., -335 б.
- Токмағамбетов Е.Е. К вопросу состояния охраны и использования историко – культурного наследия города Алматы. (187-193 С.) // Алматы история тысячелетия.-Алматы: «С», -2008. – 240 с., ил.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ АРНАУЛЫ КҮНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕСІ МЕН МӘНІ

Құнапина Қ.¹, Көлбаев Н.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа. Кіріспе. Ұсынылып отырған мақала Қазақстан Республикасындағы арнаулы күндердің орта мектептегі балаларды тәрбиелеудегі маңызы туралы болмақ. Тәуелсіздік алып, еңсені өтерген шақта жас ұрпақты отансүйгіштікке, адалдыққа, имандылыққа және т.б. бойларындағы адами қасиеттерді қалыптастыру – ұстаз үшін басты міндет. Қоғамымыздың ертеңгі болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың тәрбиесімен тығыз байланысты. Сондықтан, мектеп оқушыларын тәрбиелеу үстінде оларды рухани дамытуға басты назар аударғанымыз жөн. Қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе – мектеп оқушыларын рухани дамыту. Рухани даму дегеніміз – өзінің өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіру. Рухани даму жеке тұлғаның негізін қалыптастырудың негізі болып табылады. Рухани дамыған тұлғаның көрсеткіштері, басқаларға жақсылық жасау, жақсылыққа ұмтылу, өзін-өзі дамыту, жетілдіру.

Түйін сөздер: арнаулы күндер, тәрбие, психология, патриотизм, ұрпақ, тұлға, мұғалім.

ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДНЕЙ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Кунапина К.¹, Колбаев Н.²

¹Кандидат исторических наук, доцент

²Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби Магистрант II курса факультета истории, археологии и этнологии

Аннотация. Данная статья о значении воспитания специальных дней для учеников средней школы Республики Казахстан. Добившись независимости, сформировать у юных школьников любовь к родине, к гуманности, к справедливости и к другим человеческим качествам – самая главная задача для учителей. Завтрашнее будущее нашей Родины зависит от воспитания нынешнего юного поколения. Поэтому, при воспитании юного поколения следует обращать особое внимание на духовное и моральное развитие ученика. Главная задача в воспитании нынешнего поколения – духовное и моральное развитие ученика. Моральное развитие, это - найти свое место в жизни, осознать свою ответственность за свою жизнь, а также саморазвитие. Моральное развитие является основой в формировании личности человека. Развитие моральные качества у человека проявляется в его стремлении к лучшему, делать людям добро, в его саморазвитии и в самовоспитании.

Ключевые слова: Специальные дни, воспитание, психология, патриотизм, личность, учитель.

THE VALUE AND THE MEANING OF TEACHING THE SPECIAL DAYS IN SECONDARY SCHOOLS

Kunapina K.¹, Kolbaev N.²

¹applicant of history science, assistant professor

²Kazakh National University named after al-Farabi II cours undergraduate of faculty of History, archeology and ethnology

Abstract. This offered article special days in the Republic of Kazakhstan is about the value of upbringing the pupils in the secondary schools. After getting the independence and standing on own feet the main demand for teachers is to create patriotism, loyalty, morality in the minds of young generation. The future of our society-is closely connected with the education of today's young generation. That's why during the upbringing the pupils we should pay attention to development the morally side of it. The main problem of nowadays generation's upbringing-developing the pupils morally. Morally develop is-finding it's own place in life, to understand the responsibility, to modify by themselves. Morally development is the main part of formation individuals. Features of morally person are helping the other people, aiming the kindness, teaching itself, modifying.

Keywords: special days, upbringing, psychology, patriotism, individual, teacher.

Білім беріп оның жемісін көру, кез келген мұғалімнің басты мақсаты. Ол әрине тәрбиеге келіп тіреледі. Тәрбиенің басты мақсаты деп, жас ұрпақты өмірге дәріптеуде және оларды тұлғалық жағынан дамыту мен қалыптастыруда алдын ала анықталған (болжанған) нәтижелер деп түсінуге болады. Көрнекті ғалым, психолог В.М. Бехтеров тәрбие мақсаты туралы мәселені шешу – бұл педогогика ғылымының тікелей ісі деп жазды [1,162-б.].

Қазіргі уақытта республикамызда оқушыларды тәрбиелеу үстінде адам ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіруге байланысты істер жүзеге асуда. Халықтың дәстүр, рухани мәдениеті негізінде, жас ұрпақтың рухани адамгершілік тәрбиесін дұрыс жолға қою міндеттерін іске асыру басты нысана болып тұр. Осы тұста арнаулы күндерді орта мектептерде оқыту өскелен ұрпақтың ұлттық сана сезімін, патриоттық қасиеттерін шыңдауда үлкен рөл атқарады.

Осы орайда Қазақстан Республикасындағы арнаулы күндерді дәріптеу, олардың мемлекет пен ұлт болашағы үшін маңызды екенін түсіндіру ерекше. Ұлттық тәрбиені жандандыру, оны осы қоғаммен сай алып жүру басты міндет болып табылады. Арнаулы күндердің бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Қазақстан Республикасында мерекелер үш топқа бөлінеді: ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер және кәсіби мереке. Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 13 желтоқсандағы № 267-ІІ Заңы бойынша 3-бапқа сай мемлекеттік мерекелер мыналар:

- 1) 1-2 қаңтар - Жаңа жыл;
- 2) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 3) 21-23 наурыз - Наурыз мейрамы;
- 4) 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;
- 5) 7 мамыр - Отан қорғаушы күні;
- 6) 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 7) 6 шілде - Астана күні;
- 8) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні.
- 9) 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жиырма бес жыл ішінде, қоғам өмірінің басқа салалары сияқты, тарих ғылымында да айтарлықтай өзгерістердің болғаны рас. Ең бастысы қазақтың кәсіпқой тарихшылары ешкімге жалтақтамай өз халқының тарихын ашық жазуға, батырларын мадақтауға мүмкіндік алды. Қазақстан Республикасының мерекелік күнтізбесінде ойып тұрып орын алатын мерекенің бірі - Жеңіс күні. Сондықтан, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18

қазандағы N 2534 Жарлығымен 9 мамыр Жеңіс күні мереке күндерінің тізбесіне енгізілді. Ел басына күн туғанда етігімен су ішіп, елін қорғаған ата-апаларымыздың ерлігін үлгі тұтып, мектеп оқушыларына жеткізу – біздің парызымыз. [2, 24-б.].

Жеңіс күні мерекесі 1945 жылы 8 мамырда КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен фашистік Германияға қарсы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңісті атап өту үшін бекітілген.

Қазақстандықтар фашизмді күйретуге орасан зор үлес қосты. Қазақстан соғыстың қиын-қыстау жылдарында ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өнімін өндірудің ірі базасына айналды. Қазақстаннан 1 млн. 366 мың адам майданға шақырылып, олардың әрбір екінші ұрыс даласынан оралмады. Ұрыс даласында атой салып, қазақ халқының атын шығарған батырларымыз жетерлік. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақжигіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді. [5, 33-б.].

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық,

23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.[7, 1-б.].

Осындай тарихи деректерді айта отырып, оқушылардың бейбітшілік заманда өмір сүріп жатқандарын түсіндіріп, отанына деген сүйіспеншілігін ояту, еңбексүйгіштікке баулу. Жұмыла көтерген жүктің жеңіл екендігін дәріштеп, оқушыларды ұйымшыл болуға шақыру. Алайда, соңғы жылдар тәжірибесі көрсетіп отырғандай, мерекенің маңызын қоғамдық санада, әсіресе жас ұрпақтың санасында төмендеу үрдісі байқалады. Бір жағынан, мұндай жағдайды уақыттың өтуімен, яғни жарты ғасыр бұрынғы соғыстың қаһарман ерлік салтының бірте-бірте көмескіленіп бара жатқанымен түсіндіруге болады. КСРО құлағаннан кейін азаматтық сәйкестіктің өзгеруі де әртүрлі этникалық топтарда әрқилы қабылдау сезімін қоса туындатты. Екінші жағынан, мерекені өткізудің бұрынғы идеологиялық мазмұны мен нысандарының әбден ескіріп, әрі уақыт болмысына сай келмеуі мәселені күрделендіре түсті.

Адамзат тарихындағы сұрапыл соғыс болып, өшпес ізін қалдырған бұл күннің келер ұрпаққа берер сабағы мол. Аталарымыздың қанын төгіп, жанын беруі арқылы келген бұл мерекенің маңызын оқушыларға жеткізу, ұлттық санасының қалыптасуына едәуір үлес қосады деген ойдамын.

Қазақ тарихындағы ерекше орын алатын арнаулы мерекелердің бірі – Тәуелсіздік күні. Тәуелсіздік – қазақтың ғасырлар бойы аңсаған арманы. Сол арманға жетеміз бе, жетпейміз бе деп, жетуден гөрі жетпеу күдігі басым болып тұрған шақта, үміт үзіліп, қара аспан төніп, күннің жарығын да, жылуын да сезе алмай, күйзеліп жүрген кезде келген егемендік бұл. Сондықтан егемендік дегенде, қазақтың тәуелсіздігі дегенде, басқа даулы, дұдамал мәселелердің барлығы сап тыйылуы керек. Егемендік ендігі біздің ұранымыз болуы шарт. Себебі, бұл күннің мәні мен маңызына басқа ешқандай арнаулы күн жетпейді.

1986 жылғы 16 желтоқсанда Кеңес үкіметіне қарсы болған көтеріліс қазақ елінің Тәуелсіздік алуына септігін тигізді. Мыңдаған қазақ жастары алаңға шығып, Тәуелсіз елде өмір сүргісі келетіндігін ұрандады. Бейбіт мақсатта басталған шерудің аяғы қанды қырғынға айналды. Кеңес үкіметі тұсында бұл шеруді бұзақылардың әрекеті ретінде, тіпті «қазақ ұлтшылдары» деп айыптауға дейін барды. Осы шеруде ерекше белсенділік көрсетіп, қыршыннан қиылған жастарымыз да бар. Олар: Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ляззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова. Қайрат Рысқұлбековке кейіннен Халық қаһарманы деген атақ берілді. Өткен жылы Ербол мен Ляззатқа Жаркент қаласында ескерткіш орнатылды.

Желтоқсан оқиғасы бойынша тергеу барысында 99 адам сотталды, 264 адам жоғары оқу орындарынан, 758 адам комсомолдан шығарылды. 1164 БЛКЖО мүшесіне, 210 партия мүшесіне әртүрлі жаза берілді, 52 адам КОКП қатарынан шығарылды. Ішкі істер министрлігінен 1200 адам, Денсаулық сақтау және Көлік министрліктерінен 309 адам жұмыстан босатылды, жоғары оқу орындарының 12 ректоры қызметінен алынды. [7, 1-б.].

Осындай қиындықпен келген Тәуелсіздіктің қадірін оқушыларға түсіндіре білуіміз қажет. Өкінішке орай, қазіргі уақытта бұл мерекеміз Жаңа жылдың тасасында қалып барады. Жыл сайын бірінші желтоқсаннан бастап көшелерге жылтылдаған шамдар ілініп, мемлекеттік ұйымдарға мекемелерін сәндеуге жоғарыдан бұйрық беріледі. «Балық басынан шіриді» демекші, үкіметтегі басшыларымыз осылай істейтін болса, қиындықпен келген тәуелсіздіктің ешқандай құны жоқ болғаны ма? Мемлекет, қоғам қайраткерлерінің бірі Мұхтар Шаханов осы келеңсіз жайт жайлы өлеңдерінде қынжыла жазады. Мысалға Мұхтар Шаханов ағамыздың бір өлеңінен үзінді келтіре кетсем:

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпендер.
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,

Қайта ояңған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер.[8, 1-б.].

Әр тәуелсіздік мерекесі сайын осындай өлеңдерді оқушыларға оқытсақ, көздері ашық, көкірегі ояу, рухты азамат боларына сенемін. Себебі, рух- адамның жан дүниесінің асыл қасиеті. Рухты адам – күшті адам, рухсыздың ереңі бұлыңғыр. Ұлт та сол сияқты, сол ұлтты құрайтын адамдардың рухына қарай ерекшеленеді. Рухы күшті ұлт күшті де, рухсыз халықтың болашағы жоқ. Ұлттық сана-сезімі жетілмеген ұлттар күшті халықтардың шылауында кетіп, өзінің ұлттық болмысын жоғалтады. Бұл жайында Мұстафа Шоқай ағамыздың керемет сөзі бар: «Ұлттық рухсыз ұлттың тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондай көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді». Осы тұста елбасымыз, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы - жастардың қолында», - деген сөзі бар. Демек, еліміздің болашағы үшін рухы мықты, ұлтжанды жастар тәрбиелеуіміз қажет. [6, 42-б.].

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлық қалыптастыруы [3, 7-б.]. Ұлт жандылыққа тәрбиелейтін отан қорғаушылар күні, нурыз мерекесі, 16- желтоқсан мерекесі т.б мерекелік арнаулы күндер жас ұрпақтың бойына отанын қорғаудың міндет екенін, тәуелсіздік осы мемлекеттің басты жемісі екенін түсіндіріп, жастарға патриоттық сана қалыптастырудың негізі болады. Жалпы адам бойында 1842 қасиет болса, оның 187-сі жағымды. Оның 30-дайы бастауыш сыныпта қалыптасуы тиіс. Патриоттық тәрбие мен ұлт аралық қатынастарды қалыптастыру үшін оқушыларды өз отанының мүддесіне қызмет етуге, отан тарихы мен мәдениетін, салт – дәстүрін құрметтеуге, отбасын, туған жерін сүюге тәрбиелеуіміз керек. Өз елінің табиғатын сүю, тарихын құрметтеу, оқушының көңіл күйіне әсер етіп, отанға деген сүйіспеншілігін арттырады [4.56-57-б.].

Қорыта келгенде, орта мектепте арнаулы күндерді оқыту - оқушылардың бойындағы тек қана жағымды қасиеттерін оятуына әсер етеді. Тарихын білмеген адам болашаққа бағдар ұстай алмайды. Ендеше, оқушыларға тарихи төл мерекелерінің мән-мағынасын ұғындырып, мақтан тұтуына тәрбиелеуіміз қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: «Өлке»; 2009. – 126 б.
2. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. – Астана. Л.Н Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті. (ЕАУ). 1998. – 52 б.
3. Тәрбие жұмысының теория мен әдістемесі: оқу құралы. Оқушылар мен студенттер, магистранттарға арналған / Қожаева С.Қ. – Астана: Л.Н Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2013. – 56-57 б.
4. Туашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі: Оқу – әдістемелік құрал. 2 – басылым. – Астана: Фолиант, 2011. – 7-б.
5. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық. – Алматы: «Нұр-пресс», 2005. – 208 б.
6. Қазақстан- ата жұртым, қасиетім- ана тілім. /Шолпан Қирабаева, Азат Жоланова/ -Астана: Елорда, 2013.- 240 бет + 1 бет жапсырма.
7. Портал «Қазақша Өлеңдер жинағы» | 18.09.2013
Дереккөзі: <https://www.zharar.com/kz/olen/1356-muhtar.html>
8. Бүгін - Ұлы Отан соғысының басталғанына 70 жыл: қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды!| 22.05.2011
Дереккөзі: <http://www.inform.kz/kaz/article/2388991>

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ТЮРКО-СОГДИЙСКИЙ ВОПРОС В ИСТОРИИ РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОГО КАЗАХСТАНА: СОВРЕМЕННЫЙ ВЗГЛЯД

Малик Умит Берикболовна

Магистрант 2 курса КазНУ им. аль-Фараби,
E-mail: malik.umit@mail.ru

Утверждения Платона о том, что: «Есть два вида государственного устройства: один – где над всем стоят правители, другой – где и правителям предписаны законы», а также учение справедливости и несправедливости Аристотеля превратились по истечении времени в общий принцип правопонимания во всем мире. Не теряют значимости в реалиях и XXI века мнение китайского мыслителя ГуанЧжун, считавшего: «...Чаще всего хорошо управляемое государство бывает богато, а государство в котором господствует беспорядок, обычно бывает бедным. ...Отсюда для мудрого государя высшей заповедью является: сначала сделай народ богатым, а потом управляй им». Кроме того, воззрения Аль-Фараби полагавшего, что правитель обязан любить справедливость и побуждать к ней, возмещать убытки жертве несправедливости, хранить в памяти, установленные его предшественниками законы, правила и обычаи, уметь словом своим направить людей к исполнению закона, не правда ли?! Надо полагать, на то они и есть классики!

В этом ряду отдельно хотелось бы выделить работу арабо-исламского государственного деятеля, философа, историка и правоведа Абд-ар-рахман Ибн Халдуна (1352-1406), реально сыгравшего важную политическую роль в жизни мусульманских государств Северной Африки, Арабской Испании (Андалусии) и Ближнего Востока в качестве советника правителей, посла и

верховного судьи данных стран. Во Введении к основному труду своей жизни, большей частью известной под сокращенным названием “Мукаддима” (“Введение” или “Книга о природе социальной жизни”), он выдвигает оригинальную концепцию возникновения и развития государств и прав как институтов, которые общество получает в качестве наследия предшествующего исторического развития. В частности, по утверждению Ибн Халдуна, государство возникнув однажды, в результате согласованных действий и взаимной поддержки в дальнейшем превращается в принудительную власть в руках одной «фракции», которую ее сторонники поддерживают «подобно Священному писанию, которому «нет замены». Это происходит в первой фазе государства, пока во второй «... один (государь) стал самоуправно распоряжаться и себе одному присваивать величие...и нуждаться в близости кого-то другого, чужаков, на которых он опирается в борьбе против бывших соратников, отстраняя их т дел и от соучастия...Держава - не тем, кто ее создавал, а слава - не тем, кто ее добывал».

Оригинальна для своей эпохи и актуальна по сей день интерпретация понятия «*lostato*», - «состояние» Н.Макиавелли, впервые использовавшем его в 1513 году в своем знаменитом произведении «Государь» во всеобъемлющем значении: «Все государства (*tuttilistati*), все державы (*tuttie'dominii*), обладавшие и обладающие властью (*imperio*) над людьми, были суть либо республики (*republiche*), либо суть состояния (*stati*), управляемые единовластно (*principati*)»[2, С.29].

В дальнейшем развитии научная мысль о государствоведении, основанная на идеях вышеназванных мыслителей получает свое законное продолжение уже в работах западных ученых более позднего периода: Ж.Боден, Ш.Л.Монтескье, Ж.-Ж.Руссо, Т.Гоббс, Дж.Медиссона и др. Так, несложно было бы заметить преемственность мыслей о государственности Полибия и Аль-Фараби в «Государе» Н.Макиавелли, построений Аристотеля в трактате «О духе законов» Ш.Л.Монтескье, схожесть рассуждений Ибн Халдуна и Ж.Бодена о причинах могущества государства с выдвинутые в «Шести книгах о государстве» и т.д. Хотя справедливости ради стоит отметить, что оформленные в виде теоретических концепций исследования представителей Нового времени отличались более конкретным научным взглядом и оценкой реально существовавшей в их историческое время системы государственной власти. Свидетельством тому: Боденовская концепция суверенитета, теория договорного происхождения государства-республики Монтескье, социологический подход Жан-Жака Руссо, теория «естественного права на свободу» Джон Локка, позитивно-правовой подход к государственности С.Пуффендорфа и Г.В.Ф.Гегеля и др.

Наиболее интересной с точки зрения нынешней биполярной реальности нам кажется трактовка французского историка и политического мыслителя Жан Бодена, о влиянии географических факторов на особенности народов и на политическое устройство государств. Боден проводит зависимость между климатом и характером народов, говоря, что сила внутреннего тепла делает северян более крепкими и сильными, чем южане. Поэтому по его мнению [3] «... великие империи распространялись всегда с севера на юг, но никогда с юга на север». Военную доблесть он приписывает народам севера, благоразумие - жителям средней зоны, религиозность и благочестивость - жителям юга. Далее Боден переносит эти признаки на организацию государства, утверждая, что самое сильное государство образуют жители севера; самое устойчивое - жители средней зоны, ибо его граждане более склонны к труду, а государство средней зоны суть государство разума. В южном государстве церковь угнетает здравый смысл, а граждане ленивы и пассивны.

Выше приводимые утверждения Бодена дают основание признать его создателем первой геополитической модели своей эпохи, в вопросе организации государства обратившим внимание и на тенденции его развития в тот момент, и на связь организации государства с природными и демографическими факторами.

Бесподобно также данное государству многозначительное определение Жан-Жака Руссо: «Эта общественная личность (*personnepublique*), составленная путем соединения всех остальных личностей, называлась в прежние времена градом (*cite*), а теперь - республикой или политическим телом (*corpspolitique*), которое именуется своими членами Государством (*Etat*), когда оно недвижно, и сувереном (*souverain*), когда оно действует, в соотношении же с подобными ему - державою (*puissance*)» [4. С.13-14.]

Уникален, и особенно близок к нашей трактовке сути государственности подход цивилиграфов: Тойнби, Вебер, Шизл, Эйзенштадт, Сервиз и др., изучающих государство или же государственность не как надстроечный элемент, легитимное средство насилия, отражающий классовый конфликт в обществе, а как функциональный, устойчивый и эволюционирующий составной компонент цивилизационной регуляции [5].

Согласно цивилизационной теории, тип государства, его социальная природа определяется не столько объективно-материальными, сколько идеально-духовными факторами. Исходя из чего, цивилизационный подход выделяет три важных принципа соотношения государства и духовно-культурной жизни общества:

во-первых, рассматривая государство, необходимо учитывать не только социальные интересы и действующие силы, но и весь исторический опыт прошлого;

во-вторых, государственная власть как центральное явление мира политики может рассматриваться в то же время как часть мира культуры, что помогает раскрыть связь государственной власти и престижа морали, ценностных ориентаций, сложившегося мировоззрения, символики и т. д.;

и, наконец, в сфере государственной жизни особое значение придается различиям, вытекающим из своеобразия национальных культур и черт национального характера.

В дальнейшей эволюции интерпретаций концептов «государств с прилагательными» в зарубежной историографии можно наблюдать за различными дефинициями [6] как: *failedstates* (несостоявшиеся) и *quasi-states* (псевдо, квазигосударства), *weakstates* (слабые государства), *collapsedstates* (распавшиеся или «коллапсировавшие» государства), *non-state* («безгосударственная» часть территории в пределах административных границ), *strongstates* или функциональные/способные государства *functional/capablestates*, непризнанные государства - *unrecognizedstates*, а также *goodgovernance*, *state-building /state-making*, *nation-building* и пр., выдвинутых в ходе политологических дискурсов относительно концептуализации характеристик государства, сводящихся в основном к понятиям государственный статус (англ. *statehood* – статусность) и государственная состоятельность (*stateness*) за которыми «...стоят два разных понятия, отражающих разные стороны государственности как безусловного свойства государства-состояния или обязательного условия его существования. Это «статусность как принадлежность к сообществу государств-состояний» (*statehood*) и «состоятельность как соответствие государства-состояния своей собственной природе» (*stateness*)» [7] Суть разночтений скорее заключается в том, что в первом значении предполагается изучение формальных аспектов государства, связанные с материальными благами, то в последнем, скорее духовной составляющей, связанной с общей историей, культурой, традициями.

Над соотношением данных дефиниций, выведением формулы государственности, определением его общего знаменателя ломают голову уже не одно поколение философов, юристов, политологов, историков, социологов. Предпринимаемые исследователями классификация по (видовым, родовым, типовым характеристикам, формам, внешним и внутренним факторам развития) принадлежностям членов мирового сообщества, сводимых на оригинальных примерах иронизируемых образов разновидностей «дыр», «собакошек», «зверинца», «концерта», «одеяла», «зонтика», «матрешки», «кучи геополитической щебенки» и

пр. наряду с демонстрацией остроумия и фантазии отдельных авторов, указывает на обострение интереса к заданной теме в современном научном мире.

Свидетельством тому, англо-американская историография проблемы государственности, которая может быть представлена работами Дж. Неттл, Ч.Тилли, С.Бартолини, Х.Линц, А.Степан, С. Роккан, Ж. Коломер, Ф. Редер, Р. Джексоном и П. Колсто, Ф.Фукуямо, Ф.Шмиттер, Л. Йохансен и О. Норад, Й. Ядав, А. Хиршман и др.

Продолжая славные традиции российского государственоведения в лице М.М.Погодина, Л.А.Тихомирова, П.Я.Чаадаева, А.И. Герцена, И.Е. Андреевского, В.О. Ключевского, Н.М. Карамзина Н.А. Бердяева, А.Д. Соловьева и др.современные исследователи, как: С.А. Авакьян, А.С. Ахиезер, И.Л. Бачило, А.В. Васильев, Ю.А. Веденеев, А.Б. Венгеров, О.В.Войтенко, В.К. Геворкян, И.Н.Гуледани, В. А. Затонский, В.В. Ильин, А.Н. Кокотов, Ю.К. Краснов, В.А. Кряжков, Л.В. Лазарев, У.Ф.Лукьянова, М.Н. Марченко, Л.А. Морозова, А.С. Панарин, Пирумова Ю.А., В.Н. Синюков, В.В. Сорокин, Ю.А. Тихомиров, А.А.Тимофеева, Ф.Н.Удычак, В.Е.Чиркин, А.С. Шабуров и многие другие занимающиеся дальнейшим изучением различных аспектов государственности, обобщив понимания данного феномена, приходят к заключениям о том, что «государственность – это составляющая нашей жизни, включающая в себя историческую, культурную, национальную, религиозную и другие компоненты; это некая, обусловленная историческим развитием каждого народа, связь между государственными институтами и эффективностью их функционирования, характер которой обусловлен тем, насколько они органично связаны с данной страной на каждом конкретном этапе ее развития», а также призывают к отчетливому пониманию того, что «...это не абстрактное понятие. Она выражается в конкретных государственно-правовых формах, в которых находят проявление определенные традиции и особенности, оказывающие влияние на различные стороны государственности, позволяющие его охарактеризовать как конкретную государственность» [8-11].

В этом ключе следует упомянуть также, что в современных условиях девальвации социокультурных ценностей проблема национальной государственности обретает особую актуальность и в казахстанской исторической науке. Озадаченные главным образом осмыслением длительной истории государственно-правовой организации казахского общества отечественные исследователи предпринимают попытку рассмотрения данного феномена в рамках новых теоретико-методологических концепций и подходов. В частности, автором настоящей статьи помимо научных публикаций [12] и неоднократных внесений предложения в резолюции различных научных площадок СМИ по внедрению учебных планы вузов РК новой дисциплины «История казахской государственности», был разработан элективный курс для магистрантов, который уже успешно прошел апробацию на историческом факультете ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. Точечно и концептуально выстроенная структура данного курса, направленная на изучение теоретико-методологических, геополитических, политических, внешнеполитических, социокультурных аспектов национальной государственности представлен ниже следующим образом:

Геополитический аспект, в рамках которого уделяется особое внимание на: геополитические и природно-климатические факторы формирования казахской государственности; проблемы цивилизационного пространства государственности; традиции национальной государственности, универсальные параметры и специфика казахской государственности, феномену кочевничества в генезис государственности казахов и т.д.

Внешнеполитический аспект: разбор проблем соотношения категорий «государственность» и «война»; основные войны и военные столкновения государств на территории Казахстана; история формирования народной дипломатии и взаимоотношений государств на территории Казахстана с другими государствами; история делимитации границ Казахстана и др.

Политический аспект, в котором акцентирование внимание на: этапы развития государственных устройств, государственных аппаратов, государственной службы, государственной идеологии, государственной символики и др.

Юридический аспект включающий в себя эволюцию правовых положений на территории Казахстана; сравнительно-сопоставительный анализ правовых основ казахской государственности; проблемы соотношения традиционных институтов в казахском обществе и основ современной конфликтологии и медиации.

И наконец, социокультурный аспект, который сфокусирован на оценке: антропологических параметры государственности; проблеме отношения человека к государству; роли личности в эволюции государственности; реформ и реформаторов в истории государственности и др.

Здесь крайне важно понять, что каждый из вышеуказанных пунктов выделяемых аспектов может также является самостоятельным полем научных изысканий для представителей различных специальностей.

Итак, прочтение и анализ располагаемого материала о «государстве с прилагательным» показывает, что мотивацией исследователей, занятых изучением обсуждаемого конструкта в основном служат: несогласие с уравнением совершенно разных по типу, размерам, мощи и степени самостоятельности политических устройств и образований, «упаковывание» разных по природе и характеру современных форм политий в одну содержательную категорию «государственность», концептное «натягивание» исходного понятия государственность на всех акторов мировой политики одновременно, поиск наиболее корректной концептуализации понятий государственной статусности и состоятельности, определение соотношения «государства» и «государственность», продиктованных попыткой определения путей и перспектив развития современного типа государственности. Суммарно выражаясь: «... государственность есть результат исторической, экономической, политической и внешнеполитической деятельности конкретного социума по созданию относительно жесткой политической рамки, обеспечивающей территориальное, институциональное и функциональное единство, т.е. по созданию собственного государства-состояния, национальной политической системы. Однако то, как будет протекать процесс формирования государственности, каковы будут его результаты – состоится ли государство-состояние, способное не только получить некий статус в системе международных отношений, но и играть определенную роль в мировой системе, зависит от исторически обусловленной комбинации внутренних и внешних факторов» [13]. Как видим, научно-теоретическая категория «государственность» все больше оформляясь в виде нового перспективного направления современной науки и практики приобретает полипарадигмальный и междисциплинарный характер. Все же главным предметом научного дискурса в изучаемой области остается вопрос о соотношении понятий «государство» и «государственность».

По мнению большинства исследователей, эти категории далеко неидентичные по значению, поскольку государственность не только не сводима к государству – она заметно шире, богаче по своему значению. Государство выступает в данном случае лишь формой государственности и формально может возникнуть самостоятельно. И действительно, не все из двухсот реально существующих современных государств в мире обладают государственностью, поскольку для этого недостаточно наличие «триады» (территория, власть, население), членство в ООН, «формальное «равенство» относительно друг друга, а точнее, принадлежность к сообществу государств (по Ф.Фукуямо): «Суть такого анахронизма в том, что «мы стали использовать слово «государство» (theState, derStaat; l'Etatetc.) не только по отношению к суверенным участникам сменяющих друг друга международных систем, но и к политиям всех времен, обладающим более или менее выраженной самостоятельностью и способностью вступать в межполитийные отношения». Разумеется, государство здесь играет важную роль, поскольку в нем сосредоточены властные отношения, оно выступает ядром, носителем суверенитета, хранителем культурных ценностей общества. Однако под государственностью обозначается вся система отношений

людей по поводу организации жизни в конкретно-исторический период времени, сложный комплекс элементов, структур, институтов публичной власти, обусловленных самобытностью (спецификой) социально-экономических, политических, духовно-нравственных условий жизнедеятельности конкретного народа или объединения народов на определенном историческом этапе развития общества. «Государственность - это определенное состояние общества, государство, взятое в эволюции. Государственность, которая на разных этапах истории выступает в разных формах государств того или иного этноса, народа, в разных типовых характеристиках, с разной формой правления, с разными функциями, тем не менее, все это государственность, т.е. государство, находящееся в развитии» [14, С.13].

По определению исследователей кроме государства, существуют также и другие компоненты государственности [15] как: экономический строй, социальная организация, духовно-культурная организация общества, правовая система, информационная система, а также в качестве « самостоятельного компонента, субъекта общественного развития и носителя важнейших видов общественных отношений и ценностей», выделяется – человек: «Каждой из них «вносит» свой вклад в качественное состояние общества на том или ином историческом отрезке времени, имеет свое назначение и собственные функции».

Характеризуемая учеными в качестве «системой систем», «разноуровневым иерархическим, динамическим образованием, в структуре которого есть свои системы и подсистемы» [16] любой государственности свойственна своя специфика формирования, собственные исторические условия и причины возникновения, личные черты и характеристики и пр.

В частности, российский исследователь Е.Г. Пономарева для анализа государственности предлагает использовать так называемую «воронку причинности», а именно учитывать при ее оценке семь внутренних и семь внешних факторов. К внутренним факторам ею отнесены: размерность, демографические и этноконфессиональные, социально-экономические характеристики, время существования государственности, наличие внутренних (межнациональных) конфликтов, политическая организация общества и характер политического режима. Тогда как внешними факторами определены: внешняя долговая зависимость, доля иностранных инвестиций и внешней помощи, режим привязки национальной валюты, наличие на территории страны иностранных военных контингентов, признание и включенность страны в наднациональные структуры, наличие территориальных проблем и глобальные проблемы современности (терроризм, торговля оружием, наркотиками и др.) [12. С.132].

Выходит, если внутренние факторы больше касаются качественной стороны, ценностных аспектов государственности, в понимании *stateness* и непосредственно связаны с историческим контекстом, тогда как ансамбль внешних факторов, демонстрирует скорее современные реалии статуса конкретного государства, в значении *statehood*. Что еще раз доказывает необходимость целостного изучения данного феномена в динамике, в разрезе проблем исторической преемственности: «...Отрицание преемственности, стремление разом перевести страну на иные рельсы усиливают отрыв государства от гражданского общества, а самгосударственный механизм делают деструктивным и разрушающим» [17, с.17].

Таким образом, кто-то видит в «государственности» лишь правовую сторону, отождествляя ее с гражданским обществом или правовым государством, государственной властью, кому-то интересны лишь ее атрибуты и внешние проявления, когда иной акцентирует внимание на духовное составляющее: традиции, ценности, проблемы преемственности, а другой наблюдает лишь за процессом эволюции государства как-такого, то есть каждый специалист видит в данной категории свой предмет исследования и определяет ее полем своего научного изучения. И это вполне логично и уместно, так как: «... Кроме институтов публичной власти, в состав государственности входят связи, отношения, состояния, режимы, статусы, ценности, установки,

создающие и формирующие соответствующую инфраструктуру – ту социальную среду, в которую входят государственно-правовая, государственно-политическая, хозяйственно-экономическая, духовно-психологическая, культурно-историческая сферы жизнедеятельности общества, государства, личности и иных социальных субъектов» [18]. Следовательно, необходимо изучать, исследовать процесс функционирования, взаимовлияния и взаимодействия всех обозначенных элементов данного конструкта вкупе.

Как видим, категория «государственность» несмотря на сравнительно недавний срок обретения своей научно-теоретической оценки превращается в один из универсальных методологических инструментов познания совершенно нового, интегрированного направления и формата современной науки и практики, позволяющей проводить панорамные проекты на междисциплинарном уровне.

Литература

1. Антология правовой мысли. В 5 т./ Нац. Обществ.-науч. фонд: Руководитель науч. проекта Г.Ю.Семигин. – М.: Мысль, 1999.– 750 с.
2. Макиавели Н. Государь. Искусство войны/ Николо Макиавелли. – М.: Эксмо, 2013. – 448с.
3. Жан Боден. Шесть книг о государстве. //Антология мировой правовой мысли. Т.2. М., Мысль, 1999. – С.688-694.
4. Руссо Ж.-Ж. Об общественном договоре, или Принципы политического права. - М.: Госссоюзиздат, 1938.– 416с.
5. Сравнительное изучение цивилизаций. Хрестоматия. М.: Аспект- Пресс, 2001.– 556с.
6. Токарев А.А. Концептуализация и операционализация понятия «государственность»/ Электронный ресурс <http://ehd.mgimo.ru/IORManagerMgimo/file?id=1DE5670D-0D50-06E4-393C-B2422C55FF44> (дата обращения 27.10.2015)
7. Ильин М.В. Формула государственности// Полития, 2008. - №3. – С.74.
8. Коржихина Т.П., Сенин А.С. История российской государственности. М., 1995. – С. 10–14.
9. Лукьянова Е.А. На стыке эпох континентов. К истории российской государственности. Пособие для реформаторов. – М., 2002. – С.8-14.
10. Тимофеева А.А. Проблемы становления и развития российской государственности : учеб. пособие/ А.А. Тимофеева. – М.: Флинта: МПСИ, 2009. – С.7.
11. Шабуров А.С. Государство и государственность: вопросы соотношения// Известия ИГЭА, 2012 - №3(83) – С.126-130.
12. Оразбаева А.И. Формула казахской государственности //Казахстанская правда, 3 августа 2012 года; Не подвластны времени и обстоятельствам // Казахстанская правда, 14 мая 2013 г.; Настал этап анализа и синтеза //Казахстанская правда, 30 июля 2013 г.
13. Пономарева Е.Г. Внутренние и внешние факторы развития российской // Российская государственность: исторические традиции и вызовы XXI века. Материалы Всероссийской научно-общественной конференции 19 сентября 2012 г., В.Новгород. – М.: Научный эксперт, 2013. – С.1-12.
14. Ильин М.В. Возможна ли универсальная типология государств? // Политическая наука. - 2008. – №4. – С. 8-41.
15. Венгеров А.Б. Будущее российской государственности//Он-лайн библиотека www.xserver.ru (дата обращения 15.05).
16. Удычак Ф.Н. Понятие государственности как новая категория для российской науки и практики. Электронный ресурс <http://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-gosudarstvennost-kak-novaya-kategoriya-dlya-rossiyskoy-nauki-i-praktiki> (дата обращения 30.06.2015.)
17. Затонский В. А. Эффективная государственность. М.,Юристъ 2006.– 286с.
18. Геворкян В. К понятию государственности. Электронный ресурс http://www.yasu.am/files/02V_Gevorgyan.pdf (дата обращения 15.07.2015.)

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20.

ANCIENT CARAVAN ROUTES OF SARYARKA ARE SILENT WITNESSES OF HISTORY**Oshanov O.Zh.**

Employee of "Kazarchaeology" LLP

Abstract. The article examines the historical significance of the ancient caravan routes of the western zone of the Sary-Arka. The author argues exactly the specific conclusions that Turgai and Ulytau steppes in the XIX century and the Middle Ages were the main regions. The author proves on the basis of toponymic facts that have survived that famous historical figures like Aksak Temir, Shibani Abdollah were in these parts of Stepps. Including article provides exceptional historical evidences that in the XIX century in these steppes traveled Mongolian rate which headed by Ambassador William de Rubruck who served to the King the French King Louis VIII.

Keywords: caravan routes, caravan, dealer, traveler, ambassador, mausoleum, tombstone, steppe, desert

САРЫАРҚАНЫҢ КӨНЕ КЕРУЕН ЖОЛДАРЫ – ТАРИХТЫҢ ҮНСІЗ КУӘГЕРЛЕРІ**Ошанов О.Ж.**

"Қазархеология" ЖШС қызметкері

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада Сарыарқаның батыс аймағының көне керуен жолдары және олардың саяси және эконмикалық маңыздылығы қарастырылады. Ұлытау және Торғай даласының XIX ғасырда және ортағасырларда түйінді өлкелердің бірі болғаны жан-жақты деректермен көрсетіледі Керуен жолдарымен қатар, әмір Темір (Ақсақ Темір), Шибани Абдоллах секілді тарихи тұлғалардың осы даланы басып өткен жорық жолдары әлі күнге сақталған топонимикалық деректермен ұштастырыла беріледі. Сонымен қатар XIII ғасырда француз королі Людовик VIII-нің елшісі Гильом де Рубруктың Моңғол бас ордасына сапарының бір бөлігінің осы Торғай-Ұлытау аймағымен өткені сөз болады. Аталған тарихи тұлғалардың жорық жолдары және көне керуен жолдары арнайы құрастырылып, картада ұсынылады.

Түйін сөздер: Ортағасырлар, керуен жолдары, керуен, саудагер, саяхатшы, елші, кесене, мазар, дала, шөл.

ДРЕВНИЕ КАРАВАННЫЕ ПУТИ САРЫАРКИ – БЕЗМОЛВНЫЕ СВИДЕТЕЛИ ИСТОРИИ**Ошанов О.Ж.**

Сотрудник ТОО «Қазархеология»

Аннотация. Статья посвящена древним караванным дорогам западной части Сарыарки и их политическому и экономическому значению. На основе различных источников обосновывается тезис, что в XIX в. и в средневековье Улытау и Тургайские степи играли важную роль в истории. Автор, используя сохранившиеся до наших дней топонимические данные, наряду с караванными

дорогами, показывает маршруты походов таких исторических лиц как Эмир Тимур, Шибанид Абдоллах по этим степям. Также обращает внимание на то, что XIII в. путь посланца французского короля Людовика VIII Гильома де Рубрука в Монгольскую ставку пролегал через степи Тургая и Улытау. Автором презентована карта, в которой воссозданы маршруты названных исторических лиц и древние караванные дороги.

Ключевые слова: средневековье, караванные пути, караван, купец, путешественник, посол, мавзолей, мазар, степь, пустыня.

Бетпақдаланы басып өтетін (Сыр бойы қалаларымен Арқа, Ібір-Сібір елдерін байланыстырып жатқан) көне керуен жолдары жайында Ә.Х. Марғұлан өз зерттеулерінде толыққанды мәлімет берген болатын [1]. Сол себепті, бұл мақалада тек Сарыарқаның батыс жақ бөлігін (Бетпақдаланы қоса алғанда), яғни Торғай – Ұлытау аймақтарын басып өтетін көне керуен жолдары жөнінде, әрі оның бойынан өткерген тарихи оқиғалар мен жайттарға тоқталмақпыз.

Көне керуен жолдары XIX ғ. өзгеріске ұшырап, қазақ даласында жаңадан бой көтере бастаған елді-мекендер арасын жалғастыратын және кейбір Орта Азиялық қалаларды байланыстырушы мақсатта бекеттер болып ашыла бастады. Мысал ретінде XIX ғ. Торғай қаласын алуға болады. Дерек бойынша Торғайдан шығатын үш жол болған. Ол жолдар Орскі, Қостанай және Перовскі қалаларын байланыстырып жатқан. Алдыңғы екі жолда арбамен жүру мүмкіндігі болса, ал үшінші жол қолайсыздығынан тек керуен жолы болып есептелген [2, с. 341]. Соңғы Торғай-Перовскі жолы Торғайдан шыққаннан кейін Жақсы Қабырға өзені, Батпақұдық, Ұлыжыланшық өзенінен өтіп Сарықұм (бүгінде Сазанбай құмы*) ішіндегі Сазанбай құдығы арқылы өтіп, одан әрі Жарық, Құдықтасай, Бұлақты, Мүйір, Білеуті арқылы өткен [2, с. 342]. Соңғы екі атауға алда шибани Абдоллах ханның жорығына байланысты тоқталатын боламыз.

Торғай өңіріндегі түйінді жерлердің бірі Жыланшық өзенінің Ақкөлге құяр жақын сағасы. Бұл жерде Жошы ұлысы кезеңінің бірнеше мазар қирандылары (Сырлытам, Қыз моласы, Доғалақ төбе), қоныс орындары кездеседі. Әсіресе, Сырлытам орналасқан тұс ерте уақыттан тоғыз жолдың торабы қызметін атқарған, осы атыраптағы маңызды түйіндердің бірі болған. Тек қана осы тұстың өзінде үш бірдей өткел өткен. Олар Жылқыбай өткелі, Шойынқаптың өткелі және Алтыбай өткелі. Бұл өткелдер одан әрі Ұлытау, Қарсақбай және одан әрі Түркістанға шығып кететін керуен жолдары болып кетеді.

Торғай өңірінде көнеден келе жатқан керуен жолының (кейде жорық жолдары) халық жадында соңғы бекіп қалған атауы Сәтбай есімді адамнан байланысты. Жергілікті халықтың арасында бұл жолдар «Сәтбай жолы» немесе «Сәтбайдың қара жолы» деп сақталып қалған. «Сәтбайдың қара жолы» бір емес, бірнеше көне керуен жолдарының атауы. Бұл жолдар өз ішінде тармақталып жан-жаққа жол тартады. Кейбір еңбектерде «Сәтбай» есімін Қаныш Сәтбаевтың атасының атымен байланыстырып, жаңсақ жазылып жүр. Шын мәнінде, информаторлардың айтуынша Сәтбай XIX ғ. өмір сүрген Кіші жүз жаппас руының адамы (І). Сәтбай Ресейден келетін және басқа да керуендерге жол көрсетіп жүріп-тұрған кісі. Кейін сол жолдардың барлығы сол кісінің атымен ел арасында бекіп қалған.

Торғай өңірінде айтылатын, біз анықтаған «Сәтбайдың қара жолдары» келесідей болып келеді.

І-нші жол. Ресейден шығып (Орскіден болуы керек – О.О.) Тосын құмының батысымен Жыланшық өзенінің Ақкөлге құяр сағасынан жоғары Алтыбай өткеліне келіп, өзеннен өткен соң Көтібар қопасының тұсында екіге айырылады. Бір тармағы Сазанбай құмының сыртымен Бозшакөл, Әли, Бұланты және Байқоңыр өзендері арқылы Сарысу өзенін көктей өтіп Түркістан асып кетеді. Екінші тармақ Көтібар қопасынан шығысқа бағыт алып Кішітауға тартып сол жақта (Ұлытауда – О.О.) басқа керуен жолдарына қосылады.

2-нші жол. Торғайдан шығып Шошқакөл арқылы Қарақұмға жетіп, одан Сырға құлайды.

Кішітауды басып өтетін «Сәтбайдың қара жолының» ертеден келе жатқан қара жол екенін XVIII ғ. тарихи құжаттардан көруге болады. Дәл осы жолды 1741 жылы Ташкентке бет алған Орскіден шыққан орыс көпестері жүріп өтеді. Үш бірдей көпестің (Шубай Арсланов, Семен Дроздов және Мәнсүр Юсупов^{**}) бірігіп шығарған керуеніне Ташкентке апарып қайтуға, жолбасшылыққа Төлек батыр келісімін береді^{***}.

Орскіден шыққан бұл керуен Елек өзенін одан әрі Торғай өзені арқылы Ұлытауға жетеді. Бұл тұстағы деректі қаз қалпында берсек: «За 8 дней до Туркестана караван зашел, для покупки харчей, в небольшой улус (около 15 кибиток) Усюнской волости Большой Орды. Улус был расположен на р. Ездле, у большой горы, которую Киргизы называли Улутау. Предводитель улуса—Хара-Худай-Верды, доставил немало тревог и хлопот Русскому каравану» [3, с. 405]. Деректе үйсін руының бір атасы, және олардың қоныстанып отырған «Ездле» өзені – Ұлытаудың оңтүстік бөктерінен бастау алатын Үлкен Жезді өзені сөз болып отыр. Тағы бір назар аударатын жайт деректе Ұлытаудан Түркістанға дейінгі аралық 8 күншілік жол деп көрсетілуі.

Бұл соңғы дерек өз кезегінде бізді бұдан дәл 5 ғасыр бұрын орын алған тағы бір тарихи сапардың бағытын анықтауымызға жол ашады. Ол 1253-1255 жж. француз королі Людовик VIII-нің тапсырмасымен Гильом де Рубруктың Моңғол ставкасына сапар шегу оқиғасы. Бұл саяхатшының бүгінгі қазақ жерін басып өткен жол бөлігі зерттеушілер арасында бірауызды емес, әр зерттеуші өз көруінше жорамал жасаған. Біз пайдаланып отырған А.И. Малеиннің аудармасына жасалған қосымша картада (Плано Карпини мен Гильом де Рубруктың жүріп өткен жолдарының картасы) Рубруктың Жайық өзенінен өткеннен Сыр бойындағы алғашқы қалаға жеткенге дейінгі басып өткен жолы жаңсақ берілген. Бұл карта бойынша Рубрук Жайықтан өткеннен кейін үнемі оңтүстік-шығысты бетке алып Сырдың төменгі ағысы бойында Жанкенттің (картада Янгикент) солтүстігі арқылы Қынчат елді-мекеніне жетеді. Егер шын мәнінде бұл жолды өтер болса Жайық өзенінен кейін жолда Жем өзені ғана бар, бұдан әрі Рубрукпен оның сапарластарына ең сусыз, елсіз шөл даламен өтуіне тура келер еді. Яғни бүгінгі Борсық құмдары және Қарақұм (Аралдың солтүстігі) арқылы жүрген болып шығады. Әрі жолдың бұл бөлігін өту қыркүйек-қазан айлары кезінде орын алғандықтан, осы кезде дала рулары бұл жолдан әлде қайда солтүстікте жайлауда болып, енді ғана күзеуге қайтуға бет алған уақыт болып табылады. Бұған Рубруктың жазбасы да дәлел бола алады. Онда дала тайпалары (кітапта Татарлар деп берілген) оңтүстікке түсіп кеткеннен кейін олар да осы бағытқа бет алады [4, с.109].

Рубруктың Жайықтан шыққан кейін шөл даламен емес, керісінше сулы-өзенді жерлермен жүріп отырғанын деректен аңғаруға болады. Рубрук бұл жөнінде «Также по берегам некоторых рек растут кое-где леса, но это бывает редко» деп жазады [4, с.108]. Аталмыш өзендер Ойыл, Анқаты, Бұлдырты, Қалдығайты, Қиыл, Елек, Ырғыз, Торғай секілді дала өзендері болса керек. Өйткені бұл өзендердің бойында талдар сирек кездеседі.

Рубруктың «Накануне дня Всех Святых мы оставили дорогу на восток» деп жазғанына қарағанда, Жайықтан шыққаннан кейін олар осы қарсаңға дейін шығыс бағытты бетке алып жүріп отырған. Бұл дерек толығымен былай жазылады «Накануне дня Всех Святых мы оставили дорогу на восток, так как Татары уже значительно спустились к югу, и направили, через какие-то горы, путь прямо на юг, в течение 8 дней подряд. В этой пустыне я видел многих ослов, именуемых кулам, которые больше похожи на мулов; наш проводник и его товарищи усиленно их преследовали, но ничего не достигли вследствие их чрезмерной быстроты. На седьмой день к югу нам стали видны очень высокие горы, и мы въехали на равнину которая орошалась, как сад, и нашли возделанные земли» деп жазады, әрі «Бүкіл Әулиелер» мейрамынан бір аптадан соң Қынчат деген қалаға жеткенін келтіреді [4, с.109]. Бір ғана осы сөйлемнің өзі бойында бірнеше құнды мәліметтер жасырып тұр. «Бір таулар арқылы оңтүстікке бет алдық, 8 күн бойы түсумен

болдық» деген деректі жоғарыдағы орыс көпестерінің Түркістанға 8 күндік жол қалғанда Ұлытауға келдік деген мәліменімен салыстырыңыз. Әрі Рубрук жолдың осы бөлігінде ғана шөл даланы (пустыня) жазып, онда кездескен құландарды сөз етеді. Бұл деректен Ұлытаудан оңтүстікке бет алғанда шығыстан батысқа созылып жатқан Бетпақдаланы айқын аңғаруға болады. Бүгінде құрып кеткенімен Бетпақдаланы күні кешеге дейін құландар мекен етіп келгені белгілі жайт. Сондықтан зерттеушілердің арасында Рубруктың шығыс бағыттан кілт оңтүстікке бағыт алған нүкте жөнінде Юль, Шмидт және Рокхилдің 67° мен 70° -нші ендік аралығы деп көрсеткен пікірлері шындыққа келеді. Егер Ұлытаудан бұрылған бұл нүктені нақтыласақ тура 67° -нші ендіктің бойында орын алады. Егер бойлық бойынша есептесек Рубруктың Жайықтан өтіп шығысқа бет алған жері шамамен $49^\circ 40'$ -пен 50° -нші бойлық аралығы, ал Ұлытауда бұл бойлық $48^\circ 40'$ -ті көрсетеді. Яғни, Рубруктың үнемі шығыс бағытта жүрдік деген мәліметімен сәйкес келеді.

Рубруктің Ұлытаудан Қаратауға дейінгі жүріп өткен жол бөлігінің сипаттамасының 1845 ж. Ұлытауда Кенесары сарызбаздарының қолына тұтқынға түскен казак Дмитри Девяттовтың естелігімен үндес екенін көруге болады. Ол тұтқында кетіп бара жатып жолбойы көргендерін келесідей түрде сипаттайды. Мысалы «Дней пять ехали голодной степью, - не даром и называют ее так: нигде, не видно и кустика карагача или таволожника, только видать одни, небольшие песочные горы, да кой-где росла кустиками трава „кок-пек“, в роде полыни; вода соленая, да и ту брали из колодцев, которые глубиною будут аршин до 30-ти. Переходы делали верст от 50 до 60», немесе «За Чу виднелись горы, концы которых чуть синели в дали и тонули в облаках. Я спросил одного киргиза, который ехал позади меня: «Мамед бу-ни-тау?» — «Бу-кара-тау!» т. е.: какие это горы? — Это черная горы! был его ответ. Проехав горами верст 15 или более, мы встречали в ущельях аулы каратавских киргиз, кочующих целые столетия. За горами, по дороге, открылись богатые долины с холмистыми местностями, по которым паслись стада баранов и лошадей каратавских киргиз. Здесь всюду встречались пашни оседлых сартов, и глиняные азсакли, на подобие киргизской юрты, с пристройками, и часто встречались нам по дороге загорелые сарты: копошась в арыках (канавах), они напускали воды для полива полей» [5].

Ұлытаудан оңтүстікке бет алған керуен жолы үшін Бетпақдаланы кесіп өтетін екі жол бар. Ол «Сарысу жолы» және «Жетіқоңыр» жолына қосылу. Ұлытаудан шыққан жол Қаражардың тұсында «Сарысу жолына» келіп қосылады. Бұл жол ертеден Арқа мен Сыр бойын байланыстырып жатқан күре жол болып есептелген. Бұл жолдар, сонымен қатар дала руларының қыстаумен жайлау арасындағы көш жолдары болып табылады. «Сарысу жолы» Сарысу өзенін бойлап түсетіндіктен Бетпақдаланы кесіп өтетін ең қауіпсіз жол болып есептеледі.

Жоғарыда жазған «Сәтбайдың қара жолының» Көтібар қопасында (Жыланшық өзені бойында) айырылатын бір тармағы Ұлытауда осы «Сарысу жолына келіп қосылады». «Сәтбай жолының» екінші тармағы Бозшакөл, Әли арқылы Байқоңырға шығып, одан әрі «Сарысу жолын» қиып өтіп «Жетіқоңыр жолына» қосылып, осы жол арқылы Созаққа, Түркістанға өтеді. Бұл «Сәтбайдың қара жолының» екінші тармағы біріншісіне қарағанда Түркістанға апаратын төте жол болып есептеледі. Бірақ қауіптірек жол, өйткені бұл жолда су көзі аз (Бұланты, Байқоңыр өзендерін есепке алмағанда), көбіне құдықтармен шектеледі.

Жоғарыда жазғанымыздай Бетпақдаланы басып өтетін көне керуен жолдары жөнінде Ә.Х. Марғұлан дәйекті түрде жазған. Сондықтан, бұл тұста Бетпақдаланың жолдары жөнінде ғалымның жазбасына сүйенеміз.

Рубруктың оңтүстікке 8 күн бойы түскен кезінде шөлдала деп, өзен жөнінде еш мәлімет келтірмеуіне қарағанда олар «Жетіқоңыр жолымен» түскен болуы керек. Өйткені Сарысу жолы солтүстіктен оңтүстік-батыс бағытқа ауытқи жүретіндіктен бұл жол керуенді Сырдың төменгі

ағысына алып шығады. Ал, Жетқоңыр жолы Сырдың орта ағысы бойының елді-мекендерімен тікелей байланысатын жол болып табылады. Ә.Х. Марғұлан Жетқоңыр жолы жөнінде «Исходными пунктами как для Уванасского, так и Джетыконурского путей служили на юге гг. Отрар, Туркестан и Сузак» деп жазады [1, с.21]. Бұл жерде Қаратау жотасын да дерекке тартуға болады. Рубруктың «жолдың жетінші күнінде оңтүстіктен» көрген биік таулары Қаратау екені анық. Бұл таулар жөнінде Рубрук жергілікті тұрғындардан сұрап, «Кавказ» таулары екенін білдім деп жазады [4, с.109]. Бұл жерде де түркі тайпалары ертеден Кавказ тауларын «Қаптаг (Қап тау)» деп айтатынын ескерсек, Рубруктың жергілікті тұрғынның «Қаратаг (Қаратау)» деп айтуынан, екі континенттегі тау аттарының өзара ұқсастықтарынан шатастырып алған жоқ па екен деген ой туындайды.

Рубруктың жазбаларында кездесетін құнды мәліметтердің бірі – дың ескерткіштер. Моңғол шапқыншылығына дейінгі дәуірдің жәдігерлері болып есептелетін, бұл дыңдардың шоғырлана орналасқан және сақталған жері Ұлытау болып табылады (Домбауыл, Дың моласы, Қосұйтас, Қарадың және т.б.). Рубрук бұл жөнінде: «Они (Комани – О.О.) строят также для богачей пирамиды, то есть остроконечные домики, и кое-где я видел большие башни из кирпичей, кое-где каменные дома, хотя камней там и не находится» деп жазады [4, с.89]. Дегенмен Рубрук жүріп өткен жолының бойында кез келген жерден дыңды көруі мүмкін. Мысалы, бара жатқан жолында Жетісуда бүгінгі Жансүгіров елді-мекенінің іргесінде болған Дың (Дыңгек) ескерткішін, немесе қайтар жолында Аягөздегі Қозы Көрпеш – Баян сұлу дыңын көруі мүмкін. Рубрук қайтар жолы турасында «а возвращались летом и по гораздо более высокым северным странам» деп жазады [4, с.163]. Әрі, кері оралып келе жатқанда Балқаш көлінің солтүстік жағымен өткені туралы «На следующий день, переправившись через те горы, которые составляли отроги больших гор, находившихся к югу, мы въехали на очень красивую равнину, имеющую справа высокие горы (Жоңғар Алатауы – О.О.), а слева некое море или озеро (Балқаш – О.О.), тянущееся на 25 дней пути в окружности. И эта равнина вся прекрасно орошена стекающими с гор водами, которые все впадают в упомянутое море. Летом мы возвращались с северного бока этого моря, где равным образом были большие горы» деп тоқталады [4, с.110]. Деректердің барлығын қорыта айтқанда, Рубруктың басып өткен жолында Жетісудағы (Жансүгіров) немесе Сарыарқаның даласында (Аягөздегі, Ұлытаудағы, Торғай өзені бойындағы) бой көтеріп тұрған кез келген дың ескерткіштерді көруі мүмкін екендігін байқаймыз.

Сарыарқаның керуен жолдарына қайта оралсақ, Сарысу жолы мен Жетқоңыр жолының тағы бір маңыздылығы Бетпақдаланың немесе Қарақұмдағы басқа керуен жолдарына қарағанда өткізу ауқымы зор болып есептелген. Өйткені Сыр бойынан Сарыарқаға, яғни Қазақстанның далалы аймақтарына шығар жолда шығыстан батысқа созылып жатқан табиғи кедергі Бетпақдала мен Қарақұм шөлдерін тек осы тұстан ғана үлкен әскермен өту мүмкіншілігі болған.

Бұған дәлел Әмір Темірдің 1391 жылғы Тоқтамыс ханға аттанған жорығы және 1582 ж. Абдоллах ханның (шаибанид) Баба Сұлтандықуалап Ұлытауды басып өткен жорығы куә болады. Араға белгілі бір уақыт салып барып қайталған екі жорықтың Бетпақдаладан өтер уақыты ерте көктемде, яғни сәуір айларында басталады. Өйткені, жолда қосымша көктемгі қар суларын пайдалану мүмкіншілігінен, Бетпақ даладан өтетін ең ыңғайлы кезең осы уақыт болып есептелген. Осы жорық уақытынан Бетпақ даланың мыңдаған әскерлер үшін қаншалықты қауіпті екенін көруге болады.

Осы тұста аздап болса да екі қолбасшының жорығының далалы аймақта жүріп өткен жерлері туралы тоқтала кетсек.

Абдоллах хан Сарысу жолымен көтерілгеннен кейін Қаражардың тұсында (Сарысу мен Қаракеңгір өзені қосылған саға) Баба сұлтанның Жошы ханның мазарының қасында екендігі жөнінде хабардар болады. Бұл тұста ол Қаракеңгір өзенін жағалай (солтүсік-шығыс бағытта)

отырып, аталмыш өзенге Сарыкеңгір өзені келіп қосылатын тұсықа жақын орналасқан Жошы хан мазарына жетеді. Осы Жошы хан мазарына дейінгі Абдоллах ханның қосынының басып өткен жолдары жөнінде Ж.Е. Смаилов өз еңбегінде қарастырады. Бұл еңбекте жер атауларынан бөлек Жошы хан мазарының төңірегінде орналасқан Сарайлы, Торайлы қалалары сөз болады [6].

Жошы хан мазарынан Абдоллах Баба сұлтанды қуып солтүстікке беттеп Ұлытау тауларына барады. Абдоллах Ұлытаудың солтүстік баурайы арқылы кері қайтады.

Абдоллахтың Ұлытаудан қайтар жолы барған жолынан батысқа қарай орын алған. Ол туралы деректе «... в четверг 25-го [числа] месяца раби' II он (Абдоллах – О.О.) вознамерился вернуться назад по дороге на Мийар-Билавати и поднял знамя возвращения. В этот день он бросило тень стоянки у истока реки Саук» деп жазылады [7, с.286]. Көптеген зерттеушілер Сауық өзені деп ортағасырларда Торғай өзенін айтқан деген пікір білдіреді. Абдоллах хан осы жерден кері қарай қайтуды ұйғарады. Торғай өзені осы Ұлытаудан солтүстік бағытта ағып шығатын көптеген өзендерден бастау алады. Сондықтан деректегі «Сауық өзенінің бастауы» деген мәлімет Абдоллахтың Ұлытаудан алыс кете қоймағанын көрсетеді. Тек Абдоллахтың жекелеген әскер басылары Баба сұлтанды қуалап әр тарапқа жорық жасап оралады. Абдоллах ханның кері қайтуға ұйғарған «Мийар-Билавати» жолы, шын мәнінде екі бөлек өзен-судан тұрады. Билавати – Білеуті (бүгінде Қалмакқырған) өзені. Мийар – Мүйір деген өзен, әрі жер атауы. Бұл жерлер «Сарысу жолы» басталатын тұс Қаражардан әлде қайда батыста орналасқан. Абдоллахтың қосыны Ұлытаудан (Торғай өзенінің бастауларынан) шыққаннан кейін бір күннен соң «Қырк-Карақлар» өзеніне және таға бір тәуліктен кейін Жыланшық өзеніне келеді. Мұндағы «Қырк-Карақлары» Ұлытау мен Кішітаудың арасындағы ұсақ өзендердің бірі болуы керек. Ал, Жыланшық дегені Кішітаудан ағып шығатын Шығырлы өзені. Халық бұл өзенді Шығырлы Жыланшық дейді. Бұл Шығырлы Жыланшық Ұлытаудан шыққан Дулығалы Жыланшықпен қосылып Ақкөлге құятын Ұлыжыланшық өзенін құрайды. Шибани Абдоллахтың қосыны Жыланшықтан кейін, келесі күні «Терс-кандрликке» жетеді. Бұл Теріс Кендірлігі Кішітаудан төменірек орналасқан, әрі шығысқа ағатын Бала Жезді өзені болуы керек. Қазақ жеріндегі шығыс немесе солтүстік бағытқа аққан өзендердің бірқатары осы «Теріс» атауын алған. Мысалы Жамбыл обылысы территориясындағы Теріс өзені шығыс бағытта ағады. Сондай-ақ, Ұлытаудағы (Арғынаты тауынан бастау алатын) Терісакқан өзені солтүстік бағытта ағады.

Теріс Кендірлік өзенінен кейін Абдоллахтың қосыны Мүйір-Білеуті өзенін бойлай жүріп Сарысуға жетеді. Білеуті мен Сарысудың арасында Қызылқақ деген жерде аң аулап көңіл көтереді. Бұл аталмыш жерлердің барлығы күні бүгінге дейін сақталған, бұл атаударды картадан оңай көруге болады.

1391 ж. Әмір Темірдің Тоқтамысқа аттанған жорығы Бетпақдаланы аталмыш «Сарысу жолымен» асады. Тек Әмір Темір Қаражардың тұсында Жезді өзенін бойлай тіке солтүстікке беттеп Кішітауға келеді. Кішітаудан 2 күннен кейін Ұлытауға жетеді [8, с.161]. Ұлытау Кішітаудан солтүстік-шығыста, алыстан мұнартып көрініп тұрады. Кішітаудың шығыс сыртымен Ұлытауды басып өтетін көне керуен жолының бөлігі бар, Әмір Темір қосыны осы жолға келіп қосылған болуы керек. Бұл жолдың сілемі әлі күнге дейін сақталған. Бұл керуен жолы Сырдың төменгі ағысын Сібірмен байланыстырған көне сорап. XX ғ. бас кезінде бұл жол Көкшетау мен Қызылорда (Көкшетау – Атбасар – Ұлытау – Қарсақбай – Жосалы) арасын байланыстырған күре жол маңызын атқарған****.

Әмір Темірдің Ұлытаудан әрі қарайғы жорығы солтүстік-батыс бағытта жалғасқанына Алтыншоқыда қалдырған тастағы жазуы куә болады. Қ.И. Сәтбаев тауып алған бұл тастың көшірмесі (түпнұқасы Эрмитажда) тарихи орнына қойылған. Шереф-ад-Дин Йездидің жазбасынан Әмір Темір қосынының бұдан әрі солтүстік бағытта болып Жыланшық өзені, Арақарағай (мәтінде Атақарағуй), Тобыл өзендеріне дейін жетіп, осы тұстан батысқа бағыт алады

[8, с.162]. Арақарағай - бүгінде жоғалуға айналған топоним. Бұл Арақарағай атауы ХІХ ғ. орыс зерттеушілерінің еңбектерінде Аманқарағай, Наурызым ормандарымен қатар аталады [9, с.61]. Осы уақыттардағы карталардан Арақарағайдың аталған екі орманды алқаптармен бір ауданда орналасқанын көреміз.

Бұл деректен араға екі ғасырдай уақыт салып Ақсақ Темірдің жарты жолын Абдоллахтың (шибани) жүріп өткенін көреміз. Жоғарыда аталған Алтыншоқыдан солтүстік-батысқа қарай 40 шақырымдай жерде «Хан шабылған» деген жер атауы кездеседі. Бірақ ол Тоқтамыс хан ба, әлде Баба Сұлтан ба немесе Кенесары ма, ол жағы бізге белгісіз. «Хан шабылған» жазық жер болып келеді, жер үстінде табиғи тастан үйілген бірнеше қабірүсті құрылыстары бар. Одан басқа ешқандай белгі білінбейді.

Қорыта айтқанда Сарыарқаның көне керуен жолдары қазақ тарихының көптеген маңызды жайттарын өз бойына жинақтаған. Көне керуен жолдарын өз мәнінде зерттеп, ғылыми айналысқа енгізер болсақ көптеген тарихи құнды мәліметтерге қол жеткіземіз.

Түсініктемелер

*Жалпы, бұл мақала түзетулер енгізіліп, екінші рет баспаға ұсынылып отыр. Бірінші жарық көрген мақалада бірқатар кемшіліктер кеткен [**қараңыз:** Ошанов О. Сарыарқаның көне керуен жолдары – тарихтың үнсіз куәгерлері // Кітап патшалығы (ғылыми-танымдық, әдістемелік журнал. №4, 2014)]. Олардың бірі Байқоңыр өзенінің көне атауы Білеуті деп берілген. Кейін деректерді қарастырып отырып көне Білеуті өзенінің бүгінгі атауы Қаламаққырған екені анықталды. Сонымен қатар мақала барысында 1582 жылы шибани Абдоллах ханның Ұлытауға жасаған жорығына байланысты, оның (Абдоллахтың) Торғай өзенінен кері оралды деген ұсыныстың да жаңсақ пікір екені анықталды. Артынан көз жеткізгендей Абдоллах хан Ұлытаудың солтүстік жағын айналып, кері оралады. Ортағасырлық Терс Кендірлік өзеніне байланысты «Терісаққан» өзені деген пікірде бұл соңғы мақалада Бала Жезді деп өзгертілді. Бұл мақалада осы түзетулер енгізіліп және басқа да деректермен толықтырылып беріліп отыр.

** Деректе сөз болып отырған Сазанбай құмына байланысты ел аузындағы деректер келесідей. Сазанбай ХІХ ғ. өмір сүрген жергілікті байлардың бірі. Руы ұзын қыпшақ. Қыстауы осы құмда болып, кейін ел оның атымен осы құмды бұйратты атап кеткен. Сазанбай құмы – Үлкен Сазанбай, Кіші Сазанбай, Тоқалқұм болып бөлінеді. Жергілікті халықтың айтуынша Үлкен Сазанбайда байдың өзі, Кіші Сазанбайда оның ұлы, ортадағы құмда Сазанбайдың екінші әйелінің ауылы мекен еткендіктен «Тоқал құм» аталып кеткен.

*** Бұл Шубай Арслановтың жазбалары өте құнды тарихи құжат болып табылады. Онда ХVІІІ ғ. тарихи тұлғалар Төле би, Төлек батыр және т.б. тарихи тұлғалар, сонымен қатар Сыр бойы қалалары, Ташкенттегі саяси жағдай анық көрініс тапқан.

*** Төлек батыр – ХVІІІ ғ. жоңғар-қазақ шапқыншылығы кезіндегі белгілі тарихи тұлға. Арғын-сүйіндік руының өкілі. Бұл деректе Төлек батырдың елінің жайлап отырған жері болып Елек өзені бойы айтылады.

**** ХХ ғ. бас кезінде Қарсақбайдан кен өндіруге кіріскен ағылшындар Жосалы жолы арқылы кенішке паравозды өз аяғымен жеткізеді. Бұл мақсатта олар 2 км-лік темір жол тартып, оның үстімен составты жүргізіп, артқы рельстерді алдыға салу арқылы 2 жыл дегенде Қарсақбайға жетеді. Бірақ, қазан төңкерісі басталып кетіп ағылшындардың ұзақ уақытқа мерзімделген жоспарлары іске аспай қалады.

Информаторлар тізімі

І. Информатор: Нұрмұхамбетұлы Жолдыхан. 1947 ж.т. Қостанай облысы. Жанкелді ауданы. Қарасу ауылы (ТАЭ-2010).

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Маргулан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-дала // Мир казаха. – Алматы, 1997. – С. 16-30.
2. Россия. Полное Географическое описание. Киргизский край. – Т.18. – СПб, 1903.
3. Арсланов Ш. [Сказка Вятского купца о путешествии в Ташкент в 1741-1742 гг.] / Излож. Н. Оглоблина. Под загл.: Путешествие русских купцов в Ташкент. 1741-1742// Русский архив, 1888. – Кн. 2. – Вып. 8. – С. 402-416.
4. Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алматы: Гылым, 1993. – 248 с.
5. Пять лет в плену у ташкентцев(рассказ сибирского казака). Соч. Н.Щербакова. – С.-Петербург, 1873 г.
6. Смаилов Ж.Е. Памятники археологии Западной Сары-Арки. – Балхаш, 1997. – 112 с.
7. Хафиз Тыныш ибн Мир Мухаммед аль-Бухари. Шараф-наме-йи шахи // Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинении). / Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Изд. «Наука» КазССР, 1969. – С. 237-312.
8. Из «книги побед» Шереф-ад-Дина Йезди // Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.М. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л.: Изд. АНСССР, 1941. – С. 144-189.
9. Гейнс А.К. Киргиз-Кайсаки (в Уральской степи) // Собрания литературных трудов. Т1. – СПб., 1897. – С. 61.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ: КӨШІ-ҚОН ТАРИХЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯСЫ (1926-1959 Ж.Ж.)

Талдыбаев Ж.

Астана қаласы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің басқармасы

Аңдатпа. Кіріспе. Мақалада 1926 және 1959 жылдар аралығындағы Қазақстанда жүргізілген кеңестендіру саясатының әсерінен өзгерістерге ұшыраған қазақ халқының тарихи демографиялық жағдайларындағы көші-қон мәселелері санақтар мен статистикалық мәліметтерге сүйеніп, мұрағат құжаттарының негізінде және тарихи демографиялық бағытында қарастырылған еңбектер мен ғылыми зерттеулерді қарастыру арқылы жазылған. Сонымен бірге, қазақтардың көші-қон тарихында Қазақстанмен одақтас республикалардың аймақтарына орналасуындағы саны, және шет елдердің аймақтары бойынша шоғырланып, орналасуы жан-жақты демографиялық ғылыми бағытында қарастырылған. Сондай-ақ, зерттеу аралығында қазақ халқының көші-қон үрдістерінен өзінің туған жері Қазақстанда аз ұлтқа айналуы, саны жағынан азайып, ал дүние жүзі бойынша, соның ішінде одақтас республикалар мен шет елдердің аймақтарындағы саны мен үлесінің артуына әсер еткен Қазақстандағы жүргізілген кеңестендіру саясатының нәтижесінен демографиялық апаттарды басынан өткізуі. Соның ішінде, қазақ халқының республикамыздың өзінің ішіндегі немесе басқа елдерге қоныс аударуларына байланысты сыртқы көші-қон тарихы тарихи демографиялық жағынан сандық немесе пайыздық негізде қарастырылып, салыстырмалы тұжырымдар жасалған ғылыми талдаулар арқылы баяндалады.

Түйін сөздер: халық, ғылым, білім, тарих, демография, көші-қон, сыртқы, ішкі, аймақ, өңір, қала, ауыл, сан, пайыз, үлес, санақ, мұрағат, дерек, мағұлмат, тұжырым, қайғы-қасірет, қуғындау, ашаршылық, ұжымдастыру, индустрияландыру.

КАЗАХСКИЕ НАРОДЫ: ДЕМОГРАФИЯ ИСТОРИИ МИГРАЦИИ (1926-1959 Г.Г.)

Талдыбаев Ж.

Управление комитета по правовой статистике и специальным учетам по городу Астана

Аннотация. В этой статье рассматриваются проблемы миграционных процессов на основе переписи населения и статистики которые подвергли казахский народ исторически демографическим обстоятельствам. Эта работа была написана в промежутке 1926 и 1959 годов в соответствии с данными архива, с научными работами связанными с демографией. Вместе с тем, в работе всесторонне рассмотрены миграционная история казахов в регионах, численность населения в союзных республиках, а также скопление их в зарубежных странах в соответствии с научно-демографическим направлением. Также, рассмотрены последствия политики советского периода которые привели к демографическому краху в стране: сокращение численности миграционных процессов казахской национальности на своей исторической родине, преобладание доли казахского народа в других союзных республиках и за рубежом. Были рассмотрены исторически демографические цифровые и процентные показатели, в том числе мигрирование казахского народа внутри республики и других народов в связи с внешним миграционным процессом.

Ключевые слова: народ, наука, знание, история, демография, миграция, внешний, внутренний, край, регион, город, село, число, процент, вклад, перепись, архив, факт, информация, вывод, голод, коллективизация, индустриализация

PROSECUTOR OF MANAGEMENT DEPARTMENT COMMITTEE ON LEGAL STATISTICS AND SPECIAL RECORDS IN ASTANA

Taldybaev Zhetpis

Department of the Committee on Legal Statistics and Special Accounts for the city of Astana

Abstract. In this article problems which are considered subjected the Kazakh people to historically demographic circumstances migratory process in an interval 1926 and 1959. However, considered comprehensively in the scientific direction of the demographic location of migratory process Kazakhs in the regions in terms of population in the Union republics, and their accumulation in foreign countries. Also, the effects of policy of the Soviet period led to demographic collapse in the country: reduce the number of migratory process Kazakh nationality in their historic homeland Kazakhstan, and the predominance of the proportion of the Kazakh people in other Soviet republics and abroad. Including, migration in the Kazakh people in republic and to other people connection external migratory process historically demographic digital and percentage indicators also were considered, stating scientific analyses.

Keywords: people, science, knowledge, history, demography, migration, external, internal, region, district, town, village, number, percentage contribution census archive, fact, information, conclusion, famine, collectivization, industrialization.

Қазақ халқының ғасырлар бойы өзіне тиесілі жайлау, қыстау, күздеуін, жайылымдық, егістік жерін әр маусымға сәйкес ауыстырып, көшіп-қонып жүруі көшпенді өркениеттік тұрмысқа сүйенген табиғи құбылыс еді. Міне, осы салт кеңестендіру дәуірін қамтыған 1920 жылдарының екінші жартысы мен 1950 жылдар аралығында ауылдан қалаға, бір өңірден екінші өңірге және бір аймақтан екінші аймаққа, республикамыздың өз ішіндегі көші-қонға айналса, ал бір қиырдан екінші қиырға еріксіз жер аууға, немесе республикадан тыс жерлерге, көршілес республикалар мен Одақтас мемлекеттерге, ал арғысы шетелдерге бас сауғалап, босқыншылыққа негізделген сыртқы көші-қонға айналғаны белгілі. Оның ішінде, ұжымдастырудан келген қуғындау салдары, әсіресе, кәмпескелеу науқаны мен 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезеңі қазақ халқына айрықша жайсыздық әкелді. Бұның негізінде қазақты әуелден жайлап келген қонысынан айыру және тиесілі аймақтан көшіріп, сапырылыстыру арқылы иелігіндегі жерін пайдалану құқынан айыру, сөйтіп бүкіл даланы мемлекеттік меншікке аудару нәтижесінде қалың бұқараны өкіметке тәуелді ету саясаты жатқан еді. Коммунистердің қулығына құрық бойламас бұл мақсаттың жүзеге асқаны соншалық, қазақтар туған атамекенін тастап, алды көршілес Түрікмен, Өзбек, Қырғыз, Монғол, Қытай, Ресей елдеріне барып жан сауғаласа, біразы Иран, Ауғанстан және Туркияны асып кетті.

XX ғасырдың 20 -жылдарында қазақ халқының негізгі кәсібі және республикадағы халық шаруашылығының басты саласы мал шаруашылығы болып, көшіп-қонып жүрген еді. Сондықтан, осы ғасырдың 20-30 -жылдары большевиктердің күшпен жүргізген аграрлық саясаты ғасырлар бойы қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи дамуына кедергі жасады. Ф.И.Голощекиннің қазақ халқының көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрлі мал шаруашылығын артта қалған, ортағасырлық, мәдениетсіз социалистік құрылыспен үйлеспейтін сала ретінде сипаттап, оны түбірімен өзгертіп, «социалистік» қайта құру бағытын ұстанды. Бұл

қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығына кері әсерін тигізіп, халықтың әлеуметтік жағдайына зиянын тигізетіні ескерілмеді.

Жаңа экономикалық саясаттан ауытқу, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудағы жіберілген өрескел қателер мен асыра сілтеулер қазақ ауылына қатты әсерін тигізді, аштық тудырды, өлкенің жергілікті тұғындарының көші-қондық жағдайларын күшейтті.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің жаңа экономикалық саясат жылдарында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларды толық күйреткен 1928 жылдың 27 тамызындағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декреті қазақ даласына ерекше қасірет әкелді. Бұл қаулы ауыл шаруашылығындағы қуғындау зұлматының басы болды[1].

Өлкелік комитеттің II пленумындағы баяндамасында Ф.И.Голощекин: «Қазақтардың ұлттық сана сезімі өсіп келе жатқанын», ал мұның «жетекшісі - байлар» екенін айта келіп «Қазақ халқының кедейленуі мен қайыршылануынан кеңес өкіметіне келер пәлендей қауіп жоқ» деген тұжырым жасады. Сөйтіп, аталған қаулы бойынша республикада 700 шаруашылықты тәркілеу керек болды. Ресми құжаттар бойынша, Қазақстан аумағында 696 қазақ байларының қожалықтары тәркіленіп, оның ішінде 619 қожалық иелері өзінің тұрған мекенінен басқа жаққа жер аударылуға тура келді. Олардан 144474 мың бас мал тартылып алынып, колхоз, совхоздарға бөлініп берілген [2].

Бір-бірімен сабақтаса жүргізілген тәркілеу, ет және астық өнімдерін дайындау, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру саясаттары дәстүрлі мал шаруашылығын толығымен күйретті. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан күн-көрісі болып келген көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына негізделген мал шаруашылығының ерекшеліктерін ескермеу, оған зиян келтіру қазақ халқының аштыққа ұшырап, қырылуына тікелей әсер етті. Ел басына түскен небір зұлматтардың ішінде орны толмас өкініш ұжымдастыру зардаптарынан болған аштық пен босқыншылықтың бәрінен асып түскені белгілі. Орталықтың күштеу саясатының салдарынан жасанды ашаршылық туындап, халқымыз бұрын-соңды болып көрмеген демографиялық зұлматқа-геноцидке ұшырады. Үш жылға созылған ашаршылықта республикада сол кездері қазақ жұртының тең жартысына жуығы қырылып, 15 пайызы Қазақстаннан тысқары аймақтарға біржолата оралмастардан көшіп кетуілеріне әкеп соқты.

Аталған қаулы бойынша, тәркілеуге ұшырағандарға олар ауып келген өңірден жер таңдап алуға рұқсат етілген еді. Бірақ өкіметтің бұл «рақымшылығы» орындалмады. Республикалық Орталық Атқару Комитетінде, округтердің жер шаруашылықтарына түскен арыз-шағымдарының мазмұнына қарағанда, тәркіленгендердің басына төнген қайғы-олар шеккен қасіреттің бір ұшы ғана еді. Қазақстанның бір шетінен екінші шетіне жер аударылған отбасылардың жол бойында шеккен азабының өзі тарихымыздың ақтандақ беттерінің тағы бір тарауын құрайды [3].

Яғни, республиканың өз ішіндегі қазақтардың көші-қондық жағдайларына тоқталайық. Демек, 1932 жылға дейін көштің ағылуы елеулі сипатта жүрсе, бұдан бұлайғы уақытта қазақ халқының ішкі сыртқы көші-қон тасқыны ұдайы өсіп отырды.

Тәркілеу науқанының қарсаңында республиканың өз ішіндегі көші-қон мәселесінде Жетісу мен Сырдариядан Орал округіне, Гурьевтен Петропавлге, Семейден Сыр бойына, Павлодардан Ақтөбе аймағына, Қызылорда өңірінен Адай округіне, Ақмоладан Гурьевке, Ақтөбеден Қарқаралыға, Қостаннайдан Семей округіне жер аудару туралы 1928 жылы 30 тамыздағы қаулысы шыққан еді. Осы ерсілі-қарсылы шұбырыңдыда талай қазақ (әсіресе бала-шаға) қырылды.

Тәркіленгендерден Қызылорда жақтан Адай округіне 47 бай (үй-ішімен 325 адам), Ақмола округінен Гурьевке 15 бай (үй-ішімен 69 адам) жер аударылып келген. Көп адамға туған жердің топырағы да бұйырмады. Ресми деректерге жүгінсек, тек жеке отбасы жер аударылған сияқты

болып көрсетіледі. Ал шындығында, тәркіленген байлардың бала-шағасы ғана емес, туыстары да айдауға, немесе қудалауға ұшырады. Осылайша, қазақ халқының басына төнген, 1928 жылдан басталған еріксіз көші-қон ісі ұжымдастыру дәуірінде өзінің шырқау шегіне жетті.

1929 жылы қараша айында Орталықтың нұсқауымен Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы қазақ шаруаларын жоспарлы түрде отырықшылыққа көшіру жөнінде арнаулы қаулы қабылдады. Шұғыл түрде 1930 жылдың қаңтарында республика Халық Комиссарлар Кеңесінің жанынан отырықшыландыру комитеті құрылды. Бұл комитетке отырықшылыққа көшетін аудандар мен халық санын анықтау, отырықшылыққа ауысқан қожалықтар арасында егіншіліктің дамуына және ұйымдастыру негізінде мал шаруашылығын интенсификациялауға көмектесу міндеттері жүктелді.

Отырықшыландыру үшін қажетті алғы шарттар жасалмады. Қаржының жетіспеушілігіне байланысты құрылыс көлемі жоспарда көрсетілгендегіден әлдеқайда төмен дәрежеде жүргізілді. Егіншілік комиссариаты өз есебінде отырықшылыққа ауысып жатқан қожалықтардың азық-түлікпен қамтамасыз етілмей отырғанын мойындауға мәжбүр болды [4].

Қазақтардың жаппай босқыншылыққа ұшырауы тек қана көшпелі және жартылай көшпелі аудандарды ғана қамтып қойған жоқ, ол отырықшы аудандарға да таралды. 1930 жылы көшіп кету қозғалысымен 34977 қожалық қамтылды, ал 1931 жылы 45 мың шаруашылық көше бастады. Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізілген ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және осы негізде көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын отырықшыландыру, ауқатты шаруаларды мал-мүліктен айыру, салық саясаты мен қуғындау салдары қазақ халқын зор апатқа, демографиялық және экономикалық дағдарысқа ұшыратты, туған жерді тастап, ауа көшушілік жаппай сипат алды.

1934 жылдың қаңтарында қабылданған Қазақстанның VIII партия конференциясының қаулысында ауа көшушіліктен көбірек зардап шеккен көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтар Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында орын алғаны атап көрсетілді. Бұл құжатта Ақтөбе облысынан барлығы 39 мың, Батыс Қазақстан облысынан 70 мыңнан астам қожалық қоныс аударып кетті делінген. Батыс Қазақстанның өз ішіндегі көші-қон, одан республиканың басқа аудандарына көшіп кетушілік елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларына зор әсер еткен күрделі мәселелердің бірі болды. Маңғыстаудан Ақтөбе мен Оралға, Оралдан Гурьевке жоспарлы көшіру, ауа көшушілік жүріп жатты. Төрт-бес жылға созылған (1928-1933 ж.ж.) бұл сапырылыс елдің берекесін алып, сендей соғылыстырды.

1920-1930 жылдары ауыл шаруашылығындағы қызыл террор қалаларға арзан қара жұмыс күшін әкелумен бірге ауыл тұрғындарының қалаларға келуін көбейтті. 1926 жылы республика тұрғындарының арасында қазақтардың 2,0 пайызы қалаларда болса, бұл деңгей 1939 жылы 16,1 пайызға артып, ал олардың қатары 1959 жылы 24,3 пайызға өскен екен. Ал 1926 жылы республика тұрғындарының арасында қазақтардың 9,0 пайызы ауылдарда болса [5], бұл деңгей 1939 жылы 83,9 пайызға төмендеп [6], ал олардың қатары 1959 жылы 75,7 пайызға кеміген еді [7]. Демек, ғасырлар бойы көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанып келген қазақ халқының Кеңес өкіметі кезінде қалаларға шоғырлануы, іргелі мәдени орталықтарға жинақталуы баяу жүрді. Өйткені, бұл үдеріс табиғи жолмен жүргеннен гөрі сыртқы күштерге тәуелді болды.

Яғни, республика бойынша индустрияландырудың жүзеге асқан орталықтарына ағылған қазақтардың қатары артып, бұлардың біразы қазақ ауылынан өндіріс пен құрылыс орталықтарына ағылған аш босқындар болса, біразы Украина мен Россияның ірі қалаларына шыққандар еді. Бұдан Қазақстандағы қала халқы қазақ босқындарының есесінен өскендігі көрінеді. Қала халқының тез қарқынмен өсуіне табиғи өсім ғана емес, көші-қонның да әсері жоғары болды. 1931-1937 жылдары қалаларға 390 мың адам көшіп келген. Басқа халықтарды айтпағанда, қазақтар 1926 жылы қала тұрғындарының 2,0 пайызын құраған болса, бұл көрсеткіш 1959 жылы 24,3 пайызға жеткен еді [8].

Ал енді 1937 жылғы халық санағы бойынша республикадан тысқары жерлерге 48070 адамдар қоныс теуіп, осының нәтижесінен Қазақстан халқы 9 пайызға азайған болса, оның басым бөлігін қазақтар құрап, олармен бірге бірән-сэрән басқа ұлт өкілдері болған [9]. Еліміздегі ішкі көші-қондық қозғалысқа 11470 адамдар қатысқан, олардың 73071-і қалалық, немесе қала типтес елді мекендерге барып орналасқан еді. Яғни, ауыл тұрғындарының қалаларға ағылуына бірден-бір себеп құрылыс алаңдары, зауыт-фабрикалардың іске қосылуы болды. Демек, 1937 жылғы республика халқының санын 1926 жылғы санақтағы санымен салыстырғанда 1,3 есеге азайғаны байқалып, оның ішінде қазақтар -1,7 есе кемісе, ал елде қоныстандыру саясатының пәрменді түрде жүргізілуіне байланысты орыстар -1,5 есеге көбейген екен [10].

Қазақстаннан сыртқы көші-қон қозғалысының өршуі, ата мекенді тастап ауа көшуі 1926-1927 жылдары басталды. Мысалы, Батыс Қазақстанда қоныс аударушылық 1927-1928 жылдары үдей түсті. Қыр жайлап, көшіп-қонып жүрген адай, табын тайпаларының отбасылары кеңес өкіметінің құрығынан және жұт салдарынан құтылмақ болып Қарақалпақ, Түркмен жеріне көшіп барды. Сол кезде үдере көшкен адайлардың екі мың отбасын оңтүстік Қазақстанға (Мақтаралға) күшпен қоныстырған.

1928-1929 жылдары Маңғыстаудан басқа республикаларға көшіп кеткендер туралы мәлімет сақталған. Мәліметтерге жүгінсек 16 ауылдағы 158 үйдің 47-і бір түнде көшсе, 7 ауылда 300 үйдің 291-і, 4 ауылдан 182 үй, 13 ауылдан 341, 12 және 14 ауылдардан 500-дей үй көшіп кеткен. Мұрағаттарда сақталған мәліметтер бойынша Маңғыстаудың ауылдық кеңесінен 1928-1929 жылдары 1390 отбасы көшіп кеткендігін айғақтайды. Жалғыз Маңғыстау емес, ауа көшушілік бүкіл республика бойынша жаппай сипат ала бастады.

Осыған байланысты Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесі 1931 жылы наурызда «Қазақстан жерінен ауа көшумен күрес туралы» қаулы қабылдап, көршілес республикалардың үкімет басшыларына жедел хаттар жолдады. 1931 жылдың 7 ай ішінде Қаржы комиссариатының мәліметінде Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Орал, Сібір, Қытайға және Еділ бойына 213 мың қазақтардың жер ауа көшкендігі айтылады [11].

Қазақстандағы зорлап ұжымдастырудың қара дауылы жайлап өткен кейбір ауылдарда тігерге тұяқ қалмай адамдардың өмірі мезгілсіз қиылды. Ақырында өзінің туып өскен жерінде күн көрістің амал-айласы қалмағанына көздері жеткен халықтың алдында бір-ақ жол қалды, ол жаппай басқа жақтарға ауа қоныс аудару еді. “Бір күн ашыққаннан, қырық күн ақыл сұрама”, - деп қазақ атам айтқандай халық ақыл-айла ойлаудан, қыспақтан шығудан өз бетінше жол табудан қалды: тырнақтап жинаған дүние-мүліктерін, тігулі күйінде киіз үйлерін тастап, бастары ауған жаққа қарай шұбырып кетіп жатты; ескі қыстаулары мен мал қоралары иесіз қалды. Өз жеріндегі босқынға айналған қазақтардың көбісі республика қалаларының өнеркәсіп орындарына сендей соғылып, жұмысқа орналаса алмай жүрді. Оның үстіне, олардың түнде түнеп, күндіз бой жылытатын баспанасы да болмады. Мұның аяғы жұрттың жаппай ашығып, туған мекендерін тастап, олар Қазақстанмен көршілес жатқан өлкелер мен республикаларға, және шет елдерге қоныс аударуларына тура келді. Сондықтан, олар Қазақстанмен көршілес жатқан Орта Азия республикаларына, атап айтқанда Батыс-Сібірге, Орта Еділге, тағы сол сияқты шалғай жатқан жерлерге қарай бағыт ұстап, олардың біразы жол бойы шаңырақ мүшелерінің сүйегін сай-салаға көмусіз қалдырып, Ресейдің Новосибирск, Иркутск, Хабаровск, Кемеров, Владивосток қалаларына дейін барып жетті.

Көптеген мұрағат деректері Қазақстандағы ашаршылық апаты 1927-1928 жылғы жұттан кейін-ақ басталғанын көрсетеді. Мәселен, Адай округінде мал жұтап, адамдар аштыққа ұшырап, Гурьев уезінің де біраз ауылдары ашаршылыққа ұшырады. Жүздеген босқындар тентіреп республиканың оңтүстігіндегі аудандарға дейін жетті. 1928 жылдың 27 қарашасында Шымкенттің Халық Комиссарлар Кеңесіне Гурьев уезінен келген 350 отбасына азық-түлікпен

көмектесіп, оларды ұжымшарларға жұмысқа орналастыру үшін 100 мың сом несие, 8 мың пұт астық сұраған жедел хат түседі. Сонымен бірге, 1927-1928 жылдың қысында әбден көйзелген Маңғыстау халқы Түркіменстан жеріне дендеп, одан әрі Иранға жұмыс іздеп, тамақ табудың амалымен босқыншылыққа ұшырады. Мұрағат құжаттары көрсеткендей Красноводскіге-1000, Байрамәліге-50, Тедженге-100 қазақ шаруашылықтарының кеткендігі айтылады [12].

Қазақстандағы қиыншылық жағдайлардан өз ішіндегі көші-қон жағдайларының күшейе түсуінің қазақ халқына әкелген ауыртпашылығы өз алдына, үкімет тарапынан жүргізілген қуғындау салдарынан және аштықтан қорыққан қазақтар республикадан тысқары жерлерге, Қазақстанмен көршілес республикаларға және одақтас мемлекеттерге, арғысы шетелдерге жаппай көше бастады. 1931-1933 жылдарда болған қызыл қырғыннан барлық шығын-3 миллион адам және қызылтабан босқыншылығынан барша халықтың 1900 мыңы шетке қарай біржолата үдере көшкен. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен 281280 шаруа қожалығы көшіп кетті, олардың елеулі бөлігі Қытай, Иран, Ауғанстанның жеріне ауып барды. Ашаршылық жылдары республика шегінен тыс жерлерге барлығы 1030 мың адам көшті, олардың 616 мыңы біржолата кетті де, 414 мыңы кейіннен Қазақстандағы жағдай түзеле бастаған уақыттарда елге қайтып келді. Олардың ішінде 200 мыңға жуығы Қытайға, Ауғанстанға, Иран мен Туркияға өтіп кетті [13].

Қазақстанның өз ішіндегі көші-қон жағдайларының салдарынан халық құрамының өзгергендігі және жергілікті қазақ халқының үлес салмағы жағынан азшылыққа айналғаны тарихи демографиялық жағынан ғылыми деректер негізінде айқындала түсті. Ал енді республикадан тыс сыртқы көші-қонға байланысты көршілес республикалар мен Одақтас мемлекеттер арқылы шетелдерге ауған қазақтар жайында ғалымдар әртүрлі пікірлер айтып, деректік мәліметтер келтіруде.

Көптеген қазақтардың іргелес республикаларға ауып кеткендігін халық санақтарының мәліметтері де дәлелдейді. Егер, 1926 жылғы санақ бойынша басқа республикаларда 314 мың қазақ тұрған болса, ал 1939 жылы олардың саны 794 мыңға жеткен еді. Енді, 1926-1939 жылдары аралығында жер ауып барғандар (имигранттар) есебінен қазақтар РСФСР-да -2,3 есе, Өзбекстанда -1,7 есе, Түркіменстанда -6 есе, Тәжікстанда -7 есе, Қырғызстанда -10 есе артқан.

Ашаршылыққа ұшыраған ауаандарға көмек беру жұмысы әуелден дұрыс ұйымдастырылмады. Ф.И.Голощекин қуғындау садары мен аштықтан босқын болып кеткендерді «қазақтар ежелден көшіп қонып жүруге әдеттеніп кеткен» -деп түсіндіруге тырысты. Ол мұны көшпенділердің тұрмысы қайта құрылып, өзгеріп жатыр деп дәріптеді.

Ашаршылық салдарынан республикадан тысқары жерлерге босқын болып кеткендердің қолдары жеткендері халық шаруашылығының әр түрлі мекемелеріне жалданып, Мурманск, Сібір, Қиыр Шығыс, Камчаткаға дейін барды. Әрине, мұндай мүмкіндік бола берген жоқ. Қырғызстанға босып барған 100 мыңдай адамның ішінен 1933 жылы сәуірде тек 2500 адамды ғана жұмысшы ретінде орналастыруға нұсқау берілді. Тәжікстандағы Вахш су электр станциясының құрылысына өз бетімен барғандарға жұмыс та, ақы да, азық-түлік те жоқ болып шықты. Мысалы, 1931-1932 жылдары Қырғызстанға 5470 қазақ отбасы көшіп барды. Қазақ халқы шаруашылығы есебі басқармасының жоғары ұйымдарға берген мәліметтеріне қарағанда 1930-1932 жылдары Қазақстаннан тыс жерлерде (қайтып келгендерді есептемегенде) 1,3 миллион адам көшіп кеткен. Олардың 500-616 мыңы өзге республикаларда қалып қойса, 200-205 мың дайы шетелдерде мекендеп қалғандығына байланысты деректер бар.

Егер 1926 және 1937 жылғы Бүкілодақтық санақ мәліметтеріне сүйеніп талдау жасасақ, көрші одақтас республикалардан қайтпай қалған қазақтар 300 мыңнан асатыны байқалады. Яғни, қысқа мерзімде мұншама қазақ халқының жат жерге қоныс аударуы-адамзат тарихында бұрын-сонды болмаған қасіретті оқиға еді.

Бүгінгі тарихымыздағы ақтаңдақ тақырыптың бірі-сан мыңдаған қазақтың 1929-1932 жылдары республикадан сыртқы көші-қонға байланысты Қытай астып кетуі. Демек, 1931-1932 жылдары аштыққа ұшыраған қазақтарға өкімет тарапынан болған қысымға шыдамаған Тарбағатай өңіріндегі бір дүйем ел Қытайға өтіп кетуге әрекет жасапты. Бұл негізінен Көкпекті, Ақсуат, Аякөз, Үржар елді мекендерінің халқы болатын. Шекарада қызылдар оқ боратып, одан аман қалғандарын осы өңірді мекендеп, өмір сүруге күштейді. Яғни, Ақсуаттың құт-береке дарыған Қызылтас, Қызылкесек өңірінен жер ауған біршама жұрт шекарада тоқталып, Көкталға әкелінді. Олардың сол кездегі ұзын саны 500 отбасын құраса керек. Бұл дегеніміз 1374 адамдар болғаны көрінеді [14]. Ал енді тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Омарбеков «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты еңбегінде ол шетелге кеткендер жайлы толық тоқталады. Соның ішінде, Қытаймен шекаралас аудандарына қысқаша сипаттама береді. 1931 жылы бұлардың жалпы саны 11 болды (бұрын 16 болды). Олар: Алакөл, Лепсі, Жәркент, Кеген, Катон-Қарағай, Зайсан, Тарбағатай, Үржар аудандар, сондай-ақ, Талдықорған және Ақсу аудандарының шекараға жақындау бір бөліктері еді. Шекаралық аудандардағы халықтың жалпы саны 1931 жылы 505,701 адам, яғни Қазақстан халқының 7,33 пайызы болды. Ал олардың әлеуметтік құрамы төмендегідей еді: жұмысшылар-25510 адам, қызметкерлер -25318, ұжымшаршылар-228387, кедейлер мен батырақтар-101924, орташалар-79264 және кулақтар-45298 болған екен. Сонмен бірге, осы құжатта шекаралық аудандардағы халықтарының ұлттық белгілері де берілген. Яғни, 66,1 пайызы-қазақтар, 33,35 пайызы еуропалық ұлттардың өкілдері және 0,55 пайызы Орта Азия халықтары болатын, яғни шекаралық аудандардағы қазақтар саны-334.368 адамдар екендігі байқалады [15].

Қытайға өткендер арасында әр түрлі ұлт өкілдері болды. Бірақ, негізінен Қытай асқандар-қазақтар болатын. Яғни, қазақтардың Қытайға көшуіне байланысты 1931 жылы құрылған Ә.Жанкелдин басқарған мемлекеттік комиссияның тексеруі бойынша шекаралық аудандардан көшіп кеткендер арасында қазақтар $\frac{1}{4}$ астамы яғни 83.5 дейі екені айғақталған. Бұл деректерді ОГПУ-дің жедел барлау мәліметтері мен мемлекеттік жоспарлау деректері растай түседі. ОГПУ мәліметі бойынша 1931 жылдың күз айларында Батыс Қытайдағы босқындар саны 60 мыңға жуық, ал соңғысының дерегі бойынша көрсетілген мерзімге дейін Қазақстанның шекаралық аудандарындағы халқы 87 мыңдай адамға азайған. Егер тарихи шындық осы деректердің ортасында жатыр деп қарасақ Батыс Қытайға өткен қазақтар саны шамамен 70 мың адам деуге болады.

Сонымен бірге, Иран, Ауғанстан, Түркия жеріндегі қазақтар – Қытай жері арқылы барғандар еді. Демек, мұрағат мәліметтеріне сүйенсек егер 1932 жылға дейін қазақ босқындары Сібірдің Қазақстанмен шектес аудандарында орналасқан болса, 1932 жылдың алғашқы айларында олардың Сібір жеріне тереңдеп кеткенін, шалғай жатқан Новосибирскіге де «қоныстана» бастағанын аңғарамыз.

Егер, 1926 және 1939 жылғы Бүкілодақтық санақ деректеріне сүйеніп талдау жасасақ, жалпы алғанда, Қазақстаннан шығып кеткен босқындар саны 500 мыңнан асып түсетіні байқалады. Бұлардың 200 мыңдайы Қазақстандағы басшылық ауысқаннан кейін көп кешікпей өзінің туған жеріне қайтып оралды.

1926 жылғы санақта Бийск, Барабинск, Омбы, Новосибирск, Славгород, Рубцов округтерімен Таулы Алтай автономиялы облысында қазақтардың шоғырланып орналасқаны және олардың 20-25 пайызы егін салумен айналыспайтындығы тіркелген. 1931-1933 жылдары Кузбас құрылысына 30 мың қазақ келіп орналасқан, ал сол жылдарда Сібірдегі қазақтардың жалпы саны 100 мыңға жуықтаған. Бұл республикадан тысқары ағылған босқындардың көші-қондық қозғалысына нақты дәлел бола алады. Қазақтар ең көп шоғырланған Омбы облысының жарамды жерінің 60 пайызын қазақ байлары басып алған. Славгород округінің қазақтарының бай-

кулактары 4-5 пайыз, орта шаруалар 52 пайыз болса, мемлекет тарапынан көрсетілген көмекке қарамастан кедей шаруашылықтарының 20 пайызының көлігі де жоқ екендігі туралы дерек сақталған. 1928 жылдың қарашасында өлкенің ұлт істері жөніндегі кеңесі Славгород округіндегі кооперативтер қазақ шаруашылығының 21 пайызы, Омбыда-29,3 пайыз, Бийскіде-38 пайыз қамтылғандығын көрсетеді.

1932 жылы Сібірдің 16 ауданында 172 қазақ колхозы ұйымдастырылған болса, 1933 жылы бұл сан 90 пайызға жоғарылаған. Бұл деректе қазақ босқындарының көбі кері қайтпай республикадан тыс жерлерде қоныстап қалғандығын аша түседі. Міне, осылайша 1926 жылы қазақтардың өзіндік үлес салмағы 57,1 пайыз болса, ал 1959 жылы 30,0 пайызға түсу себебінің сыры айқындалады, бұл кезде орыс халқының республикадағы өзіндік үлес салмағы 40,2 пайызға жетіп этникалық топтардың ішіндегі ең көлемдісіне айналды [16].

Деректерге жүгінсек, 1930 жылы ұжымдастыру барысындағы зорлық 34977 қожалықты республикадан тыс жерге көшіруге мәжбүр етті. Орта есеппен қазақтың әр шаруа қожалығында 5 адамнан болды деп есептесе, 1930 жылы сыртқа 174,8 мың адам кетіп, барлық ауыл адамдары 417,9 мыңға азайған. Мұндай шешімге келуімізге Р.Конквестің 44 мың қазақ отбасымен Түркменстанға кетіп, көпшілігі басмашылар қатарын толықтырды деген мәліметімен «Қазақстанның жаппай ұжымдастыру аудандарынан 20 мың бай мен кулакты үй-ішімен шұғыл түрде елсіз, жапан далаға жер аудару туралы шешім қабылданып, жауыздық әрекеттер арқылы іске асырылды» деген деректері дәлел болады.

Қазақстаннан тысқары жерге кеткендердің де жағдайы мәз болмады. 1932 жылы қазақтардан Еділ бойына 40 мың, Қырғызстанға 100 мың, Батыс Сібірге 50 мың, Қарақалпақстанға 20 мыңнан астам, Өзбекстан мен Тәжікстанға 45-50 мыңдай адам барған еді. Мысалы, көршілес Қырғыз республикасына барған қазақтар жөніндегі шолуда: олардың жалпы санын айту қиын, өйткені халық өз бетімен лек-легімен келуде-деп жазылған. Сол құжатта Қордай асуында Қырғыз еліне жете алмай өліп қалған көптеген адамдардың денесі көктемде қар астынан шыққаны айтылады. Сол сияқты Еділ және Сібір жаққа кеткен қазақтардан да көп адамдар аштан өліп, шығынға ұшыраған еді.

Қазақстан жеріндегі ұжымдастыру арқылы қолдан жасалған 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтан қазақтардың жаппай қырылуы, бір ұлттың басына әкелген зобалаңның өте ауыр қайғы-қасіреті болса, соның салдарынан шетелдермен басқа аймақтарға көшіп кетудің кең өріс алуы, қазақ халқының өз Отанында азайып көршілес республикалар мен, Кеңес Одағының басқа республикаларында және шетелдерде тұрып, өмір сүріп жатқандығын байқатады. Нақтырақ айтқанда республикадағы ішкі немесе сыртқы көші-қонына байланысты қазақтардың өзінің Отанындағы халықтар арасындағы үлесінің азайып, ал керісінше дүние жүзі бойынша олардың санының өскендігін байқаймыз.

Енді, қазақ халқының сыртқы көші-қон жағдайын тарихи демографиялық жағынан алып қарағандағы олардың жалпы саны немесе көршілес республикалар мен Одақтас мемлекеттерде орналасып, және шетелдерде шоғырлану мәселелеріне келсек, қазақтардың бүкіл дүние жүзінде, Кеңестер Одағы мен шет елдерде бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі орналасуы зерттеліп отырған жылдары да сақталып, өз ерекшеліктерін анықтай түсті. Қазақтардың арасындағы көшіп-қону жағдайларының күшті болуы нәтижесінде олардың территориялық орналасуында, яғни Кеңес Одағында, оның ішінде республикасында және шет елдерде тұруында үлкен өзгерістер болды. Бұл өзгерістер әсіресе, 1920-1930 жылдары ауқатты шаруаларды тәркілеу, қазақтарды жаппай зорлап отырықшыландыру мен ұжымдастыру кезінде Кеңес Одағының басқа аймақтары түгіл, шет елдерге ауа көшуінің тікелей нәтижелері еді (600 мың).

1920-1930 жылдары қазақтардың сыртқа көшуі олардың өз республикасындағы саны мен үлесіне кері әсер етті. Дегенмен қазақтардың басым көпшілігі, үлесі азайғанына қарамастан, өз

Отанында тұрып, өмір сүрді. Тек 1926-1939 жылдары арасында Одақтың басқа аймақтарында тұратын қазақтардың саны 868 мыңға дейін жетіп, үлесі 8,6 пайыздан 24,9 пайызға дейін өсті [17]. Өз республикасында тұратын қазақтардың саны 1,300 мыңға жуық кеміп, үлесі 91,4 пайыздан 75,6 пайызға дейін төмендеді. Дегенмен кейінгі 20 жыл ішінде (1939-1959 жылдары) өз Отанында тұратын қазақтардың саны да, үлесі де өсе бастады: 1959 жылы Одақтың басқа аймақтарында тұратын қазақтар 22,8 пайыз (922 мың адам) болса, өз республикасындағылардың үлесі 77,2 пайызға жетті. Кеңес Одағының басқа республикаларында тұратын қазақтардың көбірек шоғырланған жерлері, Ресей (1939 жылы 10,0 пайыз, 1959 жылы 9,0 пайыз), Өзбекстан (8,9 пайыз және 7,9 пайыз), Түрікменстан (1,8 пайыз және 1,6 пайыз) және тағы басқалар [18].

Соғыстан кейінгі уақыттарда қазақ халқының көші-қон мәселелері саябырсығанымен, басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға көптеп қоныстануы республикадағы қазақ халқының үлесін 30 пайызға дейін төмендетіп жіберді. Әсіресе, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде республикаға басқа ұлт өкілдері көптеп ағылды. Тың игеру жылдардан басталған осы үрдіске көз жүгіртсек барлығы Қазақстанға 2 миллионға жуық адам келіп қоныстанған екен. Сонымен бірге, осы уақыттардағы Қазақстанға басқа елдерден, мысалы, Қытай Халық Республикасынан келіп қоныстанған қазақтардың көші-қоны жайындағы деректерді де алға тартамыз. 1954 жылы Кеңес Одағының Министрлер Кеңесінің 16 сәуірдегі № 751-329 бұйрығымен Қытай Халық Республикасынан маусым-тамыз айларында бұрынғы көшіп кеткен адамдарды тың игеруге байланысты қайта көшіріп алу туралы қаулы қабылдады. Ал Қытайға барып қоныстанғандардың барлығы дерлік қазақтар болатын. Осы қаулыға сәйкес 1954-1955 жылдардағы Қытай Халық Республикасынан Қазақстанға 65564 адам көшіріліп әкелінді. Олардан колхоздарға 3513 отбасы және совхоздарға 8432 отбасы орналастырылды. Осы тұста Қазақстан Орталық Партия Комитеті қызметкерлерінің анықтауынша ол халықтың көбі республиканың 9 облысына: Ақмола, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Семей және Талдықорған облыстарына орналастырылып, жұмыспен, баспанамен қамтамасыз етілген. 1957 жылы Қытай Халық Республикасынан келген қазақтардың саны жайындағы мәліметтерді де кездестіруге болады. 1957 жылы Қазақстанның түрлі облыстарына барлығы 18500 отбасы көшіріліп әкелінді. Қытай Халық Республикасынан елге оралған қазақтардың көші-қоны жыл сайын өсіп отырғанын байқауға болады. 1959 жылы Қытай Халық Республикасынан келген адамдарды Қазақстанның әр облыстарына орналастырғанда 37998 адамнан келген. Яғни, мұрағат деректеріне қарағанда, 1953-1959 жылдары аралығында Қытайдан Қазақстанға 82225 отбасы келсе, олардың 13792-і кері көшіп кеткен. 1953-1959 жылдар аралығында Қытай Халық Республикасынан Қазақстанға келгендердің жалпы саны 100 мың адамнан асқаны жайында көптеген тарихи деректерде көрсетілген. Осы көші-қонда бір айта кетерлігі Қытайдан қазақтармен бірге орыс, татар, ұйғыр, дүнген, өзбек ұлтының өкілдері де келгендігі белгілі. XX ғасырдың 20-30 жылдары шетелдегі қазақ диаспоралары да көші-қоннан көз ашқан жоқ. Бұл, ең алдымен Қытай жеріндегі саяси оқиғаларға байланысты еді. Қытай еліндегі аумалы-төкпелі саяси жағдайлар сол ел аумағында тұратын қазақтардың кейінгі тағдырына тікелей әсер етті. Ұрпағын, ұлтын сақтап қалу мақсатында қазақтардың бір бөлігі Алтай асып Монғолия жеріне барып қоныс тепті. Ал енді бір бөлігі Қытай билігімен шайқаса отырып Тибет, Такламакан арқылы Үндістан, Пәкістан жеріне барып қоныс тебеді. Олардың саны 10 мың маңайында еді. Бұл 1940 жылдары болған. Үндістан, Пәкістан жерінде тұрақты қоныстай алмады. Көбі жол азабын көрді, жол бойы соғысты да, нәтижесінде сол адамдардың жартысына жуығы қырылды. Тек, 1952 жылы 24 қыркүйекте Түркияға біржолата қоныстануға арнайы рұқсат етілген бірінші 102 қазақ босқындарының тізімі бекітіледі. 1952 жылы алғашқы лек Түркияға аттанады. Екінші лек 1953 жылы жолға шығады. «Еуропадағы қазақ түріктерінің бюллетенінің» дерегі бойынша 1953 жылы Түркияға Үндістан мен Пәкістаннан 1450 қазақ келіп қоныстанады. Бұлар сол 1941 жылы Елісхан батырдың

басшылығымен, 1951 жылы қыркүйекте Құсайын тәйжі, Сұлтаншәріп тәйжі және Әлібек (Қалибек) Хәкімнің басқаруымен Пәкістан жеріне келген қазақ босқындарының аман қалғандары еді. Түркияға қазақтар бірнеше жолмен барады. Түрік үкіметі мемлекет шекарасына дейін қазақтардың өз қаржысымен келуін, одан арғы барлық шығынды үкімет өз мойнына алатынын айтады. Қазақтардың бір тобының Түркия жеріне келгені жайлы айтар болсақ. Үндістанның Бомбей қаласынан 8 күнде бір Пәкістанның Карачи қаласына келетін жолаушы кемесіне 1953 жылы қараша айының басында 114 қазақ отырып 8 тәуліктен кейін Ирактың Басра қаласына келеді. Қазақтар бұл жерден пойызға отырып Ирак астанасы Бағдат қаласына жетеді. Бағдаттан пойызға отырған олар Нұсайбин қаласы арқылы Стамбул қаласына жетеді. 1953 жылдың қыркүйек айынан қараша айына дейін Пәкістан жерінен Түркияға барған қазақтардың жалпы саны 1379 болған. Жалпы қазақтардың Түркия жеріне қоныстану үрдісі 1956 және 1958 жылдарға дейін созылады. 1952-1958 жылдар аралығында Түркияға 564 отбасы яғни 1892 адам келеді. Осы қазақтардың ұрпақтары Түркия жерінде бүгінгі күндері де өмір сүріп жатқан жағдайлары бар [19].

1926-1959 жылдар аралығында шет елдерде тұратын қазақтардың саны 454000 (4 есе) адамға көбейіп, яғни 33,0 пайызға өскен болса, ал олардың 1939 жылғы санын 1926 жылғы санымен салыстырғанда 130000-ге (1 есе), демек 63,0 пайызға өскен еді. Енді, 1959 жылы олардың қатарын 1939 жылғы санымен салыстырғанда 324000-ге (3 есе), демек 52,0 пайызға өскен [20]. Шет елдердегі қазақтардың ірі топтары Қытай, Монғолия, Түркия, Ауғанстан және Иранда өмір сүрді. 1959 жылы шет елдердегі қазақтардың басым бөлігі Қытайда 580000-і, яғни 13,5 пайызы, Монғолияда 39000-і, демек 0,9 пайызы, Ауғанстанда 3000-і, яғни 0,1 пайызы, ал Түркияда 2000-і демек 0,1 пайызы қазақтар болған екен [21].

1926-1959 жылдар аралығындағы көші-қон мәселелерін қарастырудың нәтижесі сол кездегі республикадағы жүргізілген құйтырқы солақай саясаттардың кесірінен қазақ халқының әлеуметтік демографиялық жағдайларының өзгерістерге ұшырағанын байқатады. Республикамызға өз атауын берген қазақ ұлтының республика көлеміндегі ішкі көші-қон мәселелеріне және республикадан тыс көршілес мемлекеттер мен шетелдерге ауа көшіп кету сыртқы көші-қон мәселелері, оның саны мен құрамы және әлеуметтік құрамына қатты әсерлерін тигізіп, демографиялық үрдістерге ұшыратты. Сондай ақ, қазақтардың саны мен үлестерінің өсіп, өркендеуіне орасан зор зиянды зардаптарын тигізген зерттеу аралығындағы қасіреттердің (ұжымдастыру, индустрияландыру, ашаршылық, репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қайтадан қалпына келтіру және тың игеру жылдарының) әсерінен қазақ халқының саны мен құрамы және әлеуметтік құрамы көші-қон мәселелерінен үлкен демографиялық күйзелістерге ұшырады. Кеңестендіру жылдарының ұжымдастыру, тәркілеу науқандары кезінде шетел асқан қазақтардың саны жүз мыңнан аса болғаны демографиялық жағдайларға қаншалықты кесірін тигізгені анық. Республикаға сырттан күштеп көшіріліп келген ұлт өкілдерінің үлес салмағы айтарлықтай басымдылық танытып, ал, керісінше жергілікті халық қазақтардың өз отанында азшылыққа айналуы да сол кездегі көші-қон мәселелері тарихының көлеңкелі тұстары еді. Мысалы, Қытай Халық Республикасынан 1953-1959 жылдар аралығында 100 мыңнан астам адамның келгені қазақ халқының санына да аздап оң өзгерістер әкелгені белгілі. Сыртқы көші-қонның салдарынан қазақ халқы өз жерінде отырып өзге ұлттармен салыстырғанда азайған. Мұндай жағдайға әкелген кеңестік жүйе басшылығының қолдан жасаған ұжымдастыру, тәркілеу сияқты науқандарының нәтижесі болғандығы көрсетіледі.

Кеңес өкіметі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы мен өмір салтын қайта құру мен өркендетуде қате түсінікте болды. Сондықтан да, ғылыми тұрғыдан негізделмеген салдары жағынан ауыр қауіпті бағыт ұстанды. Олар, қазақтардың дәстүрлі шаруашылығын ғасырлар бойы өздері өмір сүрген табиғи ортаны игеру, оған бейімделу, бір сөзбен айтқанда, табиғатпен органикалық тығыз байланысты өсіп-өну нәтижесінде қалыптасқан жанды жүйе ретінде бағалай

алмады. Сондықтан да, большевиктер басқарған өкімет қазақ шаруашылығын ғылыми негізде одан ары жетілдіре түсу емес, күні өткен шаруашылық түрі ретінде біржола жоюға әрекет етті.

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын қысқа мерзімде жедел түрде жаппай жоспарлы отырықшыландыру жұмысы сәтсіздікке ұшырады, дәстүрлі шаруашылық заңын ескермей жасаған жоспардың орындалмағанын айтқанда, ол қазақ халқының ата-қоныстарынан ауа көшулерін үдетіп, оларды сергелдеңге салып, босқыншылыққа ұшыратты.

Демек, Қазақстан мемлекетінің немесе оның жергілікті ұлты қазақ халқының болашағы тек қана табиғи байлығының мол қорында ғана емес, республикадағы кәсіптік деңгейі жоғары, білімді, көп ұлтты жұмысшы мен қызметкерлердің құрамының өзіндік күші жинақталғанына қатысты болмақ. Мұның өзі аштықтан, босқындықтан иесіз қалған қазақ жеріне сырттан көз тігушілердің басым болғандығын көрсетеді. Сонымен, орыстілді тұрғындардың сыртқы көші-қонға байланысты, Қазақстанға көптеп келуі экономиканың дамуына өзіндік салқынын тигізуі мүмкін, өйткені Қазақстанда тұратын орыстардың 1926 жылы 22,2 пайызы, немесе 1959 жылы 59,0 пайызы қалалықтарды құраған, ал мұның өзі олардың маңызды әлеуметтік-экономикалық ортадағы артықшылығын көрсетеді. Сондықтан тек қазақтарға ғана емес, республиканың өзге ұлттарына да шын мәнінде өз елінде тұрғандай сезінуіне материалдық жағынан жағдай туғызу қажет болды.

Қорытындылай келе айтарымыз, 1926 немесе 1959 жылдарды қамтыған зерттеу аралығында Қазақстанның ішкі көші-қон мәселесінде қазақтардың бір қиырдан екінші қиырға, немесе бір аймақтан екінші аймаққа көшіп-қонып жүруі олардың салтына айналса, ал кейбіреулері ауылдардан қалаларға қоныс аударып, көшіп жатты. Олар фабрика мен заводтарға жұмысқа орналасып қалалардағы өндіріс орындарының қатарындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің қатарын толықтырды. Ал сыртқы көші-қонда Қазақстандағы кеңестендіру саясатының нәтижесі, колхоздастыру науқанында қазақ байларын тәркілеп, қуғындау мәселелерінің өріс алуы, және ұжымдастырудың салдарынан келген ашаршылық апатының қайғы-қасіреттеріне шыдай алмаған қазақтар көршілес республикалар мен одақтас мемлекеттерге, одан арғысы шетелдерге қоныс аударып, көшіп кеттіуінің нәтижесінен қазақ халқы өз отанында аз ұлтқа айналса, алдын ала ойластырылған, сол кездегі жымысқы саясатқа байланысты олардың орнына көршілес елдерден республикамызға орыстар мен басқа да ұлт өкілдерінің қоныс ауып келуінің толқынынан Қазақстан индустриясының дамып, жаңа қалалардың пайда болып, ескі қалалардың жаңаруына, ауыл шаруашылығы мен мәдениетіне тигізген игі әсерін айта кеткен жөн. Демек, 1926-1959 жылдар аралығындағы қазақ халқының көші-қон мәселелеріне байланысты тарихының демографиялық ақтандақ кезеңдерін ғылыми тұрғыдан зерделеу, бұрмаланған тұстарын демографиялық бағытпен жаңадан зерттеп жазу, жаңаша тарихи демографиялық көзқарастарды қалыптастыру, бұл дегеніміз бүгінгі күн талабынан алып қарағандағы қазақ халқының зерттеу аралығын қамтитын көші-қон мәселелерін тарихи демографиялық тұрғысынан ашып көрсету болып саналары анық.

Дегенмен, Қазақстандағы 1926 және 1959 жылдары аралығындағы қазақ халқының ішкі және сыртқы көші-қон мәселесіндегі тарихи демографиялық сипаты осындай болғанымен, осы күндері қазақ демографиясының көші-қон мәселелерінің тарихындағы осынау кеңестендіру дәуірінің ақтандақ беттері тарихи демографиялық тұрғыдан зерттелініп, талай тарихи демографиялық деректердің мәні ашылуда. Қазақ халқының көші-қон мәселелерінің тарихын түбегейлі зерттеу халқымыздың өткен жолындағы кеңестендіру жылдарының демографиялық жағдайларын білуде ғана емес, алдағы уақытта оны әлеуметтік жағынан зерттеуге де негіз қалайды. Қазақтардың көші-қон мәселелерін тарихи демографиялық жағынан қарастыруда, кезінде кеңестендіру кезеңінің зерттеу аралығын қамтыған Қазақстандағы қиыншылықтарға байланысты республикамыздан көршілес республикалар мен Одақтас мемлекеттерге және

шетелдерге қоныс аударып кеткен қазақ қандастарымыздың өздері болмаса да, ұрпақтары бірлі жарым болса да, өз Отанымызға қайтып оралуда. Яғни, көш қонды болған сайын, егеменді еліміз, тәуелсіз Қазақстанның туу желбіреп, шаңырағы биіктей бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Систематическое собрание законов КазАССР действующих на 1 января 1930 г. Алма-Ата, 1930. -70-71с.
2. Қозыбаев М. Қ., Алдажұманов Қ. С., Әбілқожин Ж. Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. Алматы, 1992. -7 б.
3. ҚР ОММ. 135-қор, 1-тізбе, 12-іс, 66 п.
4. ҚР ОММ. 247-қор, 1-тізбе, 613-іс, 10 п.
5. Всесоюзная перепись населения 1926 года: КазССР Т 8. Москва: ЦСУ Союза ССР, 1928. -15-19 с.
6. ҚР ОММ. 694-қор, 21-тізбе, 226-іс, 1-7 п. п.
7. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Казахская ССР. -Москва, 1962. - 162-167 с.
8. ҚР ОММ. 698-қор, 21-тізбе, 226-іс, 5-7 п.п.
9. ҚРОММ. 698-қор, 21-тізбе. 204-іс, 20 п.
10. Ю.А.Поляков., В.Б.Жирмунская., И.Н.Киселев. Пол века молчания (Всесоюзная перепись 1937 г.) Социологические исследования. 1990. № 6. - 69 б.
11. ҚР ОММ. 229-қор, 3-тізбе, 196-іс, 111-113 п.п.
12. ҚР ОММ. 1000-қор, 1-тізбе, 31-іс, 2-5 п.п.
13. Тәтімов. М. Цифрлар шежіресі. -Алматы, 1968. -79-81 б.
14. Саябаев М. Көкталдағы құлыптас құпиясы // Семей таңы. 1998 жыл. 8 шілде, 4 б.
15. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті.-Алматы: Санат, 1997. -274-275 б.
16. ҚР ОММ. 698-қор, 21-тізбе, 226-іс, 1-3 п.п.
17. Всесоюзная перепись населения 1939 года: Основные итоги. Под. ред. А.Полякова. Москва, 1992. -57-59 с.
18. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года СССР (Сводный том). Москва, 1962. -230-235 с.
19. Казахская диаспора: проблемы этнического выживания. Алматы, 1997. -16-17 с.
20. Брук С.И. Численность и расселение народов мира. -Москва, 1962. -438 с.
21. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы, 1997. -114 с.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ШОНА СМАХАНҰЛЫНЫҢ – ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Тасилова Н.А.¹, Кулмесканова С.С.²

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, т.ғ.к., доцент Қазақстан, қ. Алматы
E-mail: tasnaz@mail.ru

²Қазақ Ұлттық аграрлық университеті, оқытушы, тарих магистрі Қазақстан, қ. Алматы
E-mail: Samal.d81@mail.ru

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада қазақ ұлтының мақтанышы, қазақ әдебиетінің ірі өкілі, ұлт жанашыры, Алматы қаласындағы мектептерде алғаш қазақ сыныптарының ашылуына зор еңбегін тигізген, сатира, ирония, фельетон жанрында кеңінен шығармаларды мұра етіп қалдырған Шона Смаханұлының еңбегі мен ерлігі туралы кеңінен айтылады. Сонымен қатар Шона Смаханұлының еңбегін зерттеу барысында ол жайлы ғалымдар мен зиялы қауымның пікірлері мен жоғары баға бергендері туралы айтылады. Шоқ тілді Шона атамыздың шығармаларының басым көпшілігі – сатиралық шығармалар. Дәлелді-деректі фельетондары, қысқа-нұсқа тапқырлық пен ұтымды тұстар Шона Смаханұлы шығармаларының басты мазмұнын құрайды. Жас ұрпақтың келешегі үшін жасаған ерлікке бергісіз еңбегі Алматыдан асып, ауылдарға еркін жетті. Ата тарихқа, Ана тіліне жауапкершілігі мен жанкештілігі жоғары болған Шона қазақ елінің ертеңіне қатты алаңдады. Аталмыш мақалада ұлт жанашырының ерлігі, қазақ мектептерін дамытудағы идеялары мен ұсыныстары кеңінен тарқатылып айтылады.

Түйін сөздер: Шона Смаханұлы, қазақ мектептері, тарих, сатира, саясат.

ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ШОНА СМАХАНҰЛЫ

Тасилова Н.А.¹, Кульмесканова С.С.²

¹КазНУ им. Аль-Фараби, к.т.н., доцент, Казахстан, Алматы
E-mail: tasnaz@mail.ru

²Казахский национальный аграрный университет, преподаватель, магистр истории, Казахстан, Алматы
E-mail: Samal.d81@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматривается труды и творчества известного писателя, сатирика, гордость всего казахского народа, ветерана отечественной войны, первого инициатора в открытие казахско-язычных школ в Алматы во времена СССР, Шона Смаханулы. Он один из ярких фигур в истории казахской сатиры, его творчество соединяет реалистические, гуманистические и демократические традиции. Автор также приводит мнение и труды других исследователей творчества, труды Шона Смаханулы. В ней раскрываются особенности и неповторимые черты сатиры и его общественные труды для пользы народа. Современный читатель находит в его творческом наследии ответы на многие социальной реальности времени СССР. Он является автором многих сборников сатирических стихов: «Купорос», «Черкалка и кричалка», «Колючие», «Лечу к Луне» и т.д. Шона Смаханулы своим творчеством, своими произведениями убеждает читателя, что жанр басни далеко не исчерпан.

Ключевые слова: Шона Смаханулы, казахские школы, история, сатира, политика.

THE LIFE AND ACTIVITY SHONA SMAHANULY

Tasilova N.A.¹, Kulmeskanova S.S.²

¹KazNU named after Al-Farabi, Ph.D., associate professor, Kazakhstan, Almaty

E-mail: tasnaz@mail.ru

²Kazakh National Agrarian University, teacher, master of history, Kazakhstan, Almaty

E-mail: Samal.d81@mail.ru

Abstract. This article discusses the writings and work of the famous writer, satirist, pride of the Kazakh people, a veteran of World War II, the first starter in the opening the schools in kazakh language in Almaty during the Soviet era, Shona Smahanuly. He is one of the prominent figures in the history of Kazakh satire, his work combines realistic, humanistic and democratic traditions. The author also cites the opinion and work of other researchers and creative works Shona Smahanuly. There are describes the peculiarities and unique features of satire and social activities for the benefit of the people. The modern reader finds in it the creative legacy of the answers to many of the social reality of the time of the USSR. He is the author of numerous collections of satirical poems "vitriol", "Cherkalka and chants," "scratchy", "Flying to the Moon", etc. Sean Smahanuly their creativity, their proizvideniyami convinces the reader that the genre of fables is far from exhausted. He has written translations of the opera "Rinaldo goes into battle," Modugno, "Mademoiselle Nitouche" Herve. In verses Sean Smahanuly written a number of popular songs. Grammar school № 62 in Almaty is named after the writer.

Keywords: Shona Smahanuly, Kazakh schools, history, satire, politics.

XX ғасырдың аяғына дейін КСРО да ұлтты әлсіретіп оның ана тілін жою мақсатында түрлі сұрқия саясат жүргізіліп, соның қатарында орыс тілін жаппай халыққа бірдей ету үшін, ұлттың өз ана тілінде мектепте білім алуына тосқауылдар жасап, үлкен кедергілер келтірген болатын. Ұлттық мектептер жабыла бастады. Сол заманда, қазақ тіліндегі мектептептер мен балабақшаларды қайта ашу, оны қорғап қалу мақсатында, алғаш рет осы игілікті істі бастаған, қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі, сатира жанрында есімі мен еңбегі ерекше құрметпен аталатын, халық жанашыры Шона Смаханұлы еді. Шона атамыз 1924 жылы 2 қарашада дүниеге келген. Ардақты ұлт жанашырының жастық шағы Ұлы Отан соғысының от-жалынында, оқ пен от арасында, майдан даласында өтті. Соғыс аяқталып, еліне оралған ардагер бірнеше жыл ауыл мектептерінде мұғалімдік қызметін атқарады. Кейініректе, 1950 жылдардың ортасынан бастап бірыңғай әдеби қызметке ауысады. Республикалық газеттер мен журналдар редакциясында, «Жазушы» баспасында еңбек етті. Шона Смаханұлы Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі хатшысы О.Сүлейменовпен келісіп, Одақ жанынан қазақ мектептеріне қатысты ағарту жұмысымен айналысатын бөлім ашады. Ол қазақ мектептерінің жыл сайын саны азайып, жабылып жатқанын, бұл әрекет ары қарай жалғасын табар болса қазақ ұлтының болашағына қауіпті екенін Республика басшысы Д.А. Қонаевқа мәлімдеген болатын. Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Шона атамыздың жазған өтінішіне берген жауабын мақаламызда келтірейік: «...Бұл мәселемен бір адам кабинетіме басын сұғып кірсе, кәне. Бәрі қызмет сұрап келеді, бала-шағасына пәтер сұрап келеді, атақ-дәреже сұрап келеді. Бірақ туған халқымның үмітін ақтайын деп ел аманатын арқалап алдыма келген тірі пенде болған емес осы уақытқа шейін. Сонда қалай? Ел мүддесінен гөрі, өз мүддесін жоғары қоя бастағаны ма бұ зиялы қауымның? Талап-тілегің өте орынды, Шөке. Өтініш-хатында тиісті құзырлы мекемеге қол қойып, пәрмен беріп жөнелтем. Оған алаңдама. Хабарласып тұр.» Д.Қонаевтың осы сөздерінен біз Шона Смаханұлының жобасы бұрын соңды көтерілмегенін, соған орай қазақ мектептерін

жандандыру, көбейту идеясын жоғары бағалап, қолдағанын көреміз. Сонымен қатар сол кездегі Жазушылар Одағынан да кейбір зиялы қауым тарапынан, журналистерден Шона атамыз қолдау тапты. Бас көтерген қазақ журналистері қазақ мектебінің тағдыры мен болашағы жайлы республиканың баспасөз беттеріне мақала жариялай бастады. Шона атамыздың қоғамдық-азаматтық қызметі ең сүйікті ісі болатын. Қазақ тілінде білім беретін мектептер ашу жолында кеңестік кезеңнің алпауыттарына қарсы тұра білген, сұрқия саясатына төтеп берген Шона Смаханұлының еңбегі өте үлкен. Талайларға қарсы шығып, одан өз жанын, өмірін аяп қалған жоқ. Өмірінің соңына дейін ағартушылықпен айналысқан Шона атамыздың еңбегі арқасында 24 қазақ мектебі бой көтерді. Қазақ балалары өз ана тілінде білім ала бастады. Осы мектептер ашылу үшін, Шона атамыз Білім министрлігінен бастап қалалық білім беру басқармасының, сол кездегі қаладағы сегіз аудандық партияның, атқару комитеті басшыларының табалдырығын тоздырған. Сөзі де, қаламы да батыл сатирик жазушының шығармаларының жанрлық құрамы мен тақырыбы әртүрлі болып келеді. Шона Смаханұлы ана тілін ардақтау, ұлттық рухани құндылықтарды қадірлеу туралы өлеңдер жазды. Соның бірі:

Сәулетті, сәнді, тұрмысты,
Байлығы шалқар шалқыған.
Ақпейіл, азат, ырысты
Айналдым туған халқымнан, -

деген жыр жолдары ақынның еліне, туған халқына деген махаббатын, шын ықыласын, зор сүйіспеншілігін танытады. Ол туған жерінің тауы мен тасына, өзен-көлдері мен бұлақ көздеріне сүйіп, сүйсініп қарап, кейде оларға өзі еркелегендей, кейде олар өзіне еркелегендей сезінеді, сезініп қана қоймай, сезініп қана қоймай, сезімін бұлақ көзіндей мөлдіретіп сыр ашады, тау басына тіккен жалауша желбіреп жыр жазады. Қаламгер өзінің шығармаларында, сықақтары мен мысалдарында балалар үшін де, басқалар үшін де ғибратты, танымдық, тәрбиелік мәні жоғары ірі мәселерді көтерді. Өмір құблыстарының қалың тобынан көзіне түсіп, көңіліне ұялаған шағын шындық болмыстың өзіне де ақын шын тапқырлықпен, суреткерлік үлкен талғаммен толғады[1].

Шона атамызға байланысты зиялы қауымның мынадай пікірін келтірсек: «...Өткен ғасырдың 70-80-90 жылдары көзі ашық, көңілі ояу қазақ жұртының бойында сұмдық сілкініс болғанын сол кездегі ел-жұрт жақсы біледі. Ол киер киім, ішер ас, жайлы өмір болғанмен, ұлттық сананың құлдырауы, тілдің мүкістенуі тамырланып, рухани құндылықтарды өзгелердің өзеуреген «үлгісі» жұтып бара жатқанда одан ұрпақты қорғап қалуға деген ұмтылыс еді. Оның алтын арқауында қазақ мектебін ашу жөніндегі керемет талпыныс жатты. Мұның көшбасында ұлтшыл ақын, халықшыл азамат, алары кетсе де, ұрпақ үшін айтарын айтып, ұйытқы болудан бір сәт те табан тартпаған, қайта ширығып шамырқанған Шона Смаханұлы жүрді. Осы жерде ол кісінің өз аузынан естіген мына бір жайды айта кетсек дейміз. Желтоқсан көтерілісінен кейінгі аласапыранда бәрімізге ақылшы болып, қалғып кетсек сергітіп жіберетін ақын ағамыз: «Мен сұрапыл соғыста да жасқанбаған адам едім. Енді қатты ойланып жүрмін. Алдағы тірлігіміз қалай болар екен? Бізге Димекең қолұшын созушы еді. Үш әріп соңымызға дейінгі мекеменің (балабақша) қалыптасуы мен кең өріс алуына да айрықша үлес қосты. Ағайынға жақын, қамқор да қарапайым болды. Ауыл-елмен байланысы берік еді. Отбасында да беделді, сыйлы болды. Ел тарихы мен дәстүрін, дін мен тілді терең білді. Ата тарихқа, Ана тіліне жауапкершілігі мен жанкештілігі жоғары еді. Оны әркім-ақ білді, құрмет көрсетті. Ал, шығармашылық мұрасы тақырыптық ерекшелігімен, жанрлық-көркемдік арналарымен назар аудартады. Сатира саңлағы Ш. Смаханұлы қоғамдық-кезеңдік көріністерді кеңінен көрсетіп, адам әлемінің иірім-сырларына еркін енді. Дәлелді-деректі фельетондары, ақиқат-шындықты негіз еткен сын-сықақтары, комикалық болмыс, бедерлі бейнелер, күлкілі-қызықты әрекет-қимылдар, қысқа-нұсқа

тапқырлық пен ұтымды тұстар – Шона Смаханұлы шығармаларының басты мазмұнын құрайды» [2].

Шоқ тілді Шона атанған ағартушы ардагер, халық жанашыры ұлттық мектеп мәселесін, қазақ сыныптарын өз алдына ашуды алға тартып, жұрт алдында ашық қойды. Шона Смаханұлы жиында әсерлі сөз сөйлеп қазақ мектептерін дамытудың бес шарттан тұратын ұсынысын айтты. Олар: Біріншісі, «Айнабұлақ» ықшам ауданда қазақ мектебін ашу жөніндегі ынталы топ құрылсын. Ол ерікті түрде жұмыс істесін. Екіншіден, ынталы топ қазақ мектебіне баратын оқушылардың, әсіресе 1, 2, 3, яғни бастауыш класқа баратын балалардың тізімін алатын болсын. Үшіншіден, ынталы топ төрт ықшам ауданды бөліп алып, үйме-үй аралап, ата-аналарға жолығып, мектепке баратын балаларын қазақ класына міндетті түрде беруге үгіттеп, түсінік жұмысын жүргізуді қолға алсын. Төртіншіден, орыс мектептеріндегі қазақ балаларын қазақ мектебіне ауысуға үгіттеп, нақты тізімдерін жасау қажет. Бесіншіден, әрбір ата-ана көрші-қолаңына, жақындарына қазақ мектебінің ашылатынынан хабардар ететін болсын.

Үш сағатқа созылған жиында Шона Смаханұлы тағы мынадай, жанға бататын сөздер айтты: «Ата-аналар көбіне енжарлық танытып, белсенділік көрсете бермейді. Мәселені бізсіз де жоғары жақтың өзі шешеді деп самарқаулық танытады. Жоқ, жоғары жақ қазақ мектептерін ашу мәселесін осы уақытқа дейін шешпей келеді. Біздің ұлттық мүддеміз қаға берісте қалып жатыр. Өз мәселемізді, өз мектебімізді өзіміз тиісті орындарға ашық қоймасак, басқа біреулерге сенудің қажеті жоқ. Мынау төрт ықшамауданнан тұратын «Айнабұлақта» бірде-бір қазақ мектебіне балабақшасы жоқ. Мұнда қазақтар тұрып, өмір сүріп жатқан жоқпа?! Ал солардың мүддесін кім шешпек? Қаланың басқа аудандарындағы жағдай да дәл осындай. Мектебіміз болмаса тіліміз жойылып, ұлттық келбетімізден, табиғи болмысымыздан айырылып қаламыз. Бұл намысы бар адамның шымбайына, жанына тиетін жайт, ағайын. Сіздердің бұл мәселелеріңіз бәрімізге ортақ. Біз әділетсіздікті көріп-біліп отырғандықтан, намысқа шауып алдарыңызға келіп отырмыз.»[3].

Бұл үлкен мәселе 1986 жылы көтерілді. Ынталы топ құрылып, жоғарыда қойылған бес талаптың барлығы қолға алынып, іске асырыла бастады. Нақты жұмыс жоспары құрылды. Ең қиынға соққан жұмыс барысы ол ата-аналарды үгіттеу және олармен жүргізілген жұмыс еді.

Ғибратты сатира жазатын Шона атамыз мекеме басшыларынан қорықпай, саспай газет беттеріне қадап-қадап мақала, өлең, фельетондарын аямай жариялап жүрді. Ата-аналармен қиынға соққан жұмыс, одан әрі қиындай түсті, ашу-ызасы шегіне жеткен ата-аналардың реніші аз еместі. Қазақ мектептерін ашу туралы жиналыс айқай-шусыз өтпейтін. Бірақ, осы келеңсіз қиындықтарға қарамастан ардақты Шона Смаханұлы «Баланың тілі ең алдымен ана тілінде шығу тиіс, мектепте одан әрі жетіліп, дамуы керек» деп айтудан шаршаған емес. Еліміздің келешегі, ұлт болып қалудың түп негізі отбасы мен ұлттық мектепте деп білді. Тілі орысша шыққан ұрпақ құрдымға кететінін білген ұлт жанашыры туған тілінен, тарихынан айырылатынын ойлап, осы әділетсіздікке қарсы күресуден еш қорықпаған, тоқтамаған, шаршамаған[3]. Зертеушілердің Шона атамызға берген бағасы өте жоғары. Мектеп ашу ісінде дәл Шона Смаханұлындай батыл күрескен қаламгер жоқ. Көбі сөзбен ғана қолдап, басын ауыртпай шығарып салып жүрді. Уақытпен есептесіп жатпады, қай жерде мектеп ашылуға мүмкіндік болса, Шөкең сол жерден табылып, жігіттерді, ата-аналарды ұйымдастырып, дереу класс немесе мектеп ашуға жұмылдырып отырды[5]. Ақын Әбдірахман Асылбектің «Шоқ тілді Шона» жинағындағы естелігінде екі артықшылығын айтады: « Алматы қаласында біраз қазақ мектебі ашылды. Міне, сол қазақ мектептерінің ашылуына тікелей атсалысып, маңдай терін төгуін Шона Смаханұлының ересен ерлігі деп біліуіміз керек. Ол еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Өзі дүниеден өткеннен кейін №86 қазақ орты мектебі Шона Смаханұлы атындағы мектепке айналды. Шона Смаханұлының екінші бір ерлігі – өзінің аты-жөнінен орыстың «ов», «ев» жұрнағын алып тастап, Шона Смаханұлы болуы. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы деп жазылғанда, мен неге Шона Смаханұлы

болмаймын деп, өзгелерге үлгі көрсетуінің өзі көзсіз батырлық еді. Шонадан кейін Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази секілді жазушылар бірінен соң бірі өз аты-жөндерін қазақшалап жөңдей бастады.»[4]. Ер-азамат бойындағы ұлы қасиеттердің бастау-көзі оның елге, ұлтқа, ұлттың рухани құндылықтарына деген ыстық сүйіспеншілігі дер болсақ, халықтың қалың ортасынан шыққан ақын-жазушылар ішінде елді, ұлтты, ұлттың рухани құндылықтарынан дәл Шона Смаханұлындай өліп-өшіп сүйіп, өліп-өшіп қорғаған, өліп-өшіп жырлаған кісі көп емес. Шона Смаханұлы қазақ сатирасының дамуына, болмысты сатиралық пайымдаудың жанрлық түрлерінің баюына зор үлес қосты. Қазақ сатирасының даму тарихында неше алуан жанрлық түрлердің әрқайсысының өзіндік орны бар. Олардың әрқайсысы бір әлем. Шона Смаханұлының әлемінде осылардың бәрі бар: сатира, сарказм, юмор, ирония. Оның үстіне осылардың бәрі проза үлгісінде де, поэзия үлгісінде де өрнектелген, анық, ашық, айқын түрде ғана емес, астарлы, ауыспалы түрде де кең қанат жайған. Аталған жанрлық түрлердің бәрінің негізінде күлкі жатыр: бірде қатты, бірде ащы. Күлкінің көлеңкесінде сын жатыр. Ол да сондай: бірде қатты, бірде ащы. Шона Смаханұлының шығармашылық мұрасының басты ерекшелігі шыншылдығымен сыншылдығында [6].

Ұлы Отан соғысының ардагері Шона Смаханұлының ел үшін, халық үшін жасаған ерлігі өлшеусіз зор болып қалады. Қазақ мектептерінің ашылуын қолдайтын қолдарды, өзі үйді-үйкезіп жүріп жинағаны бәріне белгілі. Артында еңбегін дәріптеп, қастерлейтін ел-жұрты, қалың оқырманы барда Шона Смаханұлының есімі ешқашан ұмытылмайды.

Әдебиеттер

1. Дәдебаев Ж. Шона Смаханұлы. //Шоқ тілді Шона. Алматы.. 2013. - 24 б.
 2. Мәмет С. Шоқ тілді Шона. – Алматы., 2013. - 17 б.
 3. Қызыбек М. Шона ағаның бастауымен// Түркістан газеті. – Түркістан., 2011.
 4. Асылбек Ә. Шөкең осындай еді. // Шоқ тілді Шона. – Алматы., 2013. - 148 б.
 5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС., 2010.
- Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Құрастырушы: Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. – Алматы.: “Алматыкітап баспасы”, 2009.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛІЗДІК ИДЕЯСЫ

Тұрсун Х.М.¹, Исаев М.С.²

¹Тарих ғылымдарының докторы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы

²Докторант (PhD), Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада архивтік деректер негізінде көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановтың кеңестік билік жағдайында ұлттық тәуелсіздік идеясын іске асыру жолындағы қайраткерлік қызметі ғылыми тұрғыда қалпына келтіріледі. Қайраткердің Алаш қозғалысымен байланысы және алаштық идеяларға жаңа мазмұн берген саяси көрегендігі баяндалады. Сол сияқты қазақ Өлкелік Комитетінің хатшысы ретінде ұлттық мемлекеттілік қалыптастырудағы қызметі ғылыми тұрғыда қалпына келтіріледі. Сонымен бірге отан тарихындағы тұлғатанудың методологиялық негіздерін толықтыратын тұжырымдар жасалып, тарихи тұлға қызметін бағалаудың өлшемдері ұсынылады. Қожановтың тұлғааралық байланыстарының сырын ашатын жаңа деректік материалдар талданады.

Түйін сөздер: Сұлтанбек Қожанов, Алаш қозғалысы, ұлттық мемлекеттілік идеясы, тарихи тұлғаны бағалау өлшемдері

СУЛТАНБЕК КОЖАНОВ И ИДЕЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ

Турсун Х.М.¹, Исаев М.С.²

¹Доктор исторических наук, Международный казахско-турецкий университет имени К.А.Ясауи, г. Туркестан, Республика Казахстан

²Докторант (PhD)Международный казахско-турецкий университет имени К.А.Ясауи г. Туркестан, Республика Казахстан

Аннотация. *Введение.* В статье на основе архивных данных с использованием научных методов восстановлена общая картина исключительного вклада видного общественного и государственного деятеля Султанбека Кожанова в становление и развитие идеи национальной независимости в условиях советской власти. Показана связь С.Кожанова с движением Алаш, его политическая дальновидность в обновлении содержания социально-политических идей этого движения и заслуги в деле формирования национальной государственности будучи секретарем Казахского краевого комитета. Вместе с этим в статье сделаны выводы и заключения, дополняющие методические основы персоналистики, проведен анализ новых фактов и материалов, раскрывающих особенности межличностных связей С.Кожанова.

Ключевые слова: Султанбек Ходжанов, движение Алаш, идея национальной государственности, параметры оценки исторической личности.

SULTANBEK KOZHANOV AND THE IDEA OF NATIONAL INDEPENDENCE

Tursun H.M.¹, Issayev M.S.²

¹Doctor, International Kazakh-turkish University named after H.A.Yassawi Turkistan city, Republic of Kazakhstan

²PhD, International Kazakh-turkish University named after H.A.Yassawi Turkistan city, Republic of Kazakhsta

Abstract. *Introduction.* On the basis of contemporary records with use of scientific methods the overall picture of an exclusive contribution visible public and the statesman Sultanbek Kozhanov in formation and development of idea of national independence in the Soviet power period is restored. S. Kozhanov's communication with the Alash movement is shown, his political foresight in updating of the content of socio-political ideas of this movement and merit in formation of national statehood being the secretary of the Kazakh regional committee. Together with it the article deals with the conclusions and conclusions supplementing methodical bases of personalism, analysis of the new facts and materials opening features of interpersonal communications of S. Kozhanov is carried out.

Keywords: Sultanbek Hodzhanov, Alash movement, idea of national statehood, parameters of an assessment of the historic figure

Тұлғатану отандық тарих ғылымында ділгір мәселелерінің бірі. Мәселе осы бағытта жүргізілген зерттеулердің аздығында емес, керісінше ол зерттеулердің өзегінің осалдығында болып тұр. Тұлғатануда ортақ теориялық-әдіснамалық негіздің және сыннан өткен бағалау өлшемдерінің болмауынан тарихи тұлғаны бүкіл болмысымен емес, жеке, топтық мүддеге қызмет ететін тар танымдық шеңберде ғана танытумен шектеліп келеді. Бұл жағдай көбіне оқырманға тұлғаның өз көңілі қалаған бейнесін ұсынып, тарихи ақиқаттың ауылынан алыстай береді.

Коммунистік партия тарихының мектебінде өскен тарихшылардың көбі тәуелсіздіктің елең-алаңында тұлғатану мәселесінің таптық ұстанымдарынан бас тарта алмады. Ал, рухани тұрғыда қайта түлеп, тәуелсіз тарихи сана қалыптастыруға бас болған санаулы ғалымдардың бірі академик М.Қозыбаев отандық тарих ғылымын тарихи қайраткерлермен тұлғалаудың зәру мәселе екендігін айта келіп: «Күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне төмендетілді. Қайраткер - жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарастырушы болса керек. Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [1] деген ой өрбітеді. Тәуелсіздік жағдайында ұлттық тарихтың мазмұнын жаңалау тұрғысында айтылған бұл пікірдің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановқа тікелей қатысы бар.

Отан тарихында осы кезге дейін ғылыми тұрғыда игерілмей келе жатқан тақырыптар да, тұлғалар да аз емес. Ал өзінің шынайы тарихи бағасын осы кезге дейін ала алмай келе жатқан тұлғалардың бірі – Сұлтанбек Қожанов. Оның тұлғасын тану мен танытуға қатысты бірқатар арнаулы зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда, осы кезге дейін өзбекстандық тарихшы Р.Я.Раджапова, С.Тілеуқұлов, Ш.Оразымбетов, мәскеулік профессор А.Арапов, қазақстандық Т.Қожакеев, Р.Бердібай, Ә.Тәкенов, М.Қойгелдиев, Қ.Ергөбек, Б.Қойшыбаев, Ж.Әлмашұлы, А.Шәріп, Ж.Симтиков, Ж.Уалиханова, Д.Салқынбек т.б. сияқты тарихшы, әдебиетші ғалымдардың еңбектері жарық көрді. Әйтсе де, қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен әдеби-мәдени мұрасын зерттеп, зерделеуде кенжелік, соңын күткен кібіртіктеу байқалады. Оның сыры неде болды екен? деген кілтпаны көп сауал ойлантады.

Енді осы мәселеге тоқталайық. Тарихи тұлғаны «өз тұғырына қондырудың» кенже қалуының сыры Сұлтанбек Қожановты өз қатарластарынан ерекшелендіріп тұрған, оның тағдырына терең із қалдырған бағы да, қасіреті де ұлтшылдығы еді. Коммунистік идеяның өзегін құраған таптық мүддеден ұлт мүддесін жоғары қойған ұлтжандылығы қайраткерді саяси қуғын-сүргін барысында көзсіз көбелектей отқа жақса, ендігі кезекте тәуелсіз тарихи танымда ұлтының ұлықтауына өзек болуы тиіс.

Сұлтанбектану біршама кеш колға алынды. Өткен ғасырдың елуінші жылдары тоталитарлық билік саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтағанымен осы бір шетін мәселеге аса сақтықпен қарады. Алғашқы кезекте коммунистік билікке барынша адал қызмет етуге әрекет жасаған С.Сейфулин, Т.Рысқұлов сияқты «қызыл сұңқарлар» мен «қызыл жебелер» ақталып, олардың өнегесі кеңестік қоғам тұлғасын тәрбиелеудің идеялына айналдырылды. Алланың өзі хош көрген ұлттық даралықты [2, Б.517] жойып, ұлтсыздықтың қойыртпағына айналдырған пролетарлық интернационализмге ұлтшылдықты, тұтас халықты таптық жікке бөлушілікке ұлттық тұтастықты қарсы қойған Ә.Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлері мен кеңестік биліктің жоғары эшелонында қызмет еткен алаштық рухтағы Н.Төреқұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов сияқты «национал-коммунистер» партиялық тұрғыда ақталғанымен олардың тұлғасын ұлықтау, шығармашылығы мен өнегесін елдің игілігіне жарату белгісіз мерзімге кейінге шегеріле берген еді. Бұл – кеңестік биліктің ұлттық патриотизмді ұлтшылдық деп бағалаған саясатының қасақана ойластырған әрекеті болатын. Тәуелсіздік рухы осы саясаттың сірескен тоңын жібітті. Алаш арыстарының және Алаш идеясының саяси ақталуымен қатар Сұлтанбектің өмірі мен қызметіне деген қызығушылық пайда болды. Солай десек те, осы кезге дейін Қожановқа қатысты зерттеулердің тың серпіліске зәру екендігі байқалады.

Осыған байланысты тарихи тұлғаға ғылыми баға берудің объективті өлшемдерін басшылыққа алып С.Қожановтың өз ұлтына, ұлттық мүддеге қарсы жасаған әрекеттері бар ма? деген сауалға қолда жинақталған, ғылыми айналымға ұсынылған деретерді талдай келе бір ауыз сөзбен «жоқ» деп жауап қайтаруға болады.

Қайраткердің соңына қалдырған өмірбаяндық деректерінде партиялық биліктің ыңғайымен өз қызметіне қатысты бүгіп қалған жайттары жоқ емес. Кеңестік билікке араласқан қайраткерлердің бәрі өмірбаянында мемлекеттік-партиялық номенклатураның өлшемдеріне сыймайтын кейбір «қызметтерін» бүгіп қалып отырған ғой. Қожановтың да бүгіп қалған «сыры» өзінің Алаш қозғалысына тікелей қатыстылығын айтудан тартынуы. Сұлтанбектің сөзімен айтқанда кейбір қазақ коммунистері Алаш Орданы қаралап, биік мансаптарға қол жеткізіп» жатқанда ол алашшыларды қамқорлыққа алып, олардың идеяларын кеңестік билік жағдайында одан әрі жалғастыра алды. Осыған байланысты бұрын қайраткердің өзі қанша бүркемелегенімен қазіргі кезде ашық айтатын шындық - С.Қожановты билік шыңына шығарған саяси қызметінің бастауы оның Алаш қозғалысымен тікелей байланыста болғандығы. Бұл ғылыми тұжырымға дәлел болатын тарихи дәйектер жеткілікті. Осы пікірді тереңірек өрбітіп көрейік.

1916-1917 жж. Ташкент қаласында қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесі жұмыс істеген. Ол үйірменің саяси бағыты большевиктік идеядан алыс, алаштық рухта болатын. Түркістан қаласында С.Қожановпен бірге 1918-1920 жж. бірқатар жауапты қызметтер атқарған, Ленинмен кездескендігі жөнінде естеліктер жазған Дүйсенбай Нысанбаевтың құпияхат (донос) сипатындағы деректеріне [3, Л.62-67 об.] жасалған сыни талдау «Кеңес» үйірмесінің қызметін ғылыми қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Оның партиялық басшылыққа, ОГПУ органдарына Түркістандағы алашордашылардың қызметіне қатысты айғақ ретінде ұсынған құпияхаты тікелей Қырғыз (қазақ) өлкелік партия комитетінің хатшысы С.Қожановтың ұлтшылдық қызметін әшкерелеуге арналған. «Жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей, бұл құжаттар кезінде Сұлтанбектің саяси мансабына орны толмас нұқсан келтіргенімен қазіргі кезде оның

Алаш қозғалысына тікелей қатыстылығын айғақтайтын аса құнды деректер қатарына еніп отыр.

Осы «Кеңес» үйірмесінің төрағасы генерал Сейітжаппар Асфендияров, орынбасарлары М.Шоқай, Садық Өтегенов болатын. Үйірменің басшы органы - бюросының мүшелері Санжар Асфендияров, Қоңырқожа Қожықов, Сұлтанбек Қожанов, Алдабек Мангелдин, Серікбай Ақаев, Зұлқарнайын Сейдалин, Әлимұхамбет Көтібаровтар еді. Осы саяси үйірме ұлттық идеяларды іске асыруды өзінің бағдарламалық міндеті ретінде алға қойған. Үйірменің баспасөз органына айналған «Бірлік туы» газетінің алғашқы редакторы М.Шоқай болса, С.Қожанов (газет жабылар кезде Хайретдин Болғанбаев редакторы болды – авт.) редактордың орынбасары әрі жауапты хатшы, кейін редакторы болып қызмет істеген. 1917 ж. қарашаның 26 күні басталған Қоқан қаласындағы Бүкілтүркістан мұсылмандарының IV съезі Түркістан мұхтариаты (автономиясы) атты ұлттық үкіметін жарияланғанда «Бірлік туы» газеті осы мемлекеттік құрылымның қазақ, өзбек, орыс тіліндегі үш баспасөз органының біріне айналды. Осы съезге делегат болып қатысқан С.Қожанов газет беттерінде тәуелсіздік идеясын насихаттауға белсене араласты. Түркістан мұхтариаты басшылығындағы ұлттық элитаның көшбасшылары М.Тынышпаев, С.Лапин, М.Шоқай, С.Ақаев, С.Өтегенов, Ә.Оразаевтар Алашорда үкіметімен байланыс орнатып, қазақ мемлекетінің тұтастығы мәселесін алғаш рет ұлттық идея ретінде күн тәртібіне қойды. Бұл идея 1918 ж. 4-9 қаңтарында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезінде арнайы қарастырылды. Алашорда үкіметінің атынан Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатовтар қатысқан съезд шын мәнінде Алаш қозғалысының оңтүстіктегі ұйымдастырған ірі саяси шаралардың біріне айналды. Түркістан қазағын алашқа қосу мәселесін талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінің «Алаш һәм Түркістан» мақаласында «Съезде Алашқа қосылмаймыз деген ешкім болған жоқ: кәрі-жас, қарасы-төресі, байы-кедейі бірауыз болды» [4] деп ұлттық идеяның қолдау тапқандығы жазылды. Сұлтанбек Түркістан қаласындағы осы съезді ұйымдастырушыларының бірі болатын.

Съезде көтерілген қазақ жерін біріктірудің алаштық идеясы Түркістандағы кеңестік биліктің жоғарғы эшелонынан орын алған С.Қожановтың кейінгі саяси қызметінің темірқазығына айналды. Осындай саяси шараларды батыл іске асырған Түркістан өлкесінде Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты дербес жұмыс жасағандығын айғақтайтын деректік және дәйектік негіздер жеткілікті. Алғаш рет бұл тұжырым Түркістандағы партия-кеңес органдарының ресми құжаттарында «Алаш Орданың» түркістандық бөлімі «Бірлік туы» газеті органымен аттас ұйым болды. «Бірлік туы» газеті 1917 ж. маусымынан Ташкентте шыға бастады. Аталған газетті ұйымдастырушылардың тұғырнамасы дәлме-дәл алашордашылардың тұғырнамасындай еді» [5, Б. 184-185] деген сипатта негізделді.

Бұндай деректер Түркістандағы ұлт-азаттық күрес тәжірибелерінде Алаш қозғалысының Оңтүстік қанатын дербес тарихи таным нысаны ретінде қарастыруға негіз болды. Орынбордағы Алаш съезінен соң 1917 жылы 2-5 тамызда Ташкент қаласында Өлке қазақтарының I съезі болып өтті [6, С.1-5]. Осы съезде С.Қожанов 15 тұлғаның қатарында Сырдария облысынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына кандидат болып ұсынылады. Съездің алаштық саяси бағдар ұстанғандығын күн тәртібінде қаралған мәселелердің ұқсастығы да аңғартады. Алайда, қыркүйек айындағы қарбалас оқиғаларға байланысты Алаш қозғалысы Оңтүстік қанатының ұйымдық құрылымы қалыптасып үлгермеді. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының құрамында өлкедегі жергілікті ұлт зиялыларымен тығыз бірлікте жұмыс жасағандықтан Оңтүстік қанат қызметінің мазмұнында аймақтық, конфессиялық және идеялық сипаттағы ерекшеліктері болды. Түркістандағы жергілікті халықтардың арасында отаршылыққа қарсы күрестегі мұсылмандық, түркілік бірлік идеялары Алаш қозғалысының өкілдері М.Тынышпаев, С.Лапин, М.Шоқай, Қ.Қожықов, С.Өтегенов және кеңестік билік тұсында Т.Рысқұлов, С.Қожановтардың саяси қызметінде жаңа қырынан танылып, қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың мазмұнын байытты.

Түркістан өлкесінде мемлекеттік құрылыстың, билік құрылымдарының қалыптасуы күрделі мазмұн алған. Кеңес өкіметі ескі қоғамның билік институттарының мазмұнын мансұқтағанымен әкімшілік бірліктер, басқару құрылымдары түрінде олардың сыртқы формаларын сақтап қалды. Осы сияқты басқару элитасы орталық және жергілікті басқару органдары шенеуніктерінің орасан зор бөлігі әкімшілік басқару дәстүрлерін жалғастырып, жаңа қоғамда мазмұндық, түрлік жаңғыруды бастан өткізді. Кеңестік қоғамда басқару құрылымдарының негізін құраған осы мемлекеттік қызметкерлердің басты миссиясы екі қоғам арасындағы байланыстырушылық рөл еді. Өздерінің тарихи миссиясы бойынша ерекше маңызға ие болған бұл категорияның арасынан кеңестік қоғамда көрнекті қайраткерлерге айналған ұлттық саяси элитаның өкілдері өсіп шықты. Олардың қатарында М.Тынышпаев, С.Асфендияров, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, А.Серғазиев, Қ.Ибрагимов, И.Тоқтыбаев, Б.Аралбаев, Қ.Сармолдаев, С.Есқараев, О.Жандосов, Т.Жүргенов, Н.Рүстемов, Ә.Палмұхамедов, Ә.Құдабаев, Н.Сатығұлов, Қ.Болғанбаев, Қ.Қожықов, Қ.Күлетов және т.б. көптеген тұлғаларды атауға болады. Олар Түркістан республикасының жоғарғы билік құрылымдарында басшылық қызметтер атқарып, жаңа қоғамда ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға елеулі ықпал жасаған еді. Олардың бірі таптық, бірі ұлттық идеяға қызмет жасағанымен өз заманының перзенттері болатын.

С.Қожановтың Түркістан өлкесінде Сырдария облаткомының төрағасы, Ішкі істер, Халық ағарту, Жер-су істері халкомы, Түркатком төрағасының орынбасары, төрағасы, РК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының мүшесі болып қызмет істеді. С.Қожановтың бірыңғай партиялық саясаттың сойылын соққан кейбір қайраткерлерден ерекшелігі осы қызметтерінде ол алаштық негіздегі ұлттық идеядан бір сәт те қол үзген емес.

Алаштық идеяның кеңестік билік жағдайында жалғасын тапқандығына өлкедегі қазақ облыстарында жер-су реформасының ұлттық мүдде тұрғысында сәтті жүргізілуі жарқын мысал болады. Осы жер-су реформасының басы-қасында Жер істері халкомы, алашшыл қайраткер Сұлтанбек Қожанов тұрды, оның жанында Қоңырқожа Қожықов болды. И.Сталин 1922 ж. 17 шілдесінде Ортаазиялық бюроның хатшысы Зеленскийге, көшірмесін Қожановқа арнап жеделхат жолдаған. Ол жеделхатта «ұлттар көсемі» «Рудзутактың үш қайтара шақыруынан түрлі себептермен жалтарған Қожанов Жетісуда көшіріп жіберу (қоныстанушыларды – авт.) мен тұтқынға алуды жалғастыруда. Тез арада Жетісуда көшіріп жіберу атаулыны тоқтатып, Қожановты түсінік беру үшін Мәскеуге жіберіңіз» [7, Л.28.] дейді. Қоныстанушылар үшін тартып алынған жерлерді өз иелері – қазақтарға қайтару туралы алаштық идеяны кеңестік биліктің саясатын пайдаланып, батыл іске асыра бастаған С.Қожановтың бұл әрекеті әсте де таптық мүдденің шотын шабу емес, ең алдымен ұлттық мүддеге қызмет ету еді.

М.Қойгелдиев Жұмахан Күдериннің тергеу материалдарынан мынадай дерек келтіреді: 1932 жылы алаштықтардың екінші соты болып, айдауға кеткендерді жер аудару үшін Мәскеудің Павелецк вокзалына алып келгенде оларды Ә.Бөкейханов күтіп алады. Оларға Сұлтанбек Қожанов пен Сүлеймен Есқараевтар қосылады. Сонда Әлекең уақыттың тығыздығына байланысты «Уақыт аз, екіге бөлініп сөйлесейік. Бір тобың Сұлтанбекке барындар» [8, Б.22] деген екен. Бұл дерек коммунистік биліктің сыны мен қысымында жүрсе де қырағы көздер мен құпияхат жазғыштардан қаймықпаған С.Қожановтың алашордашылармен байланысын үзбегенін аңғартады.

С.Қожановтың Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы болған кезі оның қызметінің ең биік шыңы болды. Ұлттық мүддені мемлекетшілдікке ұластырған әрекеті оның үстінен қазақ большевиктері мен орыс шовинистері тарапынан жоғары партиялық инстанцияларға құпия хаттардың қардай борауына негіз болған. Мұндай арыз-шағымдарды саяси ұпай жинау мақсатында, әсіресе, партия-кеңес қызметкерлері - олардың арасында Д.Нысанбаев, Ә.Жангелдин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов сияқты таптық идеяның буына елтіген үзеңгілес

серіктері де жазды. Олардың мазмұны «ұлтшыл», «алашордашыл», «оңшыл ауытқушы», «топшыл» деген саяси айыптауларға негіз қалап, соңы Ф.И.Голощекин шығармашылығының «жемісі» - «қожановшылық» деген саяси айдарға айналды. Арнаулы органдардың мекемелерінде жинақталған бұндай компромат тиянақты талдаулармен БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросы Құпия бөлімінің құзырына жүйелі түрде жеткізіліп отырды. Республиканың саяси басшысы болғанымен оның әрбір ізін аңдыған мұндай әрекетті Орталықтың қолдап отырғаны да жасырын емес. Осылайша саяси еркі шектелген жағдайда С.Қожановтың Қазақстанда қалыпты жұмыс істеуі және ұлттық идеяны іске асыруға еркін кірісуі мүмкін емес еді. Қайта, осындай үлкен саяси қысымға қарамастан оның республика басшылығында он бір ай қызмет жасай алуы ерлікке парапар іс еді. Ф.Голощекиннің келуі бұл саяси үдерісті өршітіп, С.Қожанов Мәскеуге кеткен соң оны айыптайтын саяси науқанға кең өріс ашты. Осыған байланысты С.Қожанов И.Сталиннің қабылдауында болып, оның кеңесімен Қазақ өлкелік партия комитетіне 1926 ж. ашық хат жазып, ақталуға мәжбүр болған. Хаттың жазылу мақсаты оның Қазақстандағы қызметіне қатысты Өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекиннің саяси айыптауынан басын арашалау болды.

Осы хатты деректік тұрғыда талдағанда С.Қожанов Қазақстандағы саяси қызметінің сипаты мен мазмұны туралы өз аузынан баяндалған көп мағлұматқа қанығамыз. Сонымен бірге бұл құжаттан С.Қожановтың ұлтжандылық қызметіне негіз болған қоғамдық-саяси көзқарастарының өзегін танымыз. Ол аталған хатында былай деп баяндайды: «Мен партияның алдыңғы қатарында жүріп мына мәселелерге белсене қатыстым:

Отаршылдық пен жергілікті ұлтшылдықты саяси тұрғыдан жоюға; Жерге орналастыру және жер-су реформасын жүргізуге; «Қосшы» одағын ұйымдастыру науқанына; Орта Азияда ұлттық межелеуді іске асыруға; Қазақстанның орталығын Орынбордан Қызылордаға ауыстыруға және Қазақстанның ішкі құрылысында ұлттық мүддені күшейтуге тікелей араластым» [9, Л. 77-89.]. Ұлтжанды қайраткердің өзі саяси қызметі туралы жасаған бұл қорытындыларының әрқайсына жеке тоқталып, нақты тарихи дәйектер және дәлелдермен кеңінен таратуға болады. Тек соңғы мәселені кеңінен тарқатайық.

Ұлттық-территориялық тұтастығы қалыптасқан қазақ мемлекетінің астанасын таңдау туралы С.Қожанов 1924 ж. 17 желтоқсанында «Ақ жол» газетінде жариялаған мақаласында «Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртшылығына жақын болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамайды емес, қазақ қаласы болмағандықтан, қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда (астын сызған автор) болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілдігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса, өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қолына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын» [10] деген тұжырым жасаған еді.

Ал тарихи деректер жаңа астанаға «Қызылорда» атауын беру алаштық саяси элитаның ұжымдық ой-пікірінің жемісі екендігіне куәлік жасайды. Қызылорда қаласында өткен Қырғыз Өлкелік V съезінен соң С.Сейфуллин 1925 ж. 19 сәуірде И.Сталинге жазған хатында большевиктік және алаштық лагерьге бөлінген ұлттық интеллигенцияның Ақмешіт атауын Қызылорда етіп өзгерту мәселесіне тоқталады. Революцияның «қызыл қыраны» съездің Алашорда Батыс бөлімшесінің құран аяттарымен көмкерілген жасыл туы астында өткендігін, «қырғыздар үшін қызыл, жасыл, ақ түстің» ешқандай мәні жоқ, ең бастысы Орда сөзі сақталып қалса болды» [11, Л.15-16] деп алашордашылардың Ақмешітті Қызылорда атандырғандығын баяндайды.

С.Қожанов «орда» сөзін дәстүрлі мемлекеттің түрі ұғымында емес, жаңа қоғам орнатқан ұлттың астанасы мағынасында қолданады. Осы идея V съезге дайындық барысында жаңа астана таңдау, оны қалай атау жөніндегі пікірталастың өзегіне айналды. Билік басындағы ұлттық элитаның дәстүрлі орда ұғымына таптық мазмұнды айшықтаған «қызыл» сөзін қосақтаудан

құралған ұғымды ұсынуы кеңестік биліктің де, қазақы жұртшылықтың да көңілінен шыққан мәмілегерлік тарихи шешім болды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында «орда» ұғымы мемлекет құрылымының өмір сүру түрі ретінде кеңінен қолданылғаны әргі-бергі тарихтан белгілі. Ұлттық тарихымыздың мазмұнында Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ Ордасы сияқты мемлекеттік құрылымдар берік орын алған. Осы тарихи мемлекеттер тізбегін кеңестік билікпен таласа өмірге келіп, ұлттық тәуелсіздік идеясын ту етіп көтерген Алаш Орда үкіметі аяқтайды. Ал кеңестік билік тұсында «орда» ұғымы Қазақ елі мемлекеттігінің түрі емес, оның саяси орталығы, астанасы Қызылорда деген мәнге ие болды. Бұл атау «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» қазақ мемлекеттігінің рәміздік мәніне айналды.

Келесі бір назар аударатын мәселе – С.Қожановтың элитааралық қарым-қатынастары. Сұлтанбек Қожанов шын мәнінде жеке харизмасы мықты элиталық тұлға бола алды. Оның өз төңірегіне ұлттық элита өкілдерін топтастырып, оларды ортақ идеяға жұмылдыра алуы жеке басының мүддесінен мемлекет мүддесін жоғары қоятын биік азаматтық және саяси кредосын айқындайды. Осыған байланысты Қожанов–Шоқай, Қожанов–Мендешов, Қожанов–Сәдуақасов, Қожанов–Рысқұлов, Қожанов–Төрекұлов, Қожанов–Жұмабаев, Қожанов–Дулатов, Қожанов–Асфендияров қарым-қатынастары жеке желі етіп қарастыруға сұранып-ақ тұр. Мысалы, Мұстафа Шоқаймен байланысы қайраткердің ұлтжанды тұлға болып қалыптасуына орасан зор ықпал еткені белгілі.

Сол сияқты Қожановтың кеңестік партиялық-мемлекеттік номенклатураның жоғары эшелонындағы Сафаров, Рудзутак, Куйбышев, Петерс, Кагановичтермен қарым-қатынасы да бірі қуаттаған, бірі қарсы болған ұлттық мемлекеттілік төңірегінде өрбіді. Ал Бас хатшы Иосиф Сталинмен арадағы сөз қақтығысулары оның көзі тірі кезінде-ақ аңыз болып таралды. Ол аңыз Сұлтанбек Орынборға Қазақ өлкелік партия комитетіне хатшы болып тағайындалғанда соңынан ере келгендігін Сәбең – Сәбит Мұқанов мөлдіретіп жазды «Өмір мектептерінде». Бұл жөнінде Ж.Арыстанов та жазды естеліктерінде. Басқа қырынан Шерхан да жазды «Қызыл жебеде». Ал Сұлтанбекпен Қоқан автономиясынан бері таныс өзбекстандық көрнекті тарихшы-ғалым Полат Салиев 1937 ж. тергеушіге берген жауабында Сұлтанбектің осы сөзді айтқандығына куәлік етеді. Бұл деген Сұлтанбектің Бас хатшымен әзілдесуінің, сөз қағыстыруының мысалы ғана. Әсте де саяси теке-тірестен туған егес емес. Солай десек те бұл сөзге ұсталық, қиын сәтте сөз тауып айта алған Сұлтанбектің шешендігінің, батылдығының көрінісі. Өз ойын тыңдарманның сөз саптауына қарай әдемі әзілмен айта білушілік. Сталин де сірескен тұлға емес, сөз қадірін білген. Ол да ұтқыр әзілді, қоластындағылармен ресми, биресми жағдайда әзілдескенді ұнатқан, өз тапқырлығына масаттанып отырған. Сұлтанбек екеуінің арасындағы ел аузында аңыз болып айтылып, жазылып жүрген сөз қақтығыстарының сырын осылай түсінсек керек. Әйтпесе, астарсыз, тура айтылған сөздің бас жаратыны бар ғой.

Қай кезде де тарихи танымның рухани өзегі, ғылыми негізі болады. Кеңестік қоғамда алаштық үлгідегі қайраткерлердің тұлғасын танудағы рухани өзек таптық-партиялық құндылықтар болса, оның ғылыми негізі маркстік-лениндік дүниетаным болғаны белгілі. Ал бүгінгі тәуелсіз қоғамымызда тарихи танымның талабы өзгерді. Мақсат та өзгерді. Қоғам жаңарды, қоғаммен бірге адам да жаңарды. Ендігі кезекте тарихи таным да жаңаруы тиіс. Тарихи танымды жаңартудың жөні осы екен деп жергілікті, аймақтық деңгейдегі тұлғаларды дәріптеу бүгінгі интеллектуалдық тарихқа жараспайды. Тұлғаларды танудағы әрекеттің алтын арқауы, жібек желісі - ұлттық мүдде болуы керек. Яғни, мәселе тура мағынасында қойылғанда - ол тұлға ұлты үшін не істей алды? деген сауалға жауап беруді қажет етеді. Сол сияқты, кейбір зерттеулерде кеңестік дәуірдегі партия-кеңес қайраткерлерін біржақты айыптау тенденциясы да жоқ емес. Ал саяси қайраткер ретіндегі қызметіне берілер баға да олардың қызметінен ұлт тағдырына қандай және қаншалықты зиян келді? деген сауалдың жауабымен айқындалады.

Тоталитарлық қоғамдағы тарихи тұлғалар туралы жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыра алған Д.А.Волкогоновтың «жөрнекті мемлекет, қоғам қайраткерінің өмірі дегеніміз белгілі бір адамгершілік және әлеуметтік бағдарлар жүйесіндегі оның нақты ойлары мен әрекеттері ғана емес, ол сонымен бірге тұлғаның өзі саясат сахнасынан кеткеннен кейінгі де қоғамдық үдерістерге жасайтын ықпалы» [12, С.4] дегенін ескерер болсақ, сол қоғамның тарихи тұлғалары алдағы уақытта да ғылыми ойдың нысаны болып қала бермек. Осыған байланысты Сұлтанбекті «қызу қанды қазақ» деп атаған большевиктер көсемі В.И.Лениннің өзіне тән категориялықпен «Пролетариатқа саяси қайраткерлердің тірісі және өлісі туралы да шындық керек, өйткені саяси қайраткер атына шын мәнінде лайық болғандардың тәні бақилық болса да олар саясат үшін өлмейді» [13, С.8-9] деген тұжырымының мәні өзгере қойған жоқ. Демек, кешегі көзқараспен бағаласақ та, бүгінгі таным биігінен ой толғасақ та С.Қожановтың тұлғасы саясат үшін де, тарих үшін де қызмет жасай бермек. Ұлт барда ұлттық мүдде бар. Қазақтың ұлттық мүддесі бар жерде өмірі мен қызметі ұлтқа қалтқысыз қызмет етудің өлшеміне айналған С.Қожановтың тұлғасына көлеңке түспей, жарқырай танылатын болады.

Сұлтанбектің саяси ұстазы, кеңестік биліктің Орта Азия мен Қазақстандағы ұлт саясатын әшкерелеген өткір мақалаларымен И.Сталиннің түн ұйқысын төрт бөлген М.Шоқай партия қатарына енгенімен өздерінің шынайы ұлттық элитаға тән азаматтық, отаншылдық биігінен төмендемеген қандастарына ризалық сезімін білдіреді. Ол «Смағұл Сәдуақас, Қожанұлы Сұлтанбек және Меңдешұлы Кеңес дәуірі орнаған кезде кеңес үкіметін бірден жақтап шыққан адамдар болатын. Бірақ олар, өткен тәжірибелері көрсетіп отырғандай, Кеңес үкіметіне тек қара басының қамы үшін қызмет етпегенін біз жақсы білетінбіз. Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айрылмайды деп сенеміз» [14, Б.60] деген еді. Сұлтанбек осы сенімнен шыға алды. Өмірінің соңына дейін осы қасиеттерінен айнымады һәм ұлтының болашағына деген сенімін жоғалтпады. Бұл бағаны Сұлтанбекке көзі тірісінде берілген әбден лайықты баға деп қабылдаймыз. Ұлтының ұлы көсеміне лайықты тұлғаның бағасы. Ұлтын ұлықтаған ұлылардың бірін-бірі тануының жарқын мысалы.

С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі ұлтқа қызмет етудің жарқын үлігісі болды. Ол айтыс-тартыспен, қитұрқылығы мол саяси күреспен өткен сан-салалы қызметінде топтық, аймақтық, тіпті таптық мүдделердің деңгейінде қалып қоймай әр кез ұлттық, мемлекеттік биіктен табылды. С.Қожанов сияқты ұлтжандылығы мемлекетшілікке ұласқан, мемлекетшілігі ұлтына қалтқысыз қызмет етуге жұмылдырылған қайраткер алаштың Сұлтанбегі болып халықтың жадынан да, ғылыми танымнан да мәртебелі орын алуға әбден лайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қозыбаев М. Ғұмырнамалық жанрын зерттеу мәселелері //Қазақ елі. 1996. 27 желтоқсан.
2. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. –Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның құран Шәриф басым комбинаты. -1991. -604 б.
3. АПРК.Ф.719. Оп.1 Д.67.
4. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. желтоқсан 1917 – мамыр 1920 ж.ж. -Алматы: «Алаш». 2005. Т.2.-496 с.
5. Қазақстан коммунистік партиясы тарихының очерктері. Орысша екінші басылымынан ауд. –Алматы: Қазақстан, 1985. -735 б.
6. Сборник важнейших декретов, постановлений и распоряжений правительства ТССР за 1917–1922 гг. -Ташкент, Издания Комиссии СНК, 1923, 213 с.
7. РГАСПИ Ф.558, Оп.11, Д.30
8. М.Қойгелді. Әлихан Ахмет пен Міржақыпты бейнеттерінің ақталатынына сендірді // «Аңыз адам» №3 2013 ж.

9. АПРК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 1129.
10. Ақ жол. 1924 жыл, 16 желтоқсан
11. РГАСПИ. Ф.811. Оп.24. Д.243.
12. Волкогонов Д.А. Сталинизм: сущность, генезис, эволюция: доклад по совокупности работ на соискание ученой степени доктора исторических наук.-07.00.02. -М.: 1990. – 47 с.
13. Ленин В.И. Полное собрание сочинения. изд. 5-е. -М.: Политиздат, 1973.- т. 20. -532 с.14
14. Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. -Алматы: Қайнар, Т-2.-1999. -520 б.

References

- 1 Kozybaev M. Gumyrnamalyk zhanryn zertteu maseleleri // Kazak eli. 1996. 27 zheltoksan.
- 2 Kuran Karim. Kazakhsha magyna zhane tusinigi. Audargan Halifa Altai. – Eki haramnyn kyzmetkeri Fahd patshanyyn kuran Sharif basym kombinaty. – 1991. – 604 b.
- 3 АРК. F.719. Оп. 1 D.67.
- 4 Alash kozgalysy kuzhattar men materialdar zhinagy. zheltoksan 1917 – mamyr 1920 zh.zh. – Almaty: «Alash». 2005. Т.2. – 496 s.
- 5 Kazakhstan komunisttik partiasy tarihyyn ocherkteri. Oryssha ekinshi basylymynan aud. – Almaty: Kazakhstan, 1985. – 735 b.
- 6 Sbornik vazhneishih dekretov, postanovlenii I rasporyazhenii pravitel'sva TSSR za 1917–1922 gg. – Tashkent, Izdaniya Komissii SNK, 1923, 213 s.
- 7 RGASPI F.558, Op.11, D.30
- 8 M.Koigeldi. Alikhan Akhmet pen Mirzhakypy beinetterinin aktalatynyna sendirdi // «Angyz adam» №3 2013 zh.
- 9 АРК. F. 141. Оп. 1. D. 1129.
- 10 Ak zhol. 1924 zhyl, 16 zheltoksan
- 11 RGASPI. F.811. Op.24. D.243.
- 12 Volkogonov D.A. Stalinizm: sushnost', genesis, evolutsiya: doklad po sovokupnosti rabot na soiskanie uchenoi stepeni doktora istoricheskikh nauk.-07.00.02.-M.: 1990. – 47 s.
- 13 Lenin V.I. Polnoe sobranie sochineniya. Izd. 5-e. –M.: Politizdat, 1973. – т. 20. – 532 s.
- 14 Shokai M. Tangdamaly. 2 tomdyk. – Almaty: Kainar, T-2.-1999. -520 b.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

1916 Ж. ТҮРКІСТАН: ПАТШАЛЫҚ ОТАРШЫЛДЫҚ ЖҮЙЕ ДАҒДАРЫСЫ

Сатбай Дастан

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университет

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыстардың шығу төркіні соңғы жылдары ғылыми айналымға еніп жатқан материалдар негізінде сарапталады. Ұлт-азаттық қозғалыс төңірегіндегі кеңестік және егемендіктің алғашқы жылдарындағы зерттеулерге шолу жасай келе, автор әлі де болса, басы ашық мәселелердің барлығына назар аударады. Тұңғыш рет Түркістан мен Дала өлкелеріндегі азаттық қозғалыстардың жай-жапсары салыстырмалы түрде қарастырыла келе, өлкедегі патшалық жоғары лауазым иелерінің арасындағы жеке тартыстардың негізінде отарлық басқару жүйесінің дағдарысы және күйреу барысы көрсетіледі.

Түйін сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, отаршылдық, патша жарлығы, Аманкелді, Куропаткин, Әбдіғапар Жамбосынов, Түркістан, Дала өлкелері.

1916 Г. ТУРКЕСТАН И СТЕПЬ: КРИЗИС КОЛОНИАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ЦАРИЗМА

Сатбай Дастан

доктор исторических наук, доцент Кызылординского государственного университета

Аннотация. В статье на основе новых исторических источников, вошедших в научный оборот в последние десятилетия рассматриваются истоки колониально -освободительного движения 1916 года в Казахстане и в Средней Азии - Туркестана и Степного края. Предметно анализируя, деятельность высокопоставленных лиц царской администрации Туркестана и Степного края автор приходит к выводу, что одним из составляющих причин восстания 1916 года было неадекватные, порою непрофессиональные и корыстные действия колониальной администрации в сложившихся исторических условиях. Проводя исторические параллели между событиями двух крупных регионов, автор приходит к выводу - при умелом и разумном действии можно было избежать многих кровопролитий.

Ключевые слова: национально-освободительное движение, колониализм, царский указ, Аманкельды, Куропаткин, Абдигапар Жамбосынов, Туркестан, Степной край.

TURKESTAN AND STEPPE OF 1916: CRISIS OF COLONIAL REGIME

Satbay Dastan

Doctor of Historical sciences, associated professor of Korkyt Ata Kzilorda State University

Abstract. The article deals with the fundamental basis of national liberation movement in Kazakhstan and Central Asia, exactly Turkestan and Steppes, based on new historical sources of the last decade. On analysing of high ranking persons activities of tsar administration, the author concludes that one of the main reasons of the 1916 movement was inadequate, mercenary actions of colonial administration in

those historical conditions.

Drawing historical parallels between events of two vast regions, the author comes to conclusion that at skillfull and reasonable actions one could avoid bloodshed.

Keywords: national liberation movement, colonialism, Tsarist decree, Amankeldy, Kuropatkin, Abdygapar Dzhabosynov, Turkestan, Steppe regions.

1916 жылдың жаз айында басталған Қазақстан мен Орта Азиядағы күшті халықтық әлеуметтік-саяси күрес тағылымдарынан – қазіргі Қазақстан мен Орта Азия ұлттары әлі жеткілікті сабақ алған жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында да бұл оқиғалар қоғамдық ғылым өкілдері тарапынан мейлінше тасада қалды. Қазақстан қоғамдық пікірі, оның ішінде тарихшылар үшін де 1937-1938 жылдардағы аштық пен қуғын-сүргін жанында, 1916 жылғы халықтық-әлеуметтік қозғалысқа қатысты көп мәселелер белгілі сияқты болып көрінген. Әлде 1930- жылдардағы аштық пен қуғын-сүргін «ақтаңдақтарын» ашудан қолдары босамады ма?

«1916 жылдың» өзі ғана емес, оның зерттелуі төңірегіндегі мәселелер де шырғаланды, халықаралық терминологияда – детективті. 1953-1954 жылдарға дейін кеңестік тарихнамада ол «отаршылдыққа қарсы» қозғалыс деп бағаланса, СОКП-ның XX-съезінен кейін (1956) «1917 жылғы Ұлы октябрьге ұласқан – «слившийся с Великим Октябрем 1917 года» - «ұлт-азаттық қозғалыс» атанды. Әрбір СОКП съезі өткен сайын Бас хатшылар есепті баяндамалар дайындаушылардан «теориялық жаңалық» ашуды немесе «серпіліс» күтуді дәстүрге айналдырғандықтан болуы керек, 1916 жылғы Ресейдің шеткері аймақтарындағы халықтар қозғалыстарына қатысты осындай «жаңалықтар» енгізілді.

60-80 жылдардағы «жаңалық» 1916 жылғы көтеріліс «показателем краха Колониальной политики самодержавия», «одним из важных элементов революционного кризиса, охватившего Россию» - кризиса «антиимпериалистической, антифеодальной, антивоенной освободительной направленности»[1,585-б.] болды. Бұл тезистер Қазақстан Компартия Орталық комитетінің құжаттарында (баяндамаларында) одан әрі дамытылды: «Восстание 1916 года имело революционно-освободительный характер. Оно нанесло ощутимый удар по колониальной системе российского империализма, смыкалось с общим революционным движением в стране, сыграло большую роль в повышении классового самосознания трудящихся»[2, 43-44 бб].

Өткен ғасырдың 70-жылдары Республика басшысы Д.А. Қонаев деңгейінде «1916 жылдың 55-жылдығын атап өтуге әрекет жасалынды». Алайда, Д.А. Қонаев пен идеология жөніндегі Орталық комитет хатшысы С.Н. Имашевтің қабылдауына шақырылған республиканың белгілі тарихшылары С.Б. Бейсембаев, П.М. Пахмурный, Г.Ф. Дахшлейгер; Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі А.П. Плотников, мәдениеті бөлімінің меңгерушісі М.И. Исеналиев және Қазақстанның белгілі зиялыларымен болған кеңес өз нәтижесін бермеді. Басты қайшылық: кеңестік тарих ғылымында қалыптасқан «тарихи тұжырымдамалар» мен «1916 жылғы» оқиғаларға қатысты архивтік құжаттар мен деректер арасындағы қарама - қайшылықтар еді. Ресми идеологиялық талаптар бойынша (А.П. Плотников, М.И. Исеналиев) «1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыс» - дүниежүзіндегі отарлық езгідегі Латын Америкасы, Азия-Африка халықтары мен елдерінің отаршылдыққа қарсы күресінің құрамдас бөлімі ретінде алынуға, олардың арасында байланыс орнатылуға тиіс болды. Архив материалдары негізінде ондай байланыс орната алмайтынын, кейбір көтеріліс басшыларына қатысты кереғар деректерді сезетін белгілі тарихшылар өз уәждерін білдіріп жатқанымен, жалпы мерекелік іс-шараларды атап өтуге қарсылық білдірген жоқ. Алайда 1916 жылғы оқиғалардан тарихшылардан кем хабардар емес Д. Қонаев одан әрі мәселені қозғамай іс-шараларды кейінге қалдырды. Дегенмен бұл кездесулердің пайдасы да тимей қойған жоқ. Тарихшылар Әбдіғапар Жамбосынов, Амангелді Иманов, Оспан Шолақов

және т.б. туралы жаңа деректермен танысты. 1973 жылы 17 қаңтарда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Амангелді Имановтың туғанына 100 жылдығын мерекелеу туралы» қаулы қабылдады. Соған сәйкес осы жылы «Қазақстан» баспасынан С.Б. Бисембаев редакциясын басқарған «Амангелді Иманов (мақалалар, документтер, материалдар)» жинағы жарыққа шығарылды.

Көп жылдар Д.А. Қонаевтың көмекшісі болған белгілі жазушы-тарихшы В.В. Владимировтың куәләндіруінше 80-жылдардың басында КСРО-ның 60 жылдығы тойланып жатқан (1982) мезетте де Д.А. Қонаев «1916 жылғы оқиғаларға қайта оралған [3,8-9 бб.]. Автордың пікірінше, осы мерейтойды пайдаланып Д.А. Қонаев – қазақтың тұңғыш инженері М. Тынышпаевты толығымен ақтауға тырысқан. Осы орайда «ұзақ жылдар республиканы басқарған Д.А. Қонаев бұрын неге мұндай талпыныс жасамаған?» деген сұрақ туады. Біздің ойымызша, оның себебі - М. Тынышпаевтың 1916 жылдың тамызында патша Николай II-нің «Түркістанды құтқаруға» шұғыл жіберген А.Н. Куропаткиннің көмекшісі болғанымен түсіндірілсе керек. Кеңестік тарихнамалық дәстүрде А.Н. Куропаткин кім? – «Орта Азия халықтарының жендеті, қанышері» т.б. – «жалпы патша шенеуніктерінің барлығы жағымсыз». Ал А.Н. Куропаткиннің кім екеніне байыбына бармаған тарихшылар үшін де – бұл аксиома. Демек, М. Тынышпаев – отаршының жандайшабы, өз халқын қанауға қызмет еткен опасыз т.б. Сондай-ақ, Тынышпаев келесі бір отаршыл Г.А. Колпаковский туралы жылы лебіз білдіргені үшін де кінәлі еді. Мәселеге қатысты ҚР ОМА, 44-қоры, 1-тізбе, 17655-істің парақтарын әлі күнге дейін жазушы-тарихшы В.В. Владимировтан басқалардың аспағаны өкінішті.

М. Тынышпаев қадірлеген А.Н. Куропаткин – көптілді, оның ішінде түркі тілдерін де жетік меңгерген өз заманының аса көрнекті мемлекет қайраткері, оқымысты әскери маман, шынайы «түркістандық» талантты администратор еді. Жауларының өзі оның жанынан түңілгені сондай, «қазан төңкерісінен» кейін В.И. Ленин – оның өмірінің сақталуын өз бақылауында ұстады. «Көсем» қайтыс болғаннан кейін 1925 жылдың 16 қаңтарында 78 жастағы Куропаткин тапсырыспен өлтірілді. Алғашқы кеңестік маркстік тарихшысы М.Н. Покровский оның өлімі туралы «убит бандитами на своей родине (Псковта Д.С.), где скромно подвизался после 1917 года в качестве сельского учителя» [3,12-б.] – деуі, шындыққа жанаспайды. Алаш зиялылары тарапынан да Куропаткинге қатысты қатқыл айыптауларды аз кездестірдік. Тәуелсіз Қазақстан тарихшылары тарапынан да Куропаткиннің жолы болмады. 1993 жылы шыққан «Қазақстан тарихында (очерктер)» ол жендет атанса, 2010 жылы шыққан «Қазақстан тарихының» 5 томдығында оның есімі аталмайды, керісінше нағыз жендет Жетісу губернаторы А.М. Фольбаум бір рет аталады.

Сонымен 1916 жылғы Түркістан мен Далалық өлкелерінің Торғай және Жетісу облыстарында күшті қарқынмен басталған ұлт-азаттық қозғалыстың себептері мен барысы, жеңілуі тұрпайы социологиялық қисындармен түсіндірілді. Жергілікті халықтар бір жағынан өздерінің бай-феодалдарының, екінші жағынан отаршыл әкімшілік орындары тарапынан екіжақты қанауға ұшырады, 1916 жылғы 25 шілде де жарыққа шыққан патшаның бұратана халықтардың солдатқа адам алу туралы жарлығынан – « О привлечении мужского инородческого населения для работ по устройству оборонительных сооружений и военных сообщений в районе действующей Армии, а равно для всяких иных необходимых для государственной обороны работ» - халықтың төзімі таусылып, олар көтеріліске шықты делінетін. Үстем тап өкілдері болғандықтан өлкелерді басқарған патша жоғарғы шенеуніктерінің аттары аталмай «отаршыл билік орындары» т.б. анықтамалармен шектелінді. Айта кету қажет жергілікті халықтар арасында аса беделді Түркістан генерал губернаторы А.Н. Куропаткин – 1916 жылғы оқиғаларға қатысты, тек жағымсыз жағынан айтылатын да, халықтың қанын сүліктей сорған патша шенеуніктерінің есімдері айтылмайтын. Бұл кеңестік тарихнамадағы парадоксальді

құбылыстардың бірі. Сталиндік тарихнамалық дәстүрде бұл кездейсоқтық емес. Онда неғұрлым оқымысты әкімгерлердің жолы болмай, садистердің жолы болды. Осы кемшіліктердің орнын толықтыру бағытында соңғы жылдары отандық тарихнамада, әсіресе, Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институтында аз жұмыстар атқарылған жоқ... 1916 жылғы көтерілістің ақ-қарасын онан әрі ажырату үшін біз кезекті рет Түркістан мен Дала генерал-губернаторлықтарының құрылған күнінен бастау алатын тарихына көктей шолу жасағанды жөн көрдік.

1881 жылдың 2-шілдесінде Орынбор генерал-губернаторлығы жойылып, оның құрамында болған қазақ облыстары – Торғай және Орал – империялық ішкі істер министірлігіне бағындырылды, яғни жалпы империяның құрамына кірді. Ал сәл кейінірек, 1882 жылдың мамырында Батыс Сібір генерал-губернаторлығы жойылып, олардың орнына орталығы Омбы болған Далалық генерал-губернаторлығы құрылды. Оған Ақмола, Семей және бұрын Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында болған Жетісу облысы кірді. 1882 жылдың 3-мамырында Ташкентте Түркістан өлкесінің бірінші генерал-губернаторы (1867) К.И. Кауфман қайтыс болғаннан кейін, Г.А. Колпаковский (1819-1896) Дала генерал-губернаторы, Жетісу облысының губернаторы болып тағайындалды. М. Тынышпаев оның басқарған жылдарын жаман атамайды. «Мұхамеджан Тынышпаев восхищался действиями Герасима Алексеевича Колпаковского, считал его правления «отдельной эпохой (1867-1889)»[5,21-б.]. Алайда 1889 жылы оның патша төңірегіне жоғарылауымен, яғни өлкеден кетуімен түнек те, зұлмат заман басталды – «после ухода Колпаковского в Семиречье появились темные личности, которые стали эксплуатировать простодушных казахов, обманывать их на каждом шагу – Семиречье стала неузнаваемой»[5,21-б.].

Еске сала кетейік, Ш. Уалиханов пен Г. Колпаковский әр жылдары атақты Омбы билеушісі Г.Х. Гасфордтың адъюданттары болған. Г.А. Гасфорд 1871 жылы Жетісу генерал-губернаторы болған уақытта Синьцянның Құлжа ауданы уақытша Жетісу облысы құрамына кіргенді (1881 жылы қайтарылды). Алайда Г.А. Колпаковский өлкеден кетуімен (1882-1889 жж. Закаспий облысын басқаруға жіберілді) Түркістан өлкесінде жағдай ушықты. Бұл Шоқанның бірінші оппоненті М.Г. Черняевтардың заманы еді. Түркістан өлкесі Н.В. Гоголь мен М.Е. Салтыков-Щедрин бейнелеген жексұрын чиновник кейіпкерлерінің езгісінде қалды. Дала және Түркістан өлкелеріндегі отаршылдық, чиновниктік озбырлық туралы Абай мен оның ізбасарлары алғашқы қазақ зиялылар шоғыры жазған [6] және қазіргі отандық тарихшылар тарапынан әлі де зерттелу үстінде. Біздің қосарымыз: сол жылдары өлкені басқарған патша жоғарғы чиновниктерінің куәліктеріне сүйену де 1916 жылғы көтерілістің шынай себептерін ашуға жәрдемдеседі дегіміз келеді.

XIX –ғ. аяғы XX –ғасырдың басында Қазақстан мен Орталық Азияға Ресейдің ішкері аймақтарынан халықтарды қоныс аудару саясаты – переселендік қозғалыс – жүргені белгілі. Столыпіндік реформалардың жүйесіз жүзеге асырылуынан және чиновниктердің жауапсыздығынан – бұл қозғалыс тікелей переселендерге және жергілікті халықтарға да үлкен ауыртпалықтар әкелді. Оның үстіне переселендердің барлығы бірдей жер алайын, оны күтіп-баптап күнімді көрейін деп келмегені белгілі болды. Кеңестін тарихнамада бұл ұят тірлік ретінде айтылмайтын – «шаруалар еңбекшілер және қаналушы топ». Ал шын мәнісінде переселендердің көпшілігінде масылдық психология болды. Мемлекет берген қаражаттардың көпшілігі барған бойда «жұмсалып» қойылды. Тығырыққа тірелген үмітсіздіктен дін иелерінің де ішімдікке салынғандары болды. «Относительно последнего утверждения спорить нельзя. Сильное пьянство замечается действительно. Происходит это от неумения культурно использовать свой достаток. Борются с пьянством и ленью приказами, значит просто обнаруживать бесполезность власти» - делінді сол жылдардағы ресми үкіметтік зерттеулерде Кавказдан келген сектант – переселендер жайлы. Басқа-басқа әңгіме тақуа дін қызметшілері жайында болып отыр.

Қоныс аударған басқа әлеуметтік топтардың жаңа жерлердегі жағдайы бұдан да өткен сорақы болды. Көпшілігі үкіметтен алған жерлерін жергілікті халықтарға жалға берумен айналысты. Тіпті егінге берілетін суларға дейін жергілікті батрактардан ақша алды, яғни жер-сумен алып-сатарлық жасады. Сол құжатта «иные переселенцы на новых местах «жили помещиками» [3,71-б.] – деп атап көрсетеді. Жағдайдың асқынғаны сондай патша билік орындары Түркістан өлкесінде спирт өнімдерін сатуға тиым салуға мәжбүр болды. Бұған жауап ретінде келімсектер арасында опиум мен анаша шегу белең алды. Қапал, Жаркент, Верный, Қырғыздың Истық көл аймағы дәмханаларында опиум ашықтан ашық сатылатын болды. А.Н. Куропаткиннің өзі переселендер мен қазақ-қырғыз халықтары арасындағы қарым-қатынаста жергілікті тұрғындарға іш тартуға мәжбүр болды: «Сюда пришли всякие отбросы из Европейской России... Киргизы никому не отказывали в гостепримстве. Новоселы этого никогда не делали. Чигин – незаконный сбор между киргизам для подкупа начальства постоянно увеличивался» [3,71-б.]

Ферғана жендеті Покатило дейтіннің жауыздығы Петербургке дейін жетіп, «Общественное дело» газетінің 1907 жылдың 7-сәуіріндегі номерінде «Политика самодержавия на наших окраинах никогда не отличалась гуманностью, а в настоящее время в Туркестанском крае царят, положительно «ханские порядки». Ферганский бронированный хан Покатило знает одно средство для «умиротворения» края, это – способ устранения и уничтожения непокорных, а для сего виселица красуется на дворе» [3,46-47 б.]– деп жазылды.

1908-1909 жылдары патшаның сенімді адамы граф К.И. Пален басқарған комиссия да переселендер туралы «проявляют большую беспечность в борьбе за существование и особливую настойчивость в испрашивании казенных ссуд и доровой земли» [3,71-72 бб.] – деп мойындап, парақор чиновниктердің барлығын аяусыз жазалауды талап етті [7]. 1916 жылдың 10-желтоқсанында Куропаткин күнделігінде «киргизы последние 30 лет и, в особенности, последние 12 лет теснились во всех направлениях, будто бы их все точно безмолвно согласились стереть с лица земли... Приходится принимать строгие меры, чтобы сохранить безоружных киргиз» - деп жазса, осы уақыттың куәгері саяхатшы Пржевальскийдің серігі Я.И. Корольков та қазақтар туралы жағымды пікір білдіреді «На киргизов вообще (казах и каракиргизи) я привык смотреть как на народ добродушный, незлобивый, гостепримный, с большим уважением относящиеся к начальству... Всюду меня принимали хорошо» [3,227 б.] .

Переселендердің ішінде Сібір қазақтарының да болғаны белгілі. Шоқанның досы Г. Потанин олардың басқаларға қарағанда қазақ тілін тез үйреніп алғанын айтады, қазақ тілі «для многих казаков колыбельный язык, потому что нянками здесь бывают киргизки... Этот язык услышишь повсюду в тихой беседе, которую ведут между собой казаки на завалинке, в разговоре ямщиков, хлопочущих на станции около экипажа проезжающего чиновника, иногда даже в суде» [3,72-73 бб.] .

Пален тексеруінен кейін өлкеде талай чиновниктер жазаланғанымен жағдайды қалпына келтіру, заң аясына сиғызу мүмкін болмады. Қолданылған қатаң шаралар өз нәтижелерін бермей жатты.

1913 жылы Ресейде Романовтар әулеті басқаруының 300 жылдығы зор ауқымда аталып өтті. Мерекелік бұқаралық іс-шаралар Ташкент қаласында да зор салтанатпен ұйымдастырылып, оған Орта Азия мен Қазақстанның «игі жақсылар мен атқамінерлері» қатысты. Мерекелік іс-шаралардың шырқау шыңы Петербургтегі салтанатқа барлық губерниялар мен облыстардың делегациялары қатысып, Жетісу облысының делегациясын генерал-губернатор М.А. Фольбаумның өзі басқарып барды. Мерекеге сәйкес өткізілген көрмеде Жетісудың (Алматының) апорты мен темекісін жоғрғы баға алды. Патшаның өзі Жетісу казак әскерлері жасөспірімдерінің гимнастикалық ойындарын тамашалады. Олардың ішінде жасөспірім Ораз Жандосовта болды.

Романовтар әулетінің 300 жылдығының бұқаралық сипат алғаны сондай, кеңес өкіметінің басшылары оның тәжірибелерін ұзақ пайдаланды, бірақ Қонаев айтқандай «басқа иконалар, портреттер мен шерулер жағдайында» [3,52-б.] .

Алайда мерекелік жылдың көңіл-күйі ұзаққа бармады. Басталған дүниежүзілік соғыстан Түркістан мен Дала өлкелері де ішін тартты. Соған қарамастан 1914 жылы басталған соғыстың алғашқы айларын өлке тұрғындары қалыпты қабылдады. Мысалы, Ферғанадағы отарлық билік құрылымдары Орталыққа: «учащаяся мусульманская молодежь области спокойно относится к текущим событиям и стоит на стороне России» [3,43-б.] деп хабарласа, Ташкенттегі патша Охранкасы: «Туземное население относится к европейской войне индифферентно, и только может быть опасения по отношению к муллам, могущим агитировать в нежелательном для нас смысле» [3,43-б.] деп хабарлады. Құлжадағы орыс елшісі де 1916 жылдың 13 желтоқсанындағы мәлідемесінде «... большинство населения в Ильском крае относится безразлично к происходящим событиям, желая лишь, чтобы и в дальнейшем спокойствие края не нарушалась» [3,44-б.] – деп, жағдайды бағамдайды. Қазақтың Торғай өлкесі тұрғындарына да алғашында осы көңіл-күй тән болды.

Бұл – Соғыс Түркістан мен Дала өлкесі тұрғындарын айналып өтті, ешқандай ауыртпалықтар әкелмеді деген сөз емес. Соғыс ауыртпалықтары сөзсіз болды [8]. Алайда ол – «қазақ төңкерісінен» кейінгі ауыртпалықтарға қарағанда төзуге болатын қиыншылықтар еді. Осы орайда академик М. Қаратаев арқылы бізге жетіп отырған Амангелдінің позициясы бізге қызықты көрінеді «Түркістан деген шаһарда тұратын Жәңгір ұлы Шәді ақын Россияның тарихын қазақшаға аударып біз ол тарихты қайран қала оқып жүрміз. «Орыс» деген сөз менің жүрегімді бала жастан жылытады. Осы сөзді қайталап айтқан сайын, оның негізінде жатқан үш мағынаны ұққандай боламын. «Орыс» деген сөзді ең алдымен қарсыласқан қас дұшпанның басын алатын наркес қылышқа теңер едім. Орыстың қарулы қолындағы наркес бір кездері Батудың шаңырағын шайқалтты, Наполеон Бонапарттың түбіне жетті. Орыстың қылышы, сөйтіп құлшылықтан құтқарушы еді. «Орыс» деген сөздің баршамызға белгілі бір екінші мағынасы бар. «Орыс» деген сөзді біздің қазақ «дұрыс» деген сөз деп түсінеді, дұрыстық екен деп ойлайды. Орыстың дұрыс халық екенін біздің Ыбырай, Шоқан, Абай аталарымыз өсиет қып айтып кеткен. «Орыс» деген сөздің тағы бір мағынасын мен «ырыс» деген сөз деп түсінемін. Орыс келсе, ырыс келді құт келді деп қуанатыным сондықтан. Қазаққа етене жақын ел болып, қонысы қонған да орыстар. Сондықтан да біз алыстағы патшаны емес, қасымыздағы орысты білеміз. Өйткені «орыс» деген сөзім – «ырыс», «дұрыс», «наркес» деген сөзім. Бұл үшеуі де орысқа қойған атым, патшаға қойған атым емес, патшаң озіңе!» [9, 57-58 бб.].

1916 жылғы Түркістан мен Дала өлкесіндегі халықтардың көтеріліске шығуының негізгі себебі: патша әкімшілігінің – шеткері аймақтардағы өз чиновниктерінің қызметін бақылай алмағандығынан болды. Соғысты сылтау етіп, жергілікті патша чиновниктері бұратана халықтарды тонау арқылы баюға шексіз мүмкіндіктер алды. Ресейдің құдыреті – өзін шексіз нұсқау, заңдармен қамтамасыз етіп алғандығында, ал әлсіздігі – өздерінің заңдары мен құқықтық актілерін қадағалай алмағандығында (Салтыков-Щедрин). Ендеше Түркістан мен Дала өлкелерін билеген патша өкіметінің жоғарғы чиновниктерінің атын атап, түсін түстеп көрелік.

Объективтілік үшін айту қажет олардың ішінде қарақан басын күйттегендер де, талантты ұйымдастырушы әкімгерлер де болды. В.А. Сухомлинов – Дала өлкесінің (орталығы Омбы), М.А. Фольбаум – Жетісу облысы (орталығы Верный), белгілі арабтанушы А.И. Гиппиус – Ферғана облысы, А.С. Галкин (1911-1917) – Сырдария облысы, шығыстанушы Н.С. Лыкошин (1914-1917) – Самарқан облысы, Калмаков Закаспий облыстарының генерал-губернаторлары болды. Лыкошин 1894 жылдың өзінде «Мұхамедтің өмірі», «Темірлан» атты кітаптарды араб тілінен орыс тіліне тәржімалап шығарған еді.

Кенестік тарихнамада бұлардың барлығы царизмнің ұрда-жық қолшоқпарлары, халықтың қанын сүліктей сорған жоғарғы отаршыл шенеуніктер еді. Шындығында бұл анықтамаға Фольбаум, Ерофеев сияқтылар сәйкес келетін. Нақ Фольбаум тұсында Верный қаласының сквер, парк және бульварларында «қырғыздарға, төменгі шенділер мен иттерге кіруге болмайды» деген

қорлықты ескертпе тақтайшалар ілінді. Түркістан өлкесінің прокураторы (прокурор емес) Ерофеев Ташкенттің орыстар тұратын бөлігінде өзбектердің ұлттық киіммен жүруіне тиым салынды.

Өзі басқарған облыстарда мұндай сорақылыққа жол бермеген оқымысты әкімгерлер де болды. Самарқан облысының билеушісі Лыкошин, Ферғана облысының билеушісі Гиппиус солардың қатарынан еді. Тегі швед-неміс Гиппиус көптеген шығыс тілдерімен қатар Құранды жетік білді. 1909-1914 жылдары Түркістан генерал-губернаторы болған таланты ұйымдастырушы А.В. Самсоновта орыстар мен жергілікті халықтардың арасындағы қарым-қатынастарды жұмсартуға көп еңбек сіңірді. Өлкеде ағартушылық жұмыстарды қолға алды, суландыру жұмыстарын едәуір жақсартты. Соғыс басталысымен патша жарлығымен шығыс Пруссияға жіберілген ол қайғылы жағдайларда опат болды. Бұдан кейін өлкені Ф.В. Мартсон басқарғанымен билік негізінен оның орынбасары-прокураторы Ерофеев дейтіннің қолында болды.

Түркістан генерал-губернаторы міндетін уақытша атқаруға шамамен 1916 жылдың маусым айының ортасында кіріскен Ерофеев пен оның төңірегіндегілердің арманы Самсоновтың кебін кимей, тылдағы Түркістанда қалып, мүмкіндігінше герман майданына шақырту алмау болды. Сондықтан ол өлкедегі жағдайды патша мен әскери министр Д.В. Шуваевқа үнемі ауыр да шиеленісті етіп көрсетуге тырысты. Екінші жағынан Ерофеев және оның маңайындағылар соғысты сылтау етіп, халыққа жаңа алым-салықтар салу немесе қызметтік бопсалау жолымен баюға мүмкіндік алды. Өлкедегі отаршылдық әкімшілік озбырлықтарға қатысты мемлекеттік Дума депутаты Анджелов: «Во всем виновата наша власть. Эта власть не достойна русского имени, а достойна только презрения... Ко всем фронтам прибавился новый Туркестанский фронт. Он разрушает жемчужину Российского государства» [3,75-б.] – деп ашына жазды.

Ерофеев патша төңірегіндегілерді Түркістан мен Дала өлкелері герман және Түрік тыңшылары мен агентурасына толы деп сендіріп бағуға тырысты. Ал Орталықтағыларға Түркістаннан тағы бір майдан ашылып кетуі мүмкіндігі елестеді. Осындай «тіміскілік» шаралармен қалыптасқан жағдайды – патша чиновниктері өз пайдасына шебер пайдалана білді.

Айталық, Ерофеев Петербургке, Д.В. Шуваевқа шімірікпестен «киргизам оказывает содействие немецкие колонисты, доставляя провиант. В числе мятежников находится турецкий мулла, аулиеатинские и Ташкентские сарты, а на Сусамыре задержан германский шпион» [3,56-б.] деп мәлімдеме жіберсе, жаңадан қызметке тағайындалған Шуваев Түркістандағы неміс колонистерінің жерлерін біржолата тартып алу үшін патшаға ұсыныс айтуға асықты. Ол ол ма Ерофеев, Гиппиус пен Фольбаумды меңзеп Түркістандағы жоғарғы лауазымдарда немістердің көп екенін де меңзеді. Ерофеевтің мұндай өсегі мен опасыздығына Гиппиус мән бермесе, жанаяр Фольбаум ұлтынан безіп патша ағзамнан фамилиясын бұдан былай Соколов-Соколинский (әйелі жағынан) деп өзгертуге рұқсат сұрады. Оның өтініші қанағаттандырылды да.

Әндіжан, Ферғана, Ташкент сияқты қалаларда Түркия мен Ресейдің соғысып жатқаны, Түркияны қолдау керектігі жайлы ұнпарақтардың тарағаны рас. Қазақтар тұратын Астрахань, Орал, Торғай өңірлерінде де әртүрлі лақап сөздер тарады, бірақ олар елді дүрліктіре алған жоқ [10,13-б.]. Түркістан өлкесінің ел аузында түрік авантюристі генерал Энвер пашаның есімі жүрді. Энвер-паша кейін басмашылар қозғалысына қатысып ұсақ ұрыстардың бірінде 1922 жылдың 4-тамызында қаза болды. Бір қызығы Түркия пайдасына ұнпарақ таратып жүргендердің көпшілігі жергілікті чиновниктерге ірі көлемді пара беріп құтылып кетіп отырды. Отарлық билік орындары бұған қарсы ешқандай шара қолданбады немесе қолдануға енді дәрменсіз де еді. Түркістан мен Дала өлкелерінің халқы да алыстағы түрік және герман мүдделері үшін «жылу жинауға» асықпады.

Түркістан генерал-губернаторлығы кеңселері, әскери министрлердің облыстық басқармалары, Ташкент Сот палатасы т.б. жергілікті билік органдары көз алдында болып жатқан

озбырлықтарға, қазына тонауға, белден басушылыққа, ашық арсыз парақорлыққа көз жұма қарады. Куропаткин келгенше өлкені 46 күн басқарған Ерофеевтің кезекті бұйрығы надандыққа толы болды: « в знак преклонения туземного населения перед русской властью предложить всем туземцам всегда почтительно приветствовать офицеров и чиновников всех ведомств вставанием и поклоном» [3,76-б.].

Осындай күрделі жағдайда 1916 жылдың 25 маусымында «зілді бұйрық» жағдайды онан әрі ушықтырып жіберді. Патшаның жарлығына сәйкес алдын ала түсіндіру жұмыстарын жүргізудің орнына Ерофеев пен оның жандайшаптары жарлықтың шұғыл, қысқа мерзімде орындалуына кірісті – «с наименьшей затратой времени и в кратчайший срок». 1916 жылдың 2 шілдесінде өлке облыстары губернаторлары мен басқа да шенді-шекпенділерін Ташкентке жинап Айрықша кеңес өткізген Ерофеев, халық қарсылық көрсеткен жағдайда «әскери серуен», «тактикалық оқулар» жүргізуді ұсынды. Бұған қарсы облыс губернаторлары Калмаков, Лыкошин, Гиппиус, Галкиндер алдын ала түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жақтады. Фольбаум ғана Ерофеевті қолдады.

Ерофеевтің Айрықша кеңесі аяқталар-аяқталмастан 1916 жылдың 4-шілдесінде Ходжент қаласының мұсылмандары, іле-шала Амудария сағасындағы Шымбай, одан Марғұлан, Тайтөбе елді мекендерінде солдатқа адам беруге қарсы толқулар болып өтті. Жарлықтан бөлек чиновниктік озбырлыққа қарсы толқулар Самарқан облысы Куропаткино станциясында, Кәттә-қорған уезінде, Жизакта болды. Лыкошин, Галкин, Гиппиус түсіндіру жұмыстарының қажеттігін Ерофеевке ұсынумен болды. Тіпті оның надандығынан шаршаған Гиппиус әскери ведомстводан өзін Ерофеевке бағындырмай, тікелей Бас штабқа бағындыруды өтінді және ешқандай жағдайда жергілікті мұсылман халқын тыл жұмыстарына күшпен тартуға болмайтындығын ескертті. Оның ойынша, жергілікті тұрғындардың наразылығы орыс билігінің қателігінен шықты – «создано ошибкой русской же власти». Ал Ерофеевтің бүлікшілерге қарсы жазалаушы отряд шығару ниетіне орай «никакие карательные отряды мною не предполагаются, никакие принудительные меры мною не разрабатывались и не будут разрабатываться» [11,646-б.] –деп жауап берді. Бұл сөз жоқ көзсіз ерлік еді.

Бірауақытта 1916 жылдың 16-шілдесінде Гиппиус өзіне қарасты облыс көлемінде айрықша бұйрық шығарып бүгінгі күннің тілімен айтқанда жергілікті беделді адамдардан және дін өкілдерінен тұрған үгіт-насихат тобын құрды... Оның өз қолымен жергілікті тілде жазған үндеуі халыққа таратылып үлкен түсініктік туғызды. Іле-шала орталыққа жіберген жеделхатында Гиппиус Ферғана халқының тыныштала бастағанын хабарлады – «благодаря слов, угроз, увещаний, распространяемых плакатами и разъездами и добровольных агентств быстро успокаиваются» [3,92-б.]. Оның губернаторлық киімін шешіп тастап 23-шілде де Наманганның Джамы мешітінде мұсылманша киініп сөз сөйлегені халықтың есінде айрықша қалды. Лыкошин де өзіне қарасты облыста осы тұрғыда жұмыстар жүргізді.

Алайда Гиппиустың өз бетінше шығарған бұйрығына жауап ретінде ертеңіне, яғни 17-шілдеде Ерофеев – Шуваевтың қолдауымен патшаны Түркістан өлкесінде «әскери жағдай» орнату туралы жарлыққа қол қоюға көндірді және өз кезегінде 1916 жылдың 21-шілдесінде өлкеде «түземдік тұрғындарға ізгі әсер ету үшін» елді мекендерге «әскери серуендер» ұйымдастыруға бұйрық шығарды – «для благоприятного воздействия на умы туземцев» проводит «военные прогулки по туземным городам и селениям сопровождая оные «тактическим учением» [3,21-б.].

«Әскери жағдайдың» орнауымен Түркістан ірі банкілері мен қаржы алпауыттары Түркістан өлкесіне несие беруді тоқтатты. Шын мәнісінде Түркістандықтар ақшасыз қалып, баға күрт өсті. Үкімет 6 миллион Түркістан халқын өзіне қарсы қойып, өзінің қолын өзі кесті. Айта кетейік, Түркістан өлкесіне қарағанда көтерілістің қарқыны жоғары болған Торғай, Ырғыз, Қостанай уездерінде «әскери жағдай» 1916 жылдың 21 желтоқсанында енгізілген еді.

Ал халқын тонауда жергілікті отарлық басқару сатысының төменгі баспалдақтарындағылар

да қалыспады. Солдат жасындағылардың жасын «кішірейту» немесе «ұлғайту», бай балаларын молда, писарь етіп жазу, «солдатқа жіберу» немесе «жібермеу» мәселелері ашық саудаға айналды. Қарама-қайшы процесстер де жүрді.

Атап айтқанда Гиппиус пен Лыкошин «уағыздарынан кейін жергілікті тұрғындар арасында солдатқа баруға ынталы – Ерікті жұмысшы отрядтары (ОДР) пайда болғанда Петроградтағы билік оған сенгісі келмеді. Осындай жағдайда 1916 жылдың 26-шілдесінде Гиппиус орталықтың әскери ведомство басшыларына ультиматум қойып, ендігі жерде өзінің Ерофеевсіз дербес қимылдайтындығын, не болмаса өзін «шұғыл Ферғанадан кетіруді» («немедленно удаляют из Ферганы») талап етті. Закаспий облысының генералы Калмаков та жергілікті халықпен нәтижелі еңбек етті. Бірақ барлық облыс губернаторлары Гиппиус пен Лыкошин болған жоқ. Ең бастысы Ерофеевтің бассыздығы жалғасын тауып, өлкедегі шиеленіс тереңдеді. Мұндай жағдайда қарсылықтың ежелгі дәстүрі өлкеден көшу немесе қоныс аудару үрдісі күшейді. Жетісу мен Алтай тұрғындары - Қытайға, Каспий жағалауы - Иранға, Самарқан тұрғындары Ауғанстанға бет алды. Патшаға Түркістаннан айырылатындай қауіп төнді.

Патша Николай II 1916 жылы шілденің соңында өзінің сенімді адамдарының бірі егде тартқан Куропаткинді Германияға қарсы шешуші Солтүстік майданнан алып, Ерофеевтің орнына Түркістан генерал-губернаторы етіп тағайындауға мәжбүр болды. Куропаткин өлкеге келмей тұрып патшадан Ерофеевті Түркістаннан аластатып, Гиппиусты қалдыруды тұспалдаған еді. Алайда патша керісінше байламға келді: Гиппиусты Кавказға ауыстырып, Ерофеевті өлкеде қалдырып, лауазымын төмендетті. Өлкені басқаруға патшадан нақ Куропаткинді жіберуді өтінгендердің бірі түрікмен ханы Нұрбердінің жесірі Гюльжамал сұлу болды. Гюльжамал патша отбасының сүйіктісі Г. Распутиннің көмегімен патшаның қабылдауында болған еді.

1916 жылдың 8-тамызында Куропаткин Ташкенте жаңа қызмет орнына келді. Куропаткин Ерофеевке қарағанда қызмет етудің заң аясындағы әдіс-тәсілдерін таңдап алды. Өзіне көмекші етіп М.Тынышпаевты таңдап алғандығы да патша құпия қызметі (Охранка) назарынан тыс қалған жоқ. Өлкеге келген бойда Ерофеев өлім жазасына кескен 340 адамның 320-ның үкімін 10 және 4 жыл аралығында каторгалық жұмыстармен, ал 20 жыл катарголық жұмысқа жіберілгендер 12 айлық жұмыстармен алмастырылды. Ерофеевтің қарсылығына қарамастан Ходжент бүлігіне қатысқандар тұтқыннан түгелдей босатылып, басқа тұтқындардың жазасы онан әрі жеңілдетілгені сондай (конфирмация), өлкенің Бас әскери прокуроры Куропаткиннің үстінен әскери Ведомствоға шағымдарын үдетті. Одан Фольбаум қалыспады. Дінінен, ұлтынан безінген Фольбаум енді Шу мен Мерке аралығындағы бүлікшілерге неміс колонистерінің де қатысы бар деп өз қандастарын қанға бөктіргісі келді. Бірақ Куропаткинді сендіре алмады. Куропаткинге іш тартпаған Т. Рысқұловта оның рахымшылығын атап өткенді. Жазушы-тарихшы В.В. Владимиров «Жетісудің Гимлері» деп атаған Фольбаум мұнымен тоқтаған жоқ. Самсоновтың кебін киіп герман майданына жіберілмес үшін Қытаймен шекаралас аймақтарда жаңа «бүліктердің» шығуын аңсады және Куропаткинді Верныйға келтірмеудің амалын қарастырумен болды. Себебі Куропаткин «көрінген» жерлерде тыныштық орнай бастағанынан хабардар еді...

«Жарым патша» өкілеттілігін пайдаланған Куропаткин патшаның жергілікті Охранкасының құрылымдары мен тыңшыларына да ауыр соққылар берді. Бұл Ресей тарихында болмаған тәуекел және шешімділік еді. Өйткені саяси тыңшылық желеуімен – «под флагом политического сыска» - олар өздерінің құрбандарынан ақша бопсалауды тоқтатқан еместін. Куропаткин соққыларының күшті болғаны сондай тұрғындар – Охранка қызметкерлері үстінен шағымдарды үдетті.

1916 жылдың 17 қыркүйегінде императорлық географиялық қоғамның Түркістан бөлімі мәжілісінде Куропаткин өзі басқарып отырған өлке халықтарының дәстүрі, әдет-ғұрпы мен тілдері жайлы мазмұнды баяндама жасады. Ал келесі күні №249 бұйрығымен – «О наказании лиц

туземной администрации, занимающихся вымогательством» - шектен шыққан арыз чиновниктерге тосқауыл қойды. Әскери-прокурорлық бақылау орындары көтеріліске қатысушыларға қатысты 3 мыңнан астам адамға айыпталған үкім шығарса [3,231-б.], Куропаткин олардың санын барынша азайтып, өлкелік Бас прокурорды тағы да қатты састырды – «Куропаткин безосновательно смягчает приговоры военных судов». Демек, 1993 жылы шыққан «Қазақстан тарихының» алтыншы тарауы №4 «1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс» тақырыпшасындағы: «только по судебным приговорам, утвержденным генерал-губернатором Куропаткинским в Туркестанском крае на 1 февраля 1917 года было приговорено к смертной казни 347, каторжным работам - 168, тюремному заключению – 129 человек, не считая расстрелянных без суда и следствия, погибших от рук карателей и отрядов, сформированных из жителей переселенческих сел»[12,276-б.] – тұжырымы шындыққа сәйкес келмейді.

Бұл тұжырым Далалық өлке билеушілеріне қатысты шындыққа толық сәйкес келеді. Ақын С. Сейфуллин куәлендіруінше «Таланған қазақ елдерінің тәуір асыл нәрселері, орыс поселкілеріне толып кеткен. Кигіз, текемет, кілем, самауыр, шылапшын, ішік, күміс ер, жүген құйысқан осындай нәрселер поселкілерге одан әрі Ақмолаға толып кеткен»[13,38-б.]. Ал әскери губернатор М.М. Эверсман Торғай облысын аралап танысудан гөрі Орынбордағы резиденциясында отырып басқарғанды жөн көрді. Қазан әскери округі инфантерия генералы А.Г. Сандецкий халықты оңды-солды «сотпен» және сотсыз қырғынға ұшыратты[14]. Орынбордың «Заря» газеті жазғандай, 1916 жылдың 27-қарашасында М.М. Эверсман көтерілісшілер Нұрмұхамедов, Сейітов, Көпбаев, Саденовтерді дарға асуға дәті жетпесе, Сандецкий үкімді орындатқызды.

1917 жылдың 24-ақпанында Әбдіғаппар Жамбосынов әскері жеңіліске ұшырады. Қалыптасқан жағдайда Әбдіғаппар кеңес өткізіп, әскерін таратуды жөн көрді. Торғай көтерілісшілерінің алдында екі жоспар жасалынды. Ә. Жанкелдин Ресейде басталған революцияның артын күтуді ұсынса, екінші жоспар бойынша жазалаушы отрядтар шабуылға шыққан жағдайда – Қытай, Ауғанстан және Иранға үдере көшу болды. Көп күттірмей Ә. Жанкелдиннің айтқаны келіп Ақпан революциясы нәтижесінде патша тақтан тайдырылып, саяси ахуал уақытша жұмсарды. 1918 жылы 18-наурызда Қаратоғай шатқалында өткен болыстар кеңесінде Торғай уезін басқарған Уақытша комитет құрылып, басшылығына Әбдіғаппар сайланды. Алайда, кешегі көтерілісшілер ішінде алауыздық туып Ә. Жамбосынов, сардары А. Иманов 1919 жылы жұмбақ жағдайларда қайтыс болды. Алашордашылардың қолынан өлді деп кесіп айтуға болмайды[15]. 1953жылға дейін іштен тынып өмір сүрген Ә. Жанкелдин өзімен бірге барлық құпияны ала кетті...

Аласапыран уақытта биліктің әлсірегенін пайдаланған қылмыстық топтар 1916 жылдың көктемінен қазақ ауылдары мен қатар орыс елді мекендерін де емін-еркін тонауға мүмкіндік алды. Қарақшылық күнделікті кәсіпке айналды.

Жетісу өлкесіне қайта оралсақ. Куропаткин тарапынан «қысымдар» оңай болмаған болу керек, 1916 жылдың 22-қарашасында Фольбаум қайтыс болды. Оның орнын басқан полковник Алексеев және Куропаткин өлкенің жағдайын 1917 жылдың басынан патшаға бүкпесіз мәлімдей бастағанда – барлығы кеш еді. Бұл уақытта бүкіл империя көлемінде тәртіпсіздіктер басталды. 1917 жылдың көктемінен майдандардан қару-жарақтарымен орала бастаған «жетісулықтар» Верный қаласындағы анархияны күшейтті – «берсең қолыңнан – бермесең жолыңнан». Жартылай масаң тобыр Фольбаумның мәйітін қабірінен қазып алып көшеде сүйреп қорлады. Вандализм – революциялық уақыттағы тобыр мәдениетінің деңгейін көрсетті.

Өлкенің қоғамдық-саяси өмірінде Ақпан революциясынан кейінгі «демократтардың» да ой - өрісі бұдан алысқа ұзамады. Патшаның «қолшоқпары» болғандықтан ең бірінші кезекте, олардың сын садағы Куропаткинге бағытталды. Әсіресе демагог, дизертир Гришка Каин деген

лақап атпен белгілі «халық адвокаты», «қоғам қайраткері» Григорий Бройда дейтін көзге түсті. Кеңес жылдары да оның жолы болып, «коммунистік партияның көрнекті қайраткері» атанды және «заңдастырылған» жендеттер Ягода мен Вышинскийдің сенімді серігі болды.

1917 жылы наурыз айының соңында жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің екі күнге созылған мәжілісінде Бройда үлкен қиындықпен Куропаткин мен оның көмекшілерін биліктен кетіруге шешім шығарта алды. М. Шоқай айтқандай «жергілікті жұмысшы, солдат кеңестері депутаттарының бассыздығы, бұратана тұрғындардан - біз совдептер – жаңа орыс өкіметіненбіз деп бұрынғы приставтардан да қатаң түрде бағынуын талап етуі, кеңестер идеясы ғана емес, революцияның құнын түсірді»[16]. 1917 жылдың 9-сәуіріндегі санында «Туркестанский курьер» газеті «Выезд Куропаткина. Выехал в Петроград по распоряжению Временного правительства генерал А.Н. Куропаткин. Вместе с ним туда же выехал и бывший начальник штаба генерал Н.Н. Сиверс» деп жазды. Біз Куропаткинді «сүттен ақ, судан таза» деуден аулақпыз. Ол да ақ гвардияшыл генералдар Деникин, Колчак, Врангель т.б. сияқты большевизмге қарсы үлкен майдан ашуға қауқары бар еді. Бірақ ол жолды таңдап қантөгіске барған жоқ.

«Ақпан революциясының көсемі» «түркістандық» демократ А. Керенский де Түркістан мен Даладағы дағдарыстарды түзеуге саяси жігері жетіспеді[17, 51-52 бб]. Ол 1916 жылы тамыз айында, яғни Куропаткин өлкеге келіп жатқан уақытта Дума тарапынан өлкені ревизиялауға әріптесі Қутлуг Мухамед Бақтыгерейұлы Тевкелевпен бірге келіп кеткен-ді. Оларға Ташкенттен Мұстафа Шоқай қосылды. Депутаттық сұраныстар бойынша екі министрдің – ішкі және әскери – ісі сотқа берілді. Бірақ онда да патшалық бюрократиялық машинаны, қылмыстық басқару жүйесін сақтап қалу мүмкін болмаған еді. Керенский ғана емес, келесі бір «демократ» Ленин де «бұратаналар қозғалысына немқұрайлы қарады. Оның ойынша, ол бар болғанаы «империалистік соғыстың шағын дағдарысы» болды – «маленьким кризисом империалистической войны»[18, 112-б.].

Орайы келгенде айталық, отар халықтардан солдатқа адам алу соғысушы елдердің барлығында – Франция, Германия, Британия – болды. Осы мақсатта жергілікті халықтар арасында алдын ала үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Әскери қызмет жалдамалы – ақылы - негізде жүзеге асырылды. Мысалы ағылшындар қысқа мерзім ішінде армия мен қосалқы әскери корпусарға 1 миллионнан астам отар халықтардың адамдарын тарта алды (негізінен үнділер). Ағылшындар мобилизациялау уақытын дер кезінде таңдаса, Ресейде ол ауылшаруашылық жұмыстары қызатын жаз-күз айларында жүргізіліп халықтың наразылығын тудырды.

Түйіндей келгенде, 1916-17 жылдардағы Түркістан мен Дала өлкесіндегі дағдарыс патшалық Ресейдің дәстүрлі самодержавиялық басқару жүйесінің табиғатынан туындады. Өлке талантты да мәдениетті билеушілер тұсында ақылға сыйымды, сәл де болса жергілікті халықтардың мүдделері ойластырылған жағдайда қалыпты дамыды. Алайда XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында өлкелерді патшалық жүйенің ең жағымсыз да сұрқай топтары басқарған тұста өлкедегі әлеуметтік саяси жағдай барынша ауырлады. Қарақан басымен бас пайдасын көздеген «ерофеевшілдер» мен «фольбаумдар» жағдайды қолдан ушықтырды. Өлкені Куропаткин басқаруға келгенде «өркениетті жолмен» жағдай залалдандырылса, мұндай үрдіс болмаған Дала өлкесінде жағдай ушығып, ол Түркістан өлкесіне де әсер етті. Егер Торғай өңірін Куропаткин сынды губернатор басқарғанда – Әбдіғапар, Аманкелді мен де сөзсіз тіл табысып, қантөгіске жол бермеген болар еді – деп сеніммен айтуға болады. Жергілікті зиялылардың Ресей «демократтары» Керенский мен Ленинге артқан үміттері де уақыт көрсеткендей ақталмады.

Әдебиеттер тізімі

1. История коммунистической партии Советского Союза. Т.2. М.,1966.
2. Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. Алма-Ата,1984.
3. В.В.Владимиров. Избранное: Соч. в 5-х, Т.2 Нет повестей печальнее. Из прошлого – близкого и далекого. Алматы, «Балалар әдебиеті» 2010 – 320 с.

4. М.Тынышпаев. Политические выступления, научные труды, документы. Казахстан. Алматы, 2009 – 312 с.
5. Ф.Осадчий. Великий творец добра и света (страницы судьбы инженера М.Тынышпаева) «Арыс» Алматы, 2001 – 106 с.
6. Смагулова С.О. Ұлт зиялылары және діни ахуал (XIX ғ. соңы XX ғ. басы). //Отан тарихы. – Алматы, 2015. - №1(69). – 93-50 с.
7. Ыбраев У.С. Патшалық Ресейдің оңтүстік Қазақстандағы отарлау жүйесі (Граф К.И.Паленнің сенаторлық тексеру комиссиясының материалдары негізінде). Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты. 2008. – 26 б.
8. Ураимов Р. Переселенческое движение на юге Киргизстана (колониальный период).//Кыргызстан тарыхының маселелери (Вопрос истории Киргизстана). №2.2008. – 5-10 с.
9. Батырдың биік тұлғасы – Светлый образ батыра: материалдар, фото-документтер мен мақалалар. Құрастырған. Ш.Иманов, Х.Маданов. Алматы: Қазақстан 1986 – 144 б.
10. Балтабай. «Общие картины 1916 года в Уральской области». Издание общества изучения Казахстана. Қызылорда,1926.
11. Восстание 1916 года в Средней Азии и в Казахстане (Сборник документов). Политиздат. М.,1960.
12. История Казахстана. Очерки. Дәуір. Алматы,1993. – 416 с.
13. С.Сейфуллин. Тар жол тайғақ кешу. Алматы, Жазушы. 1977. – 392 с.
14. Аманкелді Иманов. Статьи, документы,материалы. Подред. С.Б.Бейсембаева. Алматы.Казахстан.1973. – 264 с.
15. Қабден Қалиұлы. Әбдіғар хан.//Ана тілі.2015. – сәуір- 2-8.
16. Мұстафа Шоқаев и большевизм. Сб. статьи (Сост. С.Ж.Сапанов) Алматы: Қазақ университеті., 2000. – 25 с.
17. Шашаев Ә.К. Жетісу мұсылмандарын бақылауға алу жүйесі (XIX ғ. соңы XX ғ. бас кезі).//Отан тарихы. – Алматы,2015. -№2 – 44-54 бб.
18. В.И.Ленин. О карикатуре на марксизм и об «империалистическом экономизме». псс. Т.30.

References

1. Istoria kommynisticheskoi partii Sovetskogo Souza. Т.2. М.,1966.
2. Ocherki istorii kommynisticheskoi partii Kazakhstana. Alma-Ata 1984
3. V.V.Vladimirov. Izbrannoe: Soch. V 5-h, T.2 Net povestei pechalnee. Iz proshlogo – blizcogo i dalecogo. Almaty, «Balalar adebieti» 2010 – 320 s.
4. M.Tinishpaev. Politicheskie vistuplenia, naychnie trydi, documenti. Kazakhstan. Almaty, 2009 – 312 s.
5. F.Osadchi. velikii tvoretc dobra i sveta (stranithi sudby inzhenera M.Tinishbaeva) “Aris” Almaty, 2001 – 106 s.
6. Smagulova S.O. Ult ziyalilari zhane dini ahual (XIX g. sony XX g. basy).//Otan tarihy. – Almaty, 2015. - №1(69). – 93-50 s.
7. Ybraev U.S. Patshalyk Reseidyn ontustyk Kazahstandagy otarlau zhuiesy (Graf K.I.Palennyn senatorlyk tekseru komissiyasynyn materialdary negyzynde). Tarih gylymynyn kandidaty gylymi darezhesyn alu ushyn daiindagan dissertatciyanyn avtoreferaty. 2008. – 26 b.
8. Uraimov R. Pereselencheskoe dvizhenie na uge Kirgizstana (kolonialnii period).//Kirgizstan tarihnyn maselelery (Vopros istorii Kirgizstana). №2.2008. – 5-10 s.
9. Batyrdyn biik tulgasy – Svetlii obraz batyra: materialdar, foto-dokumentter men makalalar. Kurastyrgan. Sh.Imanov, H.Madanov. Almaty: Kazakhstan 1986 – 144 b.
10. Baltabai. «obshie kartini 1916 goda v Uralskoi oblasti».Izdanie obshestva izucheniya Kazakhstana. Kyzylorda,1926.
11. Vosstanie 1916 goda v Srednei Azii i v Kazakhstane (Sbornik dokumentov). Politizdat. M.,1960.
12. Istoriya Kazakhstana. Ocherki. Daur. Almaty,1993. – 416 s.
13. S.Seifullin. Tar zhol taigak keshu. Almaty, Zhazushy. 1977. – 392 s.
14. Amankeldy Imanov. Statii, dokumenty, materiali. Podred. S.B.Beisembaeva. Almaty.Kazakhstan.1973. – 264 s.
15. Kabden Kaliuly. Abdygapar han.//Ana tili.2015. – sauir- 2-8.
16. Mustafa Shokaev i bolshevism. Sb. Statii (Sost. S.Zh.Sapanov) Almaty: Kazakh university., 2000. – 25 s.
17. Shashaev A.K. Zhetysu musylmandaryn bakylauga alu zhuiesy (XIX g. sony XX g. bas kezi).//Otan tarihy. – Almaty,2015. -№2 – 44-54 bb.
18. V.I.Lenin. O karikature na marksizm I ob «imperialisticheskom economizme». pss. T.30.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

А. ЯСАУИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Сагов Е.Ж.¹, Жасар Р.²

¹А. Ясауи атындағы ХҚТУ 1-курс PhD докторанты

E-mail: west-side_90@mail.ru

²Абай атындағы Қаз ҰПУ құқық және тарих факультетінің 2-курс магистранты

E-mail:riza_zhasar@mail.ru

Аңдатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада авторлар Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен қызметіне байланысты мәселелерді қарастырды, мысалы оның өмір жолдары, шығармашылығы, философиялық көзқарастары зерттеу нысанына айналды. Дәлірек айтқанда, Сайрам шаһарында дүние бесігін ашқан дара тұлғаның Арыстан баб, Хамадани сынды мәшһүр ғұламалардан білім алып, сол ілімді қоғамның рухани баюына шебер пайдалануы өзекті болып отыр. Дарындылығы мен еңбекқорлығының жемісі ретінде Ясауи Орта Азия мен Қазақ елінде исламды тарату мен кемелдендіруге сүбелі үлес қосты. «Диуани Хикмет» атты даналық жинағында өмірдің мәні мен маңызы, ақырет пен ақырзаман, исламның шариғи заңдары мен парыздары, Мұхаммед Мұстафа пайғамбарымыздың (Аллахтың оған сәлемі мен игілігі болсын) сүннет жолы және т.б. мәселелерді зерттеуге тырысты. Әрине, фәлсапалық сарында жазылған шығармалардың барлығына шынайы деп баға бере алмасак та Құран-кәрімнің сүрелері мен аяттарын мысал ретінде қосып, жазылған еңбектің шынайылық деңгейі мен ғылыми құндылығын арттырған болатын.

Кілт сөздер: хикмет, ғұлама, ислам, дін, Құран-кәрім, аят, сүре, сопылық, фәлсапа, өмір мен өлім, шариғи заңдар, ғылым, зиярат.

МЕСТО И РОЛЬ ТРУДОВ А. ЯСАВИ В ИСТОРИИ ТЮРКСКИХ НАРОД

Сагов Е.Ж.¹, Жасар Р.²

¹докторант 1-го курса PhD докторантуры МКТУ им. А. Ясави

E-mail: west-side_90@mail.ru

²магистрант 2-го курса факультета истории и права Каз НПУ им. Абая

E-mail: riza_zhasar@mail.ru

Аннотация. В статье было уделено особое внимание на исследование жизни и деятельности великого мыслителя Ходжа Ахмета Ясави. Например, его жизненный путь, труды, философические мировоззрения стали объектами исследования. Также автор отмечает что Ясави будучи учеником таких наставников как Арыстан баб, Хамадани получил качественный запас знаний и благодаря своему таланту и труду он мастерский использовал эти качества для процветания и распространения ислама на территории Центральной Азии и Казахстана. В главном своем труде «Дивани Хикмет», автор исследовал такие проблемы как значение и смысл жизни, последний и судный день, шариатские законы и столпы ислама, сунитское направление пророка Мухаммад Мустафа (да благославит его Аллах и ниспошлет мир) и другие. Несмотря на то, что Ходжа Ахмет Ясави в основном писал труды в философской форме, но тем не менее, не теряют свою значимость и по сей день. Потому что во многих произведениях автор проводит свое исследования опираясь на такие источники, как, суры и аяты из священной книги Корана и этим

он повышает научную значимость и объективность своих трудов.

Ключевые слова: хикмет, ученый, ислам, религия, Коран, аят, сура, суфизм, философия, жизнь и смерть, шариатские законы, наука, зиярат.

PLACE AND ROLE OF WORKS IN THE TURKIC PEOPLES HISTORY OF A. YASAWA

Satov E.Zh.¹, Zhasar R.²

¹1-st course PhD doctor of IKTU named after A. Yassawi

E-mail: west-side_90@mail.ru

²2-nd course MA student of Kazakh National Pedagogical University named after Abai

E-mail: riza_zhasar@mail.ru

Abstract. The essay has been removed special attention to the study of the life and works of the great thinker Khoja Ahmed Yasawi. For example, his way of life, writings, philosophical worldview became objects of study. The author also notes that Yasavi being a disciple of mentors like Arystan bab, Hamadani was the quality and supply of knowledge thanks to his talent and hard work, he masterfully used these qualities to flourish and spread of Islam in Central Asia and Kazakhstan. In the main his work "Diwani Hikmat", the author explored issues such as the value and meaning of life, the last and judgment day, sharia law and the pillars of Islam, Sunni direction of the Prophet Muhammad Mustafa (blessings be upon him peace and the world) and others. While Hodja Ahmet Yasawi mainly composed works in philosophical form, do not lose their relevance to this day. Because in many works of the author introduced examples in suras and verses from the holy book the Koran and that it increases the scientific value and objectivity of books.

Keywords: hikmet, scholar of Islam, the religion, the Qur'an, verse, Sura, Sufism, philosophy, life and death, sharia law, science, ziyarat.

Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстан аумағында таралуына сүбелі үлес қосқан шоқтығы биік тұлғалардың бірі Қожа Ахмет Ясауи. Өйткені оның еңбектері мен даналық хикметтерінің маңызы күні бүгінге дейін төмендеген емес. «Диуани хикмет» еңбегімен мәшһүр тұлғаның қаламынан сусындаған жолдар елдің рухани азығы мен тәлім-тәрбиелік қасиеттерін молайтуға ықпалын тигізері айдан анық.

Қожа Ахмет Ясауи 1040 жылы Сайрам қаласында дүниеге келіп Түркі әлеміндегі мұсылмандық дәстүрді орнықтырған ғұлама ұстаз. Әкесі – Ибраһим, анасы – Қарашаш ана. Ясауидің ата-анасының зияраттары Сайрамда орналасқан. Деректерде Қ.А. Ясауидің Ибраһим атты ұлы мен Гаухар атты қызы болғаны айтылады. Қ.А. Ясауи ұрпақтары осы қызынан тарайды. Кашифи «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабаның шәкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімдерінің сырын үйренгендігі туралы мәлімет береді [1]. Демек, Қожа Ахмет Ясауидің жастайынан-ақ танымал ұстаздардан білім алып, оқу-ағартуға құштар болғандығы белгілі.

Қ.А. Ясауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы «Диуани хикмет», «Мират-ул Қулуб», «Пақырнама» сияқты бізге жеткен мұраларынан көрінеді. Ясауи қалыптастырған хикмет дәстүрінің Ислам ақиқатының халықтың жүрегіне жол тауып сіңірудегі маңызы зор болды. Олар хикмет дәстүрін таратуда зікір тәжірибесінің үш түрін: алқа зікірі, арра зікірі, құпия зікір формаларын қатар алып жүрді [1].

Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам кемелдікке жетуі үшін қажетті білім – қал ілімін игеріп, Аллаһтың фазылымен берілетін – хал іліміне жетуі керек.

«Диуани хикметте» арифтердің Сұлтаны бастан-аяқ өзінің ғашықтық күйін, ғаріптік хәлін жырлайды. «Ариф ғашық тариқаттың дүр данасы» деген Ясауи ақиқатқа ішкі тәжірибе, өзін-өзі тану, діл тереңіне үңілу арқылы жетуге үндейді. Қ.А. Ясауи қылуатке түсуінің мәнісін халқымыз – Пайғамбарға деген махаббаттың және сүннетке адалдықтың үлгісі ретінде аңызға қосқан.

Қ.А. Ясауи Ислам сопылығының ажырамас бөлігі болып табылатын, түркі сопылығына негізделген тариқат жолын қалыптастырды. Бұл жолдың негізгі әдептері: шәкірттің ұстазға құрметі, адалдығы мен мойынсұнуы, Алланы тануға, жомарттыққа, тәуекелге, тафаккурға ұмтылу. Шәкірттердің негізгі міндеттері: кемелдікке жетуге, хаққа жақындауға тырысу, қауіп пен үміт хәлінде болу, үнемі Алланы еске алып, зікір ету, Ақиқат жайлы сөйлеу [1].

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде шыншылдық пен әділдік үшін ғұмыр кешу халыққа қызмет етумен байланыстырылады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Топырақ сипатты болып, өзін халқына арнау кемелдікті білдіреді. Қожа Ахмет Ясауи кемелдікке жету үшін адамда қуатты махаббат пен дерт болу керек дейді. «Дертсіз адам адам емес, мұны аңла; Ашқсыз инсан хайуан жынысы, бұны тыңда» [2]. Осы хикмет жолындағы «дертсіз адам» адамдық сезімнен жұрдай, өз ұлтының, қоғамының, Отанының алдында жауапсыз, мұңсыз, қара басының қамын күйттейтін жан. «Қуатты махаббат» – илаһи фитраттан, яғни Алла тарапынан адамға берілген құдайлық сыйдан мақрұм қалған, өзінің адамдық қадірін бағалай алмайтын, парасаттылыққа ұмтылмайтын, өзін қоршаған әлемге, адамға, табиғатқа, осының бәрін Жаратушы иеге мән бермейтін жан. Дертті адамның Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі алатын орны ерекше. Ол хикметінде “Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май” болсын дейді [2]. Дертті, шерлі адам пілте болып жанып, ашқ отына түсіп, қоғамның кемшілік тұстары мен ақсаған руханиятын көріп, көз жасы, қайрат-жігерімен одан шығар жол, дауа іздейді. Шынайы ашққа осы дерт арқылы ұласады. Ал ашқ кемелдікке жетелейтін күш-қуат көзі. Қожа Ахмет Ясауи ілімінде адамның жаратылыс мақсаты – Хаққа құлшылық ету, ол «Сізді, бізді Хақ жаратты ғибадат үшін» – дейді [2]. Бұл ғибадат – Хақты тану жолындағы ең жоғарғы мақам. Құдайлық ашқты, Аллаға деген махаббатпен тұтастықта көретін Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы Алла жаратқан адам баласын кемсітпей, өзімен тең дәрежеде құрметтеуді парыз деп қарайды. “Сүннет екен кәпір де болса берме азар, Көңілі қатты ділазардан Құдай бизар” деген хикмет адамның тегі мен түсіне, діні мен діліне қарамастан оған құрмет көрсету, адам ретінде ардақтауды пайғамбарлық сүннет ретінде танытады. Өйткені Қожа Ахмет Ясауи ілімі – дін, мәзһаб аясына сыймайтын шексіз махаббат жолы. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында «дертті адам», «топырақ адам», «кемел адам», сондай-ақ, «ғарип адам» тұлғалары да дәріптеледі [2].

Ғарип адамды кемелдік мәртебесіне жеткізіп, пайғамбардың қоғамдағы өкілі, ізбасары ретінде бағалайды. Қожа Ахмет Ясауи өзін де ғарип ретінде көрсетеді: «Ғариппін ешкімім жоқ, бейшарамын һәм пақыр, Сенен басқа кімім бар, рақым ет Аллаһ таң сәріде» – деп рақымды тек Аллаһтан ғана күтеді. Өйткені оны Аллаһтан басқа шын ұғатын, қолдайтын ешкім жоқ. Оны ғарип қылып, жалғыздыққа итермелейтін күш оның дүниеге деген көзқарасы, илаһи ашқ – Хақ жолына деген ұмтылысы мен махаббаты. Ғариптік – адамның өз-өзімен іштей күресіп, санасын сансыратқан мәселелердің шешімін табу жолында рухымен тілдесу, өз әлімен ғана ләззат алу сияқты көңіл-күйді білдіретін психологиялық хал. Сондықтан да Қожа Ахмет Ясауи «Қай жерде ғарип көрсең һем дем болғыл», - дейді [3]. Яғни оларға дем бер, қолдау көрсет, қасынан табыл, құрметте дегені еді.

Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында өмір мен өлім мәселесінің мәні өзгеше. Ғазали «өлімнің ақиқатын түсіну үшін, өмірдің мәніне жету керек, ал рухты білмей тұрып, өмірді тани алмайсың», - дейді. Оның ілімінде нәпсі – жамандықтың, рух – жақсылықтың қайнар көзі болып табылады. Жақсылық пен жамандық секілді нәпсі мен рухтың да қатар өмір сүруі мүмкін емес.

Рухтың өмір сүруі үшін нәпсінің өлуі шарт. Өйткені өмірдің мәні рухтың тазалығында, яғни көңіл айнасының сафтығында жатыр. Рух тазалығын мақсат тұту «ашқ» мәртебесіне ұласып, Хақ дидарын көру болып табылады. «Муту қабла ан тамуту-топырақ болмақ; Ашқтар өлмес бұрын өледі екен...» «Құл Қожа Ахмет, нәпсіні тептім, нәпсіні тептім, Өлмес бұрын жан берудің дертін шектім, Дидар тілеп тәрк етсем масиуаны; Өлмес бұрын болмысыңды айла фәни...» [4].

Бұлар – «өлмес бұрын өлу» философиясына тән хикметтер. Қожа Ахмет Ясауи мұнда масиуаны Хақтан басқа барлық дүниені тәрк ету арқылы шынайы өмір мәнін ұғынуға шақырады. Оның көзқарасы бойынша, «шынайы өмір» деп, рухтың нәпсіден арылып, илаһи нұрлармен шайылуын айтады. Бұл ілім негізінде адамдарды «өлілер» және «тірілер» деп қарауға болады. Бұл жердегі «өлі» және «тірі» ұғымы рухқа байланысты. «Өлілер» – дүниеде нәпсінің құлы болып өткендер, олар тірі болса да өлікпен тең. «Тірілер» – нәпсілерін жою арқылы рухтарына «өмір» сыйлағандар, олар өлсе де мәңгілік өмірмен қауышқандар, бақи мәртебесіне жеткендер. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымында физикалық өлім жоқ. Ол жай ғана рухтың тәннен айырылып, басқа бір халге ауысуы. Аллаға құлшылықтың ең жоғарғы халі – еркіндік. Рухани өмір ішкі рухқа қатысты болғандықтан, Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі еркіндік мәселесі де адамның «ішкі еркіндігі» шеңберінде қарастырылады. Ішкі еркіндікті ислам ахлағында «моральдық еркіндік» дейді. Яғни, Хаққа толық құл болған адам ғана толық еркін, азат. Демек, Алладан басқа барлық нәрседен тазару шынайы еркіндікке ұласады [5].

Сопы Хақ алдында құл, халық алдында азат, еркін. Рухани өлімнің нәтижесінде нәпсі үстемдік құрып, адамды өзіне құл етеді. Адам өзінің жаратылысын, табиғатын жатсына бастайды. Нәтижесінде рух еркіндіктен айырылады. Қожа Ахмет Ясауи әдісі бойынша, рухты еркіндікке қауыштырудың жолы – зухд Қожа Ахмет Ясауи ілімінде ішкі еркіндікке жетудің дәрежелері мен басқыштары айтылады.

Бұлар сопылық дүниетанымдағы «халдер» мен «мақамат» категорияларының рет-ретімен жалғасуы арқылы жүзеге асады. Ішкі еркіндік жайындағы мәліметтің негізі – дін. Ал дін адамзатқа «ішкі құлдықтан» құтылу және «ішкі еркіндікке» жетудің жолын көрсететін Аллах тарапынан берілген илаһи жолдағы Қожа Ахмет Ясауи ілімі бойынша, «өлілер» мен «тірілер» ұғымына сәйкес, еркіндік мәселесінде де адамдарды екі топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топ – «еркіндікті аңсаушылар». Бұлар тек қана Хаққа табынып, құлшылық етеді. Екінші топ – «еркіндіктен қорқатындар». Бұлар – нәпсі, мансап, байлық, атақ, дүние, адамға, т.б. табынып, құлдық ұрады. Хикметтің басы – Аллахты бар және бір деп білу [6].

Қожа Ахмет Ясауи адам баласы осы шындықтан бейхабар қалғанда өзінің негізінен алыстай бастайтындығын айтады. Осы ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп біледі. Сонымен қатар, Аллахты танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтады. Адам – микрокосмос болса, рух, бүкіл әлем, болмыс – макрокосмос, Аллахтың аяттары, яғни белгілері. Адам – рух әлемінде Аллахпен болған сұхбат-антты бұзбай «Зікір» арқылы үнемі есте сақтаушы. Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі зікір, сама сияқты әдістер Аллахпен болған сертті ұмытпау үшін қолданылған. Адамның арабша “инсан”, яғни “ұмытшақ” екендігін ескергенде, Құранның бір аты болып табылатын зікір адамдық болмысты толықтырып, кемелдендіріп отыратын әдіс екендігі белгілі [7].

Жалпы сопылық дүниетанымға тән теориялық-тұжырымдамалық ұстанымды Қожа Ахмет Ясауи түркілік дүниетаным негізінде жаңғыртты. Ислам тарихында дінді ұғынудың, қабылдаудың ерекше түрі ретінде пайда болған «сопылық ағым» ресми діндегі қасандыққа қарсы бағыт ретінде бой көрсетті. Сол секілді Қожа Ахмет Ясауи ілімі де түркілік дүниетанымның негізгі категориясы болып табылатын әмбебаптыққа сай дамыды. Тәңірді жазалаушы, қорқыныш иесі ретінде ғана емес, Тәңірді сүю және оның үкімдерін құрметтеу арқылы Аллахқа махаббатпен қауышу-ұласу әдістерін қалыптастырды. Өйткені сопылық дүниетанымда Аллах – ғашық,

мағшуқ әрі ғашықтықтың өзі болғандықтан да, ғашықтық болмыс жаратылысының ең негізгі мұраты. Бұл адам бойында махаббат, жауапкершілік сезімді, иман, т.б. асыл құндылықтарды қалыптастырады. Адам хикмет арқылы, оның нәтижелі жемістерінің негізінде ғана мәнді, мағыналы өмір, «адамша тіршілік ету өнерін» меңгере алады.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың өзегі – ахлақ, яғни мораль. Ахлақ – хикметтің нәтижесінде қалыптасқан рухани құндылықтар жиыны. Адам ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге ие болады. Яғни, адам ахлақтық-рухани құндылықтарды бойына сіңіргенде ғана «шындыққа», «жан тыныштығына» қауышады.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде «жан тыныштығы», «шындыққа жету» адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тариқатта жүзеге асады. Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін өзі меңгеруге қолы жетіп, «Кемел адам» тұрпаты қалыптасады. Көшпелі түркі қауымын имандылыққа шақыру арқылы Қожа Ахмет Ясауи ілімі барша түркі халықтары мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізі сыршылдық дін екендігін ескерсек, сопылық танымның түркі мұсылмандығының ең маңызды ерекшелігін қалыптастырудағы себептерін ұғыну қиын емес. Бұл құбылыстың табиғилығын дін феноменологиясы тұрғысынан қарасақ, діндердің таралуындағы ескі ұстындардың толығымен жойылмайтынын, жаңалары сол құндылықтар, түсінік, ұғымдар негізінде өз орнын табатынын көруге болады. Көбінесе діндерде ескі ұстындар мистикалық институттармен тұтасып, «халық діндарлығы» түрінде тіршілігін жалғастырады. Бұл құбылыстың көрінісін Қожа Ахмет Ясауи дың сопылық-моральдық ілімінен көруге болады. Оның «құрма» символизмі арқылы Мұхаммед пайғамбарымызға (Аллахтың сәлемі және мейірімі болсын) байлануы, осы құбылысқа Арыстан бабтың «себеп» болуы, өмірін пайғамбар өміріне ұқсатуға тырысуы, пайғамбарға ұқсаудың ишараты ретінде ұлының атын Ибраһим қоюы, пайғамбар жасына келгенде тірідей «жерасты мешітіне», яғни қылуатке түсуі, осының бәрі оның іліміндегі көшпелі түркілерге исламды таратудағы маңызды әдістемелік, құбылыстық ерекшелік әрі жаңалық болып табылады [8].

Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тіл – шағатай тілінде сөйлетті. Қасиетті кітаптың арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шариаттың қыр-сырын, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды.

Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Оның жазба әдебиет үлгісіндегі шығармалары түркі топырағында ертеден қалыптасқан суырыпсалмалық дәстүрдегі әдебиетке жаңа серпін, тың мазмұн алып келумен қатар, оны түр жағынан көркейтіп, кемелдендіре түсті. Сөйтіп, бұрыннан дидактикалық сипаты басым түркі әдебиеті насихаттық ой тұжырымдармен толыға түсті. Ол фольклор мен жазба әдебиеттің өзара жақындасуының, толысып, көркеюінің дәнекері бола отырып, Шығармашылық әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі эпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды.

Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы түркі-мұсылман әлеміне кеңінен танылып, Ясауише хикметжазу дәстүрге айналды. Кіші Азияда Қажы Бекташ, Жүніс Әміре, Сүлеймен Бақырғани хикметтерінен Қожа Ахмет Ясауи сарыны байқалды. XII ғасырдан бері түркі халқының дүниетанымына елеулі ықпал еткен Қожа Ахмет Ясауи сарыны Асан Қайғыдан Абайға, сондай-ақ, күні бүгінге дейінгі қазақ ақындары шығармаларында көрініс тапқан.

Түркі жұрты мен мұсылман ортасында белгілі орта ғасырлық ғалымдардың бірі исләмнің таралуы үшін дүниеге әкелген сопылық философиялық трактаттардың иесі Қожа Ахмет Ясауи келешек ұрпаққа елеулі мұра қалдырды. Оның «Диуани Хикмет» атты туындысы адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді сипаттап ашып көрсетуге арналған [9].

Қ.А. Ясауи өзінің бүкіл жарқын қабілеті мен дарынын, күш жігерін түркі халқына, туған еліне жалпы түркі дүниесіне, әсіресе өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жұмсаған ғұлама. Оның әдеби, мәдени, сопылық шығармалары бүкіл түркі әлеміне оның ішінде қазіргі қазақ әдеби тілінің кемелденуіне, ал оқу-ағарту саласындағы көзқарастары бүкіл түркі әлеміндегі, оның ішінде еліміздегі педагогикалық ой-пікірлердің пісіп жетілуіне, хикметтері мен рухани адамгершілік мұралары ұлттық тәлім-тәрбие беруде үлкен ықпал етуде. Сол себепті Ясауидің ілімі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпақ емес.

Ясауидің еңбектерінің өзектілігі мен маңызы, ал ең бастысы шыншылдығының мол болуын оның қалам тартқан беттерінде он сегіз мың ғаламды жаратқан Субхан Аллах-тағаланың адамзат баласына тура жол көрсету үшін соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға (Аллахтың сәлемі және мейірімі болсын) түсірілген Құран-кәрімнің үзінділерінің бейнеленгендігі болып табылады. Өйткені он төрт ғасыр бойына еш өзгермеген және әлемнің барлық тілдеріне дерлік аударылған қасиетті кітаптың сүрелері мен аяттарын шебер пайдалану арқылы ғұлама ғалым өз еңбектерінің ғылыми құндылығы мен шынайылық деңгейін арттырды. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, Ахмет Ясауи өз Хикметінде:

Куллу мән ғаләйһә фән,
Өледі екен басқа жан бір Аллахтан.
Исрафыл сүр сүрлеп, келер тағы
Көрден бәрі тіріліп шығар заман,- дейді.

Бұл шумақта «Куллу мән ғаләйһә фән» сөздері Құран-кәрімнің «Рахман» сүресінің 26-аятынан алынған [10]. Тәфсірі: бүкіл жер жүзіндегілер түзейді (өледі). Яғни аталмыш жолдарда аят мысалға алынған [11].

Ахмет Ясауи хикметтерінде қарастырған мәселелерде дәлел келтіру үшін немесе оларды түсіндіру мақсатымен бірнеше аятқа сілтеме жасаған. Ол хикметтің тілінде Құран Кәрім үшін «Құран» немесе «кәлам» терминдерін қолданған. Осы тұста бір-екі мысал бере кетейік. Сілтемелердің бірінші түрі аяттар тікелей сол қалпында алынған. Мысалы, 94-хикметтің оныншы шумағындағы «Бір тамшы судан жаратылды деді ваиз» сөзі Нахл сүресінің 4-аятындағы «бір тамшы суды (нутфа)» баяндайтын бірнеше аяттың мағынасы болып табылады. 116-хикметтің бірінші шумағындағы «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе? деген кезде, «Иә» дегенімді білмедім» сөзі Ағраф сүресінің 172-аятынан алынған (أَلَسْتُ بِرَبِّكُمْ قَالُوا بَلَىٰ : Әләсту бираббикум қалу бәлә). Бұл тақырып жиі қайталанып, әрдайым осы аятқа сілтеме жасалынып отырады. Мына төмендегі шумақтарда сілтемелер жасалынады: 7-хикмет 4-шумақ, 43-хикмет 10-шумақ, 62-хикмет 3-шумақ, 88-хикмет 27-шумақ. 83-хикметтің төртінші шумағының үшінші қатарында болса «Барлық жан өлімнің дәмін татады» деген аят бар, Құранда осындай хабар берілген», -дейді. Бұл сөз Әли Имран сүресі 185-аяты мен Әнбия сүресі 35-аятындағы «барша жан өлімнің дәмін татады» (كُلُّ نَفْسٍ ذَائِقَةُ الْمَوْتِ) : куллу нафси заикат-ул маути) бөлігінің аудармасы болып табылады. 70-хикметтің сегізінші және он төртінші шумағындағы «Әй иман келтіргендер (мүміндер), сабыр етіндер және қиындықтарға төзіндер» сөздері Әли Имран сүресі 200-аятынан алынған. Бұл мысалдардан белгілі болғанындай Ахмет Ясауи өлеңнің тілі мүмкіндік бергенінше Құран аяттарынан пайдаланған. Яғни, аяттарды толық ала алмағандықтан тақырыпқа сай келетін бөліктерін кәдеге жаратқан [12].

Сілтеме жасаудың екінші түрі болса аяттардың мағынасын алу арқылы жасалынған. Олардың көпшілігі аяттардың мазмұнын білдіреді. Бірінші мысалымыз «жақсылықты әмір етіп, жамандықтан тыю» (әмри бил-маруф наһи ан-ил мункар) (121. хикмет) мәселесі. Белгілі болғанындай бұл тақырыпты Құран жиі-жиі көтеріп, оны мұсылмандар үшін міндет етеді. Мысалы мына аяттарға көз жүгіртер болсақ: 3 Әли Имран 104-аят, 57 Хадид 4-аят. Сонымен бірге 121. хикметтің он төртінші шумағында өтетін түнгі намазға тұру керектігі жөніндегі сөздер Инсан сүресінің 26-аятына негізделген. Тағы бір жерде тәубе еткен мүміндердің ақыретте қол жеткізетін сауабы туралы айтылады. Құран Кәрімде көптеген аяттарда, әсіресе Әли Имран сүресі 135-136, Мәриям сүресі 60-аят және Тахрим сүресі 8-аяттарда бұл мәселе айқын түрде түсіндіріледі. Сондай-ақ осы аяттарды атап өтпей-ақ оларды еске түсіретіндей етіп «Тәуба етіп Хаққа бет түзеген ғашықтарға жәннаттың ішінде төрт өзенде шәрбат бар» (29/1) дейді. Сонымен қатар хикметтің бесінші шумағында Ниса сүресінің 69-аятында айтылатын құлшылықтар туралы баяндалады [12].

Ясауи ең көп тілге тиек еткен аяттардың бір бөлігі де зікірге қатыстылары. Бұл мәселеде Жұма сүресінің 10-аяты мен Ахзаб сүресінің 41-аятындағы «Алланы көп еске алыңдар» сөзінің түсіндірмесін қолданады (Хикмет: 16/1, 68/4, 91/2, 109/2, 103, 4). Сопы ретінде оның бұл ұстанымы әдеттегі қалыпты жағдай болып табылады. Аяттың әртүрлі құлшылықтарды қамтитын кең мағынасы болса да сопылық дәстүрде мұндай аяттар көбінесе «зікір ету» түрінде тар мағынада қолданылған. Ясауи де осындай түсінікте болған. Оның «Құл хуаллах, субханаллах десем» сөзін (123/1, 144/13) осы тұрғыдан бағалауға болады [12].

Соңғысы ретінде Ясауидің хикметтеріндегі аяттарға жасалынған сілтемелерге тоқталайық. Мысалы, 31-хикметтің жетінші және 70-хикметтің тоғызыншы шумақтарында Һарун, Перғауын, Хаман және Хз.Мұса туралы Құран Кәрімде баяндалатын қиссаларға сілтемелер жасалынады. Аталған хикаялар Анкабут сүресінің 39-40, Назиат сүресінің 24-25 аяттарында және Таһа сүресінің басында баяндалады. 121-хикметтің он екінші шумағында Жүсіп пайғамбар (12 Жүсіп 1-21), он төртінші шумағында Ибраһим пайғамбардың отқа тасталғандығы жөніндегі қиссаға (21 Әнбия 69) сілтеме жасалынады. Хз.Исмаилдың құрбандыққа шалынуы тақырыбын баяндайтын шумақтарда болса (123/5, 142/13) Сафват сүресінің 102-аятының мағынасы берілген. Кейде Ясауи Құрандағы ұғымдарды дәл сол күйінде қолданады. Олардың қай хикметте қолданылғандығына да тоқтала кетсек: айн-ал йақин, илм-ал йақин (9/21), жаннат-ул фирдаус (103/4), сидрат-ул мунтаха (122/5), арш, лауһ, қалам (128/6), қираман катибин (135/5). Бұл жерде Ахмет Ясауидің өлеңдеріне есім етіп берген «хикмет» сөзінің де Құранда көп кездесетін ұғым екендігін айта кетуіміз керек.

Хикметтерде кейбір сүрелер мен аяттардың аты аталады: Фатих сүресі (1/18), Таһа сүресі (6/4), Бараат аты (20/8), Ясин сүресі (120/2) [12].

Қожа Ахмет Ясауи иманның орта ғасырлық кезеңдегі ахуалына байланысты мәселелерді де көтерген болатын. Мәселен, Ясауи 86-хикметінде:

Халайықтар пасық болып, діні жоқ,
Ислам зағип болып, қолдан кетті көріңдер.
Ораза, намаз, иман қолдан кетті,
Әр күн бітер, диуанихадис өтті,
Төрт расулдың айтқандары енді жетті,
Көріңдер енді бұл дүниені қараңғылық басты [13].

Яғни адамдар хақты ұмытып, нәпсінің қызметіне жан-тәнімен сатылғандықтан ел басына белгісіз қиыншылықтардың түсуі негізгі себеп деген ой тастайды. Адамдар мұсылманшылықтың талаптарын орындамай, өмірдің мәнін жоғалтып, мағынасыз тіршіліктің нәтижесінде Аллах-тағаланың қаһарына ұшырап, ақырзаманды жақындатты деп тұжырым жасайды.

Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы, рухани адамгершілік мұралары философиялық, тарихи, мәдени, әдебиеттану, тілтану т.б. бағытта біршама зерттеліп, тиісті бағасын алып келеді. К. Зейбек [14], Ә.Н. Нысанбаев пен Д. Кенжетай [15], М.Ф. Көпрулү [16], Ә. Дербісәлиев [17], Е. Кемал [18], Р. Сыздық [19], Ә. Құрышжанов [20], Д. Кенжетай [21], Ә.Н. Наджип [22], Р. Сыздықова [23] көптеген ғалымдардың еңбектері ұлы ғұламаның шығармашылығы мен рухани адамгершілік мұраларын әдеби танымдық тіл білімі және философиялық тұрғыдан әр жақты қарастырады.

Ахмет Ясауидің өмірі мен қызметі, оның еңбегі жайында отандық зерттеушілердің жазғандары аз емес. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, А.Ағайдарова ұлы ғұлама туралы былай дейді: «Ясауи өз заманының түлегі, өз дәуірінің бел баласы. Оның айқындамасы, тәлім-тәрбиесі, ортасы исләм діні болып, діни-философиялық дүниетанымы исләм аясындағы сопылық идеялар негізінде қалыптасты. Ясауи үшін ағартушылық миссияның мазмұнын белгілеген Алла сөзін, Хақ жолын дәріптеу үлкен парыз ретінде танылды. Ол өзінің өмірден түйгенін, оқып-тоқығанын туған жеріне жеткізіп, Хақ жолына бастар бағыт-нышандарын көрсетіп, насихат жүргізуді өмірлік міндет, халқына қызмет деп білді» [24].

А.Ағайдарова Ясауи жайында тағы да жазған болатын: «Түркі тасаввуфы тарихында түркі сопылығының негізін салушы Ахмет Ясауи, исламнан бұрынғы буддизм, шаманизм, манихеизм мәдениетін білетін түркі тайпаларына ислам дінін сопылық жол арқылы қабылдауға болатынын көрсетті. Сол арқылы түркі тайпалары арасында мұсылман-түркі мәдениетінің негізін қалады» [24].

Т.ғ.к. З. Жандарбек Ахмет Ясауидің ғылыми тұлғасын былайша суреттейді: «Түркі мәдениеті мен мемлекеттілігінің қайта жандануына Ясауи ілімі мен сол ілім негізінде тарих сахнасына шыққан ясауи тарихатының белсенді әрекеті игі ықпалын тигізді» [24].

Зерттеуші М. Исахан Қожа Ахметтің сопылық ілімі аясында баяндады: «Ясауи классикалық сопылық ілімнің ірі өкілдері секілді өз дәуірінің надандығымен арпалысып, сауаттануды хақиқатты танытар алтын жіптің арқауы етіп көрсетті» [24].

А. Шаяхметова «Қожа Ахмет Ясауи және түркілік дүниетаным атты мақалада» былай деп жазған еді: «Ясауидің асыл мұрасының бірі – диуани хикмет – ілім-білімнің қайнары. Адам кемелдікке жету үшін қажетті білімді игеріп, онымен қарулануы қажет. Ғұламаның одан басқа Мират ул-Құллуб, Пақырнама, Көңіл айнасы» [24].

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи ислам діні мен жергілікті дәстүрді сабақтастырып, халықтың рухани тұрғыдан кемелденуіне өз үлесін қосты. Оның қарымды қаламынан туған «Диуани Хикмет» атты еңбегінде Құран-Кәрімнің сүрелері мен аяттарына мысалдар келтірілген. Елді бейбіт өмір мен ибалылыққа шақырды. Хақты танудің бірден бір жолы ислами ілім жинау екендігін жете түсінді. Сауаттылық пен еңбекқорлық арқылы тұлғаның қараңғылықтан құтылып, жарық сәулеге енетіндігін жазды. Сәбилік күннен берілген өнегелі тәлім-тәрбие бала бойына бітетін іргетас іспеттес деген болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. http://www.madenimura.kz/kk/culture-legacy/region/south_kazakh_oblast/memorial/yassauy. – 03.02.2016.
2. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: Арыс баспасы, 2005.
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы: Атамұра баспасы, 2011.
4. kazorta.org/ozha-ahmet-yassauy-ilimi. – 03.02.2016.
5. Әліпхан.М. Қ.А. Ясауи хикметтерінің адамгершілік іліміне қатысы // Қожа Ясауи мұраларының бүгінгі таңдағы зерттелу көрінісі. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Арыс баспасы, 2008. – 405 б.
6. Ж. Камалқызы. Қ.А. Ясауи хикметтері және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы / Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелуі – Түркістан, 2008.
7. «Ясауи әлемі» журналы, 2010. – № 3-4(5). – 102 б.; 2011. – № 2(7) – 74 б.
8. Д. Кенжетай. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымын зерттеу проблемелары. – Түркістан, 2004. – 341 б.
9. kazakhstan.orexca.com/rus/khoja_akhmet_yassavy.shtml. – 03.02.2016.

10. Құран-Кәрім. Рахман сүресі, 26-аят.
 11. Халифа Алтай, Дәлелхан Жаналтай. Құран кәрім, қазақша мағына және түсінігі. Сауд Арабиясы, «Фахд» баспасы, 1991 ж.
12. e-islam.tarmpi.kz/index.php? – 03.02.2016.
 13. bigox.kz/kozha-ahmet-yasau-diuani-xikmet. – 03.02.2016.
 14. К. Зейбек. Қожа Ахмет Ясауи жолы және таңдамалы хикметтер. – Анкара: 2003. – 255 б.
 15. Ә. Нысанбаев, Д. Кенжетәев. Қожа Ахмет Ясауи // Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: 2000. – 656 б.
 16. М.Ф. Көпрүлү. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы. – Шымкент: 1999. – 246 б.
 17. Ә. Дербісәліев. Шыңырау бұлақтар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 256 б.
 18. Е. Кемал. «Дивани хикметтен» сечмелер. – 1983.
 19. Р. Сыздық. Ясауи тілінің қыпшақтық-оғыздық негізі // «Түркология» журналы, Түркістан: 2002. – № 2. – 106-110 бб.
 20. Ә. Құрышжанов. Қ.А. Яссауи шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1994. – № 5. – 24-33 бб.
 21. Д. Кенжетай. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы, 2008.
 22. Э.Н. Наджиб. Культура и тюркоязычная литература Мамлюкского Египета XIV века. – Туркестан: Туран, 2004. – 291 с.
23. Р. Сыздықова. Ясауи «Хикметтерінің тілі». – Алматы: Сөздік-словарь, 2004. – 549 б.
 24. Ясауи әлемі журналы, 2010. – № 2. – 32-95 бб.

References

1. http://www.madenimura.kz/kk/culture-legacy/region/south_kazakh_oblast/memorial/yassayu. - 02.03.2016.
 2. Отырар. Jenciklopedija. – Алматы: Arys baspasy, 2005.
 3. Мұхтар Әуезов jenciklopedijasy – Алматы: Атамұра baspasy, 2011.
 4. kazorta.org/ozha-ahmet-yassau-ilimi. – 03.02.2016.
 5. Әліпхан.М. Қ.А. Jassaui hikmetteriniñ adamgershilik ilimine қатысы // Қозха Jassaui мұраларының бүгінгі таңдағы зерттелу көринісі. Hалықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Arys baspasy, 2008. – 405 б.
 6. Zh. Kamalқызы. Қ.А. Jassaui hikmetteri zhәне қазақ әдебиетіндегі дәстүр zhal'fastығы / Қозха Ahmet Jassaui мұралары мен іliminiñ zerttelui – Түркistan, 2008.
 7. «Jassaui әlemi» zhurnaly, 2010. – № 3-4(5). – 102 б.; 2011. – № 2(7) – 74 б.
 8. D. Kenzhetaj. Қозха Ahmet Jassaui дүниетанымын зерттеу problemelary. – Түркistan, 2004. – 341 б.
 9. kazakhstan.orexca.com/rus/khoja_akhmet_yassavy.shtml. – 03.02.2016.
 10. Құран-Кәрім. Рахман сүресі, 26-аят.
 11. Halifa Altaj, Dәlelhan Zhanaltaj. Құран кәрім, қазақша мағына және түсиниги. Saud Arabijasy, «Fahd» baspasy, 1991 zh.
 12. e-islam.tarmpi.kz/index.php? – 03.02.2016.
 13. bigox.kz/kozha-ahmet-yasau-diuani-xikmet. – 03.02.2016.
 14. K. Zejbek. Қозха Ahmet Jasaui zholy zhәне таңдамалы hikmetter. – Ankara: 2003. – 255 б.
 15. Ә. Nysanbaev, D. Kenzhetajev. Қозха Ahmet Jasaui // Түркistan. Hалықаралық jenciklopedija. – Алматы: 2000. – 656 б.
 16. M.F. Kөpryly. Қозха Ahmet Jasaui таным мен тағылымы. – Shymkent: 1999. – 246 б.
 17. Ә. Derbisәliev. Shыңyrau бұлақтар. – Алматы: Zhazushy, 1982. – 256 б.
 18. E. Kemal. «Divani hikmetten» sechmeler. – 1983.
 19. R. Syzdyk. Jasaui tiliniñ қыршақтық-оғыздық negizi // «Түркologija» zhurnaly, Түркistan: 2002. – № 2. – 106-110 бб.
 20. Ә. Құрыshzhanov. Қ.А. Jassaui шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері // ҚР ҰҒА Hаbаrlary. Tіл, әdebiет serijasy. – 1994. – № 5. – 24-33 бб.
 21. D. Kenzhetaj. Қозха Ahmet Jasaui дүниетанымы. – Алматы, 2008.
 22. Je.N. Nadzhip. Kul'tura i tјurkojazychnaja literatura Mamljukskogo Egipeta XIV veka. – Turkestan: Turan, 2004. – 291 s.
 23. R. Syzdykova. Jasaui «Hikmetteriniñ tili». – Алматы: Sөzdik-slovar', 2004. – 549 б.
 24. Jasaui әlemi zhurnaly, 2010. – № 2. – 32-95 бб.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шайхығалиев Ербол Аманжолович¹, Изтелеуова Ляззат Имашевна², Бекишев Куандык Омарович³

¹тарих мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі

²с.ғ.к., әлеуметтік жұмыстардың PhD докторы

³аға оқытушы

Аңдатпа. Кіріспе. Бұл мақалада Түрік қағанаты кезеңіндегі түріктердің Ұлы далада орнатқан басқару жүйесінің ерекшеліктері сипатталған. Аталған мәселе Л.Н.Гумилевтің «Көне түріктер» және Н.Я.Бичуриннің еңбектеріндегі мәліметтер негізінде қарастырылады. Мақалада түріктердің қағанаттағы ішкі талас-тартыстарға тосқауыл жасау үшін жаңа басқару жүйесіне үлкен сенім артып, оны тиімді пайдалану жолдарын іздестіргені айқындалған. Мақаланың негізгі ерекшелігі – түріктік басқару басқару жүйесі сипаттала отырып, оның қолданылу барысы, жетістіктері мен олқылықтарының ашық көрсетілуінде.

Түйін сөздер: түрік, Л.Н.Гумилев, қағанат, еншілік-таспиқтық жүйе, Мұқан қаған.

ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ В ТУРЕЦКОМ КАГАНАТЕ

Шайхығалиевболлол Аманжолович¹, Изтелеуова Ляззат Имашевна², Бекишев Куандык Омарович³

¹Магистр гуманитарных наук по специальности история

²к.с.н., доктор PhD социальных работ

³старший преподаватель

Аннотация. Введение. В данной статье описаны особенности системы управления, установленной турками в Великой степи периода Тюркского каганата. Данный вопрос рассматривается на основе данных из трудов Л. Н.Гумилева «древние турки» и Н.Я.Бичурина. В статье выясняется, что турки очень доверяют новой системе управления для сдерживания внутренних споров в каганате и ищут способы ее эффективного использования. Основная особенность статьи-турецкое управление в открытом изложении хода, достижений и пробелов его применения с описанием системы управления.

Ключевые слова: тюрк, Л. Н. Гумилев, каганат, еншилик-таспикская система, Мукан Каган.

CHARACTERISTICS OF THE GOVERNING SYSTEM IN TURKIC KHAGANATE

Shaikhaliyev Yerbol Amanzholovich¹, Izteleuova Lyazzat Imashevna², Bekishev Kuandyk Omarovich³

¹Master of Arts in History

²PhD in social work

³senior teacher

Abstract. This article describes the features of the governing system established by Turkic Khaganate. The issue of this paper is discussed in terms of facts in L.N. Gumilev's "Ancient Turks" and N.Y. Bichurin's works. It is determined that establishment of new governing system and its effective appliance played a crucial role in the hindering internal tensions of the Khaganate.

Keywords: Turkic, L.N. Gumilev, khaganate, appanage based agnatic seniority, Muqan Qaghan

Орта ғасырлық мемлекеттердің қалыптасу кезеңінде Орталық Азияның солтүстігі мен Оңтүстік Сібірді мекендеген тайпалардың арасында түріктер басты рөл атқарды. Жужандардың (авар) тағылық мемлекетіне нүкте қойып, Ұлы даланы біріктірген түріктер Түрік қағанатының негізін салды. Түріктердің мемлекеті көк сауытты атты әскердің жеңістері нәтижесінде құрылғанына қарамастан, қағанаттың аты жүздеген жылдар бойы өшпеді. Бұл түріктердің бағынған халықтардың тілін тауып, тілегінен шыға білгенін көрсетеді. Орасан зор жер мен бодандарды бағыныштылықта ұстау үшін ерекше басқару жүйесі қажет болды. Ол жүйе түріктерде еншілік-таспиқтық жүйе деп аталды.

Түрік қағанатының билеушісі қаған, яғни елхан лауазымын иеленді. Қаған саяси, әскери және азаматтық билікке ие болды, бірақ оның билігі ру ақсүйектерінің кеңесі тарапынан шектеліп отырды.

Мемлекеттің қағаннан кейінгі бірінші адамы жабғу болды. Жабғу қағанның уәзірі, орынбасары қызметін атқарды. Бұл лауазымды орынға қаған әулетінен шыққандар ғана тағайындалып отырды. Мысалы, Бумын қағанның тұсында жабғу шенін оның інісі Істеми иеленді. Алайда жабғу қағанның мұрагері болып есептелінбеді. Мұрагерлер, атқаратын қызметіне қарамастан, «тегін» деп аталған. «Тегіндерге» қағанның ұлдары мен жақын туыстары жатты. Қарауында билейтін еншілі жер-суы бар текті ханзада «шад» деп аталды. «Шад» ұғымын «сұлтан» сөзімен сәйкестендіруге болады. Түріктерде қаған ұрпақтарының тектілігіне үлкен назар аударылған. Егер әкесі қаған ұрпағы болып, анасы қарадан шықса, ол адам «шад» бола алмаған [1, с. 260].

Төменірек шендерді Ашина әулетіне жатпайтын адамдар алған, дегенмен барлық қызмет орындары мұра етіп қалдырылып отырған.

Қағанат бағынышты халықтардан алым-салықты жинап отырды. Тіпті Иран мен Қытайдың патшалықтары да жыл сайын түріктерге бейбітшіліктің немесе одақтың өтемі ретінде сый-сияпат жіберіп отырған. Ел аумағындағы билік Ашина әулетінің қолында болды. Еуразия кеңістігінің үлкен бөлігіне билігін жүргізген түріктердің жеңісі кездейсоқтық болмаған еді. Олар Ұлы даланың басқа көшпелі тайпаларынан қарағанда дамудың жоғары сатысында тұрып, мықты атты әскердің және басқару жүйесінің көмегімен билігін нығайтты.

Алайда бұл басқару жүйесі бірден пайда болған жоқ. Ұлы Түрік қағанатын құрушы Бумын қаған қайтыс болғаннан кейін оның мұрагері әрі баласы Қара Еске әкесінен көп кешікпей – 553 жылы жастық шағында қаза табады. Мұрагерлік басқару жүйесі бойынша Қара Ескеден кейін алып империяның тағына оның ұлы Шету отыруы тиіс болатын. Бірақ тақты Қара Ескенің інісі Мұқан қаған иеленді. Мұқанның билікке қандай жолмен келгені белгісіз. Мұқан қағанның тұсында Түрік қағанаты Азияның ең мықты елдерінің біріне айналып, алып империяларға қарсы тұра алатын деңгейге жетті. Мұқан қаған қағанаттың сыртқы саясатын қалыптастырып қана қоймай, еншілік-таспиқтың басқару жүйесінің негізін қалады [2, с. 13-15].

Ойланып қарасақ, егер билік Қара Ескенің жас әрі тәжірибесіз ұлы Шетудің қолына тиген жағдайда қағанат мұндай жетістікке жетуі екіталай еді. Найзаның ұшымен, қылыштың күшімен құрылған Түрік мемлекеті Сары теңіз бен Қара теңіз аралығын өзіне қаратты. Ендігі кезекте осынау ұлан-ғайыр жерді бағындырып қана қоймай, оны уыстан шығармай, ұстап қалу керек еді. Түріктердің қанаушы билігіне бағынышты халықтардың көңілінен шықпағаны түсінікті, сол

себепті қағанаттан оқшаулануға ұмтылғандар әрқашанда толастамады. Ашин әулетіне қарсы көтерілістер түріктер билігі жойылғанға дейін, бірде ана жерде, енді біресе басқа жерде үнемі болып тұрды.

Мұқан қағанның ең басты мақсаты - басып алынған аймақтардың бөлініп-жарылып кетуін болдырмау еді. Байрағына бөрі басы бейнеленген, көк сауытты атты әскер тұрғанда бағынышты халықтар Ашин қағанына адалдықтан айнымаған. Тек қолында қуатты әскері бар бек қана жат жерлік халықтардың көтерілуі мен бөлінуін тыйып тастай алар еді. Бірақ бек уысында үкімет билігі мен әскер болып тұрғанда және көп жағдайда оның енші аймағы мен қаған ордасын орасан зор қашықтық бөліп тұрғанда, бектердің қағанға адалдығын сақтап тұруға итермелейтін нәрсе ойлап табу керек болды. Мұқан қағанның өз орнына туысқан бауырларын тағайындап кетуіне де мүмкіндігі болды, алайда туысқандардың арасында талас-тартыстың әрдайым болып тұратынын ескерген қаған басқарудың басқа жүйесін тандап алды. Түріктердің бұл басқару жүйесіне Л.Н.Гумилев «еншілік-таспиқтық жүйе» деген атау берді. Оның негізгі қағидасы: егер мейірімділік сезімі мен жеке басының ізгі қасиеттері адалдықтың кепілдігі бола алмаса, онда ол адамды орталық үкіметке тәуелді етіп қоятын тәсілін табу керек. Еншілік-таспиқтық жүйе тәж-тақты мұра ретінде алу кезегін реттеп, жөнге қойды. Заңға сәйкес, Мұқан қағанның мұрагері болып баласы емес, інісі саналады, сосын немере інілерінің үлкені ағасының мұрагері аталды. Тақты күткен ханзадалар басқаруға енші етіп аймақтар алып, сол жерлерге ел басқару үшін жіберіліп отырған.

568 жылы Түрік қағанаты төрт еншілік аймаққа, ал 576 жылдан бастап сегіз еншілік аймаққа бөлінді. Бұл енші-аймақтарды Батыс Еуропадағы феодалдардың үлестеріне және Шыңғысханның ұлдарына таратып берген ұлыстарына ұқсайтыны байқалады. Мұнда бәрінен бұрын әскери күшті бөліп, белгілі бір ауданмен қоса әскери қолбасшыға бағындыру ісі жүзеге асырылған. Жоғары ханды Византия тарихшысы Менандр Протектор «Арсила» деп атаған. «Арсила» ұғымы түріктің Арыслан деген аты екені күмән келтірмейді. 572 жылы Мұқан қаған қайтыс болғаннан кейін, жаңа заңға сәйкес таққа оның інісі Тобо хан отырады, ендеше Арыслан Тобо ханның өз аты болған деп болжаған жөн.

572 жылы Тобо хан шығыстан немере інісі Шетуге, батыстан – інісіне еншіліктер бөліп береді. 581 жылы Тобо қаған қайтыс болғасын, ол жерін Бөріхан атанған өз ұлына қалдырады. Мұқан қағанның баласы Төременнің теріскейде, шамамен қырғыздар мен шіктердің жерлерінде, қосыны болған. Ал Істеми балаларының еншіліктері де болды: Қара Сордың (Тардуш) еншілігі, Түріксанф еншілігі Еділ мен Жайық аралығында болды. Ұлы ханның (қағанның) қосыны түріктердің байырғы жері – Алтай өңірінде болған, ал қалған екі еншілік, оның екі ұлына: Әмір мен Тегіншат меншігінде болды.

Енші аймақтардың осындай күрделі, шатасқан жүйесі жағдайында болуы тақ-тәж мұрагерлері арасында таспиқтық заң бастапқы кезде жағымды рөл атқарды. Енші аймақтық-таспиқтық жүйе жасы толмаған ханзаданың таққа отыруына кедергі жасады, өйткені ол мемлекетті жөнді басқара алмай, оны мүшкіл халге түсіруі мүмкін еді. Сондықтан жоғары билік тәжірибелі адамдардың қолынан шықпаған. Ал енші аймақтардың бектері ерте ме, кеш пе, әйтеуір жоғары билікті алуға үміттеніп, бүлік шығармады, алауыздық тудырмады. Енші аймақтарға ие болған Ашин әулетінің ұрпақтары өздеріне бағынышты жерді көрші мемлекеттер есебінен ұлғайтуға тырысқан. Сондықтан Түрік қағанаты әр бағытта үнемі ұлғайып отырған. Түріктердегі басқарудың бұл жүйесі ғұндардан мұра етіп алуы мүмкін [3, с. 213-214]. Өйткені екі халықтың тамыры бір еді. Қытай және басқа да деректерде түріктердің арасында «үлкен әулеттің» болғандығы туралы ешбір мәлімет келтірілмейді. Ашин әулетінен шыққандардың барлығы таққа үмітті болған. Қалай болғанда да жүйенің нәтижесі Түрік қағанытының тарихында, жақсы жағынан да, жаман жағынан да көріне бастайды [4, с. 37].

Бұл жүйенің әбден ойланып, тиянақталып жасалғанына қарамастан оның олқылықтары көп ұзамай байқала бастады. Іс жүзінде түріктер қоғамының мызғымас бірлікте болуы мүмкін емес еді, өйткені жалпыұлттық мүдде қаншалықты жоғары қойылғанымен, қолдарында аса үлкен күш жинақтаған әскери қолбасшылардың елден бөлініп шығуын тоқтата алмады. Түріктердің бұл ерекшелігі рулық-тайпалық тіршілік-тұрмысты сақтап қалуға себепші болған көшпелі мал шаруашылығының жағдайы мен өндіргіш күштердің төмен дәрежеде болуына байланысты еді. Мұқан мен Тобо қағандардың тұсында қағанаттағы тұрақтылық қағандардың беделі мен күші арқасында сақталды. Енші аймақтар санының өсуі қолында үлкен әскери күші бар ханзадалардың артуына алып келді. Алғашқы елу жылда бұл аймақтардың билеушілері көрші жерлерді басып алып, оларды тонау арқылы өздерінің билікқұмарлықтарын тыйып отырды. VI ғасырдың 70-80 жылдары енші аймақ билеушілерінің Византия, Иран және Қытайға жасаған шапқыншылықтары да тойтарылды [5, 104-107]. Бұл жағдай қаған тағына үміткерлердің билікке ұмтылуына септігін тигізуі де мүмкін.

Қағанаттың орталық билігі әлсірегеннен кейін еншілік-таспиқтық жүйе өзінің маңыздылығын жоғалта бастады. Соған қарамастан оның қоғамдағы орны сақталып қалған болатын. Түрік жауынгерлері жүйені қолдап, қаған тағы ең мықты ханға бұйыруы тиіс деп санады. Барлық түріктер толығымен жауынгер болғандықтан, олардың бәрі Ашин әулеті бектерінің біреуі болмаса, екіншісінің жасағында қызмет атқарған. Бектер өз жауынгерлерінің көңіл-күйімен әрдайым санасып отырған, өйткені олар оның бірден-бір тірегі және қорғанышы болды. Демек, жауынгерлер оларды билеуші бегін не бұлардың өз мүдделеріне сәйкес әрекет етуге итермелеген, не оны тастап кетіп қалатын болған. Сондықтан мемлекет ішінде соқтығыстар сөзсіз болған. Бірақ қатардағы сарбаздардың бай-бағландарға қарсы күресінің орнына, өзара ортақ мүдде арқылы ғана емес, рулық бірлік арқылы да байланысып жатқан жеке топтар арасындағы күрес пайда болады. Сонымен бірге сырттан келген қауіп те күшті болды: бір жағынан Қытайды біріктірген Суй империясының әскері кез келген уақытта түріктерге қарсы шабуылға шығуға дайын болды, ал екіншіден, түріктерге ұзақ уақыт бойы бағынып келген теле тайпалары билеушілеріне қарсы шығуға ыңғайлы сәтті күтті. Түрік жауларының мықтылығын түсінген қатардағы түрік халқын берік топтаса түсуге мәжбүр етеді, сол себепті жауынгерлердің қағандар мен бектерге қарсы бірде-бір көтерілісі болмаған.

Алайда қағанаттың дәуірлеп тұрған шағы жыл өткен сайын артта қалғаны түсінікті бола бастады. Түрік қағанаты шапқыншылықтар мен ішкі талас-тартыстардың нәтижесінде ғана құлаған жоқ, оған жаңа әлеуметтік ортаның қалыптасуы, таптардың пайда болуы да әсер етті. Қағанатты жан-жағыннан мәдениеті жоғары дамыған Қытай, Иран, Соғды, Византия, Гаочан сияқты елдер қоршап тұрды. Бұл елдерде феодалдық қатынастар ерте дамып, орнаған еді. Оның әсерінен түріктер бөлшектеніп кетті. Сонымен бірге түрік жауынгерлерінің күш-қуатына Қытай мен Иран мемлекеттері қулық-сұмдықты, арбап-алдауды және ақшаны қарсы қойған. Қулық дегенді білмейтін, бектеріне адал берілген түрік халқы қытайлықтардың алдауларына оп-оңай сеніп қалып, ұдайы тұзаққа түсіп отырған. Онымен қоймай, Қытай, Иран және Византия сияқты алпауыт елдер түрік атты әскерінен кем түспейтін, техникалық жағынан күшті жарақталған, әбден жаттығып, шыныққан жалдамалы әскерді пайдаланды. Сол кездегі Еуразиядағы саяси жағдайды ескерсек, Түрік қағанатының құламағанына емес, оның жүз жылдан астам уақыт өмір сүргеніне қайран қалу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л. : Изд-во Акад. наук СССР, 1950. - 471 стр.
2. Гумилев Л.Н. Удельно-лествичная система у тюрков в VI-VIII веках: (К вопросу о ранних формах государственности) // Советская этнография 1959. - N 3. - С. 11-25.
3. Гумилев Л.Н. Хунну. Степная трилогия. СПб.: Тайм-аут-Компас, 1993. – 224 стр.
4. Құлахметова Л. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі байырғы түркілердің ел басқару жүйесі. // Алматы: «Қазақстан тарихы», 2003, № 5. Б.37.
5. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы: Білім, 1994. – 480 бет.

References:

1. N.Y. Bichurin. Sbranie svedenii o narodakh, obitavshih v Srednei Azii v drevnie vremena. M-L,; Izd-vo Akad. nauk SSSR, 1950, p. 471
2. L.N. Gumilev. Udelno-lestvichnaia sistema u tyurok v VI-VIII vekakh: (K voprosu o rannikh formakh gosudarstvennosti)// Sovetsakaia etnographia 1959. - N 3. - p. 25
3. L.N. Gumilev. Khunnu. Stepnaia trilogia. SPb.: Time-out-Compass, 1993. p. 224
4. L. Kulakhmetova. Kône turki zhazba yeskertkishterindegi baırgy turkilerdin yel baskaru zhuyesi. //Almaty: «Khazakstan tarihy», 2003, № 5. B.37.
5. L.N. Gumilev. Kône turikter. Almaty: Bilim, 1994. p. 480

МАЗМҰНЫ

Атығаев Н.Ә.	
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МАТЕРИАЛДАР.....	8
Әбжанов Х.	
ҚАЗАҚ ӘЛЕМІ ҺӘМ ТҮРКІ ДҮНИЕСІ: ОРТАҚ ТАРИХЫ МЕН ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ.....	19
Байғараев Ж.А.	
НИДЕРЛАНДЫ КОРОЛЬДІГІ ҮКІМЕТІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ.....	44
Бақторазов С.У.	
1920-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ТҮРКІСТАН АКСР-ІНДЕГІ БИЛІКТІ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	51
Боранбаева Б.С.	
ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫ КОРЕЙ ЕЛІНДЕ АЯҚТАҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ.....	56
Галицкая М.Т.	
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ ЭСТРАДА ӨНЕРІНЕ МУЗЫКАЛЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ.....	65
Далаева Т.Т.	
БОЛЫСТЫҚ СҰЛТАННАН БОЛЫСТЫҚ БИЛЕУШІГЕ ДЕЙІН (1822-1868): МӘРТЕБЕ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....	72
Егізбаева М.К.	
КИІЗ ҰЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	81
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А.	
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ЖАҢА КОНЦЕПТУАЛДЫ ТҮРҒЫЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	87
Жұмағұлов Қ.Т., Садықова Р.О.	
ӘЛЕМ ТАРИХЫНДАҒЫ АТТИЛА.....	96
Исенов Ө.И., Наурызбаева Ә.К.	
ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТАРХАНДАР ИНСТИТУТЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ (XVIII ғ. - 1917 ж.).....	105
Калыш А.Б., Мейрманова Г.А.	
ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БАТАНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ.....	114
Калыш А.Б., Рахимов Е.К.	
РЕСЕЙДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫННЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ А.В. КОНОВАЛОВТЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	121
Ксенжик Г.Н.	
ҚР ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІБІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР.....	131
Күзембайұлы А., Әбіл Е., Әлібек Т.	
ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ КЕРЕЙ ХАНДЫҒЫ.....	137
Калыш А.Б., Мейрманова Г.А.	
ҚАЗАҚТЫҢ БАТА БЕРУ ДӘСТҮРІ – ІЗГІ ТІЛЕК ТІЛЕУДІҢ ӘДЕБИ РЕТІНДЕ.....	144
Қозғамбаева Г.Б.	
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МЕН ОНЫҢ ТАРИХИ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ.....	152
Құнапина Қ., Көлбаев Н.	
ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ АРНАУЛЫ КҮНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕСІ МЕН МӘНІ.....	167
Мәлік Ү.Б.	
ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТҮРКІ-СОҒДЫ МӘСЕЛЕСІ: ҚАЗІРГІ КӨЗҚАРАС.....	172

Мейрманова Г.А.	
ҚАЗАҚ ӘДЕБІНІҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	178
Мухамедова М.С.	
АМУДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА НЫСАНДАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ ҚАҒИДАТТАРЫ.....	183
Нұрбаев Ж.Е.	
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ БАСТАМАСЫ (АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ПЕТРОПАВЛ УЕЗІНІҢ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ.....)	189
Нұрбаев Ж.Е.	
XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ - XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БІРУ ТАРИХЫНАН.....	195
Оразбаева А.И.	
"МЕМЛЕКЕТТІЛІК" КАТЕГОРИЯСЫ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ.....	201
Ошанов О.Ж.	
САРЫАРҚАНЫҢ КӨНЕ КЕРУЕН ЖОЛДАРЫ – ТАРИХТЫҢ ҮНСІЗ КУӘГЕРЛЕРІ.....	209
Талдыбаев Ж.	
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ: КӨШІ-ҚОН ТАРИХЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯСЫ (1926-1959 Ж.Ж.).....	217
Тасилова Н.А., Кулмесканова С.С.	
ШОНА СМАХАНҰЛЫНЫҢ – ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....	229
Түрсүн Х.М., Исаев М.С.	
СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛІЗДІК ИДЕЯСЫ.....	234
Сатбай Д.	
1916 Ж. ТҮРКІСТАН: ПАТШАЛЫҚ ОТАРШЫЛДЫҚ ЖҮЙЕ ДАҒДАРЫСЫ.....	243
Сатов Е.Ж., Жасар Р.	
А. ЯСАУИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ.....	255
Шайхығалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Бекишев К.О.	
ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	264

СОДЕРЖАНИЕ

Атыгаев Н.А. НЕКОТОРЫЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ФИНАНСОВОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА.....	8
Абжанов Х. МИР КАЗАХОВ И ТЮРКСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ: ИСТОРИЯ И МЕТОДОЛОГИЯ ИЗУЧЕНИЯ.....	19
Байгараев Ж.А. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КОРОЛЕВСТВА НИДЕРЛАНДОВ.....	44
Бахторазов С.У. РЕОРГАНИЗАЦИЯ ОРГАНОВ ЗАЩИТЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ В ТУРКЕСТАНСКОЙ АССР В 1920 – Е ГОДЫ.....	51
Боранбаева Б.С. КАЗАХСКИЕ ДЕВУШКИ, ЗАВЕРШИВШИЕ ВТОРУЮ МИРОВУЮ ВОЙНУ В СЕВЕРНОЙ КОРЕЕ.....	56
Галицкая М.Т. ВЛИЯНИЕ КОМПОНЕНТОВ ФЕНОМЕНА МУЗЫКАЛЬНОСТИ НА СОВРЕМЕННОЕ МУЗЫКАЛЬНОЕ ИСКУССТВО ЭСТРАДЫ КАЗАХСТАНА.....	65
Далаева Т.Т. ОТ ВОЛОСТНОГО СУЛТАНА К ВОЛОСТНОМУ УПРАВИТЕЛЮ (1822 – 1868 гг.): ЭВОЛЮЦИЯ СТАТУСА И СОЦИАЛЬНОГО СОСТАВА.....	72
Егизбаева М.К. ЮРТА И ОСОБЕННОСТИ МИРОВОСПРИЯТИЯ КАЗАХОВ.....	81
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А. СТАНОВЛЕНИЕ НОВЫХ КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ПОДХОДОВ В ИСТОРИОГРАФИИ РК.....	87
Жумагулов К.Т., Садыкова Р.О. АТТИЛА В МИРОВОЙ ИСТОРИИ.....	96
Исенов Ө.И., Наурызбаева Э.К. ИНСТИТУТ ТАРХАНОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ: ИСТОРИЧЕСКИЙ ОБЗОР (XVIII ВЕК - 1917 Г.).....	105
Кальш А.Б., Мейрманова Г.А. ОСНОВНЫЕ ВИДЫ БЛАГОСЛОВЕНИЯ В КУЛЬТУРЕ ОБЩЕНИЯ У КАЗАХОВ.....	114
Кальш А.Б., Рахимов Е.К. ВКЛАД А.В. КОНОВАЛОВА В РАЗРАБОТКУ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ РОССИИ.....	121
Ксенжик Г.Н. ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ РК.....	131
Күзембайұлы А., Әбіл Е., Әлібек Т. КЕРЕЙСКОЕ ХАНСТВО В СРЕДНИЕ ВЕКА.....	137
Калиш А.Б., Мейрманова Г.А. КАЗАХСКАЯ ТРАДИЦИЯ БЛАГОСЛОВЛЕНИЯ КАК ЭТИКЕТ МОЛИТВЫ О БЛАГОЖЕЛАНИЯХ...	144
Козгамбаева Гүльнар Бестибаевна. ГОРОДА АЛМАТЫ И ЕГО ИСТОРИЧЕСКИЕ КУЛЬТУРНЫЕ ПАМЯТНИКИ.....	152
Кунапина К., Колбаев Н. ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДНЕЙ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ	167
Малик У.Б. ТЮРКО-СОГДИЙСКИЙ ВОПРОС В ИСТОРИИ РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОГО КАЗАХСТАНА: СОВРЕМЕННЫЙ ВЗГЛЯД.....	172
Мейрманова Г.А. ОСНОВЫ ТРАНСФОРМАЦИОННЫХ ФОРМ КАЗАХСКОГО ЭТИКЕТА.....	178
Мухамедова М.С. ПРИНЦИПЫ ИССЛЕДОВАНИЯ И ПРОПАГАНДЫ ОБЪЕКТОВ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В РЕГИОНЕ НИЗОВЬЕ АМУДАРЬИ.....	183

Нурбаев Ж.Е. ИСТОКИ ФОРМИРОВАНИЯ ИНСТИТУТОВ ИСЛАМА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (НА МАТЕРИАЛАХ ПЕТРОПАВЛОВСКОГО УЕЗДА АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	189
Нурбаев Ж.Е. ИЗ ИСТОРИИ МУСУЛЬМАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	195
Оразбаева А.И. КАТЕГОРИЯ «ГОСУДАРСТВЕННОСТЬ» КАК ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА.	201
Ошанов О.Ж. ДРЕВНИЕ КАРАВАННЫЕ ПУТИ САРЫАРКИ – БЕЗМОЛВНЫЕ СВИДЕТЕЛИ ИСТОРИИ.....	209
Талдыбаев Ж. КАЗАХСКИЕ НАРОДЫ: ДЕМОГРАФИЯ ИСТОРИИ МИГРАЦИИ (1926-1959 Г.Г.).....	217
Тасилова Н.А., Кульмесканова С.С. ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ШОНА СМАХАНУЛЫ.....	229
Турсун Х.М., Исаев М.С. СУЛТАНБЕК КОЖАНОВ И ИДЕЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ.....	234
Сатбай Д. 1916 Г. ТУРКЕСТАН И СТЕПЬ: КРИЗИС КОЛОНИАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ЦАРИЗМА.....	243
Сатов Е.Ж., Жасар Р. МЕСТО И РОЛЬ ТРУДОВ А. ЯСАВИ В ИСТОРИИ ТЮРКСКИХ НАРОД	255
Шайхығалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Бекишев К.О. ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ В ТУРЕЦКОМ КАГАНАТЕ.....	264

CONTENTS

Atygaev N.A. SOME MATERIALS ON THE FINANCIAL SYSTEM OF THE KAZAKH KHANAT.....	8
Abzhanov H. THE WORLD OF KAZAKHS AND TURKIC CIVILIZATION: HISTORY AND METHODOLOGY OF STUDY.....	19
Baigaraev Zh.A. FOREIGN POLICY OF NETHERLANDS.....	44
Bahtorazov S.U. REORGANIZATION OF THE PROTECTION OF PUBLIC AUTHORITIES IN THE TURKESTAN AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC IN 1920 - IES.....	51
Boranbayeba B.S. THE KAZAKH GIRLS WHO HAVE ENDED THE WORLD WAR II IN THE NORTH KOREA.....	56
Galitskaya M.T. EFFECT COMPONENT MUSICAL PHENOMENON IN THE CONTEMPORARY MUSICAL VARIETY ART OF KAZAKHSTAN.....	65
Dalaeva T.T. FROM VOLOST SULTAN TO VOLOST GOVERNOR (1822 - 1868): EVOLUTION OF STATUS AND SOCIAL COMPOSITION.....	72
Egizbayeva M.K. YURT AND FEATURES OF THE WORLD PERCEPTION OF THE KAZAKH.....	81
Zhappasov Zh., Tasylova N. THE FORMATION OF NEW CONCEPTUAL APPROACHES IN THE HISTORIOGRAPHY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	87
Zhumagulov K.T., Sadykova R.O. ATTILA IN WORLD HISTORY.....	96
Isenov U.I., Nauryzbayeva E.K. INSTITUTE OF TARKHANS IN KAZAKH SOCIETY: HISTORIOGRAPHICAL REVIEW (XVIII CENTURY - 1917).....	105
Kalysh A.B., Meirmanova G.A. TRADITIONS OF KAZAKH BATA AS AN EXPRESSION OF GOOD WISHES.....	114
Kalysh A.B., Rakhimov E.K. A.V. KONOVALOV CONTRIBUTION TO THE STUDY OF THE KAZAKH DIASPORA IN RUSSIA.....	121
Ksenzhih G.N. INNOVATIONS IN THE SYSTEM OF HIGHER AND POSTGRADUATE EDUCATION OF RK.....	131
Kuzembayuly A., Abil E., Alibek T. KEREY KHANATE IN THE MIDDLE AGES.....	137
Kalysh A.B., Meirmanova G.A. KAZAKH TRADITION OF BLESSING AS AN ETIQUETTE OF PRAYING FOR GOOD WISHES.....	144
Kozgambayeva G.B. ALMATY CITY AND ITS HISTORICAL AND CULTURAL MONUMENTS.....	152
Kunapina K., Kolbaev N. THE VALUE AND THE MEANING OF TEACHING THE SPECIAL DAYS IN SECONDARY SCHOOLS..	167
Malik U.B. TURKIC-SOGDIAN QUESTION IN THE HISTORY OF EARLY MEDIEVAL KAZAKHSTAN: A MODERN VIEW.....	172
Meirmanova G.A. THE FOUNDATIONS OF TRANSFORMATIONAL FORMS OF ETIQUETTE OF THE KAZAKH.....	178

Mukhamedova M.S.	
THE PRINCIPLES OF STUDY AND POPULARIZATION OF HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE IN THE LOWER REACHES OF AMUDARYA.....	183
Nurbayev Zh.E.	
THE ORIGINS OF THE INSTITUTIONS OF ISLAM IN NORTH KAZAKHSTAN (ON THE MATERIALS PETROPAVLOVSK DISTRICT OF THE AKMOLA REGION).....	189
Nurbayev Zh.E.	
FROM THE HISTORY OF MUSLIM EDUCATION IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE XIX - BEGINNING OF THE XX CENTURIES.....	195
Orazbaeva A.I.	
THE CATEGORY OF "STATEHOOD" AS A THEORETICAL AND METHODOLOGICAL PROBLEM.....	201
Oshanov O.Zh.	
ANCIENT CARAVAN ROUTES OF SARYARKA ARE SILENT WITNESSES OF HISTORY.....	209
Taldybaev Zh.	
PROSECUTOR OF MANAGEMENT DEPARTMENT COMMITTEE ON LEGAL STATISTICS AND SPECIAL RECORDS IN ASTANA.....	217
Tasilova N.A., Kulmeskanova S.S.	
THE LIFE AND ACTIVITY SHONA SMAHANULY.....	229
Tursun H.M., Issayev M.S.	
SULTANBEK KOJHANOV AND THE IDEA OF NATIONAL INDEPENDENCE.....	234
Satbay D.	
TURKESTAN AND STEPPE OF 1916: CRISIS OF COLONIAL REGIME.....	243
Satov E.Zh., Zhasar R.	
PLACE AND ROLE OF WORKS IN THE TURKIC PEOPLES HISTORY OF A. YASAWA.....	255
Shaikhaliyev Y.A., Izteleuova L.I., Bekishev K.O.	
CHARACTERISTICS OF THE GOVERNING SYSTEM IN TURKIC KHAGANATE.....	264

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2016. 1(5)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2016.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй